84/5 каз)
Ж 88

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

# ТЕМІРАСТАУ

*Адам,
қайда
барң?*

84(5Каз)-44
Ж 88

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

# ТЕМІР – АСТАУ

ХАНТӘҢІРІ
баспасы
Алматы
2014

УДК 821.512. 122-3
ББК 84 (5 Қаз)-44
Ж 88

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып
шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді

Ж-88 ЖҮНІСТЕГІ К.
ТЕМІР - АСТАУ: деректі әңгімелер/ К.Жүністегі.
- Алматы: ХанТәңірі, 2014. - 286 бет.

ISBN 978-601-03-0240-2

Жазушы Кәмел Жүністегінің бұл жинағына тарих, әдебиет, мәдениет, бүгінгі заман жайлы ой-толғаныстары еніп отыр.

Автордың ұлттық болмыс, сана, әдет-ғұрып, дәстүр жайлы ұмыт бола бастаған дүниелерді қайта жаңғыртып көпшілік назарына ұсынуы игілікті нәрсе екенін айта кетуіміз керек.

Кітап қалың оқырман қауымға арналады.

УДК 821.512. 122-3
ББК 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-03-0240-2

18826

© «Хантәңірі», 2014

# Хикаят

# ТЕМІРАСТАУ

Қазиа әжей алақанымен күн көзін көлегейлеп, алысқа қарады. Ертемен жіберген бұзаулар ауылдан әлі ұзай қоймапты. Азаматы азайған заманда даланың иті де көбейіп маза бермейді. Осы маңда ит-құс басым. Балаларға да маза жоқ. Бұзауларды қайтарып келеміз деп тұра жөнелетін балалардың артынан да ересектеу бір іздеуші керек. Әне, немересі Иса тықыршып отыр. Әр үйден басын қылтитқан тақырбастарға біреуіне ысқырып, біреуіне кесек лақтырып, тіршіліктерін білдіріп жатыр. Жылда осы колхоз осы маңға келіп қонады. Мынау Балқаш жайлауымен Темірастау жалғасып жатыр. Соғыстың қақаған тұсында онсыз да азайған ортаның малын осы маңға жайып, пішенін де осы жайлаулардан дайындау әдетке айналған. Бір қырдың асты Көкөзекте бір отар қойы, таяқ тастам жерде ортаның жүзден аз-ақ асатын сиыры бар. Екі айғыр иелік ететін азын-аулақ жылқы жаздай көшіп жүретін колхоз орталығымен бірге. Тұқиып төмен қарап ойға кеткен әжесінің көңілі басқаға ауғанын сезген Иса асығын иірген болып әрірек жылжи түсті. Әжесінің мұны тізгіндеп жібергісі жоқ. «Бір кетсең молынан кетесің» деп ұрсады. Кеше кешкі көрген қорлығы есіне түскенде жүрегі сыздады. Қас қарая сүйретіліп зорға жеткенді. Ұрсатынын іші сезіп, алға басқан аяғы кері кетіп, үйде кім барын білмекке қабақ астынан сүзе қарап, амал жоқтан үйге таяныгп келеді. Оның үстіне таңертеңнен бері тамақ ішпеген, іші де ұлып тұр.

- Әй, өлдің ғой, өлдің, - деп бас салған әжесі.

Бауырына басқаны да белгісіз, желкесінен нұқығанын да айыра алмай Иса өтірік жылағансыды.

- Ә, қамшының астына алайын ба? - деген әжесі сол бауырына қысқан күйі шидің ішіне бір-ақ алып кірді. Тамақты көргенде Иса еріксізден жұтынып-жұтынып жіберді.

- Өлді деген осы ғой. Үй қарасын көрмеу деген не

сұмдық, - деп әжесі әлі сөйлеп жүр екен. - Әуелі мынаны Іш, түйіліп қаларсың.

Бір кесе айранды апыл-ғұпыл іше бастаған.

- Әй, жай іш.

Әженің сөзіне сәл тосылса да, кесенің түбін бір-ақ көрсетті. Кекірді. Тұманданған көзі де жайнап сала берген сияқты. Самайынан аққан тер иегіне жеткенін сезіп, ала-қанымен сипады. Алақаны былжырап тұр. Басы-көзіне күні бойы басқан шаң-тозаң термен иленіп алақанына жұққан. Бетін тағы бір сипап еді, айғыз-айғыз болып шыға келді.

- Әй, мынаның түрін қараңдар. Тіпті, келісіп кетті, - деп ренжіді әже.

Өзінен сәл үлкен Пәну сықылықтап күліп еді, Иса оған жұдырығын түйді. Інісі Рашидтың Исаның түрінде шаруасы қанша.

- Мені неге ала кетпейсің деп қыңқылдап жүр.

- Иә, жетпегені сен едің. Сонан екеуіңді іздеп Қайрақтының өзенін шарлап, мына қаңғыбас қайда кетті деп Қарақырқаның жоталарын кезіп кету ғана қалған еді, - дейді әжесі.

- Әй, мынау қайдан шыққан кір-қожалақ, - деген дауысқа жалт қараған. - Тамаша болыпты ғой.

- Е, сенің ұлың да жетіспеген шығар. Несіне күлесің, Бексұлу, - деп ренжіді әжесі.

- Бар бала осы Исаның соңында ғой, - деп Бексұлу сөзін жасытты. Бексұлуға ере келген қызы Кәйлә мазақтап тілін жылтыңдатты. Иса оған қабағын түйді де қойды. Себебі, әжесі «Кәйлә қарындасың» деп түсіндірген. Ана, Шәйкөйлек, Бексұлу, Ақсұлу осы үйге жиен екен. Сонда Кәйләнің қалайша қарындас екеніне Иса түсінбейді. Сонда да әжесінің сөзіне иланды.

- Ана Төлеуқұлды бүгін Ысқақтың артына мінгестіріп жіберіп құтылдым. Кеше нағыз жебірей Оспанның өзі болып келіпті, - деп Бексұлу шегі қатып күлді.

Иә, Исаның жебірей Оспан туралы естігені көп. Әжесі де, басқа да ылғи мысал етіп күліп отыратын. Естуінше, Оспанның бала кезі болса керек. Ауылы осы Қайрақтының бойындағы молалардың біріне жақын қоныпты. Ауыл балалары түскі ыстық қайтқан соң бұғынбақ ойнаған екен. Кезекті бір жасы-

рында Оспан жоқ болып шығады. Сонан бар бала іздеп таба алмаса керек. Кеш түсе «Оспан, Оспан. Ал біз үйге қайттық» дескен балалар опырылып ортасына түскен қабірдің бірінен басын қылтитып, «көкею» деген біреуді көріп, «ойбай, көрден жебірей шықты» деп тұра қашып, ауылға барған. «Осылар не деп жүр деп келген үлкендер, әлі де орнынан қозғала қоймай «көкею» деп ыржиып отырған Оспанның үстінен шығыпты. Міне, сонан бері Оспанды «жебірей» атап кеткен. Жебірей Оспанды Иса сан көрді. Ауылдың басқа шалдарынан гөрі денесі әлдеқайда шағын сары шал екен.

Бексұлудың баласын жебірей Оспанға теңегеніне мырс етті.

- Күледі-ей мынау. - Бексұлу қабағын түйді. - Мыналарды тыймаса болмайды. Әбден бетімен кетіп бітті. Бұларды тыятын әке біткен соғыста. Не хабар, не ошар жоқ. Біз мынау күндіз-түні салпақтап жүрген.

Көзін бір сығып алып, Кәйләні ертіп Бексұлу кетті. Жер-ошақтағы шәйнекке жылытқан судың қақпағын ашып көріп, қолына қарасабын алған әжесі:

- Енді бері кел, - деген.

Ащы қарасабын көзіне кіріп, бетін дуылдатса да қыңқ етпеді. Мұндай сабынды жылда тамыз айында әжесі алабо-таны өртеп, күлін қайнатып, өзі жасайды. Кішкене-кішкене етіп, «бұзаушылық» деп әр балаға беретіні де бар. Күні бойы иірімде қалған ащы суға да малып, салындыны бір-біріне атып ойнаған балалардың қақ ортасынан табы-латын Исаның қолы күйе-күйе. Әжесінің қарасабыны білегіне тиген-де ыңылдап жіберді.

- Дыбысыңды шығарма. Шақты қазғандай түрін қарашы мұның.

Әжесі айтқан «шақтыны» бұл да білмейді, әжесі де көрмеген шығар. Тек ана Қарағандыда жер астында сондай бар екен дегенді әжесі «астағафир Алла» дей отырып айта-тыны бар.

Жуу аяққа да жеткен. Әуелі жылы сумен бір шайып таста-ды да, әжесі:

- Мынаған не болған? - деп таңдана да, үрке де қарады.

Иса да не дерін білмей өз аяғына көз жүгіртті. Үсік шалғандай домбыға қызарған сирақтары тілім-тілім. Күні

бойы жалаңаяқ шапқылаған табаны пышақ сыртынан қалың болып күстеніп, анау-мынау шөгірдің қадалғанын да ескере бермейтін. Кеше бір үйрек жүгіре алмайтындай көрініп, қараған арасымен қашқан, соны қуалай-қуалай сан жығылып тұрды. Ақыры қу үйрек былай шыға қанатын қатты сермеді де, ұшты да кетті. Сонда қуып жүргенде сирағы біраз ашып еді, сонда тапқан олжасы екең ғой.

Әжесі қарасабынын сүйкеп өткенде шыңғырып жібере жаздады.

- Тимеші, әже, тимеші, - деп оның қолын қақты.

- Қоя тұр, былай. Мынаны ашытып жумаса ертең жаман жара болып кетеді. Сонан соң сені дәрігер алып кетеді.

Дәрігердің атын естігенде жымдай болды. Дәрігер ине-мен тeседі дегенді естігені болмаса, көрген емес. Инемен тамырды тескенде не жаны қалады. Өйтіп емдегені құрысын. Әжесі сияқты батар күнге қарсы отырғызып, су бүркіп ұшықтап жіберсе де болмай ма?

Аяқ-қолына әжесі жаққан қаймақ «ә» дегенде ашытқан сияқты еді, кейін аяқтың сыздағанын басып, жаны жайланды. Осы әжесінен артық емші жоқ. Тек жаңағы бір қарасабынын қайта-қайта жағып, жанын ауыртқаны есіне түссе денесі дір ете қалады.

Асығын құлаштай иіріп тастап, Иса әжесіне тағы бір қарады. Мүлгіп отырған сияқты. Әжім басқан жүзін төмен салып, мал қайыратын таяғына сүйеніп, көзін сәл жұмып, үнсіз отыр. Иса аяқтарын жиып алып, ышқырына тықты да көрші Қанапия ұстаның үйінен басын қылтитқан Төкішке қолын бұлғап,ұзай берді. Беті Темірастау жақ.

- Әй, қайда барасың? - деген әжесінің дауысы жеткен.

- Бұзау... бұзау қайырам.

- Тағы ұзап кетпе.

Әр үйден шыққан балалардың беті әр жақта болғанымен, өзеннің жырасын сағалап, қалың өскен шилерді айналып, ақыр Темірастаудың бер жағындағы қамыс маңына топтасқан.

- Апаң ұрысты ма?

- Ұрысты.

- Мені құйрығымнан шапалақпен тартып жіберді.

Әке-шешелерінен кешегі көрген құқайларын айтып бәрі мәз. Бұлардың ішінде аса ұрыс естімеген Ерғалы ғана. Әлиман шешесі сабырлы, баяу адам. Әкесі Есімғалы ақсақал ғана аздап зекісе керек. «Ә, солай ма» деп ол басқаларына мазақтай қарап отыр.

Ұзаңқырап бара жатқан бұзаулардың бетін қайтаруда бұзау жарысқа ұласқан. Исаның астындағысы ала сиырла-рының ала бұзауы. Ала сиыр жылда ала бұзау табады. Биылғысы еркек. Бұзау жарыстың алдында Тасболат, онан сәл кейін Төкіш кетіп бара жатқан. Иса орта тұсында қалыпты. Ала бұзауды бірер рет көк шыбықпен осып қалғанынан ештеңе өнбеді. Арқасына бір қырындап жата қалып, құйрығын бұрап жіберген. Ала бұзау мөңкіді. Мөңкіп-мөңкіп көзі аларып Тасболат мінген қара бұзаумен қатарласты. Еш-кімнің артта қалғысы жоқ.

- «Ей», «өй», «өк-өк» десіп тепендеген балалар межелі жерге жетіп бұзауларды қоя берісті. Күн де көтеріліп, шекені қыздырып барады. Ышқырларындағы асықпен қоса қыстырған құрттарын алып сорып, Темірастауға беттеген.

Темірастау жағынан үлкендердің дауысы шықты. Күліскендері болмаса дауыстары анық емес. Иса дауыстарынанақ бұлардың кім екенін таныған. Анау сәл қарлығыңқырап шыққан үн Әлінікі, ашық дауыс Қамажан болар. Екеуінің жанында Омаш ақсақалдың Рахмениясы жүргеніне бәс тігісер еді.

Жүгіре жеткен балаларға жағада отырған Қамажан:

- Келіңдер, келіңдер, - деп ықылас білдірді.

- Әй, жақсы азамат болып қалыпсыңдар, - деп Рахмения мақтап жатыр.

- Бойлашы, бойлашы, - деді Қамажан суда жүзген Әліге.

Қолын көкке созып бойлаған Әлі шым батып, саусақтарының ұшы да көрінбей кетті. Әлденеге тұншыға булығып, сыртқа атып шықты.

- Сұмдық терең, суы да тастай суық. Түбіне аяғым жетіп еді, үшкір-үшкір тастар екен, - деген.

Темірастау атанып жүргені де содан ғой. Әне, арғы жағасы

да тас. Ұзыны он бес қадам, ені бес қадамдай. Осы-ның бергі жағалауы шым болғанымен оның асты да тас, - деп үстеді Рахмения.

- Рас. Нағыз астау. Қазақ ат қойғыш қой, тас астау демей Темірастау деуін қарашы. Әлі таңдана бас шайқады.

Торы атқа мініп, сойылын сүйрете жеткен Әбеу ақсақал екен. Жамырай сәлем берісті. Қалжыңдауды жақсы көретін Әлінің қолын қысыңқырап жіберсе керек, қызарақтаған жігіт ақыры:

- Әбеке, Әбеке, - деп сауға сұрағандай болды.

Әбекең мінгені торы ат Түсіптікі. Түсіп оны жарық қарын тобан аяқ торы ат деп мадағы ма, мазағы ма белгісіздеу атайды. Онысы біреу көрсетіп, атын әскер қажеті үшін алып кетпесін дегендіктен болар. Түсіп Исаның әкесі. Жұмысы қалада. Үйіне айына бірер күнге ғана соғуға шамасы келеді. Торы атты жабағы күнінен осы Әбекең баққан. Шарбаққа жығылып, көк еті сөгілген жерден терісінің астынан шегі бұлтиып білініп тұрады. Құлын-тайында үнемі байлауда бо-лып жүрмегендіктен алдыңғы аяғының бірі тобанаяқтау. Иса көрген осы маңдағы жылқының ірісі осы торы ат. Торы ат Әбекеңнің астында тайдай-ақ боп көрінген.

- Ә, жігітім, солай ма, - деп Әбекең мысқылдай күлді.

- Әбеке, құрығыңды бере тұрыңызшы, Темірастаудың тереңдігін байқап көрейік, - деп Қамажан жармаса кетті.

- Ал, өлшей ғой.

Ұзын құрық ұшына дейін бойлап кетті. Қамажан құ-рықты судың әр тұсына салып «иә» деп басын шайқай береді.

- Мына бір жерінде ғана түбіне жеткендей болдым.

- Япырай, ә!

- Шұңғыма екен ғой

Әбекеңді көзімен ұзатқан үш жігіт сақалы буырыл тартқан қарияның әлі тіп-тік денесіне риза еді.

- Осы кісі жетпістен асып кетті-ау, - деді Рахмения.

- Сексенге жуықтады. Қамажан көйлегінің бір жеңін киіп, алыстап бара жатқан Әбекеңнің соңынан үңіле қарады.

- Саусақтарының ұзындығы ғажап. Ортаңғы саусағы өтірік айтқан адамға жетінші шамның пиаласының мой-ындай. Қолымды қысқанда тура сықырлатып әкетіп барады, - деп Әлі алақанын жайды.

Темірастаудың төменгі жағындағы Қамыс арасынан балапанын ерткен үйрек шыға келді де, сасқалақтай құқылдап, нудың ішіне қайта кіріп кетті.

- Балапан, балапандарды қараңдар!

Шу ете қалған бала біткен қамысқа қарай жүгірген. Қамыстың бергі жағындағы су тізеден келсе де, орта тұсы тым тереңдеп кетті де, су жұтып шашалған балалар кері серпілді.

- Қап, ұстатпай кеткенін қарашы, - деп өкінді Адамқұл. - Кенеске апарып беретін едім.

Бұттарындағы лыпыларын шешіп, сығып жағалауға тастай салып, таяздау жеріне шомылып, су шашып бәрі де мәз. Темірастауға жақын түскендері тоңғандай болып дірілдеп, ыстық құмға аунап жатыр.

- Но! - деген дауыс бәрін селк еткізді.

Сонан соң ескі доңғалақтың шиқылы алып жүре берді. «Ши-и-иқ» деп алады да бір сәт дамылдап, қайта «ши-и-иқ» деп жөнеледі. Әлем жаратылғаннан бері тынышы бұзылмаған тұнып тұрған ауада арба доңғалағының шиқылының өзі бір әуен боп естілген. Соған еліткен Мешелдің Ермегі өзінше үн қосып, әндеткен болып отыр.

Арбакештің кім екенін Иса да, басқалары да алыстанақ таныған. Осы шабан қасқа ат, осы әндеткен арба андасанда ауылға келеді де кетеді. Не бітіріп жүргенін де жөнді ешкім білмейді. Әркіммен тілдесіп, берген қымыз, айранын ішеді де жүре береді.

- Аты Тойлы көрінеді, - деген бір күні әжесі.

- Түбі түрікпен, - деп анықтаған ауыл ақсақалы Көпжекең.

- Кесікті болған екен, енді жұрт арасында жүруге рұқсат беріпті.

- Әй, осындайдың өзінен сақтанбаса болмайды. Кім біледі не ойлап жүргенін, - деп Рахменияның әкесі Өмкең сақтық білдірген.

- Иә, иә, - Талайды басынан кешкен үлкендер бас изескенін көрген Исаның көңіліне бір күдік орнаған. Әжесі де «ауызды жауып жүру» керек екенін құлағына құйып баққан.

- Но, но! - деп делбе қаққан арба таяй бере бар бала тұра жүгірісті де, ошарыла тұрып қалды. Онсыз да жүрмей келе

жатқан атын тоқтатып, орта бойлы, аққұба кісі арбасынан түсті.

- Қалай, балалар, ту жігіт боп қалыпсыңдар ғой. Сәлем қайда?

Жапыр-жұпыр қолын берген балалардың сәлемін алып, Тойлы күрсінді. Қалтасынан темекісін суырып, біраз ойланып тұрды да, қорабына қайта салды.

Менің де балаларым сендердей еді-ау. Тойлының жүзі күреңітіп кеткен. - Ал жақсы, балалар, сау болыңдар.

Тойлының арбасына ілескен балалар Балқаш жайлауындағы үстел орынындай қызыл тасқа тізе бүккен. Шабан қасқа атын «но, но» лаған Тойлы да ұзай берді, арбаның шиқылы да сөнген.

Тойлының «менің де балаларым сендердей еді-ау» деп күрсінгені Исаға жылағаннан бетер боп естілді. Сол кезде, әжем айтпақшы, кесікті кісінің иығы бүрісіп, бар денесі құрысып, шөкімдей бола қалғаны көз алдынан кетер емес. «Бейшара-ай» деді іштей, оны аяған Иса (Талай жылдан соң Тойлының өздеріне көрші боларын кім біліпті.)

Балқаш жайлауының шалғыны бала біткеннің белуарынан келеді. Таңертеңнен шақырайған күн жайлаудың сыздауыт шым аралас топырағын кептіріп жібермесе де, түннен қалған шықты бу етіп көтеріп, лапылдаған ыстықта тынысты кеңейткен. Қызылтастан түсе-түсе қалған балалар шалғынға аунап, алды іргедегі сарқырап аққан суға күмп-күмп секірген. Иса үшін мына Қызылтас та, сарқырама су да ерекше қымбат тәрізді. Ауыл осы жайлауға қонғанда Исаның үйі осы Қызылтастың желкесіне таяу үй тігетін. Онан әрі Ерғалының үйі, Көпжекен, Әукен үйлері боп кете беретін. Иә, бір жылы, арғы жылы болу керек, Исалар басқаларынан алты-жеті күн бұрын келіп қонған. Шешесі Бақтай боз бие мен Әрін ағатайдың (ол кісі соғысқа кеткен, содан хабар жоқ) қасқа биесін сауады. Қымыз мол. Ыстауы мен пісуі жеткен қымыз каймақтай, қанша ішсең кете береді. Інісі Рашид екеуі қымызды сілтеп бағыпты. Рашидтың көзі ілмиіп құлай кеткені есінде. Өзі ұзақ әндетті. Жайшылықта үй ішінде дауыс шығармаушы еді, енді сілтеп берді. Анау аспанда төңкерілген бұлттар, құйрығын ақ жауынға бұлғап екі бие мен құлындар жыр болып төгіліп жатыр. Бұл әндеткен сайын әжесі мен

шешесі мырс-мырс етеді.

- Неге күлесіңдер? - деп ақырғаны есінде.

Ақыры ұйықтап кетіпті. Басы сынып бара жатқанынан оянды. Желкесі құрысып, самайы шаншып әкетіп барады екен. Шап беріп басын ұстай алды. Көзі де қарауытатындай.

- Ойбай басым.

- Ештеңе етпейді, қазір жазылады.

- Әже-ау, басымды қысшы. Иса әжесіне батыл. Бұл әжесінің баласы болып есептеледі. Шешесінің атын атайды. Күні бүгін әжесінің атын естіп көрмепті. Бүкіл ауыл «апа» деген соң, қайдан білсін.

- Мынадан аздап іш, - деп әжесі қымыз ұсынған.

- Жо...Жоқ, - деп Иса басын ала қашты.

- Құлыным, ішші, тәуір боласың.

Бақтай шешесі күлімсіреп қарады да, бұрылып кетті. Әжесіне көнбей жатқан Исаға көз қылғандай ыңырсып отырған Рашидке жарты кесе қымыз жұтқызып:

- Осындай бас ауырғанда қымыз тез жазады, - деді.

Исаның ішпеске амалы қалмады. Жарым кесе қымыз шекесінің солқылын басқан. Иә, сол бір күндері осы сарқырамадан басқа ермегі де жоқтай еді. Судың гүрілі бұған тамаша әуен болып естілетін. Оның үстіне шешесі:

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп, -

деп үй-ішінің жұмысын ат-қарып жүрсе де баяу ән салып, Исаның бала көңілін тербей түскен. Не ән, бұл кімнің өлеңі, оны Иса сұрап көрген емес.

Сонан соңғы ермегі өзеннің арғы бетіндегі Тақ тас. Тізеден келер ағын суды жалдап өтіп Тақтасқа шаниып отырып, әй, өзін бір бастық санап көсілетін.

- Мен де барам, - деп інісі жармасады.

- Өте алмайсың.

Інісі бақырды. Сонысы үшін бақырауық Кәшік атанғаны да бар. Інісі жылаған соң араға әжесі килігеді.

- Алып бар.

- Қалай? - деп күйзелді Иса.

- Арқала.

- Суға құлаймыз.

- Ал сен құлама.

Амалы таусылған Иса тырмысып арқасына мінген Рашидты арқалап су кешеді. Өзінен үш жас кіші інісі бұл үшін ауыр. Әжесінің тілін алмауға және болмайды. Бұл әжесінің баласы. әжесі әне , үй с.ыртына шығып қарап тұр. Ағын судың ортасына жете тәлтіректеді. Тоқтап төмен сырғыған інісін ырғап арқасына қарай жылжытты.

Башмағымды су қылдың, - деп інісі желкесін тырнап алды.

- Өй, әдейі емес қой.

Өтті-ау әйтеуір арғы бетке. «Үһ» деп демін алып үй жаққа қараған. Әжесі бойын тіктеп қуаныштан алақанын жайып тұр екен. Шешесі Бақтай үй сыртынан сығалап, күлімсірейді.

Желсіз түнде жарық ай, - деп басталатын әннің «тасыған өзен гүрілдеп» деп аяқталатын шумағының бала Исаның көңілінде мәңгі жатталатынын кім біліпті.

Ертеңіне Мешелдің үйі келіп қонған. Ермектің шешесі Балиқа Исаның әжесін «апай» деп жүреді. Мінезі арқынжарқын адам. Көңіліне ұнамаған күні күйеуін «әй, тас Мешел» деп айқайлайды. Ондайда әжесі:

- Тәйт, аузыңа келгенді неге айтасың? - деп ұрсады.

- Байқамай, - деп жұмсартады Балиқа.

- Неге байқамайсың? Үлкен-кіші, бала-шаға анау. Оның мына жеткіншектерге жаман үлгі болмай ма? Әжесі ренжіп кимешегін қайта-қайта түзейді. Оның ертеніңе бүкіл ауыл көшіп келген. Әлі де бие байламағандары бар екен, Исанікіне бар ересек жиналып, сыймаған бала-шаға жерошақ маңын жағалап, сабаны қымыздан бір босатты.

Жайлауды сан түрге құбылған қызғалдақ сан алуан өрнек салып, құбылтып жіберген. Қызғалдақтан қызғалдаққа қонған аралар да құжынап жүр. Тұмсығын қызғалдақтың бойына сұғып, тоңқаңдаған сары ала араны біраз қызықтады да ұстап көрмекке қанатына жармасқан. Саусағына тұмсығын қадап, шағып алғанда жүрелеп отырған Иса шалқасынан түсті.

- Әп, бәлем, сыйынды алдың ба? - деп Төкіш білгішсіне қалған.

- Саусағыңды сорып таста, сор. - Адамқұл Исаның ызаланғанын көріп, - Әрі тұршы, шанимай, - деп Төкішті итеріп тастады.

Қара ала көбелекті қуып, бас салып ұстай алмай, жығылып-тұрып Адай жүр. Балалардың ұғымында «кімде- кім көбелекті ұстап, табанына жақса, сол жүйрік болады». Ерғалының інісіне бұл бақ бұйырған тәрізді, алақандай қызыл ала көбелекті ұстап, көрдіңдер ме дегендей көтеріп- көтеріп қойып мәз.

Балалар жүгірген сайын шалғыннан тұман боп көте-рілген маса буып барады. Сасырды жұлып сабалағаннан ызылдап келіп шаншыла қадалған сары масадан пана таппаған балалар суға қойып-қойып кеткен. Көбелек те қумай, арамен де әуре болмай жеке отырған Ерғалы. Күні бойы қолында шыбық жүр еді, енді соның басына ышқырына тыққан қармағын байлап, жар қабақтың көлеңкесін сағалап, балық аулап отыр. Жемге ілгені шегіртке. Суға түскен балаларды қызықтырып, жанында тулап жатқан балығын көрсетіп отырған.

- Әкетті, әкетті! - деп балалар суға батып-шығып тұрған қалытқыны нұсқап. Ерғалы ширей тартқан. Мәшине жіптен жасалған бауы үзілді де, бұлтың еткен шортан су бетін құйрығымен сабап жүре берді.

- Қап! - деп өкінді Ерғалы.

- Осымен бітті бүгінгі аулағаның. Иса Ерғалының шыбығын шымға шанышты. Құбыладан ескен самал жел бар масаны қуып тықты.

- Көкек, - деді бір құс. Бәрі елітіп тақтас жаққа қараған. Етектегі шоқ қараған арасынан қарғаның дауысы шықты. Тағы бір қарға қарқылдап келіп, ол да жалп етті.

- Не бар ей, анау жерде?

Далпылдап ұшқан бес-алты құзғынды қуа жеткен ба-лалар қоянның өлексесін көрген. Құзғындар пәршалап тастапты.

- Бүркіт алған шығар, - деп түйді Тасболат.

- Ит... Кеше Көкдауыл мен Бассал осы жақтан келген.

- Жоқ-ә. Өмекеңнің қараласы жүрген.

Балалар дауласып жүріп тақтасқа беттеді. Жартастың үстіндегі сақау көкек әр жерге бір ұшып-қонып әлек.

- Әдемісін-ай, өзінің.

- Айдарының көріктісін қарашы.

Балапаннан аз-ақ үлкен шұбар құстың қанат-құйрығы мен айдарынан Иса да көз ала алмады. Көзі де жаутаң-жаутаң етеді. Балалардан секем алып әрі сырғыса да, әр тастың басына бір қонып, айдары жалт-жұлт етіп, еріксіз өзіне тартқан.

- Мен отырамын таққа.

- Кім айтты саған. Мен бұрын келдім, мен отырамын.

Ермек пен Кәмен өңмеңдесіп, төбелесе қоймаса да төс қағысуға жақындаған әтештерше ежірейісе қалыпты.

- Мынау екеуі, - деп Адамқұл жақтырмай шегініп барады.

- Таққа мен иемін. Мен патшамын, - деп Ермек өрекпіді.

- Әй, қайдағыны айтпа. Патша деген жаман. - Ерғалының үні өктемдеу шықты.

- Ондайды айтуға болмайды. Патша жақсы дегенді кепеу ұстап әкетеді деп атам үйреткен, - деп Төкіш әкесі Қанапия ұстаны алға тартты.

- Патшасы құрысын.

- Енді не ойнаймыз, - деп Адай үлкендерше алақанын жайды.

- Патшаның керегі жоқ. Өзімізше бастық ойнайық - деп үстеді Тасболат.

- Басқарма, басқарма болайық.

- Осы дұрыс, - деп Адамқұл қостаған.

- Кім болады? - деп сұрады патшалыққа өтпей қалған Ермек.

- Әй, - Иса ештеңеге араласпай тұрған Ерғалыға қарады. Бүгін сен басқарма бол. Анау «тайыншаңды», - деп ұстаған жалғыз балығына қарады. - Оны ортаға сал. Колхозда бәрі ортақ дейді ғой, солай болсын.

- Уәзірі..., - деп мүдірді Төкіш.

- Уәзір деген де жоқ. Қой ферма бастық, сиыр ферма бастық дегенді өзі таңдасын.

- Шөп ферма ше?

- Ә, ол әзірге болады.

- Айғыр ферма...- деп қалған Кәменнің сөзіне бәрі күлді.

- Жылқы ферма де.

- Тауықтарды ортаға салып, ферма жасасақ.

Айналдырған бес-алты баланың бәріне бақ қонып, бәрі бастық болып, Ерғалыны қолтықтап тақтасқа отырғызып ой-

ындары ұзай түскен. Бір жаяу жүгіріп келеді.

- Әй, анау Төлеуқұл ғой.

- Тап өзі.

Ентігін баса алмай ол да жеткен. Тақтаста отырған Ерғалы мен Исаға жалтақтап қарап, демін басты.

- Қашып кеттім. Кеше апам Ысқаққа мінгестіріп жі-берген. Күләйша жеңгемді алдап тастап зыттым.

Ата-ананың кешегі қоқан-лоқысынан запылау болып қалған ба, балалар бүгін ауылға қарай ертерек бет түзеді. Қимасынан айырылғандай бәрі де үнсіздеу, табан астының топырағын жалаңаяқ күреп басып, бүрқ-бүрқ шаң көтер-геніне шүкіршілік еткендей. Иса бақайының арасына қойдың құмалағын қыстырып алып, енді соның езілгенін көруге асығып, башпайларын қайшылап қояды.

Дегенмен Исаның көңілі алаң. Осы үлкендер бай, патша деп неге айтқызбайды. Естісе болды, көздері шатынап, жан-жаққа алақтап әлем-шәлегі шығады да қалады. Патшаның өзі орыс екен. Оның қазаққа шатағы қанша. Әбеу қарт немересі Адамқұлға күнде ертегі айтады. Адамқұл есгігеннен бұ-ларға жеткізеді. «Ерте-ерте ертеде бір ақылды патша болыпты...». Ертектегі патша мен хан ақылды, ал ендігісі неге нақұрыс бола қалған. Ақылды мен ендігі ақымақтың арасын жіктей алмай Исаның басы қатты.

Иса башпай арасына іліккен келесі құмалақты теуіп жіберіп еді, онысы алдында кетіп бара жатқан Төкіштің құлағына тиді. Бажырая бір қараған Төкіш сөзге келмей жүре берді. Төкіштің бір көзінің ағы бар. Алара қарағанда онысы тіпті сұсгы көрінеді екен. Көзінің кемістігін айтуға балалардың ешқайсысы батпайды. Кінәлі өздері екенін бәрі іштей мойындаған. Алдыңғы жылы біреуінің садағының ши оғы Төкіштің көзін жанап өткен. Сонан бері...Иә, сонда әкесі Қанапия ұста қатты зәрленген еді. Бала көңіл соны ұмытпайды.

Алда кетіп бара жатқан Кәмен:

Бай менен молланы,

Қойдай қу қамшымен, - деп сыңсыды.

- Жап аузыңды! - деп зекіді Ерғалы інісіне.

Кәменнің сыңсуы Исаның жанды жеріне тағы тиді. Молланы қуып, қамшымен ұрғаны қалай. Осы ауылдың

үлкендерінің Әшім атаны «моллеке» дегенін сан естіген. Ақсақалдары солай десе, қырма сақалы мен бала-шаға тегіс ол кісіні «әкетай» дейді. Сонда бір ауыл әке атаған адамды қамшымен сабамақ па? Бұл не өзі? Осы жерде бір гәп бар. Неге Әшім ата ата өзін «моллеке» дегенде жасқанып, «әй, қойыңдар, Әшеке десеңдер жетеді, пәлеге қарай баспа» деген деп тайсақтайды.

Иә, қыстағы көргені тіпті түсініксіз. Ауыл қыста тегіс ұйықтап қалғандай болатын. Қар аласа үйлердің үстінен жүріп кеткен. Сыртқа шығар жол есіктен басталып, екі жаққа үйіле аршылған күресіннен алты-жеті қадамда зорға бітеді. Соғыстан ыңыршағы шыққан елді даланың бөрісі де, не қилы ауру да басынып алған. Иә, сол қыста Исамен қатарлас оннан аса бала шейіт боп кетті. Әсіресе, туыс боп келетін Сәбиттің қазасы жанына батты. Екеуі құрдас та екен. Екі көзі оттай жанған бала Сәбит үлкендерше басу айта сөйлейтін. Оны қалай азалап жерлегенін көре алмады. Күн шықпай ерте алып кетіпті. Ал Төлеутай... Шәри шешенің Төлеутай есімді қызы бүлдіршіндей әдемі еді. Жасы да Иса құралыптас. Өте сыпайы аққұба қыз баламен бірге ойнағанды Иса да тәуір көретін.

- Әй, күйеу бала, - деп Шәри шешесі де күлетін еді.

- Түнде қызылшадан Төлеутай бала үзіліпті, - деп естігенде төбе құйқасы шымырлады.

Шәридің үйінде жылау-сықтау көп. Бұл кісі міне айналдырған екі жылдың ішінде екі баласынан айырылып отыр. Осыдан екі жыл бұрын жалғыз ұлын ойнап жүргенде ат теуіп, сонан тіл тартпай кетті.

- Не жазып ем, құдая, - деп зарлайды ана. Күйеуі Нұрғалиді керманмен соғысқа алып кетті. Сонан хабарсыз. Нұрғали Құрманғалимен бір туған. Бәрінен үлкені Ахметжан. Осы ауылдың отымен кіріп күлімен шғатын жұмыскері. Құрмағалидың жұбайы Аман Исаның шешесі Бақтайдың бір анадан туған сіңлісі.

- Баланы қалай қоярын білмей отырмыз, - деді үйге келген әжесі келіні Бақтайға.

- Қиын боп тұр ғой, - шешесі Бақтай күрсінді.

 18826

Несі қиын екен деп ойлады Иса. Қаншама баланы жерледі осы ауыл, солай қабірін қазып апарып қоя салмай ма. «Уәкіл келді, уәкіл» десіп жүр еді үлкендер. Әлде, бәрі сол уәкілден қорқа ма? Уәкіл өлген кісіні жерлетпей ме? Исаның миы шатысты.

- Уәкіл ертең Гүлденсінге кететін болыпты, - деп келді тағы әжесі.

- Ерте кете ме екен?

- Несіне асығады, шайын ішіп жайласып аттанады да.

- Е!

- Баланың мәйітін сонан соң шығармақ.

- Әкетайым келісті ме?

- Енді қайтеді. Имансыз қалай жерлемек. Құдайдан күшті кім бар.

- Әлгі уәкіл..., - деп шешесі соза беріп еді.

- Қой, қайдағыны айтпай, - деп әжесі сөзін бөлді.

- Сонда қалай дегенім ғой.

- Моллаекең ертең малды құбыла жаққа шығарады.

- Үркіп болдық-ау, - деп шешесі орамалының ұшымен көзін сүртті.

- Енді қайтесің. Амал жоқ, бір жаман жеткізіп қойса, Әшекеңді құртып жібереді ғой. Сонан жасқанып.

- Адамды да жөнімен қойдырмайтын болғаны ма, жәйіттердің.

- Өлікті ауылдың сыртына шығарып, көлденең қойыңдар да, өздерің бірдеме істеген боп бөгеліңдер. Мен қыр басына шығып намазын шығарармын депті моллекең.

- Қашық емес пе арасы?

Нұрғалидің үйіне жеткен. Далада өзі құралыптас балалардан басқа ешкім көрінбейді. Қатқан боқты біраз тебісті. Мұндайда таласа кететін әдеттеріне де баспады. Бәрі тартыншақтайды, көңілдерінде бір мұз бар.

- Уәкіл атқа қонды, - деп сыбырлады бәрінен ересектеу Рымқұл.

- Өзі маңқа ма? - деп қалды Тасболат.

Быдаңдап сөйлейді екен. - Иса аяғын үзеңгіге салса да қолтығынан сүйегенге әлі ақыл айтып жатқан уәкілге

жақтырмай қарады да, қатқан боқты теуіп қалып еді, аттың аяғына тиіп, шошына текіректей қалғанда уәкіл де қопалақтап, ауып түсуге шақ қалды.

Уәкіл кетті. Бір-біріне бір қабырғасын енші етіп жалғастырып салған төрт бес үйден тұратын ұзын барақтың қуыс-қуысынан әйелдер қаптап шыға келді. Есіктің ал-дында қол шана тұр еді, екі-үш ақсақал Қамажан, Әлі, Рахмениялар-ды ертіп, шанаға жіп тағып, жөндей бастады.

- Ана жібін нашар екен, үзіліп қалады - деді біреуі.

- Үзіле берсін, жалғаймыз, - деп Есімғали ақсақал Мұқашты түртіп қалды.

- Ә, - деп Мұқаш бас киімін жөндеп, бас изеді.

Мәйітті қол шанаға салып, әкетіп бара жатыр. Шешесі Шәри дауыс қойып, оның бауырына тығылған шынашақтай Үмітжан мен Күмісжан шыр-шыр етіп жан дауыстары шыға шырқырады. Жұрттың бәрінің көңілі қаяу. Кім боздағынан, ботасынан айырылмай жатыр. Балалар да қорс-қорс етеді. Исаның көзінен аққан жас кеудесіне тырс-тырс тамды. Ішінде бір өкініш тұр. Неге? Балалар неге өледі? Кәртайған жоқ қой. Әжесі айтып жүретін шөптен дәрі жасайтын не Мырзақожадай тәуіп жоқ, не дәрігері жоғына түсіне алар емес. Кеше ғана асыр салып жүрген Төлеутайдың өлгеніне сене алар емес. Сәбит қайда? Сәбитпен алғаш кездескенде қараторы бала көзі оттай жанып, өзіне таяй түскен. Екеуінің жанары түйісті. Иса да тайсалмай тура қарап тұрған. Бір кез-де көзін аудармаған қалпы Сәбит:

- Біз туыспыз ғой, - деген.

Мәйітті сүйреткен шана ауыл шетіне шыға берді де, жібі үзіліп тоқтады. Құрманғали жіпті жалғап күйбең-күйбең. Шананың соңынан ергендер тізіліп тура қалған. Төбенің басындағы обаның жанынан бір адам түрегелді. Жылаған әйелдер де кілт тоқтаған.

- Әкетайым, - деп сыбыр етті Рымқұл.

Төбе басындағы кісі сәл тұрды да бас киімін қайта киген-дей болып, бетін сипады. Ауылда қалған қатын-қалаш, бала-шаға да бір-бірінен жасқана беттерін сипасқан болды.

- Қой, енді кетейін, - деді Әкбар жанындағы Әлғазыға.

Иә, мал тұрып қалды. Шөп салайық.

Зырқыраған қарлығаш Исаның дәл алдынан кесіп өтті. Ұшқыр құс суылдап, жерге төсі тиіп өтердей құлдилап кеп, жалт етіп аспанға атылып, айнала ойнақ салған. Бала біткен еріксіз бұрылды. Қайрақты өзенінің арғы жағалауы тіп-тік жар. Сол жардың бойы қарлығаштар ұя салған сансыз қуыс. Ұшқыр құстың зуылдап келіп кіріп, қайта ұшып шыққанын Иса сан көрген.

- Балапандарын көрейікші, - деді Төкіш.

Ауыздан шығуы сол екен, барлығы тұра жүгірген. Жардың биіктеу тұсынан қуыстап салған ұяға қолдары да жете қоймады. Үстінен келіп еңкейіп қол жүгіртуге тағы болмайды. Бірін-бірі көтеріп әлек.

- Аяғымнан...аяғымнан көтер.

- Көтеріп тұра тұрсайшы, е, енді қолым жетті.

Қолым жетті деген Кәмен баж ете қалды. Ұядағы қарлығаш қолын тістеп алса керек. Іле ұшып шыққан құс баланың бетін қанатымен сабалап өтті де, сасқалақтаған Кәмен суға былш ете қалды.

- Міне, енді олжалы болдың, - деп күлді ағасы Ерғалы. - Бар, дамбалыңды жуып ал, - Ерғалы үлкендігін бідіріп сөз соңын зекуге ұластырды.

- Ойбай, ышқырымды үздің, - деген Ермектің жан дауысы естілді.

Бауы үзілген дамбалы Ермектен бұрын жер иіскеген. Төлеуқұл оны әлі солбырайтып көтеріп, жерге түсірер емес. Ыржың-ыржың етеді. Екі аяғын шалғылаған Ермектің шыт көйлегі де басынан асыра сыпырып алып:

- Ал, ендеше, көтін көріңдер, көтін, - деп қоя берді.

Ұя бұзуға қатыспаған, дамбалсыз қалған мен суға құлағанды мазақтап ішек-сілесі қатып оқшау тұрған Иса мен Адамқұл. Бұрын бұл екеуі де құр алақан емес еді. Ауыл қыстауға отырғанда, біраз араласқан ісі. Адамқұлдың үйінің қамбалап, кепсін деп жобалағап үйіп қойған тезегінен ақ төс тақтақ торғай кетпей қойған. Әр жерге ұшып-қонып «тақ-

тақ» деп таңдайын қағады да отырады. Сонан қамбалардың Ішіне кіріп-шығып жүргенін көздері шалды. Қызығып кеткен. Балапанын ұстайық деп жобалап тастаған қамбаны аудара бастаған. Ұясын да тапты. Шиқ-шиқ еткен пәлекеттер қуыс қуысына қашып жеткізер емес. Тақтақтың шошына тақылдауы да жилеп кеткен. Үйден шыққан Адамқұлдың әжесі Сақып күн салып, ұзақ қарады.

Әй, не істеп жүрсіңдер? Қамбаны бұзбаңдар.

Мына қақаған заманда әр үйдің қысқы отыны да осы қамба екенін жас та болса екі бала да жақсы түсінеді. Үнсіз отыра қалысты. Тақтақ әлі шырылдап жүр. Сақып әже таяп келіп, талай қамбаның аударылып қалғанына назары түсті.

- Мыналарың не?
- Балапан іздеп, - деп күмілжіді Адамқұл.
- Тимеңдер оған. Оның қарғысы жаман.
- Ө? - деп аңырды Иса.

Тақ-тақ деген атым бар,
Таңдайымда хатым бар
Менің баламды алғандарың,
Жастайыңнан жетім қал, -

дейді бұл торғай.

Иса мен Адамқұл шошына түрегеліп, қамбаларды қайта қалаған. Сонан бері торғай атаулының балапанының маңына бармайды.

Күн кіші бесіннен ауған екен. Бала біткен «осымыз жетер» дегендей жапа-тармағай жиналып ауылға бет бұрды. Бұл Арқаның күні де қызық. Түннің бір уағында, әлгі сарышұнақтар шақылдап жатқанда ұясынан шығатын тәрізді. Кигіз үйдің жыртық-тесігін сығалап, беті-жүзіңді аймалап маза бермейді. Исаның ондайда ұйықтағысы келіп, аунап түсіп, бүркене түсетіні бар. Онан соң күнге ілесіп әжесі «тұр-тұрлайтынын» қайтесің. Тұрды-болды, енді Иса бір жаққа зытқысы келіп жалтақтайды. Әжесі байлағандай_ етіп жібермесе күнде тас төбеге шықпай, ақсақ Терентидің өгізіндей, жылжы-

май қояды-ау. Тілім-тілім аяғына қайта- қайта май жаққан әжесінен құтылып кете алмай сарсылып отырғаны. Ондай-да аспандағы күнге бұғалық тастап, қа-шағанды жетектеген Бікірге ұқсап, сүйретіп анау көрінген Сары оба тауынан асырып тастар ма еді деп қиялдайды. Ал, енді бүгінгідей де күннің қалай зырқырап аспанға шығып, қалай зуылдап кешкі ұясына жетіп қалатынына тақ.

Темірастауды балалар аттап кете алмайды. Жүре шешініп, жүзе білетіні қойып-қойып кетсе, жасқанғаны төсінен келетін аяқ жағындағы суға шомылып бір жетісіп қалған. Қарғаның баласындай у-шу. Кенет айдынның беті шортан тулағандай шолп етті. Темірастауда балық жоқ. Онысын кей үлкен «суы тым тастай суық» десе, кейбірі «тым тұщы су» деп түсіндіреді. Иса бұрылып төбе жаққа қарады. Аласа төбенің үстінде кішкене ғана зират тұр. Бұл зират, әлде ескі тамға Иса әкесі Түсіппен сан келген. Адам жерленгендей емес, іші бос, әрі теп-тегіс. Сол төбешіктен бұған біреу қол бұлғайды. Тани кетті, Әлі аға ғой. Суға тас лақтырған да сол шығар.

Әліні Иса аса жақсы кереді. Кигайға жасатып алған домбырасымен неше алуан күй төгіп, бұл естімеген әнді сылқылдатып тартқанда құдды домбыра шегіне қосылып кісі сөйлеп отырғандай көрінетін. Бала көңіл тамсанып, тіпті бет тақтайдың тесігінен шанағына сан үңілген.

- Әй, не көрдің? - деп ондайда Әлі қарқылдап күліп, басынан сипайды.

- Сөйлейді, - дейді Иса.

- Ә, саспа, әлі өзің де сөйлетесің мұны.

Әлі әңгімешіл. Бала демей мұны бауырына тартып, бала көңіліне жағар не қилы әңгіме де, ертек те айтып беруден жалықпайтын. Бала Исаның қиялы мұндайда сахараның шөлін де, Толағайдың тауын да кезіп кететін.

Әлінің Исаны бір зорлықтан құтқарып қалғаны да бар. Ұзын барақтың есігі алдындағы шошақ күресін оның билігінде еді. Биігіне шығып тұруға бар баланы мүддесі бар. Иықтасып итерісіп, жұлқыласып сүйретісіп, шуылдасып жатқаны. Көбінде биіктің басы Исанікі. Айналаға осы қыста жалғыз үй кәріс қоныстанған. Ересек баласы бар екен. Әжептәуір

боп тұрған мұны жағасынан алып сүйретіп түсірді. Жасы үлкен, бойы да ұзын немеге Исаның шамасы келмей ызадан кемсеңдеп тұрған.

- Өй, боқмұрын боп тұрсың ғой. Ұяттағы, - деген дауысқа малақайының астынан сүзе қарады. Жігіт боп қалды ма де-сем.

Мынау әлімжеттік жасап. - Иса «Ақбоз атты» қорс еткізіп тартты.

Ту, сол үшін бе. - Әлі мырс етті де бетін кәріс балаға бұрды. Не деп жатқаны белгісіз, әйтеуір дауысы қатаң. Әлі қалада болып келген, осы ауылдың түсінігінше орысшаға су-дай. Ақыры кәріс бала «Уай, уай» деп жүріп Исаны арқасынан қақты. Сөйте жүріп, Тайтөбедегі үйіне ертіп апарды. Кәріс пен де осылай достасқан.

Сол қыста Исаның нағашысы Сейтжан үйленді. Нағашы шешесі Ырыстың үйіне ауыл тегіс кіріп-шыққан. Әркімнің әкелген бір-бір жілігі кешке асылып, қуаныш атаулыны сағынып қалған ауыл Шолпан келінге батасын берісті, Ән де осы жолы айтылып бақты. Талай қыспақты көрген ауыл қанша қуана жырлайын десе де, ән әуені еріксіз мұңға бұрыла береді екен. Бар әннен Исаға «Ақтамақ» ұнады. Мұны салған Шолпанға ере келген қыз еді. Өзі де әдемі. Қарақат көз, оймақ ауыз қыз әппақ тамағы сәл бүлкілдеп осы әнді салғанда таза жеріне жеткізе шырқайды екен. Оған Әлі де қосылды. Жұрт жадырап:

- Пәлі! Рахмет, - десіп жатты.

Аз етті бөліп жеп, шәй-суын ішкен жұрт тарады. Жастар жағы ғана қалып ойын ойнаған. Ойын шартымен жазықты болған қыздың Әлі алақанын қаттырақ шертіп жіберді ме, қыз ду етіп қызарып, жігітке жалына қарады. Қыстың түні де ұзақ. Әлдене бір уақытта бәрі тысқа шыққан. Үймен жалғас қораға ортаның тайынша-торпағы қамалады. Түн баласы аяқ алып жүргісіз лас. Ертемен оны Балтай бастаған бозбалалар сыртқа тасиды. Осы төрт-бес үйдің адамы да күніне содан бірер қамба алады. Оның өзі жасырын. Анда-санда келетін әлгі уәкіл дегеннен сескенеді. Боқ та ортанікі. Ендеше онан ешкім меншігіне алуға тиіс емес. Е, анау қамбалар ма? Ол өзінің жалғыз сиырының қамбасы ғой деседі көзі шытынаған

уәкілге. Бүгін уәкіл жоқ. Тысқа шыққандардың көбі оралып еді, Әлі мен әлгі қыз әлі жоқ. Исаның шыдамы кетті. Ауыз сенекте тұрған пиалысыз жаяу шамды алып қораға шыққан. Біреулер сыбырласқан тәрізді. Жарықты көтеріңкіреп түсірді. Әлгі қызды Әлі құшақтап тұр екен.

- Кет! - деп жекіді Әлі.

Ертеңіне жолыққан Әлі:

- Өй, ақымақ, - деп басынан сипаған.

Иса бұтындағы лыпасын шеше салып арғы бетке жалдап өткен. Соңына ерген Төлеуқұлға көз қиығын салды. Басқалары үздік-создық ауылға беттеп барады. Төлеуқұлдың ертерек үйіне барғысы жоқ. Шешесі Бексұлу кеше ғана інісі Ысқақтың артына мінгестіріп тұрып, «Ал енді курортыңа бар» деген. Курорттың не екенін кім білсін, әйтеуір сол жерден бүгін қашып келді. Әйтеуір, кешке таяқ жемесе болды. Ұнжырғасы түсіп, Исаның соңынан еріп келеді.

- Міне, жігіт деп осыларды айт, - деп Қамажан мақтап қойды.

- Мұрындары да тазарып қапты. - Рахмения күліп, бас бармағын шошайтып, «болып тұр» дегеннің белгісін көрсетіп жатыр.

Әлі жалпақ тастарды қалап жасаған аласа орындыққа жайғасып, кішірек дүрбімен айналаны шолған. «Үшеуі бірге туғандай бір-бірінен айырылмайды» десіп таңдай қағысады ауыл үйдің қатын-қалашы. Күнде түс ауа осы үшеуі төбешіктен табылады. Кезек-кезек шаштарын басады, әлдебір кітапты алып оқысады, әйтеуір ермектері бар.

Иса Әлінің тегін шақырмасын іші сезеді. Апдыңғы күні де осылай шақырып алып, қолына тілдей қағаз ұстатқанда басқарма Төлегеннің қарындасына апарып беруін тапсырған.

- Әй, ешкім көріп қалмасын.

«Ешкім көрмесін» деген құпия іс болған соң Исаның да жан-тіні қалмады. Орайын тауып, қыздың үйде жалғыз қалған шағында алдына тастай салып, қаша жөнелген. Сон-

да да «Құпия істің» соңын көрмекке емешесі құрып аңдыды. Кемзалын бүркеніп шыққан қыз есік алдындағы жарқабаққа түсті де, бой жасырып, сонау бір қамыстарға жеткен. Сонан көрінбей қалды. Әлі шығады, Әлі жоқ. Иса тықыршыды. Шыдамы ттаусылып, «еңкеңдей жүгіріп, қамыс арасынан сығалаған Жағалаудағы көк шөптің үстінде екеуі отыр екен. Қызды аймалап, Әлі бетінен сүйді.

"Шиқ", деп Иса күліп жібергенін өзі де сезбей қалды.

-Бұл қайсың, ей? - деген үн құлағына жеткен бетте қамысты сылдырлатып тұра қашқан.

Сонан бері Әлінің алдына келіп тұрғаны осы. Айналаға үңілген Әлінің дүрбісі ауыл жаққа жиі бұрыла беретін секілді. Сонда да тамағын кенеп қойып:

- Ақтанау айғырдың үйірі ауылдан әрі, сонау Олжа- Дәулен жақта жүр. Соқыр айғыр көрінбейді, - деп қояды.

- Айдап кететін баяғының ұры-қарысы жоқ қой, жүрген шығар. - Қамажан күлді.

- Осы сәбет үкіметінің бір жақсы ісі ұры-қарыны тыйды, - деп қостады Рахмения.

- Атса тыйылады ғой.

- Атса дейсің бе?

- Иә, естіген жоқ па едің? - Бәрі Қамажанға бұрылған. - Ақ қашып, қызыл қуған заман біткен соң үкімет ұрыларды жаппай ұстауға әскер шығарыпты.

- Кімнің ұры екенін қайдан біледі? Жазықсыздар да кетер ондайда.

- Сәбет үкіметі де әуелі өзінің болысын тағайындаған ғой. Солар ылғи жылқы ұрлайтын баукеспелердің тізімін жасапты. Сонана шыққан отряд қолға түскенін тұтқындап, қашпақ болғанын атыпты. Кейбір баукеспелер елден бір-жола безіп кетіп, он шақты жылдан соң қойдан жуас боп қайта оралыпты. Мына Мұқаш та талай жылдан соң зорға оралған.

Иса жымиды. Күлуге үлкендерден сескенеді. Ұрсып тастауы да мүмкін. Соғыстың орта тұсында қыс ішінде ауылға неміс отбасыларын әкелген. Келгендер кәрі кемпір, байсыз қатын, бала-шаға. Үстеріндегі киімдері де жұқа. Дір-дір етеді. Бүріскен балаларды шешелері көйлегінің бір етегімен жауып әлек. Колхоздың канторының алдында бәрі бүрсең қаққан.

Бұларды «неміс» дегеннен жұрттың бәрі шошып кеткен.

- Бетім-ау, бұлар да адам сияқты екен ғой, - деп бетін жыртты Быqия шешей. - Құбыжық екен десем. Соғысып жүрген осылар ма?

- Жоқ, бұлар емес. Олар басқа немістер, - деп түсіндірді Мақыш мұғалім.

- Басқа дейді.

- Қазақ біреу, сонда немістер екі түрлі болғаны ма? Уа, паруардагер, - деп күрсінді Жапырақ шешей. - Ондай да болады екен-ау.

Бұл неміс ол неміс емес деген соң жұрттың іші жылыды. Бұл қазақтың өзі не көрмеп еді, аштықта қырылды, халық жауы деп талайын атып тастады. Бәріне кінәлі әлгі Ежов деген көрінеді. Бұл сорлыларды да өстіп тентіретіп қойған бір сойқан бар шығар. Басқарма немістерді әр үйге бөлген.

Исалардікі қоржын үй. Кішірек екінші басында әскерге кеткен Мұса ағасының келіншегі мен баласы Майра бар. Ортадағы аядай жерге немістің Катя деген кемпірі енді. Дымы жоқ сорлыны әжесі Қазия шәйға шақырады.

- Кәтә, кел, кел.

Бүрсеңдеп келіп, үстелдің бір шетіне Катя кемпір тізе бугеді. Нан шамалы әйтеуір, қуырғанда дәні жарылып тұратын ақбидай жеуге жұмсақ. Балалар соны таласа жейді. Катяның тісі оған да өтпей, шайына салып, жұмсартып барып, талғажау етеді. Катя кемпір кішірек етіп туралған төрт-бес кесек нан мен бидайдан басқа дымы жоқ үстел үстін көріп басын шайқайды да жаулығының шетімен бетін басып кемсеңдейді.

- Мәжит-ау, сен үлкенсің ғой, сөйлессейші, - дейді әжесі.

Мәжит жылда қыста осында жатып оқиды. Иса мен екеуінің төсегі бір. Сабан, оның үсгіне қой терісін тастап, бетін шүберекпен жапқан төсеніште жалғыз көрпені кезек тартып алысып шығады.

- Әже, мен қайдан білем бұлардың тілін.
- Әлгі Мақыш оқытып жүрген жоқ па?
- Оның оқуы жоқ.
- Әй, сен де, - деп әжссі сенбейді.
- Рас айтам.
- Сонда не оқып жүрсіңдер, ә? Сонау жылдары Әсия бала-

сы Ыбырахымды оқуға беріпті.

- Сонан бір күні «Әй, балам, кәне оқышы, көрейін» десе, Ыбырахым кітапты бетіне ұстап иа... р... а, ара, б... балта..., қа... зан» деп оқи бастаса керек. Соған ашуланған:

- Әй, тоқта! Не деп отырсың? Қазан, ошақ, бос, сирақ. Осы да оқу ма? Оны оқымаған қатын мен де білемін. Ой- бұй, үй-бай-ай! Әбдікәрім, Оспанқожаға ұқсап сызылтып отырады екен десем, - деп ұрысқан екен. Сендер не оқып жүрсіңдер осы. - Исаның әжесі тамсанды да қойды.

Қыстың шымырлатқан күнінің бірінде Мұқаш сол үйге енді. Неге келді деген сұрақ әр баланың көкейінде еді. Мектеп жабық. Әлде демалыс, әлде мұғалім аңға шығып кетті. Иә, әнеу күні қайнағасы Әлібектің қара сиыры өліп, Мақаң соның етін іске асырысып біраз күн сабақ болмаған. Басқарма да жоқ. Ауданға шақырып кетіпті.

- Катямен сөйлесіп отыр, - деді есіктен сығалаған бір бала.

- Мұқаң немісше біле ме?

- Е, ол талай жерді көрген адам ғой, білсе білер.

Осы сөзге бәрі тоқтағандай еді. Шу шықты. Шу үріккен тауықтың бажылы. Иса есіктен сығалаған. Мұқаң тауықтың бірін ұстай алмай қуып жүр екен. Бажылдаған тауықтар жанұшырып аспанға секіріп әлек. Шуға шыққан Катя бір-деме деп айқайлады.

- Кәтә, қасқыр кіріп кетіпті, оны қуып жүрмін, - деді Мұқаш.

Исаның күлкіден шегі түйіліп қалды. Есіктен желкелеп шығарған Мұқаңның тозығы жеткен тымағын қоса лақ-тырған Катя кемпірдің:

- Вон, - деген сөзі ғана құлағында қалыпты.

Әй, қиын болды-ау немістерге. Төсеніштері қапқа тық-қан сабан. Қызылбиікте колхоздың аздаған сиыры бар еді, соның бірен-сараны бұзаулаған. Қаймағын айырып үкіметке өткізіп, көксуын немістерге үлестірген. Соның өзін зәресі ұшқан басқарма Кепеу деген бір шонжармен келісіп барып істепті дейді білгіш қатындар. Сонда бұл немістерді аштан қыра ма деп ойлады Иса. Осылардың бастығы әлгі Кепеу болғаны ғой. Ол өзі қандай адам екен. Дәу шығар. Әйтпесе осынша немісті қалай айдап келеді.

Немістердің ішіндегі Карл дегені ересектеу бала. Күнде қырман жаққа кетеді де, дорбасына салып торғайларды әкеле жатады. Қалай ұстайтынын көруге Иса да ынтық. Таңғы шәйін асығыс іше салып тысқа шығып, Карлдың ізін аңдыған. Әлі ол да көзге түсе қойған жоқ.

- Мен де барам. Сен қайда барасың, - деп інісі Рашид Катя кемпір тоқып берген башмағымен далаға шыққан.

- Кір! Үйге кір, тоңасың.

Дауласып жүріп, сүйрелеп ішке енгізген. Жабылып шешіндіріп, әйтеуір ыңғайға келді-ау деген кезде тағы сыртқа зытты. Карл көрінбейді, сірә, кетіп қалған шығар. Күдігі рас болды. Күзде бидай тазалаған қырман жақта біреу күйбеңдейді. Карл болар. Исаның да тым көзге түскісі келмей жәйбарақат жүрген боп беттеген. Карлдың жанынан тағы бір неміс бала еріпті. Тым таяп қалған бұған Карл қолын сілтеді. Онысының «кет» дегені екенін, не «жат» дегені екенін түсінбей Иса үйінді қардың ығына жүрелеп отыра кетті.

Қырманның қарайған әр тұсына тұзақ құрып тастапты. Ал, өздері алдына қар үйіп, соған жасырынған. Қолдарында жіптің бір ұшы бар. Екінші ұшы қақпақты тіреген таяқтың басына байланғанын Иса бажайлап байқады. Жанындағы бала бірдеме деп қолын шошаңдатты. Онысы, сірә, тұзаққа түскен қараторғайларды көрсеткені болар.

- Карл, - деді Иса да торғайларды нұсқап.

- Тише, - деді ол. Иса түсінді де үйінді қардың тасасына қисая жатты.

Қараторғайлар көп-ақ екен. Колхоз жылда осы жерге қырман бастырады. Маялап үйіп қойған бидай масағын осы жерден тасып, қырман таспен үгітіп күздей әуреге түсетін. Масақ та үгітілмей қалған дән де жетерлік. Ол енді осы торғайлардың жемі.

Карл жанындағысымен әлдене деп күбірлесті де жіпті тартып қалған. Құлаған қақпақтың астында кемі алты-жеті қараторғай бар сияқты. Екеуі әуелі тұзаққа түскендерді бауыздап, сонан кейін қақпаққа барды да бір шетін ғана ептеп көтеріп ұстап ала берді.

- Аласың ба? - дегенді мезгеп Карл қараторғайдың бірін нұсқады.

- Жоқ. - Иса басын шайқады.

~ Жоқ, - деп Карл қайталады да, енді неге тұрсың, не-менеге келдің дегенді білдіріп екі алақанын жайды. - Жоқ, жоқ.

Бірін-бірі ұққысы келгендей тесірейісіп біраз тұрды. Карлдың жанындағы бала масақтың басын етегіне үгітіп отыр. Бірең-саран дән түседі екен. Шөкімдей болған кезде онысын апарып қақпақтың астына шашты.

Иса көргенін әжесіне айтқан. Қазия әжесі басын шайқап ұзақ отырды.

- Бейшаралар-ай, - деді бір кез.

- Қараторғай адал ма?

- Аштық не жегізбейді.

- Өздері қардың үстінде жатыр. Әнебір бала әбден тоңып қалыпты.

- Ана жатқан тайтеріні неге апарып бермедің?

- Енді беремін.

- Бейшаралар-ай, - деп әжесі тағы күрсініп, ұршығын иіре берген. Әжесінің иіруі де бөлек-бөлек. Жіпті бірде босаңдау иіреді. Онысын тоқығанда жылылау әрі икемге көнгіш дейді. Енді бірде иірген жібі шиыршық атып тұрады. Өткенде Катя кемпір иірімін ұстап көріп:

- Во! - деп саусағын шошайтқаны бар.

Төбешіктің басын жел үрлеп өтті. Пысынаса да зорға шы-дап отырғандай екен, төбе басынанн түспейтін үш жігіт ке-зек-кезек желпінді. Етектегі қамыс басы суылдап теңселіп тұрды да тынды. Шалғын үйіріліп-үйіріліп барып билеуін тоқтатты. Осы желді күткендей әлдебір бақа бақылдап еді, Ілесе әр жерден дауыс қосып шуылдасып барып тынды.

- Арқаның осы самалы-ай, жаныңды жадыратады, - деп Әлі тынысын кере дем алды.

Қанатын бірер рет қана қағып биікке көтеріле бер-ген бозторғай бір кез ауаға іліп қойғандай бір орынында қалықтап, сан алуан дауысқа салып, өзі ғана білетін әнге тер-беп берген. Бозторғай үні құйқылжып даланы кернеп әкетіп барады. Шырқау биігінен де түсер емес.

- Құдай- ау, бұл неткен ән, - деп әуенге әуес, әрі дом-бырашы Әлі тамсана көкке көз тікті. - Маған осы дала жап-пай ән салып тұрғандай болады.

- Даланың бұлбұлы ғой бұл бозторғай. - Қамажан тамға

арқасын сүйей отырып, күн сала қарап, көк жүзін шолған.

- Анау сол ғой, - деп қалды дүрбімен ауыл жақты шолған Рахмения.

- Хім, - деп жөткірінді Қамажан.

Кенет Исаға мойнын бұрған Әлі оны арқасынан қағып еркелете жөнелді.

- Пәлекет-ей, өзі, - деп қарқылдап тұрып күлді.

- Солай ма, - деп таңданысты қалған екеуі.

- Өй-да. Несін айтасың, қыста ауылдың бар баласын қатырған,

Иса ұялып бақайының ұшымен жер шұқыды. Ұялса да мақтағаны жағып барады. Иә, қыста бір сойқан жасағаны бар. Қыс ортасынан асқан кез-тұғын. Аяз қақап тұр. Мұндайда әжесі «түкірігің жерге түспейді» дейді. Тап солай. Тобанаяқ торы ат қолда. Соны тұмаға апарып суарып келу Исаның міндеті. Оның үстіне шешесі Бақтай қыстай ауру. Әкесі Түсіп қалада. Үш бала мен отқа ие әжесі. Әрі шешесіне дәрі- дәрмек беріп күтеді. Дәрісі не ақ алмас, не қызылжүйрік. Анда-санда молла Әшекең келіп тамыр ұстайды да.

- Жазылады, - деп кетеді.

- Айтқаныңыз келсін, - деп соған да шүкіршілік етеді әжесі.

Исаның тағы бір міндеті бар. Ол сабан тасу. Есік алдына үйген бірер арба тал мен қамбаның шеті көрініп қалған. Ендігі амал сабан жағу. Рымқұлдан бес дәптер беріп айырбастап алған сырғанақ ойнайтын шамасы енді кәдеге жарады. Сонан үлкендеу шанаға Исаның әлі де келмейді. Дәнінен арылған сабан мая-мая боп үйіліп тұр. Осы ауылдың қатын-қалашы арқалап тасып, соны жағады. Бұл үйде бас көтерер Иса. Арқалауға шама жоқ. Буғанын шанасына сүйреп салып, күніне екі-үш рет қатынайды. Әжесі жалғыз пешті өртеп жағады да, тағы да Исаны сыртқа шығарып, мұржаны жаптырып тастайды. Қызған пештің жылуы ертеңіне дейін суи қоймайды.

Ауыл бұлақтан ішеді. Бұлақ қатпайды. Қыстың өзінде аяқ жағы жылап ағып жатады. Ел су алатын тұсын Әшкен әкетайым таспен шегендеп тастаған. Жылқы жиреншек

деген соң Иса тобан аяқ торыны шелекпен суарады. Суын қандырып торы атты орнына байлаған. Сыртта қалған жүгеннің ауыздығы әппақ екен. Қырауытып тұр. Мұнысы несі деп бала көңіл таңданып жоғары көтере бергенде ауыздықтың бір ұшы ерніне тиі кетіп еді, желімдей жабыса қалды. Аузына алақанын тосып ыстық буымен үрлеп жіберіп барып ауыздықты ажыратты.

Үйге кіре бергенде есіктің салбырап тұрған құлып салар ілгегіне көзі түсті де таңданып тұра қалды. Мұздатқан ілгек жылт-жылт етіп көз қуантады. Оның үстіне өзі қанттай әппақ. Иса жымың етті. Ұршығын созған әжесі бір қарады да қойды.

- Бері кел, - деп өзінен үлкен Пәнуді шақырды.

- 0 не?

- Қант жалап келдім.

- Қайдан? - Бұл ауыл қантты түсінде ғана көрген шығар. Пәну аң-таң.

- Керемет тәтті.

- Кім берді?

- Ешкім.

- Енді..., - деп Пәну тағатсызданды.

- Өзім таптым.

- Айтсайшы енді.

- Жалағың келе ме? - деп Иса «Қойшы сені» дегендей қолын сілтеді.

- Иә.

- Ешкімге айтпайсың ба?

- Иә.

Сыртқа шыға жөнелген екеуінің соңынан әжесінің «Әй, қайда барасыңдары» жеткен. Оған қарайлауға шама жоқ. Пәнудің қант жалап көргісі келсе, Исаның ойы оны алдап түспек.

- Міне, - деп Иса ілгекті нұсқады.

- Осы ма?

- Иә, тап өзі. Қарашы әне, жылт-жылт етеді.

- Иә, - Пәну сене алмай тұр.

- Тәттілігі керемет, тура тілінді үйіреді.

Пәну таяй бере тоқтаған. Исаға жалтақтап қарай береді,

- Былай тұршы, өзім жалап алайын, - деп Иса өңмендеді.

- Өзім... - Тілін салақтаған ілгекке жабыстырған Пәну енді не істедім дегендей.

Исаға алақтап қарап қала берді. Иса сол бетте зытқан. Келесі үй Мақан мұғалімдікі. Иса күресіннен асты да мұғалімнің үй жағына бағдарлай қарап тұрды. Мұғалімнен сескенеді. Оның үстіне мұғалімнің шешесі Зағипа өзінің әжесінің апасы, әрі мінезділеу адам. Ендігі ойы Мақанның қыз баласы Тиышжанды алдауына түсіру. Оның шешесі Дәкіжаннан қорықпайды. Аққөңіл адам, күлер де қояр дейді іші.

Күн де шыңылтыр аяз, шаңғытып әлдебір түйіршіктер жылт-жылт етеді. Ит екеш ит осы үйдің Көкдауылы шөптің ішіне кіріп, тұмсығын бұтына тығып, сығырайып қана қарайды. Жемтікке бата алмаған түлкідей Иса мұғалімнің үйі мен екі араға бұлталақтап, әрлі-бері із тастап біраз жүрді. Сәтін салғанда, Тиышжанның далаға өзі шықты.Екпіндете жеткен.

- Тиышжан ... - Иса ентігін баса алмай тұр.
- А, - деп тоқтай қалды.
- Біз қант жеп жүрміз.
- Қайдан?
- Аязда тұтқаға ауадан қант жабысатын көрінеді.

Тишжан тұтқаға тілін тигізе берді де баж етіп үйіне зытты. Енді Зағипа шешей шығуы мүмкін. Зып етіп Мешелдің үйіне кіріп кетті. Балиқа шешей жайлы адам. Ашуланғанда тиісетіні өзінің күйеуі Мешел. Әжесінің айтуына қарағанда бұл кісінің шын аты Нұрмағанбет екен. Бірақ ешкімнің Нұреке дегенін Иса естіген емес. Сыйлағанның өзінде Мешке дейді. Өзі де соған әбден көндіккен. Балиқа өткен күзде екі баласын да мектепке берген. Сабақтың үстінде есіктен сығалаған Балиқа шешей қолындағы күрешкесін нұсқап көрсетіп-көрсетіп қояды. Үзілісте:

- Жүрегің қарайды ғой, бір ұртташы, - деп Ермек пен қызы Нескеннің аузына тосқан. Нескеннің жасы үлкендеу, ұяла тұрып бір ұрттады. Келесі үзілісте Балиқа күрешкесін көтеріп есіктен тағы сығалады. Айналдырған бір бөлмелі кла-ста төрт кластың бар оқушысы бар. Әр класта төрт- бес қана бала. Көбіне мұғалім бәрін қосып бір-ақ оқытады. Балиқаның

сығалап көрсеткен күрешкесі балалардың назарынан тыс қалмады. Жырқ-жырқ күле бастаған. Қоңырау да соғылды. Дүркіре шыққан балаларды тосқан Балиқа шешей:

- Ермекжан, бір ұрттаашы, - деген.

- Ермекжан, бір ұрттаашы, - деп балалар мазақтай жөнелді.

Ұялған Ермек әрман қарай зытты. «Бір ұрттаашы, ұртта» деп балалар соңынан қалар емес. Қашқан Ермектің Иса соңына түскен. Жете алмағансып, «Бір ұрттаашы, ұрттай қой» деп шешесінің дауысына салып, мектепті айнала қуған. Ұялған Нескен үйіне қарай жүгіре басып бара жатқанын көзі шалды. Сонан кейін Балиқаны мектептің маңынан көрген емес. Исаның әжесін қаны бірге болмаса да апа тұтып, іш тартып жүреді.

- Қайдан жүрсің, - деді де жүн тұтып отыра берді.

Нескенді алдау қиын. Дегенмен үлкендеу қыз. Әрі Исаның кейде қылжаққа ұрындырып кететінін біледі. Ер-мектің асығын көргенсіп біраз отырды. Ақыры тысқа сүйреп, әуелі күршекті өзі жалғағансып, оның да тілін темірге жапсырып, зытып берген. Зағипа шешей далада жүр екен.

- Әй, не істеп жүрсің? - деп жұдырығын түйді.

Бұл жалғасқан үйлердің шеткісінде Қанапия ұста тұрады. Үйге кіре беріс қораға жалғастырып ұстахана салынған. Қанекең балуан денелі, қабағы түксиген, ле-кіте күліп сөйлейтін адам. Ұста дегенді бұл ауыл қатты сыйлайды. Қанекеңнің арғы аталары да ұсталық етіпті. Әкесінің айтуына қарағанда үзілген білікті қыздырып алып:

- Иә, жаратқан ием, - деп бір-біріне түйістіріп, ұстап тұрып тастай салады екен. Суыған темірді айналдыра қара-ғандар біліктің қай жері үзіліп жалғанғанын таба алмайды екен.

Иса ұстаханаға анда-санда келіп тұрады. Онда да әже-сінің жұмсауымен. Үйдегі жалғыз балта да Исаның қолында болған соң шаппайтын нәрсесі жоқ. Талай сүйек те, тас та қидаланған. Жүзі мұқалған балтаны қолына беріп, Қанекеңе жұмсайды. Ұстахананың төріне өрлеуге батпай Иса босағаға сүйеніп, «Уһілеген» көрікке, жалындаған отқа, онан соң

шыжылдаған темірді төске салып не қилы қылып иіп, кейбірін суға тастай салып, қайысын суға бір малып, бір алып суытқан ұстаға қарап таңданады да тұрады. Мұның бәрі бір сиқыр тәрізді.

- Әй, неғып тұрсың? - дейді бір кез ұста Қанекең.
- Әжем жұмсап.
- Бері әкел, бері.

Ұста балтаның жүзін ғана отқа салады. Осы тұста Иса да еркінсиді, көріктің сайына жармасып, үрген болады. Көрік «Уһ» деп ауыр күрсінді. Бес-алты басқан соң:

- Болды-ей, енді...- дейді ұста.

Балтаның жүзін таптап, өткірлеп береді, суға салып суарады. Әжесі көреді де:

- Шаш алатын ұстарадай екен, - деп сүйсінеді. Мұны қайрайтын тас қайрақ жоқ. Енді беталды шапқылай берме, ұстадан ұятты.

Ұстаханадан шығып келе жатқан Төкіш айтқанына сеніп, тұтқаға ауыз сала бастаған еді.

- Тәйт! - деген қатал үні шықты. - Өй, ақымақ.
- Мынау тәтті деп..., - деп ақталған Төкіштің үнін желкесімен тыңдаған Исаның артына қарауға мұршасы жоқ. Сүрініп тұрып зытып келеді.
- Әй..., - деген ұстаның қатқыл үні онан сайын бездірді.

Күнқожаның үйінде Бықия шешей бықсытып от жағып отыр екен. Әлде тезегі су ма, үйдің іші ала түтін. Астына сабан салған жалғыз текеметтің үстінде Тасболат көзі жасаурап қоса бықсып отыр.

- Дем ала алмай қалдым ғой, - уһ деді Иса. Тасболат далаға шықсайшы.

Тәттінің дәмін сонау соғыстан бері татып көрмеген Тасболат тілі тұтқаға жабысып, көзі алақтап қала берді. Күл төгуге ілесе шыққан Бықия шешей абырой болды.

- Әй, желкеңнің шұңқырын көрме, - деп Исаға жұдырығын түйді.

Бұл Бықия шешейдің ең қатты ұрысқан түрі. Бұл не сөз деп әжесінен сан сұраған. Әжесі айтады «адам өз желкесін ешқашан көрмейді, ендеше бұл қарғыс емес, алғыс. Оған бола ренжудің керегі жоқ».

Адамқұл қолға түспей кетті. Қызылбиіктегі Тұрсын ағатайдың үйіне кетіпті. Иә, Қызылбиікте Адай шешесі Шәкенмен тірлік етіп жатыр. Әкесі Әрін ағатай әскерге кеткен. Иса да Әрекеңді қатты сағынады. Сонау бір жылы Әрекеңнің бұларды іздеп Ақтоғайға келгені бар. Өзі де тіп-тік Әрекең атқа да қаққан қазықтай отыратын. Сол жылы еді-ау, таңнан тұрып Әрін ағатайдың қойнына кіріп жатқан. Басынан сипап ол да баурына тартқан. Сонан кейін ағатайын керман соғысына алып кетіпті. Иса Әрекеңнің жұмабайы Шәкенді «жеше» деуші еді. Жешесі де аққұба өңді , қаракөз сұлу адам. Мінезі де жібекті. Адамқұлдың Қызылбиікке кеткенін естігенде жешесі мен Адайды сағынып, жүрегі шым-шым етіп біраз тұрды.

Көшенің екінші басында мектеп. Оның қатарында бас-қарманың үйі. Мектептен төменгі ұзын барақ бір-біріне жалғай салған бес-алты үй. Соның екінші үйінде Көпжан ақсақал тұрады. Көпжекеңді осы ауыл шежіре қарт деп те атайды. Өзінің бар жиған-терген, көңіліне түйгенін баласы Әліге үйретіпті десетін. Шежіре қарттың өмірде көргені де жетерлік. Патша қазақтан солдат алған заманда Көпжекең де ілігіп, Сібір деген жақта болыпты. Төңкерістен кейін беделді қызметін атқарса керек. Бірақ алапат аштықтан кейін ауруын сылтау етіп, ешбір қызметке бармай қойыпты. Мұның бәрін Иса әжесін сыбырлап айтқан әңгімесінен естіген.

Көпжекең ауыл үйді ымырттап қайтады. Бала-шағаның бар-жоғын, әр отбасының аш-тоғын, бірлі-жарым бұзау-тайыншасының жем-шөбіне дейін түгендеп, ең ақыры Әбеу ақсақалдың уйінің қарсы бетіндегі склад-қоймаға ие Ыбырахымға соғып барып басқармаға міндет артып кетеді. Әйтеуір осы ақсақалдың ықпалымен жетімнің көз жасы тыйы-лып, келген өкіл күлкісінен айырылатыны рас. Пендешіліктен аулақ, діні қатты, дені таза, адамгершілік ата жолы, ана сүтімен бойына сіңген ақсақалды бір ақын «тегі қожа, дені таза, сұлу Көпжан Бәйменұлы» деп өлеңге де қосқан. Күрк-күрк жөтелген қарияның сұсты жүзінде кімнің болса да бетін қайтаратын сес те бар еді. Сұсты көңіл ақсақал Исаны іш тартатын да, бала көңілі де соны сезіп ақсақалдың маңын айналсоқтай беретін.

Дегенмен де Иса ақсақалдың өзінен кіші Шәмшәсі мен

өзінен үлкен Мәрбанын алдамай кете алмаған еді. Алдауға әуелі Мәрбан түсті. Енді айналып Шәмшәні жетектеп шықпақ еді, Әлі сап ете қалды. Исаны қолынан жетектеп үйге ала кірген.

Аузын қолымен басып кірген қызын көріп Рәзия шешей:

- 0, құдай мынаған не болды? - деді таңданып.

- Ақымаққа сол керек- Әлі күліп жүріп Исаның киімін шешіп, отырғызды.

- Е, не бопты? - деп сұрады Рәзия шешей.

- Қант жепті.

- Осы не деп отыр. - Рәзия шешей таңданып езуін тартты.

- Мәрбан жалғыз емес, бүгін талай баланы ақымақ еткен сияқты. Солай ма? - деп Әлі Исаның бетін бұрды.

- Иә, - деді Иса да жымыңдап.

- Осы не деп отыр. - Рәзия шешей сүрткен кесесін қоя салды.

- Қант деп әуелі Пәнуден бастаған. Тілі ілгекке жабысып қалды.

- Сен не істедің?

- Кетіп қалдым.

- Ой-бүй, құдай-ай.

Әлі шымшылдап күле отырып сұрап, бәрін айтқызды. Көпжекең тіс жарған жоқ. «Кім» деп жөтеліп қойып, үнсіз тыңдаған. Рәзия шешей ғана «ой-буй » деп қояды, Мәрбанда үн жоқ. Шәмшә сық-сық күледі.

- Ал, енді, - деді Әлі бәрін тыңдап болған соң.

- Далаға шығам.

- Жоқ, жетер енді. Құрмекеңнің Аманкелді сенен кіші, Ақаңның Қалені де солай. Ахметжанның Әнзиясы - жалғыз қызы. Таяқ жеуің мүмкін. Тыпыр етпе, отыр осылай.

- Жөн болмаған екен, - деді ақыры Көпжекең.

Әлінің домбырасын тыңдап, Рәзия шешей берген айранды ішіп бұл үйде кешке дейін отырады.Ендігі алдауының жөні жоқ екенін өзі де түсінген. Қала берді Шәмшәнің ала мысығымен ойнады. Жауыға қараған жалғыз адам Шәрбан ғана.

- Бар, енді әжең іздеп жатқан болар, - деді Рәзия шешей.

- Иә, кеш те түсіпті.

Әжесі Исаны сыртқы есіктің алдында күтіп алды. Жартастағы Әбішкең атаның үйіне кеткен Мәжит те келген екен, бар жұмысты сол атқарыпты. Жандарынан бір қырындап өте шықты.

- Қайдан келдіңнен, - бастады тергеуді әжесі.

- Өліге бардым.

- Иә...

- Ол үйде де сөйттің бе? - деп күлді Мәжит.

- Иә.

- Кімді?

- Мәрбанды.

- Ұрысты ма? - дейді Мәжит.

- Жоқ. Әлі күлді.

- Осындайды қашан қоясың? - деп әжесі желкесінен қаттырақ нұқыды.

Төлеуқұл Исаны шолақ көйлектің етегінен тартқылады. Онысы «енді болды ғой, кетпеймізбенің» белгісі. Тықыршып тұрғаны мына ағалары өзінен жөн сұрап «неге қашып келесің» деп ұрса ма деген дегбірсіздік. Әзірге оған көңіл бөліп жатқан тағы ешкім жоқ. Әбігерден соң оның да көңілі орнықты ма, тамға арқасын сүйеп, бес тас ойнап, алаңсыз кейіпке енген.

Ағалары кішірек дүрбіні кезек-кезек қолдарына алып, бірде ауылға, бірде қырға көз сүзіп отыр. Исаның көзі Сарыобадан бері өрлеген шөкімдей бұлтқа түсті. Мөлдіреген аспандағы шөкімдей бұлт әжесі түтіп отырғанда жел ала қашқан азғантай ғана жүн секілді түте-түте. Көкке қарай баяу сырғиды. Шөкімдей бірде жиырылып тұтаса береді де, қайта жазылып әлденеше кейіпке енген. Иса оны құлағы жалбыраған итіне, қайта жиырыла түскенде әкесі ұстап беріп жылда өзі асырайтын сары ала қаздың балапанына ұқсатып әлек.

Әңгіме төркіні өздерінің тентектіктеріне қарай ауысқа-нын байқамай қалды.

- Бұзатар болып кетпесе, - деп Рахмения күлді.

- Олай емес сияқты. Тентектік емес деп те айта алмайсың. Бірақ ойындарында кек жоқ, үлкендікке ұқсаймыз ба деген түйін бар. - Қамажан Исаның басынан сипады. Иса өздеріне сенім артқанына көңілі масайып, бақайымен қазып алған түйіршік тасты сол бетінде шертіп жіберді.

- Беттері түзу, өсе келе әлде кімдер бұзып әкетпесе, - деп Әлі қаупін де қосты.

Иса Қамажанды да жақсы көреді. Осы ауылдың бала-шағасын бауырына тартып, баурап жүреді. Исаның кейде Әбішкен атасын сағынып, үйден қашып кететіні болушы еді. Сол жылы Тойлының арбасының артына жармасқан. Ауылдан ұзағанша Тойлы да артына қарамады, бұл да дыбыс бермеген. Келесі ауылдың шеті көрінгенде кеш те түсіп қалды. Жөткіріну қалған балаға жалт қараған Тойлының жүзі өзгеріп сала берді. Сәлден кейін ғана:

- Сен қайда барасың? - деген.

- Атама.

- Қай атаңа?

- Атам...

- Қайда тұрады ол?

- Қой бағады.

- О, құдай-ай, - деп жерге түкірді Тойлы. - Оның үйі бұл жақта емес. Енді не істедім? Пәле болмаса игі еді. Баланы ұрлап кетті деп... Ей, Алла, мұны не істедім? Ендігі жетпегені маған осы еді. Әй, енді бері кел, арбаның үстіне отыр.

Ат басын тіреген жерлері жалғыз үй екен. Шөп науқанының бастығы осы үйдегі ақсақал. Енді шөп машина шалғысын көтеріп қаңтарылып тұр. Екі шөпші бозбала жаяулап ауылға кетіпті. Техника мен төрт өгізге ие боп қалған осы Қали шал.

- Үй іші де бүгін төркіндеп кетіп еді, - дей жүріп Қали ақсақал Исаның бұл жүрісінің мән-жайын түсінген соң - Әй, шырағым, мына баланы үйге кіргізіп, сусын бер. Әбден шөлдеген шығар. Балалығыңа бар болайын,сенің, - деген қызына.

Түнемекте Тойлы арбасына жатты. Қап сияқты көр-песі бар екен,соның ішіне кірді де, басын күпәйкесімен жасырған. Әбден қараңғы түскен шамада:

- Ассалаумағалейкум, - деп біреу кірді. Таныс дауыс сияқты. Қайта жаққан жаяу шамның жылтыраған сәулесі сәлемшінің бетіне түсті. Қамажан.

- Ағатай.

- Өй, Иса... Мынау қайдан жүр?

Қамажан поезден Сарсуға түсіп, біреудің биесін сұрап мінген екен, жаңа күн бата босатып жіберіпті де, бері қарай жаяу тартыпты. Жеткен жері осы болса керек. Бір кесе су-сын ішіп, төр алдына қисайған. Исаны бауырына тартып, өзінің сырт киімімен сырт жағына орап қойған. Шам сөнді. Төрде екеуі. Оң жақта Қалекең ақсақалдың қызы Ажар. Соған жақын жатқан ақсақал аздан соң ұйқыға кеткен. Қамажанды құшақтап жатып Иса да түн тыныштығына бөленген.

- Ей, өк! - деген дауыстан оянды. Далаға шыққан ақ-сақалдың «мына ақ өгіз жалғыз, қалғандары қайда кеткен. Қап, іздемесе болмас» деген дауысы және жетті. Қамажан бір аунап түсіп, баланы қымтады. Сонан соң сәл жөткірінді. Қыз да күрсінгендей дыбыс берген.

- Ажар, - деді Қамажан сыбырлап.

Исаның ұйқысы ашыла түссе де дыбыс бермеді. Әйтеуір Іштегі бір сезім жігіт пен қыздың арасы осылай боларын түртпектеп түсіндіргендей. Сонан соң әлгі Кигайдың айта-тын жырларында да ғашық-машық дегендер болатын. Сол есіне түсті.

- Неге үндемейсің?

- Не дейін?

Үй ішін аздап тағы тыныштық басты. Иса өз жүрегінің дүрсілін естіп жатыр. Екі беті ду-ду етеді. Сонан соң Қама-жан басын көтергендей болды.

- Ажаржан.

Қызда үн жоқ. Еңбектеген адамның дыбысы естілді. Қамажан шығар. Иса қыбыр етпеді. Жүрегі алқымын тіреген.

- Қойшы, қайда келесің?

- Сенімен тілдесуге басқа айла таппадым.

- Мені өзіңе теңейсің бе?

- Мен саған барымды айттым ғой.

- Сенің алдың жарық, өрлеуге, өсуге тиіссің. Мен тек аяғына оралғы боламын ғой. Осыны ойлаймын да тоқталамын.

- Оның қате. Тағдыр не жазса да бірге көреміз.

Иса аунап түсті де еріксіз ыңырсыды.

- Қой, енді, бала оянып жатыр.

- Жаныңда аз бола тұрайыншы.

- Әкей келіп қалады.

Қамажанның орнына келіп қисайғаны сол еді, сықырлауық ашылды. Жөтеле кірген ақсақал төсегіне тізесін бүккен.

- Ата, өгіздерді таптыңыз ба? - деп Иса басын көтерді.

- Сені оятып жіберген екенмін ғой, жат. Әзір тұруға ерте.

Қамажан баурына тартып, басынан иіскеген. Маужырап жатып ұйықтап кетіпті. Тәтті түс көрді. Қамажан аға мен Ажар тәте қол ұстасып жүр екен. «Мен сендікпін» - дейді тәтесі. «Арманымсың» дейді ағатайы. Жадыра күліп, жарысып ойнаған екен дейді екеуі. Кенет сол жүгірген қалпы ағатайы жоқ болып кетті. Ажар тәтей екі қолын көкке созып отыр екен.

- Әлгілер көрінбейді-ау, - деген ақсақалдың дауысы жетті құлағына.

Иса тұрып, есіктен басын қылтитқан. Ажар екі шелекпен су әкеле жатыр екен. Ағатайы оған қарсы жүріп, қолынан шелегін алды. Шалғысын көкке көтерген екі шөп машина қаңқиып тұр. Құйрығын кескен томарға қойып, жерошақ басында шал отыр. Мосыға бірдеме іліп қойыпты. Онысы бұрқсарқ. Онысын ақсақал үлкен қасықпен толғап қояды. Айнала тып-тыныш. Шиқ етіп бөктергіден жасырынған сар-шұнақтың дыбысынан бөтен дауыс жоқ.

- Әлгілер кешікпесе болар еді. - Ақсақал тынышсызда508ып отыр.

- Келер.

- Осы күнгінің уәкілі жаналғыштан жаман.

Таңертеңгі шайға отырған. Үстел үстінде аздап туралған таба нан, бес-алты құрт, томардай ірімшік. Манағы бұрқсарқ қайнаған каймақ дәлеңкеге құйылып, солардың қоршауында қалыпты. Ажар мен Қамажанның жанары жалт етіп

кездесіп, сыр шашып, ұсынылған кесеге созылған қолдары айырылуға қимағандай тұрып қалып жатыр.

Іргенің сәл түрілген тұсынан танауын тығып ит сығалап, жыртиған көздерімен ақсақалдың салалы саусақтарымен әр қимылын қаперсіз аңдыған. Әредік басын жұлып алып, бүйіріне қадалған бүгелікті тісін сақ еткізіп қуып тастайды да тесіктен қайта сығалайды. Бұл үйдің таңертеңгі тірлігі осы еді. Тұп-тұнық ауаны ащы айғай сілкінтті.

- Ойпырым-ай, не боп қалды. - Абыржыған ақсақал үш ұмтылып орнынан зорға тұрды. - Алла, аманшылығыңды бере көр.

Далаға атып шыққан Қамажаннан Иса да қалмады. Айғай сонау алыстан естіледі. Күн салып қараған Қамажан кенет түтігіп кетті.

- Ой, әкеңнің...

Иса енді көрді. Ат үстіндегі біреу екі жаяуды кезек қуып, аттың баурына алып жүр екен, Құрақтай ұшқан Қамажанның соңынан қалмай-ақ келеді. Жалаң аяғына әлдебір тас тиіп бір шоқалақтап алды да, қайта безді. Бақайдың арасын қияқ осып өтті. Қаны шықса да оған қарауға мұрша жоқ.

- Әй, тоқтат! - деп ышқына айғайлаған Қамажанның дауысын аттылы естір емес. Қайта, «көрсін менің ісімді» дей ме, үдетіп барады. Қашқан жаяуды қуып жетеді де, қамшының астына алады. Аттың омырауы тиіп құлаған жаяуды тастай беріп, безе қашқан екіншісін өкшелеп, қамшының астына алған. Алақандай жайлау аттылы мен жаяудың арпалысына, ақырған-өкірген дауысқа толып, шаранасына шыға мелдектеп тұр.

- Жаудың тұқымы...

- Ағатай-ай...

- Сабап өлтірейін...

Жан ұшырған Қамажан да жетті. Сілтене берген қам-шыны жұлып алып, уәкілдің атын қақ бастан тартып жіберген.

- А, иттің баласы сен де жеттің бе? Көрсетейін саған... -Ынтымақ уәкіл Қамажанды аттың омырауынан қағып өтпек еді, жігіт жалт бұрылды да, атылып барып уәкілдің жағасына

жармасып, аттан жұлып алды.

- Ұрған осы болады. - Ысқырған қамшы уәкіл Ынтымақтың арқасын осып өтті.

- Үкімет адамына қол көтердің, көзіңді құртам.

Қамажанның сілтеген қамшысына біреу жармасты.

- Тоқта, шырағым. - Қамшының өрімін ұстаған Қали ақсақал демі бітіп құлай кетті де, алқынып барып басын көтерді. - Тоқтаңдар.

Жаяу қашқан шөпші бозбалалар Асау мен Жаскен екен. Үстері өрім-өрім. Жаскеннің тілім-тілім көйлегінің арқа тұсынан қан білінген. Асаудың қамшы тиген беті долырып, қанбалап тұр.

- Құртам! Құртам сендерді, - деп сілкіне, зәрін шаша тұрды Ынтымақ уәкіл.

- Кімді кім құртар екен, көрелік оны, - деп Қамажан тісін қайрады.

- Шөп шаппай қашып жүр бұлар. Қашқынның статьясына жатқызам.

-Тапқан екенсің. Түнгі шық мынау, шөп әлі су. Оны қалай шаппақ, ә? Соны айтшы сен уәкілсымақ.

- Маған қол көтердіңдер...

- Мына екі баланың екеуі де әскер семьясы, асырау-шылары соғыстан қайтпаған жетімектер. Үкімет жарлы- жақыбай, жетімдікі. Жетімді әдейі сабағаның үшін кәзір үстіңнен әктілейміз. Осы ел тегіс қол қояды. Сонда көремін сенің әуселеңді. Кімнің үкіметі екенін көрсетіп, көзіңе көк шыбын үймелетемін, сен иттің, - деп Қамажан қалтасынан қағаз-қаламын суырған.

Уәкіл Ынтымақтың үні бітіп қалды. Жалпақтап Қали ақсақалға қарай береді,

Ақсақал бәрін үйге сүйреген. Бір шыны шәйға қаратып, атын ұстап беріп, бәріне қол алдырып, кешірім еткенсіп, уәкілді шығарып салған.

- Әй, шырағым, - деді ақсақал Қамажанға. - Ана Кепеуі де, басқасы да бәрібір уәкілді қолдайды. Пәледен аман құтылғаныңызға шүкіршілік. Қағазбен оларды жеңе

алмайсың, оның осы сескенгені де біз үшін жетерлік іс.

Мұнан кейін Иса Ынтымақ уәкілді көрген емес. «Ойбай, уәкіл кеп қалды» десіп қарақұсты көрген балапандай ауыл безіп жүруші еді, енді ауылды құдай оңдағандай. Үлкендердің үркуінен зәрезеп болған балалардың да ойыны еркінсіген. Ауыл Қамажанға риза. «А, құдай, аман сақтай гөр» десіп жігіттің сыртынан сүйсінеді.

- Әй, әлгі көрінбей кетті, бүгін бері қарай шыға алмай жүрген сияқты, - деді дүрбі ұстап отырған Рахмения.

- Шешесі бірдеме сезіп қалмаса, - Қамажан жөтелді. Соңғы кезде осы ағатайының жөтелі үзеп бара жатыр. «Жаңбырда қалып едім» дейді өзі.

- Тағы да мынаны жұмасамақ, - деп Рахмения көз қиығымен Исаны нұсқады.

- Пәлекет. - Әлі күле қарап, мойнын бұрды.

- Баланың ойынында үлкеннің әрекеті бар деген. Осылардың өткен қыста әлгі Ералыны сүндеттеп жібергені...- Үшеуі де лекіте күлді.

...Иә, ондай бір уақиға болған. Жазғытұрымғы шақ, бірде мүйіз, бірде кигіс мезгіл. Қар еріп кигіз болса да, қайта қатып мүйіз болса да балалардың киері шамалы. Көбінің аяғында көн шоқай. Барар жер, басар тауы азайған соң бәрінің ұйлығатын жері сан үйдің басын құраған барақтың үсті. Онан үстіне бір шыққан соң қара кешке дейін жерге түсу жоқ. Ұзын қыс бойы дірдектеп үй-үйге тығылып, ойын да жоқ, ойынды аңсауға мүмкіндік те жоқ кезден енді құтылып, жылт еткен күннің жылуына жармасып, сағыныса ұйлығысқан балаларға аналар да жанашырлықпен қараған. Әйтеуір аш жүрмесінші деп құрт-ірімшік салып беріп:

- Әй, қайдасың? Үйге кел, - деп дауыстағаны болмаса олар да өздері мезі еткен балалардың енді ойынға алаңдағанына риза.

Барақтың үсті апыр-тұпыр жүгіріс. Көн шоқайлының да, әкесінен қалған жұлығынан тышқан тұра қашқан ескі етіктінің де, кигіз байпақтың сыртынан иленген теріні орай салғанның да жарыс алаңы осы. Онан қалса сиырдың жүнін уқалап, ішіне құмалақ салып доп жасап, қақпақыл ойнайтын жер де осы.

Исаны әжесі күн жыли ғана үйден шығарған. Ыбырахым

ағаның қоймасының күн жағында жатқан сары атанның үстіне Төкіш пен Тасболат міне қалыпты. Күйіс қайырған жас түйе екеуін керек қылар емес. Иса да жетті. Әуелгі жұмысы сары өркешінің астын үйкелеген де жазғытұрым босаңсыған түйе жүнін жинап алып, қос алақанның ортасына салып жұмырлай илеген. Жап-жақсы жүн доп дайын.

- Ал кеттік, енді ойнаймыз.

Кенет шыға келген қара бурадан айнала қашты. Кеше осы бура байлаудан босап кетіп, маяға отқа қойған уәкілдің атын шайнап тастапты. Шылбыры үзілген ат қашып құтылыпты дегенді бәрі естіген. Бура басын шайқап-шайқап, қып-қызыл отты көзін кімге қадарын білмей аз-кем тұрды да жынын құсып-құсып жіберіп, жөніне кетті.

- Мынау қайтеді-ей, - дескен барақтың үстіне шығып кеткен балалар.

Доп қуып жүгіріскен балалардың дүрсілінен сырғауылмен ғана жабылып, үстін күлмен жасырған тоқал тамдардың төбесі селк-селк. Әуелі шыққан Қаленнің шешесі Гүлжапыран. Бұл кісіні үлкендер Бәйеш десе, қайындары Сарыбас дейді. Үлкен-кішіге сыйлы, ұстамды адам.

- Әй, балалар, азырақ жүгіріңдер. Өздерің құлап қалмаңдар, - деді де аз-кем тұрып қайта кіріп кетті.

- Мыналар қайтеді-ей, дастарханға топырақ түсті. Кане, қойыңдар, - деп зеки шыққан Аман қайта бой жасырғанша сәл тоқтаған балалар ду-дуға қайта кіріскен.

Ойынға басы-көзі шөптен көрінбей Әлен келді. Иса Әлен шыққан шөпараңға жасырынып, «көкек» деп ай-ғайлады. Маяның түбіндегі үңгір бос жатыр. Бұл Әленнің үй ішінен жасырын төсегі. Біреуі болмаса, біреуі іздеп табар деп, Иса қуысқа кірді де, жан-жағын шөппен қымтап, аяғын жиып жата кетті. Жып-жылы екен. Әленнің оқығысы жоқ. Әкесінен сан рет қамшы жесе де, оқуы ілгерілемей-ақ қойды. Кезекті бір таяқтан соң Исаның жаны ашып:

- Оқысаңшы енді, - деген.

- Өзің-ақ оқы. Оқығаннан өгіз баққаным артық, - деп өзіне дүрсе қоя берген.

Әленнің оқуынан Әленнен бұрын Мақаң мұғалім шаршаған шығар. Жеке алып қалып та сан сабақ үйретті, ұрысты да, онан оңалып кеткен Әлен жоқ. Есеп сабағы Әлен үшін

тақтаға сипыр жазудан басталады.

- Ал, Әлен енді сен шық тақтаға, - дейді онан әбден қалжыраған мұғалім.

Әлен саспайды. Борды тақтадан бұрын екі қолына жағып, беті-жүзін айғыздап алады да асықпай ұзын сызық сызады. Бұл оның бір дегені. Иіліп екі түседі, төңкеріле тізе бүгіп тақтаның бетінен үш көрінеді. Бір-біріне жалғасқан сандар жиырма жетіге жетеді де тоқтайды.

- Жаз, енді жиырма сегіз, - деп сыбырлайды балалар.

Әленде үн жоқ. Тақтаға қарап мелшиген қалпы теріс қарап, еріні анда-санда жыбырлап тұра береді. Менің біл-генім осыны білдіріп борды тақтаның бір шетіне қояды.

- Әй, ары қарай неге жазбайсың? - Мақаң мұғалімнің таусылған жері осы. Әленнің де есеп сабағы осымен аяқталған.

Өздерінен бірер жас үлкен балалардың жүгірісіне ілесе ал-май Қален мен Аманкелді жеке отау құрып, алысып жүрген. Екеуі де ақ тер, көк тер.

- Ал, менің орындығым осы, - деп бір құшақ сабанның үстіне отыра кеткен. Қален сол бетінде жоғалды. Үңірейген тесікке үңілген Иса сабанның арасынан тырбаңдап шығып, енді ғана «ө-ө» леп жылай бастаған Қаленді көрді.

- Е, қуаныштан есін жиып, енді сонысын жоқтап отыр, - деп күлді Адамқұл.

- Парашют, парашют. Міне былай, - деп Адамқұл мәз.

- Бәйеш шешей ұрсатын болды-ау бізге.

Баласының жылағанын естіп Бәйеш шешей қораға шықты. Үңірейген тесіктен аспанға қарады. Түнде мал қа-мағанда буы шығып тұрсын деп осы тесікті түнде ашып, күндіз жауып қоюшы еді.

- Әй, балалар, байқаңдар дегенім қайда? - деп ренжиді. - Өзіңде де бар, білесің ғой жауып қойған тесікті. Қақ үстіңді.

Баласын жетелеп Бәйеш үйіне енді. Қарсы беттегі ба-рақтан Балиқа шешей көрінді. Күн салып жан-жағына қарап, Ермегіне жұдырығын түйді.

- Бөрібас, бөрібас! Кә! Кә! Қаңғыбас қайда кетті-ей.

- Апаң не дейді? Қай итін шақырып тұр? - деп балалар мәз.

Биыл қыс та қатты, ауылды торуылдаған қасқыр да көп

болған. «Пәленше ауылдың бас салып малын жеп кетіпті» деген әңгімені Иса да талай естіген. Бірде жатарда тысқа шыққан әжесі сүріне-қабына есікті жапты. Күресіннің үстінде көздері жайнап бесеуі тұр екен дейді. Әжесі Көк-дауылды да тысқа шығармай байлап тастаған. Әжесінің айтуына қарағанда бұл үйден ит үзілмепті. Сонау аштық жылдарының өзінде Сарықұс деген қаншық бопты. Онан кейінгі Ақтырнақты Иса да көрді. Кәртайған шағында аңға шыққандарға ілесіп, табан астынан боран көтеріліп, Ақтырнақ адасып, ауылға оралмай қалған.

Мешелдің үйінің Бөрібас атты сабалақ қанденін сол түні көп қасқыр тік көтеріп әкетіп, жепті. Қаңқ еткен дауысын тысқа шыққан Аманбай ғана естіпті. Аманбайдың үйі күн батыс жақтағы ең шеткергі үй. Сол үйдің маңынан Бөрібастың жүн-жұрқасы, тырнақтарының қалдығы та-былған. Балиқа шешей соны ұмытып кетіп күніне бір рет итін шақырады.

- Кә! Кә! - Балиқа шешей әлде не есіне түскендей аңырды. Сонан соң жаулығын түзеп, - Серпер! Серпер! Кә! Кә! - деп Мақыш мұғалімнің итін шақырды.

Серперден бұрын оқшау үй Аманбайдың қара иті жеткен. Балиқа шешей оны маңына жуытқысы жоқ, етегін желпіп сырт айнала берді. Сұғанақ қара ит те қалар емес, итаяқтағының исіне ұмытыла түсті.

- Кет! Жоғал! - Балиқа шешей қара итті қақ маңдайдан ұрып, қаңқ еткізді.

Бұл ауыл Мәтең атанған Мәтбайды сыйлаушы еді. Әжесінің айтуынша Мәтең жамбының сынығына елу тоқты сатып алып, сонымен байыпты. Қызыл келерде Мәтеңде мыңға жуық тұяқ бопты. Заманның желін түсінген кешегі өзі де кедей Мәтең малын кәмпескеден бұрын жарлы- жақсыбайға таратып берсе керек. Кешегі кедей, бүгін де дымы жоқтың есебіне кіріп, басын амандапты. Мәтеңе деген елдің сыйы баласына дарымады. Оқшау үй, оқшаулау тірлік кешетін. Әсіресе әнебір келіні біреуді жамандауға келгенде аса өрекпімей-ақ аз сөзбен өңменіне сұғып алатындай етіп, жұп-жұқа еріні тісіне жабысып, жымиып отыратын. Сол үйдің иті де сүйкімсіз болғанын Иса іштей түсінетін.

Кешеден бері осы ауылдың ауру-сырқауына ем-дом

жасаған Садық тәуіптің қара шанасы Түлкіліге қарай бел асып кетті. Үкіметтің жарытып берген дәрісі де, дәрігері де жоқ, әйтеуір елге осы Сәкең ие. Біреуге күшәла, шөп дәрісін, асқынды дегенге алмас береді деседі. Әжесінің айтуынша жаз шыға тәуіп ауыл балаларын сүндетке отырғызады екен. Ана Төкіш, Тасболаттар,. Ерғалы соған күні бұрын көніккен. Әжесіне қыңқылдап жүрген әзірше өзі еді.

Тәуіптің аттануы балаларға жаңа бір ойын енгізді. Біреуі тәуіп болып, қалғандары сүндетке отыратын болып, «қашаннан бері мұсылмансынды» бастаған. Жауабын біл-мей қалған Кәменге «әлімсымақтан бері дегенді үйретіп, Адамқұл тәуіптің етіп жатқан. Кезек Ерғалыға келді. «дінің қайсы», «дінің ислам».

- Әй, тоқта! Енді тәуіп мен боламын. Өздерінен көп ересек Баян Адамқұлдың қолындағы ағаш пышақты алды. - Бәрін біледі екен, мынау, - деп мақтап «бір, екі, үш, төрт, бес, шөтейдің шетін кес», - деп қалған.

Ерғалының жан дауысы шықты. Баянның ағаш пы-шақты бәкіге қашан айырбастай қойғанын да ешкім білмейді. Ерғалы шалбарының ауын қолымен ұстаған қалпы үйіне безіп барады. Шөтейдің ұшын ұстаған Баян бәкісін шалба-рына сүртіп ыржиған. Баланың қаттырақ жылағанынан се-кем алған бозбала Қалыбек барақ үстіне жүгіре шыққан еді, шөтей ұшын саусағына іліп тұрған Баянды көріп:

-Өй, соққан, боғыңмен жасты баламен ойнап не көрінді, - деп қағып жіберді. Барақтың үстін жапқан са-банмен бірге Баян да қораға құлаған. Қалыбектің қарулы қолынан меселі қайтып қалған ол әлгі бір апаш-құпашта ұшып кет-кен малақайын милықтита киіп, безе жөнелді. Дегенмен де, абыройсыз болса да бір іс тындырғанына риза сияқты, шырт-шырт түкіреді.

Есімғали ақсақалдың үй жағынан айғай шықты. Әлиман шешейдің дауыс көтергенін Иса бұрын естіген емес. Шешейдің соңына қызы Сара еріпті. Сарада үн жоқ, ұялып төмен қарап келеді.

- Мынасы несі-ей? Пышақ жұмсады деген не сұмдық. Атам қазақта жоқ өнегені кім шығарып жүр?

Оқыс істі естіп ауылдың үлкендері Есімғали ақсақалдың үйіне жиналған. Емшілігі бар Әбекең қарт кигіз күйдіріп, Ерғалының жарасына басқан. Көпжекеңнің сұсты жүзі тіпті түнеріп кетіпті.

- Әлгі жынды итті...Баянды тауып беріңдер маған, - деп Көпжекең кесім айтты.

Үйіне де соқпай зытқан Баян көрші колхоздағы нағашыларын паналап, жазды орталап барып, ауылға бір-ақ оралған. Қамажанның еске алып, күлісіп отырғаны сол уақиға.

- Саған тапсырма бар, - деп күлді Рахмения.

Исаның іші бүлк етті. Дүрбісін көзінен алмай отырған Әліге қарады. Өлінің жүзінен қызғылт рең жүгіріп өтіп, құлағының ұшы қызарды. Сонан соң жадырай күліп, тілдей қағазды Исаның қолына ұстатты.

- Байқа! - деді Қамажан, - өзінің ғана қолына бер. Ұсталып қалсаң басқарма құлағыңды жұлады.

Етекке дейін жүгіріп түскен Иса мен Төлеуқұл Темірастаудың төменгі жағын кешіп өтіп, енді бір момақан қалыпқа түсіп, қара жолдың топырағын жалаң аяқтарымен бұрқ-бұрқ басып келе жатқан. Алғашқы кездескен Адамия болды.

- Ей, сен қайдан жүрсің? - деп таңқалды інісі Төлеуқұлға.

- Мен...

- Иә, сен.

- Шәйкең нағашым «жарайды, үйіңе бара ғой» деп жіберді. - Төлеуқұл қапелінде осындай өтіріктің табыла кеткеніне қуанып, Исаға көзін қысты.

- Ал, екеуің енді қайда барасың?

Төлеуқұл желкесін қасып тосылды. Адамия Исаға қа-рады. Иса өтірік айтпайтын адамның қалпына еніп, Ада-мияға тіктеп қараған.

- Сенің көзің ежірейіп барады ғой.

- Серпер күшіктеген, соның күшіктерін көреміз.

Серпердің есіне түсе кеткеніне Иса риза. Серпер Мақаң мұғалімнің иті. Мақаңның үйі Төлеген басқарманың үйіне таяу тігілген. Күшік көремізді сылтаулатып екеуі бұралаңдап, танау астынан әлдебір әннің әуенін шығарып, ыңылдап, басқарманың үйінің жанына жақындаған. Көздерінің қиығы сол үйдің босағасында.

- Серпердің күшігі қандай екен, ә?

- Омаш ақсақалдың ала иті соңынан жүгіріп жүрген, - дейді Төлеуқұл.

- Иә, саған. Оны Рымқұлдың Боссалы қуып тастаған.

- Оны кім айтты? - деп Иса дауыс көтерді.

- Оны анау төбеде отырған Қамажан ағам да көрген, - деп тұра қалған Төлеуқұл дау шығарды. Әттең, Шәйкеңнің Құмайы алыстағы ауылда ғой, әйтпесе сонан күшік алар едік.

Жаздың ыстығының өзінде жүні түспеген сабалақ-сабалақ тайыншадай ақ төбетті Иса да біледі. «Құмай, Құ-май» деп шақырып мына Төлеуқұл сол төбетке сан рет мініп алғаның да көрген. Мойын жүні қарыстай, құлағы кішірек, әрі тазыдай жалбыр құлақ емес Құмайдың үргені де қызық. Анда-санда осы төңіректі басына көтергендей «ауф» деп жалқау үреді. Қыстың қақаған аязы мен боранында да, мал қораның ық жағында жатып, иіс алып, күзетін атқаратынын Шәйкеңнің аузынан сан естіген.

- Ей, қойшы сен де! - Иса тұра қалып дауды созды. - Көкқасқа итті көріп пе едің? Онан ит өтпейді.

- Қайсың айтасың?

- Әлгі Ақмағанбет әкейдің әкелген иті ше. Сарысудан ертіп келді ғой. Ақжан-Жаужан деген біреулер бопты ғой. Солардың қасқыр алатын иттерінің тұқымы.

Иә, иә. - Жуан қайқы тұмсық, сирағының жуандығы білектей, балақ жүнді итті ол да көрген. Шабаланып қарсы шыққан ауылдың бар итіне мойын да бұрмай, менсінбегендей кердең басып келіп, жаюлы кигізге жата кеткен көк қасқа тазы бар баланы таңдандырған-тын.

Басқарманың есігі алдынан өте беріп, екеуі тағы дауласты.

- Әлгі ағам біледі, Көкқасқадан артық ит жоқ деген.

- Оны Құмай жеңер еді.

- Нанбасаң, жүр ана төбеде отырған Әлі ағадан сұрайық. Қайсы мықты екенін сол кісі айтсын. Әйтпесе сен өзеуреп қоймайсың - деп Иса дауысын соза түсті.

- Мына балалар іргеде тұрып алып басымыздың әңкі-тәңкісін шығарды ғой. Дауыстары не деген ащы. Әрі жүр деші, - деп қызын жұмсаған әйелдің дауысы шықты.

- Сен қоймасаң бар ғой менен көресің, - деп кіжінген Иса

Төлеуқұлға көзін қысты.

- Не?
- Таяқ жейсің дедім ғой.
- Әй, балалар, - деген биязы дауысқа екеуі де тоқтаған.
- Ау, - деді екеуі бірдей.
- Ұрыспаңдар, ұят қой.
- Біз жәй әшейін...
- Қойыңдар енді, - деп таянған қыздың қолына Иса тілдей қағазды қыстырып жіберді.
- Жай ғой, апатай, жай.
- Ендеше үйлеріңе барыңдар. - Күлім еткен қыз бұрылып жүре берді.

Іс бітті дегендей Иса мен Төлеуқұл қойғыштасып алды да, алақандарын шарт еткізіп үнсіз күлді. Сонан мойындарын созып, төбе жаққа қарады.

- Әлі аға көрген шығар.
- Дүрбісін салып отыр.
- Өзі келгенін қарашы, әйтпесе...
- Өзі бізге жеңге ғой...

Мақаң үйінің үйген тезегінің ар жағына күркетігіп қойыпты. Серпер соның ішінде жатыр екен. «Күшім, кү-шім» деп екеуі таяи берді. Серпер басын бір көтерді де, «е, сендермісіңдер» дегендей керіліп, сирақтарын созды.

- Әй, балалар, қауып алмасын, - деген Дәкіжан шешейдің дауысы жеткен. Күләні шешесінің етегіне жармасып, екеуіне бұртия қарай қалыпты.
- Мына біреуі көкқасқа екен. - Иса көзін ашпаған күшікті қолына алған.
- Айттым ғой ала күшік бар, әне.
- Әнебіреуі сары қасқа.
- Иә, сонысы бәрінен бұрын еміп жатыр.

Аяғын топыраққа көме сүйрете басып Иса бұрылмастан үйіне қарай тартты. Оның ізімен өкшелей біраз жүрген Төлеуқұл да басы салбырап, бақайымен жер сызып, шешесінен алар жазасына мойын ұсынып, өз үйіне бұрылған. Әжесінің көнеден келе жатқан сары жез самаурыны селк етіп өксіп, жасын төгіп тұр екен. Кешкіұрымғы көтерілген сары масаның тұманы онсыз да қапырық үйді тіпті демалғысыз етіп жіберіпті. Бақтай шешесінің орамалды оңды-солды

сілтегеніне маса қайыру бермеген соң есік алдына шала тұтатып бықсытып, дастарханды түтінге қорытып барып, өздері де ыс-ыс етіп, қоныс тапқан.

- Әйтеуір жеттің-ау, - деп масадан пана тапқан әжесі енді ғана тілге келіп. - Саған дауа жоқ. Аяқ анау, тілім-тілім.

- Сіздің балаңыз ғой, - деп шешесі мырс етті.

- Әлгі Пәну қайда? Ол да Зайраның жанынан шықпайды, - деп әжесі Әукеңнің қызын еске алды. - Әлгі Айшымға тартпаған, Зайра жібектей ғой, жібектей.

Аяқ-қолының күсін әжесі қанша ысқыласа да Иса бүгін үн шығармады. Ұрсып жүріп, анда-санда желкесінен нұқып қойып әжесі де жұмысын бітірді. Алакөлеңкеде тамақ ішті. Сонау терістік жақтан, шырқау биіктен жұдырықтай қызыл от аспанды сызып із қалдырып, жерге жете-бере жоқ болды.

- Біреудің жұлдызы сөнді, - деді әжесі.

- Иа, Алла, - деді шешесі уайым шеге.

Аспанға жамырай шыққан жұлдыздар бірінен-бірі өте жымыңдасып, бала көңілін бауராған. Түн шымылдығы бүркеп алған далада манағы аптаптан із жоқ. Сыз тартқан шалғынның лебі төңіректі алып тұр. Бақаның дауысы тынса да байғыздың ащы үні төбешік жақтағы тамнан шығады. Күн батыстан көрінген сынық айдың сәулесі жер бетін күңгірт тартқызып, қол созым жердің көруі қиындаған. Тағы байғыз шақырды.

- Мына пәтшағардың даусын-ай, - деп ренжіді әжесі.

Байғыз үніне басын көтерген Көкдауыл айналаға сүзе қарап, қайта-қайта иіс алып, танауын тартты да, «е, қойшы» дегендей жата кетті.

Кенет алыстан, қарауытқан Қызылбиік жақтан, от жылт етті де сөнді. Иса көзін уқалап, ұйқысырап кеттім бе деп алысқа тесілді. Жылт еткен от біреу бетін бүркегендей сықсиып қана көрінді. Енді от екеніне күмәні қалмады.

- Әже, ана отты қара.

- Қойшы, қайдағыны айтпай.

- Рас, әже. Бірақ лаулап жанып тұрған жоқ.

- Қане.- Әжесі де сенейін деді.

- Әне, Қызылбиіктің бергі бетінен көрінеді.

- Әй, анау әлгі...- Әжесі сөзін үзді.

- Кімнің? - деп Иса бөгелген сөзді қуалап берді.

- Мұқаштың үңгірі бар деуші еді.

- Онда не істеп жүр екен Мұқаш, - деп шешесі таңданды. - Үңгірге от жағып...Ә?

Мұқаштың үңгірінен көрінген от жылт етіп жанып, жалп етіп көрініп әжесі мен шешесін біраз тамсандырды. Белгісіз от Исаға да қызық көрінген.

- Ескі кәсібіне кіріспесе Мұқаш. - Әжесі езуін тартты.

- Осы жазда мал соя ма?

- Әже, бұл жай бірдеме шығар.

Исаның көңілі «бірдеме шығарға» алаң. Өткен жылы еді. Ауыл Жырық құдықта отырған. Колхоз аз егінін енді жинауға дайындалып жатқан кез. Күнде кешкіұрым шығыс жақтан қып-қызыл боп жалындап, төңкерілген қазандай ай шығатын. Иса оны күнде қызықтайды.

Сол күні әжесі кигіз үйдің төрінде баласының киімін жамап отырған. Кенет Иса түстік жақтағы аспанға қарады да таң қалды. Ай туудан ерте, оның үстіне шығыстан емес, түстікте толық ай тұр. Өз көзіне өзі сенер емес. Айдан бір әппақ жұмыртқа шыға келді де ай табағын шыр айналды. Сонан соң сол жұмыртқа екеу-үшеу болды.

- Әже! Әже деймін.

- Не болды сонша айғайлап.

- Әже, биікте ай тұр.

- Тұрсын, - дей дей берді де әжесі, - Қайдағыны айтпа, ай әлі туған жоқ, - деп кесті.

- Әже деймін, әже! Айдың бетінде балапандар жүр.

Иә, Иса айдың бетінне әлде көбелек, әлде балапандай бірдемелердің бір кіріп, бір шығып жүргенін көріп тұр. Өздері бірде көбейіп, бірде азаяды.

- Әже, әже! Тұршы өзің, көрші енді.

- Осы не деп тұр.

Үнілеп тұрған әжесі есіктен бас көрсеткен.

- Әне, - деген Иса аңырап, жаңағы көрінген ай да, кебелек-балапандар да жоқ.

- Қайдағыны айтып, өзім шаршап жүргенде, - деп әжесі Исаны желкесінен түйді.

Мына Қызылбиіктен көрінген от сөнер емес. Ең бастысы әжесі де, шешесі де көрді. «Мұқаштың үңгірі...». Әжесі ұсынған бал қымызды құмарта ішіп еді, енді міне ептеп

басы айналып, екі беті дуылдады. Тағы бірдеме айтпақ болып бірер дүркін ұмтылып еді, өз-өзіне дәрмені құрып, үні шықпады. «Мұқаштың үңгірі» деп сыбырлады өзіне. Көзі ілініп бара жатса да алыстан жылт-жылт еткен от көз алдынан кетер емес.

Иса төсекке жетпей жата кеткен еді, жамбасына батып, аунап түсті де қайта еңбектеп төсенішіне құлады. Шешесі сөндірген шамның керосин исі аңқып, танауын қапты.

- Осының білтесі жаман, - деді әжесі.

- Жаңасы болмай тұр. - Шешесінің жауабы талып естілді.

Әуелі арқыраған үн құлағына жетті. Кешікпей сарт-сұрт соғысқан тұяқтың да дыбысы естілген. Көзін ашқысы келмеп еді, маңдайшадағы жалғыз тесіктен сығалаған күн түртті. Онысы аздай қара шыбын басы-көзіне жорғалап итін шығарды. Құдай-ау, әжесі қайда. Мына пәлені неге қуып тастамайды деп кіжінді Иса.

- Мыналар қайтеді-ей, ошаққа түсе ме? Айт-шулеген әжейдің дауысына қосыла сарт еткен құрықтың дыбысы Исаны біржолата оятты.

- Әже-ау...

- О, құлыным, тұрдың ба?

Бетін сумен сүйкей салып, әжесі ұсынған айранды шала жұтып, бауырсақтың бірін аузына, бірін ышқырына қыстырып атып тысқа шықты. Колхоздың азын-аулақ жылқысы. Олжа Дәуленге қарай бет алыпты. Әжесі жуас боз биені ұстап, қаратөбел құлынды желіге байлапты. Боз биенің үстіне Иса күніне бір ырғып мініп түседі. Жарықтық, селт етпейді, «е, сен екенсің ғой» дегендей ішін тартады да тұра береді. Әжесінің айтуына қарағанда боз бие аталарынан келе жатқан жалғыз тұқым. Кешегі бар малды тартып алып жатқан тұста Түкейекенің кенжесі Кенжеқожаның Ақмағанбеті боз тайды ортаға салыпты. Сонан кейінде Исаның әкесі Түсіп күрең биесін беріп осы боз биені айырбастап алған екен.

Қағысып жүрген ақтабан мен соқыр айғыр. Екеуі екі бөлек жатқан жылқының тезегін иіскеп-иіскеп алып осқырынды да тіктұра қалып шарпысып, күректістері сақ-сақ етіп жұлысып, тұяқтары сарт-сұрт соғысып, қып-қызыл майдан жасаған. Жал-құйрықтары тікірейген қос айғыр алысып жеңісер емес

еді, қапелімде пайда бола кеткен жіңішке көк дөнен бос қалған үйірге тап беріп, иелік жасап, қуа жөнелді. Бөтен айғырға көңгісі келмей шұрқыраған үйіріне әуелі ақтабан ұмтылды.

- Керемет, ә?

- Иә.

- Анау ақтабан айғыр үйірін қасқыр түгілі бөтен адамға бермейді, - деп естігенін айтқан Рымқұлдың жанында Смағұл тұр еді. Смағұл аға анау керманмен соғысты бітіріп келген. Аман-есен оралған үшеудің бірі Тілеутайдың әкесі көп ұзамай қаза болды, Күнқожаны Кепеу ұстап қайта әкетті.

Смағұлдың келуі осы ауыл үшін алғашқы қуаныш болған. Ауыл онда Балқиш жайлауында еді. Қыстауға әлдебір өткіншінің көлігіне ілесіп жеткен Смағұлдың хабарын тайға мінген бір бала жеткізді.

- Сүйінші! Сүйінші!

Көйлегін шешіп алып басын айналдыра бұлғаған ба-ланың мiнiстен бір босамаған тыриған тайы тұралап қапты. Жеткен жері осы екен, бүйірін соғып тұр. Ентігін баса алмаған баланың да:

- Смағұл көкем келе жатыр, - деуге шамасы жетіп, өкше ізіне қолын сілтеген.

Ауыл сол бетке жамырай жүгірді. Белге жаяу көтеріліп келе жатқан Смағұл көкеге балалар бәрінен бұрын жеткен. «Көкелеп» Иса да мойнына асылды. Көзінен ыстық жас тамды. Өзінің Қасым ағасы қайда? Тілі жаңа шығып келе жатқанда ағасын «Қа-қа» лап, ақыры «Қақа» атап кетіп еді. Қайран ағасы неге оралмайды?

Аңырап аналар жеткен. Әжесі Әрінін, Мұсасын, Аман мен Қасымды жоқтап егілді. Қуаныш пен жоқтау қоса ұласқан сәттен зорға оралып, күрсініскен жұрт Әуесхан үйінде өзінше той-томалақ жасаған.

Онан кейін хабарсыз кеткен Нұрмағанбет ауыл орта алада отырғанда оралды. Жанында Зуһра деген қыз бар екен. Қуаныш үйлену тойына ұласып, Иса ес білгелі алғаш рет көкпар тартылды. Жерошаққа тасталған серкені Ахметжан іліп алса да Қызылту жігіті тартып әкетті. Орта аланың батыс жағындағы жазықта үш колхоздың жігіттерінің сайысын тамашалаған бала-шағаның ішінде Иса да бар. Олжа-

сын Бас алада отырған үйге тастап, онан алған тәбәрікті тақымына басқан Гүлденсіннің торы айғырына мінген жігіт маңайластырар емес.

- Ол енді жеткізбейді.

- Бексеиттің керінің тұқымы ғой бұл торы айғыр, - деп Бікір шырт түкірген.

Үйлеріне қайырған’ Ақтабан мен соқыр айғыр қайта ежірейіскен еді, құрығын көлденең ұстап атқа мінген Бікір жылқышы айырып жіберді. Бікең осы қыс ортасынан бері жылқышылықты алған. Бұрынғы жылқышы Аужекең Сағынның әкесі. Ол кісіні ауыл Балжақ деп атайды. Тамсанып, молжаңдап сөйлейтініне Иса да таң қалатын. Сол Балжақ Аужекең қыс ортасында қатты ауырып, үйіне келді. Дәрігер түгілі бұл маңда білгір тәуіп те жоқ. Сонан Әуесхенның шешесі Мәкең қызылжүйрік беріпті. Аужекеңнің бәйбішесі «қызыл жүйрігі қоюлау болды, кесеге жұғып тұрды» деп жүргенін кейін Иса да естіді.

- Аужекең талып жатырды, - әуелі баласы Сағын жеткізді.

Исаның әкесі Түсіп қаладан келген күн еді. Көрші үйге тездете жөнелген әкесінің соңынан Иса, оның артынан «а, құдайлап» әжесі ерген. Күркілдеп Көпжекең жетті.

- Уланып қалған, сүт әкеліңдер, - деді Түсіп.

Аужекеңнің қарысып қалған жағын пышақтың ұшымен ашып әкесі Түсіп аузына сүт құйды. Кері аққан ақты ора-малмен сүртіп:

- Аужеке, жұт! Жұтыңыз сүтті, - деп қайта құйды.

Балжақ Аужекең сүтті жұтқан сияқты. Әлдебір кез қырылдады. Құсқан сүтті сап-сары болып ұйып түскен Аужекеңнің:

- Ой, жаным-айы қоса естілді.

- Ә, енді тірі қалады. - Аласа үйді төбесімен тіреген Әбеу ақсақал кері бұрылды.

- Оу, әлгі емші қайда? Ол неге көрінбейді, - деп Көпжекең жеңгесі Мәкеңді енді сөзбен шалып, әжуа ете бастады. - Ендігі ауырғаның соған көріңдер, о дүниенің есігін сығалатып қайтарып алады ол.

- Ойпырым-ай, жаны қалды-ау бейшараның. Сүт бере беріңдер енді.

Анда-санды бір-біріне оқшырайысып қарасып, жылқы-шы

Бікеңнің сауырына сарт еткен сойылын ұмыта алмай сескенген екі айғыр шашаң шыққан тай-байталды басын жерге салып жіберіп сауырлап үйірге қуып тығып, алыстай берген. Табан асты жылқы дүр етті. Құлындар аузын қай-шылап енелерінің бауырына тығылған.

- Айт, ей айт! - десіп бала біткен шу етті.

Жылқыны үркіткен көк иттің соңынан манағы жіңішке көк дөнен түсіп тырқырата қуып берген. Көк ит үйірлі жылқыға қарай қашып еді, екі айғыр жер тарпып қарсы алды.

- Қасқыр ғой, анау, - деген Сағынның дауысы қатты шықты.

- Қасқыр! - Исаның денесі түршікті. Өмірінде тірі түгілі өлі ит-құсты көрген емес.

- Мына көкжал тайсалар емес.

- Аш шығар.

Жылқы ішін тастай берген пәлекет тура балаларға қарай салды. Балалардың жан дауысы шықты. Пәлекеттің өзі сабалақ, құйрығы қайқы екен. Қасқыр шөмек көт болады деуші еді деген ой келсе де Иса тырқырай қашқан балалардың соңынан зытқан. Көк пәлекет ауызын араңдай ашып, алдын орап тұра қалды. Көзі қып-қызыл, тілі салақтап ентігін баса алмай тұр. Иса көзін жұмған. Қарыққанын білдірмейін деп дауысын шығармады. Көк пәлекеттің тұмсығы дамбалын көтеріп, санын иіскеледі. Енді не істер екен. Пәлекет тағы бір түртіп, қыңсылады. Иса бір көзін ашып, сығырая қарады.

- Жолдаяқ.

Ей, мынау Құрманғалидың Аманкелді артылып мініп алатын Жолдаяқ қой. Өзі құйрығын бұлғандатады, ей. Балалардың алды тоқтап, артқа қарайлай бастаған екен. Ең соңғы бала ғана « апалап» жан дауысы шыққан еді, енді ол да «апа» деп бетін тырнай көзін ашып, сілесі қата тоқтап:

- Апа-ау, апа, - деп кек иттің Исаны қашан бас саларын күтіп зарлап тұр.

- Кә! Жолдаяқ, кә!

Осы ауылдың көктөбеті Жолдаяқ Құмайдан аласырақ болғанымен жүні қалың төртбақ ит. Кісіні қаба қоймайды. Иса сан еркелетіп сүйек-саяқ берген. Енді тағы соны күтіп, аспанға секіріп тұр.

- Жейді ғой, жейді, - дейді зарлауық бала.

- Әй, бері келіңдер, бері. - Иса бәріне қол бұлғады.
- Не?
- Бұл тимейді.
- Неге? - дейді әлі сене алмаған біреуі.
- Бұл Жолдаяқ қой, Жолдаяқ.

Бері қарай дүркірей жүгірген балалардан сескеніп, Жолдаяқ Исаның ту сыртына қарай шегінген.

Төбетті еркелетіп, енді бірін-бірі мазақ етіп, қалай қашқандарын жыр етіп тауыса алар емес.

- Сағын шаңды бір-ақ рет көрсетті. Дамбалына дейін су боп кетіпті, қарашы әне.
- Сен жетістің. Зарлаған сен емессің бе? - деп Сағын зілдене қарады.
- Соқ өтірікті.
- Несі өтірік? Әне түрің айтып тұр, шашыңа дейін су.

Ерегісе қалған екеудің арасынан Жолдаяқты соңына ерткен Ерғалы жүгіріп өтті.

- Итше ырылдасып, - деген оның сөзіне бәрі дуылдаса күлген.
- Әй-ей, бұғынбақ ойнайық.
- Қайда тығыламыз, - дейді аңқаулау Ермек.
- Мына жарлар ше?

Ауыл үйдің бергі жағы қатар-қатар жыра, бұраң-бұраң қалтарысы да көп. «Бір дегенім білеу, екі деген үскі, төр деген төсек, бес деген бесік, алты деген асық, жеті деген желке, сегіз деген серке, тоғыз деген торқа, он деген оймақ, он бір қара жұмбақ». Он бір қара жұмбаққа ие болған бала Іздеуші, қалғаны тығылмақ. Осы жолғы іздеушілікке іліккен Әлен зорға көнді.

- Мен емес, қате санадың, - деп біреу дауласты.

Көп жыраның әр жеріне табылған балаларды іздеп табу оңайға түспеді. Иса да бұғып жатыр. Жыраның әр жері ойдым-ойдым су. Әкесінің айтуына қарағанда бұл жыралар егін суарған арық. Кейін тереңдеп, арық жыраға айналып кеткен екен.

- Кәзір бұл жерде егін суару мүмкін емес. Өзеннің жары тереңдеп кеткен. Біздің бала кезімізде жар Қостамның ма-

ңында ғана болушы еді. Онан бері жақта жар жоқ, жайылма су болатын. Ел сол суды бөгеп, әркім арық қазып егінін суаратын. Сол арықтар ғой, - деп түсіндірген әкесі Исаға бірде.

- Оу-ей, қайтыңдар, - деп дауыстаған шешелерінің дауысы естілген сайын бәрі бұға түседі.

- Әй, Ермек, желкеңнің шұқырын...

- Әй, - деп айқайлады күн салып қараған бір шеше, - Сені ме...

- Үйге келерсің..., - деген зілді болса да қайырымы көп шешелердің үнінен ығып жатқан бала жоқ-тын.

Кенет ауыл жақтан шар етіп жылаған баланың ащы дауысы шықты. Иса жүрегі тұрып, үрке қарады. Дауыс басылар емес.

- Ой, не болды? - деп ауылға қарай аяғын сүйрете басып беттеген. Дауысқа елеңдеген балалар да тығылған орындарынан бас көтеріп, ойындарын да қия алмай:

- Әй, қазір...

- Иә, ана жерде, - десіп уағда байласып, үйлеріңе бас көрсете сала табыса кететін жерлеріне келісіп, бөлек-бөлек тарасып барады.

Ауылға таяған сайын шарылдап жылаған баланың дауысы өз үй жағынан шығатынын естіп Иса жүрісін жыл-дамдатты. «Япыр-ай, Рашид мұнша неге жылады» деп күбірледі. Жүгіре басып келе жатқан Исаның жолын Балиқа шешей бөгеді. Жем шашқан соң бес тауығын үйшігіне қуып тығушы еді, енді шыбығын тастай салып:

- Ермекжан қайда? - деді.

Үйге жеткенше асыққан Иса артқа қарай қолын сілтей салып, ілгері озған. Балиқа шешйдің тағы бір ұрысқанын естімей кетті. Шешелері де, әкесі Түсіп те есік алдында екен. Мақаң мұғалім де осында жүр. Есік алдындағы қадаға қағылған қолжуғышқа Мақаң су толтырып жатыр екен. Осы ауылдағы жалғыз қолжуғыш осы. Оны қақпақ қаңылтырын салдарлатып әкесі сонау қаладан әкелген. Алғаш осы қадаға қадап қол жуғанда бар бала тамашалап, Иса мақтанып қалған еді. Мақаң мұғалім қол жуғышқа су құйып, бойын тіктеп жазбай,

төменшектеп теріс айналып барады. Әжесінің қолында өксіп-өксіп жылаған Рашид екен. Екі аяғы тобығына дейін қып-қызыл. Қанталаған аяққа шешесі май жағып отыр. Шешесінің қолы тиген сайын бала шыр етеді.

- Қол ғой, құлыным, қол ғой. Қаздың майы ғой, кәзір жазылады, - дейді әжесі.

Шелектегі суды әкесі жерошаққа төңкере салған. Ыстық бу аспанға атып, күлдің исі қолқаны қапты. Әжесі Түсіпке ажырая қарады.

- 0, несі ей, ә? Жерошаққа су төгіп... Енді қайтып от жақпаушы ма ең?

Мақаң мұғалім әкесі Түсіпке ымдады. Екеуі шегін-шектеп, ақыры үй айналды да, мұғалімнің үйіне қарай бет алды.

- Не боп қалған? - деп сұрады аттан түсіп жатып Әбішкең атасының әйелі Күлпаш.
- Ана екеуінің бүлдіргені.
- Әже-ау, не бүлдіріп жүр олар?
- Баланы қуалап ойнап...
- Иә.
- Сонан екеуінен қашқан бала жерошаққа тығылам деп...
- Ой-бүй, құдай-ай.
- Ыстық қоламтаға аяғын күйдіріп алғаны.
- Кел! - деп өкінді Күлпаш.
- Әлгі Әбішкен қайда? - Әбішкен Қазиза шешейдің үлкен баласы есебінде. Осы шаңырақты келін боп он алтыға келгенде аттаған екен. Сонда Мұқай қайнағасы екіден жаңа асқан баланы «бұл сенің балаң» деп бурына салып берген. - Әлгі Зария келін қайда?
- Балаңыз қойда ғой. Зария Ақшатауға төркіндеп кеткен. Сұлу Қасым өзі алып кеткен. Әкеп тастайтын шығар.
- Осы баланың жылағанын көргенде жүрегім сыздайды, - деп әжесі басқа әңгімеге кешті. - Әнебір жылы, әлі соғыс-тың кезі, Шөкеңнің үйіне барсам...

...Иса бұл әңгімені біледі. Әжесінің етегінен ұстап бұл да барғантын. Шөкеннің әйелінің етегінен ұстап жылаған баланы көрген. Өзінен бір-екі жас кішірек бала:

- Апа, нан..., - деп зарлап тұр.
- Берсейші, - дейді әжесі.

- Мана бергем...

Исаның әжесі әжін-бүжін әңгімемен жарым сағат бө-гелді. Баланың жағы бір сембеді.

- Апа, нан... - Бала шешесінің етегінен ұстап алған, жіберер емес.

- Ойнасайшы, - дейді шешесі. Дауысында шарасыздық.

- Апа, нан. Аш баланың үзіле сұраған дауысы семер емес.

Шөкеннің әйелі бір түйіншіктен жұдырықтай ғана қатқан нан алып, бармақ басындайын сындырып, баласының аузына салған.

- Құдай-ай, - деп ашынған әйелдің үні қинала шықты. Бары осы, жоққа не істейін?

- Мә, ала қойшы, - деп әжесі кемзалының қалтасынан екі-үш құрт алып, балаға берді.

- Апа..., - Қуаныштан баланың көзі жайнаң қаққан.

Исаның әжесі күрсінді. Күлпаш келіні кішірек дорбамен құрт-ірімшік әкелген екен, сонысын беріп жатыр.

- Мәжит көрінбей кетті ғой.

- Ол бір мезгіл балаңызға көмектесіп жүр. Түстен кейін әкесінің орнына атқа мініп қой бағады. Соған да шүкіршілік.

- Мені ала кетіңізші, мен де бағысам, - деді бұл жаңа-лықты естіген Иса қуанып.

- Қой- ей, - әжесі басына сипады.

- Атамды сағындым. Атам ғана мені желкемнен иіскейді.

- Қой енді.

- Жібермесеңдер бәрібір қашып кетемін.

- Қой, олай етпе. Жолда ит-құс бар, жазым етеді, - деп Күлпаш тоқтау айтқан.

- Көкдауылды ертіп алам, ол қасқырдан қорықпайды.

- Бұл енді өстіп қоймайды, - деп ренжіді әжесі.

- Бола ғой.

- Әлгі Зарияға қайтсын деп хабар айтыңдар.

- Айтамыз ғой, баратын кісі болса.

- Майра да жылап жүрген шығар, - деп әжесі кемсең етіп, дауысы тарғылданып, жаулық ұшымен көзін сүртті. Осы ау-ылда Қарқарадай биік күндікті әжесі ғана киеді. Әжесі соны-сымен де Исаға басқа кемпірлерден ерекше сәнді көрінетін. - Мұса болса сөйтер ме еді, шіркін.

Қайнағасы Мұқайдың бәйбішесі өлген соң бар баласы

Әрін, Мұса, Аман, онан кейінгі Асау біржола Қазия әженің қолына көшкен. Мұса да соғысқа кеткен. Сол кеткеннен хабар-ошар жоқ. Енді соларды еске алып егіліп отыр.

Құлақ шеміршегіне қадалғысы келіп шыр айнала ызыңдап мазасын алған масаны Иса қолымен қаққыштап еді, сары маса өші бардай шүйліге түсті. Ақыры самайына жабыса қалған масаны жапсырып тынды. Ендігі есіл-дерті балалар. Өксігін басқан сайын Рашид ұйықтап кеткен. Бақтай шешесі соның маңында, қорғаштап аяғын шалғылап жарасын ауыртып алмасыңды ойлап, бәйек болып отыр. Әжесі мен Күлпаштың әжін-бүжін әңгімесін қара ала атпен үй сыртына тоқтап, аттан түскен Көпжекең болды.

- Қазиа, амансың ба? Келін, сендерде сау боларсыңдар?

- Шүкір, шүкір.

- Қазиа, сенің сары ала тайыншаң қайда, осы?

- Жүрген шығар.

- Бүгін көрдің бе?

- Осы жаңа бір аздарда жар ішіндегі суда тұрған.

- Апырай, ә? - Көпжекең таңданып, басын шайқады.

- Е, не боп қалды? - деп сұрады әжесі.

- Мына май зауыттың жанындағы жайын судың жиегіне келе беріп едім, тап ортасында сенің тайыншадай ала бірдеме жатыр екен. Мәлін келгір, суға кетеді-ау «өк-ей, өк» деп айғай салдым. Сол-ақ бұлқынғандай болды да суға батып кетті.

- Апырай-ә, - десіп енді әжесі мен Күлпаш таңданды.

- Әлгі кішкентай қайда? - деп сұрады айналасына сүзе қараған Көпжекең.

- Нетіп..., аурып қалғаны - Әжесі қысыла жауап берді.

- Аяғын күйдіріп, - деп Иса қойып қалды.

- Неғып? - Көпжекеңнің қабағы түйіліп, мұрты тікірейіп шыға келген- Өздерің қайда едіңдер, баланы бетімен жіберіп.

Қалай болғанын естіп, ұйықтап жатқан Рашидтің аяғын еппен аударып көріп барып біраз ақылын айтқан Көпжекең өз үйіне бет алған. Іле жүгіре жеткен қызы Шәмшә «мынаны

жақсын» дедіні қосып тағы бір май әкеп тастады.

- Осы ағаға да жау көп-ау, - деп сөз бастады Күлпаш.

- Тірі адамды көре алмайтын уақытқа дәл келдік қой. - Әжемнің дауысы мұңдылау шықты. Әжесі «уһіледі». - Екі көзді бір-біріне жау еткен заман-ай.

- Алдыңғы жылдың бірінде үстінен арыз айдапты ғой.

- Шегірткенің кесірі...

- Сонда..., - деп Күлпаш тоқтап қалды.

- Егінге шегіртке қаптап кеткен жоқ па?

- Иә.

- Мына көрші колхоздардың егінін тып-типыл етіп кетті. Ал, біздің Қызылтеңдіктің егіні аман. Содан...

- Ол үшін мақтау алмай ма?

- Мақтау- Әжесі мырс етті. - Мақтау... Көпжан-Қожа, шегірткелерді дуалап өз егініне жібермеді деп кепеуге жазыпты.

- Алла, сақтай гөр. - Кепеудің атын естіп Күлпаш ұшып кете жаздады.

- Сонан әупірімдеп зорға құтылып, басқармалықтан зорға босады ғой бұл атаң.

Исаның көзі сонау көкке көтеріліп алып ән салған бозторғайда еді, ол енді әнінен жаңылып, сорғалап келіп ши ішіне бой жасырды. Иректей қамшылаған атын тебіне түскен адам ши ішіне іліге берген-тін, табан астынан «пыр» етіп ұшқан бөденеден аты жалт берді. Аттылы ауып барып түзелді. «Бытпылдақ, бытпылдақ» деген бөдене безіп барады.

- Құрманғали ғой, - деп қалды Күлпаш.

- Аты не деген үркек.

Көк атты тұсай салған Құрманғалидың сәлемінен соңғы сөзі.

- Жаңа естідім, әлгі бала қалай? Құдай ұшындысынан сақтасын, - болды.

- Айтқаның келсін.

Әлгі қызыл бұзаулардың санын алып жүр едім.

- Бар шығар.

- Бары бар-ау, - Құрманғали қамшысымен жер шұқыды.

Осы Құрмекең былтыр да осы үйден қызыл бұзау іздеп келген-тін. Иса өз үйінің сиыры ала, онан жылда ала бұзау

туатынын біледі. Ендеше Құрмекең неге қызыл бұзау сұрайды деп таң қалған. Онысын жасырмады.

- Әже, біздің бұзау ала ғой, неге қызыл бұзау сұрайды.

- Құдай-ай, осының да естімейтіні жоқ, - деп әжесі қатты ренжіді- Жап аузыңды. Ендігәрі ондай сөзді айтпа. Біреу сұраса біздің бұзау қызыл де.

Иса неге солай деу керек екенін түсіне алмады. Ада-мияның шешесі Бексұлудың «Қыста қызыл бұзауға соғымға тайынша алдым» дегенін естіді. Қызыл бұзауға соғымды Тасболаттар да, Төкіштер де, Мақаң мұғалім үйі де алыпты. Адамияның бұзауы ылғи сары ала, Тасболат жылда Қара-төбел бұзау мінеді, ұстаның үйінің бұзауы сары, Мақаң үйіндегі Зағипа әже қара ала бұзау айдайды.

- Осы Көпжекең соғымы болмай отырғанда көмектесу дегенді қоймады, - деп Құрмекең әже ұсынған шарадағы қымызды асықпай ішті.

- Енді қайтсін.

- Тумаған бұзауға соғым деп тайынша, құнажын бере-міз, соның артынан қорқамыз да.

- Әзірге бәрі тыныш қой.

- Осы ауылдағы Кепеудің тыңшысы..., - деп Құрмекең сөзін жиды.

- Ол да өзіміздің туыс қой, отыз екінің қырғыны талай-дың есін түзеді емес пе?

- Әйтеуір арты жақсы болса. - Құрмекең күрсіне жүріп атына қонды.

Исаның есіл-дерті Қайрақтыны кезіп кеткен балаларда болса да үйден аттап шыға алмады. Бүгін әжесінің сұсы қатты. Оның үстіне аяғын күйдіріп алған інісіне деген жанашырлығы да басым. Әжесінің жанынан шықпай өзен бойын көзбен сүзіп отыр. Дәл төбесінен су еткен дыбыс шықты да екі дар қоңыр үйрек бір айналып барып қамыс арасына қонды. Ағынды судың кейбір иіріміне ғана үйрек тоқтайды. Анау орта аладағы тоғанның беті қаз-үйректен көрінбейді. Оған кім бара берсін. Осы маңға қонғанын ғана ермек етеді ауылдың мылтық ұстағандары. Қос дарқоңыр қайта ұшып кетті.

- Қап! - деп өкінген әкесі Түсіптің үні жетті Исаға. Мақаң екеуі қайта оралыпты.

- Е, жарар.

- Үндеме, мен бір қызық іс таптым.

Әкесінің Исаға қаладан әкеліп берген ойыншық картон үйрегі болушы еді. Пішіні де, пішімі де үйректен аумайды.

- Өй, мынау нағыз дарқоңыр ғой, - Мақаң күлді.

- Екеуің не істеп отырсыңдар, ә? - деп шолақ қолының жеңін белдігіне қыстырып Ыбырахым келе қалды. Ауылда төрт құрдас бар. Сонан соғысқа барып, бір қолын беріп қайтқан осы Ыбекең. Соғыс туралы әңгімесі де мол. Әр шабуылдың алдында қырлы ұстақанмен спирт береді дейді Ыбекең. Оны-сын ішпепті. Командирі сол үшін атпақ болып наганын да суырған екен, абырой болғанда онан да жоғары біреуі келіп «қазақтар мұсылман, қыстауға болмайды», - деп ара түсіпті. «Қолыма оқ тиерде де әкем аян берді ғой» - дейді Ыбекең. Төрт құрдастың үлкені Мақаң ауырып қалса, Әукең де ебін тапқан, Түсіпті қаладағы жұмыс орыны «бронь» беріп алып қалған. Төрт мүшесі түгел үшеуі Ыбекеңді қатты аяйды, кейде артықтау кеткен әзіл-қалжыңын да көтере береді,

- Ә, сен тіпті дұрыс келдің, - деді әкесі Түсіп Исаға ойыншық үйректі ұстатып жатып. - Ал, балам, - үйрегіңді қамыстың ортасына таман апарып қой. Байқа, ағын су айдап әкетпесін.

Иса кемер-кемерді жағалап бой тасалап, ағын судан бөліне қалған иірім ортасындағы қамысты бетке алған. Жаз ортасында Қайрақтының ағыны да баяу. Сол баяу ағыннан анда-санда әлдебір толқын келіп иірім суды шайқайды да, сылп-сылп етіп асықпай жағаны соғады. Қалың қияқ пен қоғаны жарып өтіп Иса ойыншық үйрегін қамыс арасына көрінетіндей етіп жасырды.

- Ал, енді Әуесханға бар, - деді әкесі. - Бір патрон сұ-райды де. Өзінің оғына су тиіпті, үйрек атуға керек дерсің.

Иса Әукең үйінің иті Бассалдан қорқады. Қабаған. Әуелі Әукең үйіне іргелес қонған Рымқұлдың шешесі Торғайдың үйіне жетті де Бассалдың жоқ екеніне көзі жетіп барып Әукеңнің табалдырығын аттаған. Әукең домбырасын шер-тіп

отыр екен, әуелі балаға мойын бұра қоймады. Иса жөткірінді.

- Иә, неге келдің?
- Бір патрон оқ сұрайды.
- Өзіңде бар ғой.
- Су тиіп аталмай жатыр.
- Е, - деп таңданды Әукең.
- Үйрек атуға, - деп қосты Иса.
- Қайдағы үйрек, ей, ә?
- Иірім суда отыр.
- Е, ендеше...- Әукең галифе шалбарын тастап, тізесіне жамау салғанын киді де, қос ауызын қолға алды. - Ол үйректі біз неге атпаймыз, ә? Сенің әкең ғана атуы керек пе, ә? Ал, жүр.

Мысқылдап күлген Әукеңді ертіп Иса үйге келген. Үйде Мақаң мен Ыбекең жоқ екен. Айнала қараған Исаға әкесі ерінін тістеп, көзін қысты. Түсіндімді білдіріп Иса бас шұлғыды.

- Дарқоңыр сақ үйрек қой. Маған бір оқ бере салсаң да болатын еді, - деп әкесі Әукеңді кемсіткендей сөйлеп, оның намысын қоздыра түсті.
- Сенен басқа да ата біледі.
- Ал, сақ бол.

«Ал, сақ болды» айтып қалың қоғаны жапыра еңбектеген Әукеңді ілгері оздырып жіберіп, әкесі тұншыға күлді. Әукең ұзақ көздеді. Гүрс еткен дыбыспен бірге қамыс үстін оқ жауып кетсе де үйрек ұшар емес.

- Мынау қайтеді-ей, - деп Әукеңнің үнімен қоса қосауыздың гүрсілі қоса шығып, қамыс жапырылып түсті.
- Әй, олжаңа ортақтас болайық, - деп бір жерден күлкісін тыя алмай Ыбекең түрегелді. Жанындағы Мақаң ішін басып отыр, әкесі шиқылдап, булығып шалғынның үстінде аунаған.
- Ту, иттер-ай, - Әукең көзін сүртіп ойыншық үйрекке тесіле қарады- Бәсе, бұл Түсіп неғып маған үйрегін қия қойды деп едім. Әй, сен күшік, - деп Исаның басынан мәути алып жіберді.
- Қой-әй! Олжаңды бөлісесің, - деп Ыбекең Әукеңді иықтап, бәрі Әукең үйіне беттеген.

-Тиышжанның ең болмаса бір қуырдағы бар шығар.

- Мәкең шешеміздің қаймағы болса да жарайды.
- Мерген ғой, ең болмаса мылтығын алып жүрейік, - деп

Ыбекең шолақ қолын шолтаң еткізіп, қос ауызды қолтығына қыстыра қойды.

Әукеңде үн жоқ еді. Соңдарынан жалқау басып еріп келе жатыр. Анда-санда ұяла басын қасиды.

- Ту, сендерге сеніп жүрген, - деді бір кезде.

Әукеңнің жұбайы Тиішжан шешей құрдастардың басы қосыла қалуы тегін емес екенін сезгендей жерошақтағы отты көсеп-көсеп жіберіп, тезек салды да, бір қырындап тұрып көз салды.

- Асарыңды аса бер, байың мерген екен, олжамыз мол, - деп бәрімен қатты қалжыңдасатын Ыбекең Исаның қолынан пәрша-пәршасы шығып, картон басы әлдебір жіпке ілініп тұрған үйректі алдына тастай салды.

- Мынаусы несі? - деп Тиішжан мырс етті де, күйеуінің жүзін аңлап, күлкісін тыйды.

- Үйрек атып...- Мақаң сөздің аяғын жұтты.

- Жарар. Осы күлгендерің жетер. Мыналарға асып бер өздерінің үйрегін, - деп Әукең енді әзілге өзі шаптырды.

Жарым сағаттай да үстелге балқаймақ келді. «Бәре-келділесіп» ортаға алып, әңгіменің тиегін ағытып, Исаның да аузына тосып отырған.

- Ап, үйректеріңді жеңдер, - деп Тиішжан шешей ба-қырдың бетін қаңылтырмен жауып, оның үстіне ойыншық үйректі қисайта салып үстелге қойды.

- Мынаның қатыны қайтеді-ей, - деді күліп Ыбекең.

- Сендерге сол керек. - Әукеңнің құрыс-тырысы біржола жазылып, кеудесін кеңге салып, жұбайына ырзалықпен қарады. - Ал, жеңдер енді.

Мына пәршаланып, басы жұлынған үйрек жатқан қа-ңылтырдың астында не бар? Құрдастардың қол созғысы жоқ. Мынаның әйелі күлкіге қалдырды-ау деп бір-біріне қарайды. Исаның танауына қуырдақтың исі жетті. Әкесіне қарап еді, ол да тамсарылып отыр.

- Үйрек өзімдікі, - деп Иса оны алып қойды да, қаңыл-тырды сырып тастап, қасықпен қуырдақты көсіп алып, аузы-на салды.

- Қап, - деді әлденеге Мақаң.

- Мына екеуі, - деп түсіп Әукең мен Тиішжанды иегі-

мен нұсқап, - жұмыртқадан жүн қырыққандай жасап бізді қатырып кеткенін қарашы.

- Бір үйректен осындай-ақ қуырдақ шығады, - деп Тиішжан шешей күліп алды.

Ойын-қалжың талайға созылды. Ұйқысы келіп, екі жаққа кезек қисайған Исаны әкесі зорлағандай етіп жетектеп әжесінің қолына берді. '

Сәске көтерілгенде оянған. Ауыл абыр-сабыр екен. Әжесінің қолынан бір тостаған айран ішіп, май-нанын аузына бұралақтап тыға салып, қақала-шашала тысқа атып шықты. Жанай өтіп бара жатқан Әшекең молланың баласы Назыкен:

- Уәкіл келді. Ол өзі Кирциктің мүшесі үйге енді. Әжесі естімеген, - деп жөн айтты.

Мынадай жаңалықты естіген Иса қайта жүгіріп үйге енді. Әжесі естімеген шығар, естісе айтатын еді ғой. Табалдырықтан сүріне-қабына аттаған Иса:

- Әже, әже! Уәкіл кепті. Өзі қырсықтың мүшесі дейді, - деп ентікті. - Қырсық деген не, әже?

- Ойбай, жап аузыңды. Қайдағы қырсықты айтып тұрсын.

- Әже деймін, ол қырсық емес, қарсақ шығар. Сонда ол қарсақтан туған ба?

- Құдай-ай, осының да естімейтін сөзі жоқ. - Әжесінің не айтарын білмей қиналғаны жүзіне күреңітіп шыққан-Қырсығын да, қарсағын да айтпа. Ол жаман сөз. Оны естісе кепеу ұстап әкетеді.

Әжесімен тәжікелесіп отырғанда Әбішкең атасы келді. Атасын Иса аса жақсы көреді. Мойнына асыла кеткен.

- Құлыным, құлыным, - деп атасы Исаның желкесінен құшырлана иіскеді.

Атасы колхоздың жиналысына келіпті. Бірінші орынына Әкбар барыпты. Бүгін ерте тұрып қаладағы жұмысына кеткен Түсіпті іздеді. Қатынауы сирек оның, енді соғыс бітті ғой, ел жаққа неге оралмайды деген ойын да қыстырды.

Жиналысқа жиналған жұрт ауыл сыртындағы жонның етегіне алқа-қотан малдас құрыпты. Атасының шекпенінің

етегіне оратылған Иса да бір шетінен ере келген балалар уәкілдің ызғарынан қорыққандай бұғып-сұғып отыр екен. Қалың жұрттың ортасында Төкең басқарма. Оның жанында қазықтай боп шіреніп біреу отыр. Қабағы қатыңқы. Орта бойлы, қушық кеуделі кісінің өңі сұрғылт. Осыған осы сұс қалай сыйып отыр дегенді ауылдың біреуі сыбырлап айтып қалды.

- Ой-бой, бұл атақты Күрістекең ғой, - деді Ахметжан.

- Иә, иә. Қырсиктің мүшесі болған, - деп анықтады Болжақ.

- Жоқ, ә. Сик емес, цик, - деп түзетті оны бала жігіт Назыкен.

- Солай болса, солай шығар. Әйтеуір мына Жарықта «Менің лұқсатымсыз неге жүреді, мен Қыр...иә, иә, әлгі соның мүшесімін» деп пойызға оқ атыпты ғой.

Жиналыс ұзаққа созылды. Біреудің біреу мінін айтты. Шабылған шөп те,.бағылған мал да, қыс қамы да сөз болды. Жазғытұрым ақсақ тоқтыны қасқыр жарып кеткені де, шөп машинаның шалғысын түйенің табанын тілгені де айтылды. Соңғы сөз уәкілге тиген. Ентіге-аптыға сөйлейді екен.

- Жауапсыздық жайлаған, - деді ол. - Қасқырды тоқты жеді ме, жеді. Факт. Машинаның табанын түйе тілді ме, тілді. Факт.

Жұрт аузын жеңге тығып, булыға күлгенмен, көздері уәкілде. Кім біледі, заман қиын, қаһарына ұшырап кетулері мүмкін. Көздеріне кепеу елестеді ме, бәрі қайта монтанси қалған.

- Сол себептен шөпші Есімғалиға ескерту, қойшы Әбішкенге сөгіс беремін, - деп түйді уәкіл. - Факт. Бұл ең мықты дәлел.

- Сол сөгісті өзің ала ғой, бердім, - деді Исаның атасы.

Уәкілге атасының сөзі толық жетпей қалды ма «а, а», - деп парторг Мақаң мен Төрағаға жалтақтады.

- Жәй, әшейін. Ырза боп тұрғаны ғой, - деп түзетті Құрманғали.

Уәкілдің соңғы мәселесі бар екен. Бір сөздің үстіне екіншісін қонжитып төкпелегенінен елдің де, Исаның да ұққаны Төкең бастық басқа жаққа ауысады екен. Оны әлгі

аукоматкан да қолдапты. Сөйтіп, енді осы колхоздың құлағын ұстаушы болып Әукең сайланды. «Е, дұрыс» деді ел. Жиналыс та аяқталып, осы колхозға қайдан келгені белгісіз, ақсақ Теренти өгіз арбасына қарай сылтып басып бара жатқан. Мақаң парторгтің есіне уәкілдің бір тапсырысы түсті ме

- Теренти, Теренти, - деп қол бұлғады.

Арбаға жегілетін екі асау кәсгіраттың біреуіне мойын тұрығын кигізіп, екіншісінің самиянын қолына алғаны сол еді, Теренти Мақаңның шақырымын жақтырмағанын жүрісінен танытып, қыңырайып-ақ келе жатқан. Таяп қал-ған Терентиге Мақаң.

- Теренти, Теренти, иди, иди, - деді.

Ақсақ Теренти бағжаң етіп таңырқай қарады да, шойнаңдай басып зыта жөнелген бетте көз ілеспес жылдамдықпен кәстіратын да жегіп үлгеріп, арбаға аяқ артқаны сол еді, ей өзгіше салдыр-күлдір ала қашты. Мақаң парторг аңтаң. Бір кезде:

- Қап, мынаның «сюдасы» қалып қойыпты ғой, - деп маңдайын сипады. - Әй, сенде осы жерде тұр ма едің?

Мақаңның орысшасынан әлденені бүлдіргенін ұққан Иса «иди» мен «сюда» деген екі сөздің мәнін ұқпаса да жаттап алды. «Идиі» кел болар, ал «сюдасы» кет деген болса, онда Теренти неге таңырқады, Мақаң неге *«қап»* деді. Шіркін-ай, әжесі мұның не екенін білсе ғой.

Бұл жаңалығын балаларға жеткізіп, дауласа жүріп Көксуға тоқтаған. Көксу Балқаш жайлауының аяғы. Су астындағы көгілдір қайрақ тастар мөп-мөлдір суға көгілдір рең беріп өзінше құбылтады. Тереңдеу жағында балық көп. Әсіресе күн батар алдында балықтар шоршып тулап, құйрығымен суды шарт-шарт сабалағанын көріп Иса сан таң қалған. Аулайтын ау жоқ, бірен-саран қармаққа балықтың ілігетіні де шамалы. Үлкендер жағы да балық аулауға құлық танытпайды. Өткен жылы бір иірімнің суы тартылып, ана Құрмекең үйі бір қанар балық алғанын көргені бар.

Уласып-шуласа жүріп күннің еңкейгенін де байқамай қалыпты. Енді ғана бірер үзім нан мен айран, не көже есіне түскен балалардың алды ауылға беттеген. Соңдарында қалған Иса мен Адамқұл. Адамқұлға ерген інісі Кеңес төрт-бестегі бала. Темірастаудың мұздай суына сүңгіп өтпей кете

алмады. Кішкентай Кеңес бұтындағысын шешіп:

- Дамбалымды жуып алайын, - деп балшыққа баттасқан ауын суға салып артта қала берген-тін, Өзеннің жарқабағына шығып артына қараған Иса су бетіне батып-шығып бара жатқан Кеңесті көзі шалды.

- Кеңес, - деген дауысы қатты шыққан. Шешінуге мұрша жоқ. Батып бара жатқан баланы екпінімен қағып әкетіп, арғы жағаға бір-ақ шықты. Мойнына жабысып алған Кеңес өзеннің саяз жерінен жалдап өтіп келе жатса да:

- Суға кетіп қалмайықшы, - деп дір-дір етеді.

Иса мен Кеңес су киімдерін бір сығып тастап, үстеріне жапсырған. Қара жолдың борпылдақ топырағын жалаң аяқпен күрей басып, ауылға беттеді. Алдарындағы Кеңес бұрылып екеуіне жалтақ-жалтақ қарайды. Үшеуі де үнсіз. Кеңестің жалтақтауын ұққандай Адамқұл үнсіздікті бұзды.

- Кеңестің суға кете жаздағанын үйге айтпайық.

- Иә, - деп қостады Иса.

Бұл үй биыл жылаулы. Ауыл да биыл көшінен жаңылғандай қыстауынан ұзамай тұманың аяғына қонған-тын. Қыстаудағы үйдің іргесіне кигіз үй тігіп қона салған Иса мен Адамқұлдың үйі. Тұрсын аға аурулау. Жалы жер сүзген бүкістеу құла биесін желіні есіктен көрінердей жерге қақтырып, сонда байлатқан. Басын көтеріп соған қарайды да жатады.

Ауылға Садық тәуіп келген-тін. Түсіптің өтінуімен Садық тәуіп Тұрсекеңнің тамырын ұстады да, былай шыға «бүгін-ертең» дегенін Исаның құлағы шалып қалды. Сол күні тәуіп Иса мен Рашидті де сүндеттеген. Екеуі ғана үйде жатыр еді, кенет ілулі тұрған жез леген салдыр-салдыр ете қалды да, іле Тұрсекең үйінен азалы дауыс шықты. Көкдауыл ұлыды. Қоймай ұлыған иттің дауысынан Исаның жүрегі түршікті. Жоқтауға да жоқтау қосылып жатыр.

Сол жоқтау әлі Тұрсекең үйінде жаздай жалғасып келеді.

Ауылдың бергі шетінде бұларға таяғын көлденең беліне ұстаған Адамқұлдың үлкен әкесі Әбеу қарт кездесті. Қаншама баласынан қалған Тұрсыннан айырылу оңай ма, сексеннен асса да қарулы еді, енді таяқ ұстап, Қызылбиіктің биігін

ерте шолатын қардай басы-көзін ақ бүркепті. Ақ қашып, қызыл қуғаннан сәл ертеректе осы елді жаман ауру жайлап, Әбекеңнің отбасы да, өзі де тегіс жатқан. Есеңгіреген Әбекең бірде басын көтерсе жабықтан біреу қарап тұр екен. Түсі тым сұсты. «Осы үйдегі сенен басқа тоғыз адамның жанын аламын» депті сұсты жан. «Мен елмен қоштасайын» депті Әбекең. Ертеңіне ертемен есін жиған Әбекең сегіз баласының да, әйелінің де қаза болғанын көргенін жырдай қылып айтып отырғанын Иса сан естіген.

Әбекең ескі жырларды да жатқа соғатын. Бұл ауыл қыста кезекпен шекеге шақырмайды, үлкендер әр жұма сайын әр үйді кезекке қойып, өздері түстенуге барады. Мақаң үйіндегі бір түстеністе Көпжекең:

- Әбекең, сіз Шортанбай жырауға көшір болып ілесіп біраз жүрдіңіз. Қандай адам еді, - деп сұраған.

- Е, ондай адам қайда енді. Түрі атжақтыдан дөңгелек бетке келетін, мына Әшім сияқты қасқа бас адам еді. Кескіні мына сенің Әліңнің кескініндей, бірақ қыр мұрындау болатын. Дауысы зор, қызша қаңқылдап естілетін еді.

- Е, солай деңіз.

- Әулие ғой ол кісі. Айтқаныңның бәрі келді емес пе, - деп бір тыныстап алған Әбекең әңгімесін әрі созған. - Шашы мен сақалы қынамен бояғандай қызылжирен бола-тын. Сонан жеңгелері мен құрдастары Қызылбас деп әзілдеуші еді.

Балалардың үсті-басына көз жүгірткен Әбекең:

- Көйлек-дамбалды кептіріп кию керек, сонан ауру жабысады, - деп ескертіп, таяғын беліне көлдеңең ұстап, даланы аңсаған нардай жүзін алысқа салып, ұзай берді,

Ауыл шетіндегі бергі үй Тұрсекеңдікі. Күнде осы уақытта Злила шешей мен қызы Жаңагүл жоқтау айтады. Осы ел көрген қиямет те, Тұрсекең көтерген ауыр жүк те елдің құлағына тиіп, талай көпірек күрсінеді. Бие сауым уақыт бойы айтылатын жоқтау Исаның да көңіліне әбден жатталған, бала жүрек сан сыздаған. Жоқтауды тыңдап егі-ліп отырған әжесіне қосылып, ғайыпқа кеткен Тұрсекең ағаны қимай Иса

да сан рет мұрынын қорс-қорс тартқан.

Жоқтауды жаңа бастаған шешесінің жанында Адамқұл қала берді. Жанагүл жылдамдата тұрып Кеңестің көйлегін шешіп алды. Ұзап бара жатқан Исаның көк желкесінен:

...Қайран да менің әкем-ау, - деген Жанагүлдің үні жеткен.

Есіктің алдындағы көлшіктен қос сары ала қаз ұшты. Біреуінің сирағында сақина бар сияқты. Әкесі Исаға былтыр қаздың бір балапанын ұстап беріп, жаздай асыратып, күзде сақина салып ұшырып жіберген-тін.

- Менің сары ала қазым.

Иса қаңқылдап ұшқан екі қаздың соңынан қолын көкке созып, құстай ұшып, ұзақ жүгірді. Қос сары ала қаз бір айналды да, «қаңқ-қаңқ» деген әдемі әуенін соза айтып, бір-жолата алысқа бет түзеді. Даланың әнін салған қос қазға қолын созып Иса да қала берді.

Бала көңілі белгісіз қиялды аңсаған,
Ұлы Даланың аспаны мөлдір кіршіксіз еді.
Исаның көңілі де кірбіңсіз еді-ау.

1. IV. 2009 жыл

# Әңгімелер

# СӘКЕННІҢ АҚБОЗЫ

Түрменің онсызда тар терезесінің сыртынан аузын аспанға қаратып қалпақ кигізген. Бергі жағы жіліктей сым темірмен торланған терезеден түсетін жарық та шамалы. Терезенің аспанға қараған қалпағының үстінен көгілдір көктің бір тұсы ғана көрінеді. Кей-кейде сол алақандай тесіктен мамырлап жылжыған бұлттардың шеті көзге түскенде Сәкеннің жан-дүниесі алай-түлей боп, қазақтың мәңгі үзілмеген көші, ескен самал, бұлдырап бара жатқан киіктер, иен далада сансыз сурет салған сағым көз алдына елестейді.

- Қайран ел! - Сәкен күрсінді. Сол жақ қабағының үстіндегі шодырайған ісікті жай алақанымен сипады.Әлгі бір жылан көз орыс пистолеттің дүмімен ұрған. Сірә, маң-дай сүйегі де жарыла сынған тәрізді, бітеу жара бітпей қойды. Қайдан бітсін, тергеуге салған сайын байлаулы адамды соққыға жығып жатса.

- Қайран дала! - Жыртиған терезеге ұзағырақ үңілді. Сұлу әсем, сан сырлы өмір көші жартыкеш терезеден көрінген көгілдір кектің алақандай тұсына сыйғандай, жарымжан көңіліне, жаралы тәніне дем бергендей кеңірек дем алды.

Ай, - ей, сүмбіл шаш.
Тәтті сөзің,
Қара көзің...

Сәкеннің құлағына сұлу ән жетті. Түрмеде анда-санда осы әнді жаны тебірене біреу шырқайды. Кейде ән жеріне жете шырқалып барып тоқтаса, кейде әннің аяғы тарсыл-күрсілге айналып, біреудің шыңғырған дауысына ұласып барып бітеді. Әсіресе кезекшілікке мұрты аузына түскен орыстың тобы келгенде әнші жігіт өлердей таяқ жеп тынатынын Сәкен әбден түсінген. Әнші кім екен? Тілеулесінің бірі ме? Өстіп ән шырқап Сәкеннің қиналған жанын жадыратып, елінің өзіне тілеулес екенін білдіргісі келген, сол үшін басын қатерге тіккен азамат кім екен.

Ай, ей...

Қайран Гүлбәһрәм, қайдасын? Өзінен қалар соңғы тұяқты, кішкентайын жетелеп не күн көріп жүрсің. Елің енді саған пана болар ма. Естісі мен естиярын түрмеге қамап, көзін жойып, «сенен ақылды жоқ» деп наданға ауылды билетіп, тайпа жұрттың үстіне ең шала естісін, сорақысын мінгізіп қойған соң елден де қасиет кетті ғой. «Тап күресі» деді-ау. Жоқ, олай емес екен, қазақты құрту үшін естісіне есалаңын айдап салған кешегі орыс империясының тізгінін қолына алғандардың сұрқия саясаты екен ғой. Әттең! Әттең! Кештеу түсініп қалды.

Бүгін нәр татқан жоқ. Күнде мылтығын көлденең асынған күзетші қазақтың бір шалын айдап әкеліп, есікті шала ашып, борсыған капуста мен бір тілім нан, жылымыш шәй әкелетін. Бет-аузын әжім торлаған шал Сәкенге ұзақ үңілетін, тілеулесіңмін дегендей күлімсірейтін. Бүгін де сол уақытында есік ашылды. Ас тасыған шалдың сыртында күндегідей жалғыз орыс емес, мылтығын кезеген екеу тұр. Капуста көже де жоқ, бір тілім нан. Шәйдің орынын бір стақан су басыпты. Ақсақалдың жүзін өрмекшінің торындай әжім басып қалыпты. Ақсақал Сәкенге жүзін тіктей алмады. Ұсынған нанның үстіне жалғыз тамашы жасы тамды. Сәкен нанның шетін ғана үзіп ауызына салып, босаған стақанды кері қайтарды. Шалдың иығы селк-селк етіп жылап бара жатқанын көзі көрді. Бейшараның қоштасқаны да, түсін-бейтін не қалды.

Өмірдің өте шыққаны да. - Қысқа ғұмырдың өте шық-қанына не өкініш? Өкініш жауымен арпалысып жүріп, жастығын ала құлап, ең болмаса халқының бір дұшпанын кемітіп барып, өтпегені де. Әттең, дүние-ай, қолына қылыш ұстап, айқасып өткен батырда не арман бар.

Ақбоз ат менің тұлпарым,
Шалқыған көңіл....

Ән шырқау биікке шығып бара жатыр. Турме үнсіз. Түрмеші мен түрмедегілер түгілі түрменің қабырғасы та-мылжыған әнді тебіреніп те, күрсініп те тыңдай қалған сияқты. Тас еденді тырс-тырс басып бара жатқан тарақан тылсым тыныштықтан

үрейі ұшқандай тұра қалып, мұртын қайшылап, барар жолын таппағандай теңселді.

Сәкен қабырғаға шынжырлап тастаған үш аяқ ақсақ темір кереуеттің үстіне отыра кетті. Тас еден, жалаңаш темір төсек талай айдан бергі мекен-жайы. Есін білмей тас еденде сан рет сұлап жатты. Мына темір төсекке күндіз жатуға рұқсат жоқ. Бүгін бәрі басқаша. Қисайып жатып көріп еді, көздіктен сығалаған күзетші күндегідей шабаланбай үнсіз өте шықты.

Астымда ақбоз атым сылаң қағып, -

Жалтақтап...

Жалтақтап... Ескен желдей еркін өмір сүрген елім-ай, бірі көсем, бірі сері азаматтарыңнан айырылып, сен жалтақтап қалдың-ау. Шығынға шығаратын қойдай айдап келіп, тар қапасқа бәріңді қамағандай етті. Отыз екінің апатынан қадау-қадау аман қалып едің, ендігі күнің не болар. Анау анасын танымайтын, атасының абыройын төккен әң-гүдік белсінділер дұшпанның қолшоқпары. Ел үшін олар бас ауыртып жатпайды.

Әннің енді бір қайырмасынан Сәкеннің ойына Ақ-бозы оралды. Иә, еркелеп басатын аяғын. Сол Ақбозбен Айыртауды көктей өтіп, Шалтасқа келген. Тәтті күндер еді. Жұпар исі аңқыған Шалтас қандай көркем жер. Ел аузынан суы құрып айтатын Бәһәр сұлуды бір көрсем деп армандап келген. Өнерлінің табары өнер иесінің ауылы. Бұл елге аты белгілі Сәрінжіп ақынның үйіне түскен. Жастық дәуреннің сан қызықты шағын басынан өткізген Сәрінжіп ақын құшақ жая қарсы алған. Бұл маң өнер қонған аймақ екен. Кешегі Қыздарбек күйшінің маңында болғандар, тізесін басқандар шетінемеген шақ. Соның бірі Хасеннің Әбікені ақын келді дегенді естіп жетті де, Сәкеннің маңынан ұзамады. Ақыры екеуі төс қағысқан дос болды. Ақбоз атты сан еркелете бастырып, түнгі алтыбақандарға қатысты. Сол жылы еді-ау, осы «Тау ішінде» әнінің тууы. Сол ән еді ғой Бәһәр мен екеуінің жүздесуіне себеп болған. Бәһәр айттырылып қойған екен, барар жері де қазақтың құт қонған елі. Мал кімге бітпейді, бірақ Адамбай - Тұрсын жоқты паналата білген, жетімнің басына үй тігіп, айттырып қыз әперген елдің қамқорсышы екенін Сәкен бұрыннан естіген. Бәһәрдың ар-ұятына қол сұқпады.

Жүздесіп, осындай жанды көргеніне риза боп аттанған.

Иә, көп ұзамады, біраз жылдан соң бас сауғалап Әбікен елден қашып келді. Отыз бірдің жазында қанды қырғын басталған. Әбікеннің ауылының тұсында өкіметке қарсы деген сылтаумен жиырма жеті адам атылған. Ішінде бір кемпір, бір жас келіншек, кетті оққа ұшып. Өлмелі кемпір елдегі белсенді, Мәскеудегі билікке не қастандық жасай қойды десейші. Ең сұмдығы Сақай атты сол келіншектің бір жасар баласын оққа байлаған мына сұм заманға не лағынет айтарсың. Кешегі елді күймен тербеткен Қыздарбектің шәкірттері Сембек, Әбди, Кәрібек, Ақмолдалар кісі қолынан қазаға ұшырады. Елден қашқан Әбікен ғана тірі. Күйшінің кінә-айыбы шертпе күйімен елдің жан жарасын сылап, күйікті көңілін тербегені бопты. Шертпе күй сиқырлы сазға, өткінші өмірдің мұңына толы, бұл жасампаз жаңа өмірге, табиғатты бағындырып жатқан ұранға сай емес, ендеше оны да, дәріптеушісін де біржола құрту керек дескен сияқты берісі Алматыдағы Құжақты құптағандар, әрісі Мәскеудегі мықтылар. Әбікен Сәкенді паналап, талай уақыт жасырынып жатты. Сәл кейіндеу Әбікенді Сәкен өз өнерінің ыңғайына қарай жұмысқа орналастырған.

Қасіретке толы мынау өмір-ай. Қазағы үшін қайғыға батқан Мағжан қуғын-сүргіннен айдаудан шалдығып жеткенде қарсы алғанда да, үйіне паналатқан да өзі еді, енді міне, «халық жауы алаш ордашылармен ымырасың» деген бір статья қосылып, «пікірлестеріңді тап» деген айуандық азапқа түсті. Қайран Мағжан:

Күн батысты қара түнек қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған, -

деп осы сұрақия уақыттың боларын күні бұрын бейнелеп едіау. «Түнеріп жүр түннен туған перілер» дегені ертеңі түгілі бүгінгісін ойлауға шамасы келмейтін ел ішіндегі белсенділер. «Тәңірісін табанына таптаған» деді-ау Мағжан. Иә, олар үшін Қасиетті ештеңе жоқ, Құран да, ата-бабаның салт-дәстүрі де, ақ жаулықты әже де, ел сөзіне ұйыған ата да, шошқа бас етіктің табанында жататын бірдеме.

Сәкеннің ойын әнге еліткен түрменің тынышын бұзған мылтық дауысы бөлді. Гүрс-гүрс, қайта-қайта атылған жағымсыз дауыстан түрменің талай қиянатты көрген қабырғасы да шошына үріккендей, әлдене құлап түсті. Күнде осы. Сатырлаған мылтық үні түрмеде отырған талай жанға өмірдегі уақытының біту шамасы таянғанын айғақтап, есіне салғандай. Ажал енді кімді қапты екен? Әнші жігіттің дауысы шықпай қалып еді, япыр-ай, демі сарқылған сол болмаса.

Түрме іші тағы сілтідей тынды. Әркім демін ішінен зорға алғандай. Тас қабырғалар да мелшиген. Осы үнсіздікті ауыр етікті күрс-күрс басып, шынжыр сүйреткен түрмешінің салдыр-күлдірі ғана бұзды. Бұл да қанды шынжыр болды ғой. Атылуға көнбей арпалысқан біреуді шынжырлап байлап, аузын тығындап апарып мына жендет өші бардай аяусыз атқылаған да. Тас еденге соғылып сүйретілген шынжырдың салдыры да біртіндеп ұзай берді. Түрме өмірі осы, ғұмырдың өлшемі коридордың ұзындығымен ғана өлшенеді. Біреуге тіпті қысқа, жаны қиналып тезірек өлсем екен дегенге тіпті ұзын.

Жау атанып, түрменің ақсақ аяқ темір төсегіне құлауы қазақтың ақиық азаматтарын көңілінің шет көрмеуі. Иә, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт көсемі. Сол кісінің үні бар қазақ-пен бірге Сәкенді де оятқан. Бертінде арада пікірталас та болып жатты. Бірақ, көздеген мақсаттары бір еді, қазақ бай тұрмысты, іргесі берік ел болсын дегендік қана. Өмір жүйрік тұлпар, тұлпарды түзу жүргізу үшін иесі қос тізгінге ие, әйтпесе ол үркіп ие бермей жарға соғады. Әлихан мен Ахмет сол тізгіннің бір жағы болса, Сәкендер екіншісі ғана емес пе еді. Мәскеудегі үкімет Алаш Орданы жапқан шақта Алаш азаматтарының енді биліктің партиясына өтіп, қызмет жасай бастауын Сәкен іштей құптаған, қазақтың тізгіні біржақты болмағанына көңілі толған.

Атасы басқа, өзі жауға сену бекершілік екен. Төңкерістен кейін есін жиған жау баяғы пиғылына көшіп, алып ұрды. Әуелі «Қазақ, оян » деп жар салған Алаштың азаматтарын тіміскілеп жүріп тауып, шетінен оққа байлады. Ендігі кезек, міне, өздеріне де келді. Түрмедегі алғашқы сұрақ-жауап

кезінде-ақ тергеушімен арасы келіспеді. Келесі тергеуде жылмиған сары орыс әкіреңдеп жөнелген.

- Жаусың! Мойында!

- Олай деуге хақың жоқ. Мен осы дәуірді құрысуға ат салысқан азаматпын.

- Сендейдің талайын көргенбіз, - деп шіренді тергеуші-Жаулардың сілімтік қалдығысыңдар, сендер. Түрмеде сендейлер басқаша сайрайды.

- Мен Колчактың азап вагонында да болғанмын. Енді танып тұрмын, сенсің жау.

- Ә, Колчакпен сыбайлас екенсің ғой. - Тергеуші алақанын соғып, қиқылдай күлген. - Енді осыны айт, мойында жаулығыңды. Сен итше ұлып, аяғыма оратылатын боласың, әлі.

Тергеуші ысқырынып, көк көзі шатынап, атылатын жыландай жиырылып, орыстың өзі білетін боқтығын боратқан. Сәкеннің қаны басына шапты. Шыр етіп дүниеге келгеннен бері тәніне қамшы тигізіп, арына бататын сөз естіген емес. Астындағы орындықты жұлып алып, тергеушіні көстите ұрған. Ойбайлаған жан дауысы шықты. 0рындықтың бір сирағын жұлып алып, үстелдің астына кіріп бара жатқан орысты теңкиген көтінен құлаштай соқты. Сонша болмады, салдыр-гүлдір кіріп келген төртеу мылтықтың дүмімен басқа ұрып құлатқанын ғана біледі. Түрменің тас еденіне сүйретіп әкеп тастапты. Үсті-басы қан, Мұнда неше күн жатқанын да білмейді. Әйтеуір есік ашылып, түрменің шикі нанын таситын шал бетіне үңіліп, аузына су тамызды.

- Мыналар өлтіріп тынады ғой, - деп күбірлегенін ғана білді.

- А? А?

- Ой-бүй, тас еденнің ызғары өтіп кетіпті ғой, - дей жүріп шал төсеніші жоқ темір кереуеттің үстіне сүйрегендей болып, зорға көтеріп салған.

Қазақтың басына арылмас зобалаңның тууын Сәкен билікке Құжақтың келуінен-ақ түсінді. Құжақ ұлтының үміті болар деген азаматтарды қуғынға салып, «Сейфуллиншілдер» дегенді шығарып, ұлт мүддесін көздейтіндерге қарсы саяси науқанды бастап жіберген. Малымен ғана кун

көріп отырған қазақтың тігерге тұяғын қалдырмай сыпырып алатыны енді айқын. Сәкеннің жаны күйзелді. Не болады ел? Ел басына апаттың төніп келе жатқаны анық. Қазақтың кешегі тұтастығы да бүлінген, тап күресі дегенді шығарып, зымиян саясатпен жұрттың миын ашытып, шетінен алакөз етіп, түтіні түзу ауылды жауластырып жатыр. Ауыл-ауылда иісі мұрнына бармаса да, тілі орамға келмесе де «Кәмінізм» деп шулаған белсенді. Кешегі ұры-қары да күні туып, атқа мінер боп шапқылаған. Қиюы кеткен осы тұста айтқаныңды тыңдар да, түсінер де жоқ.

Сөз ұғар азамат іздеді. Жаңаарқа өңіріндегі кешегі үзеңгілес бірен-саран жолдастарына малдың енді өздерін шаян боп шағатынын, төнер апатты ұғындырған.Сонан соң Бесата еліне ат басын бұрды. Бұл елде тап күресі деген мына дүрмекке ілесе қоймаған кім бар деп жүйрік көңіл шарқ ұрды. Ойына Қарқаралыдағы ақтар салған қырғыннан аман қалған Ахмет Әбдірайымұлы орала берді. Ел үшін басын бәйгіге тіге білетін азамат екеніне көзі жеткен. Ту, сонау он алтыншы жылы патша қазақтан солдат алғанда» орысшадан хабары жоқ, әскери істі білмейтін қазақ баласы қорлық пен зорлыққа ұшырамасын» деп солардың соңынан іздеп Гомелге барған осы Ахмет еді. Алаш партиясының осы өңірдегі белсенді мүшесі де болған осы азамат. Саяси көзқарастарында өзгешелік болғанымен, түп мақсаты бір болған соң шырай беріп жүретін еді. Құжақтың соңына салып қойған салпаңқұлақтары барын да ескерген. Сәкен:

- Иә, жол болсын, ол жақта не бар еді? - дегендерге

- Жігітшілікпен, - деген күліп. Сол елдегі аты шыққан бір сұлуды көру мақсат екенін де тілге тиек етіп, сөзден адастырған.

Сұрай келе Ахметтің елде мұғалімдік жасап жүргенін де естіді. Ендігі сылтауы мектеп жұмысының қалай жүріп жатқанына көңіл бөлу. Шағын ауылдың шетіндегі мектеп деп аталатын аласа тамның алдында отырған адам көп жүргіншінің біреуі санады ма, жүрелеген қалпын бұзбай, басын бұрып та қарамай, жас шыбықтың қабығын сыпырған бетінде отыра берді. Сәкен білетін Ахмет ештеңені қалт

жібермес елгезектеу еді, мынау кім? Осы мектепте мұғалімдік етеді деп еді ғой Ахметті. Сәкен аттан түсіп бері беттеген де ғана әлгі кісі сәл мойнын бұрды да, жедел орнынан тұрып, аңырап:

- Сәкен, - деді.
- Иә, менмін. Амансың ба?
- Кеп қалады деп кім ойлапты.
- Мектеп жұмысын көре кетейін, қолдан келгенше... Ар жағын созбай Сәкен ішке кіруді ыммен нұсқады да, ілесе келгендерге, - Сендер мектеп жұмысын біле қоймассыңдар, онан да аттарды суарып, шалдырып алғандарың жөн,- деді сәл қатқыл үнмен.
- Иә, жол болсын, - деген Ахмет Сәкеннің бұл жүрісіне таңданғанын жасыра алмай.
- Қалай десе болады? - Сәкен сәл бөгелді де, - Ел іші қалай? Өзіңнің болашақ туралы не пікірің бар? - деп сұрады.
- Елді өзің көріп келесің ғой. Әйда, атқамінгендер көп-ақ. Ту талақай. Менің пікірім болшевик жолды ұсынғандарға жаға қойса, - деп Ахмет түйреңкіреп өтті.
- Ахмет, сен өкпені қой. Сенің де , менің де мақсатым қазақтың қара баласын іргелі ел ету ғой.
- Оның рас қой, бірақ сенің ана Көлешәкенді маңайлаған жолдастарың елді қырып барады ғой.
- Иә, - Сәкен Ахметтің Голощекинді өзінше мысқылдап атағанына мырс етті. - Мәселе сонда. Қазақтың түзу көшін түзу жолмен біртіндеп социализмге бұру керек еді. Бұлардың жолы қатерлі болып барады.
- Апат десейші, - деп Ахмет қолын сілтеп теріс қарады.
- Солай десе де болады. Бірақ елдің аманшылығын тілейік.
- Құр тілектен не пайда? Бізді Алаш азаматын, ит қосып қуғандар үкімет басында отыр. Белсенді атаулы елді бізге айдап салып, «жау» дегеннен бір танбайды. Малды сыпырып аладыны естіп отырмыз. Егін салып көрмеген, тіпті салайын десе де не қолында соқасы, не тұқымы жоқ қазақ енді қайтіп күн көреді. Осыны ойлап, ішім удай ашиды.

- Біз де осыны ойлап отырмыз.
- Бізің кім? - деп қалды Ахмет.

- Мына мен дейінші, -

деп Сәкен әлденені бүгіп қалды.

- Солай ма? Сонда не ойың бар, айта бер. Ел үшін басымызды баяғыда бәйгеге тіккенбіз. Қай іске де дайынмын.

- Енді мыңғыртып мал ұстау қазақтың басына үйірілген пәле.

- Иә, - Ахмет төмен қарады. - Сендердің де айтып жүргендерің де шындық бар. Елдегі байдың бәрі бірдей емес еді. Олардың ішінен орыстың жолына түсіп, патшаға арқа сүйеп, қазақты орыстың крепостнойы тәрізді құл еткісі келгендері де шықты ғой кейінде. Солар ғой тап күресінен елес беріп қалған. Қалған байларда жазық жоқ, олар елдің ұйтқысы, ырысы. Енді міне тек бай емес, бар қазаққа зобалаң келді.

- Дұрыс айтасың, - деді Сәкен күрсініп. - Зобалаң соңы елге аштық қырғынына ұласа ма дегеннен шошынып отырмыз.

- Енді не істедік?

- Елге, тым ашық кетпей, жасырын түрде, келе жатқан қатерді түсіндіру керек. Байлар малын азайтсын, ағайынға бөліп берсін. Тез арада жаппай егіншілікке ауыспаса халық қырғынға ұшырайды. Жер емсін. Енді малсыз қалған қазақ жер еміп қана тірі қала алады. Осыны жеткізіңдер халыққа деп келіп отырмын саған. Әлі де ел арасында тілеулес азаматтарың бар. Соларға айт осыны.

Сәкен осы жолы ата мекені Қарашіліктегі ауылын Иманаққа көшіріп, дихандыққа бетін бұрғызған. Көп ұзамай Ахмет мұғалімнің де ұсталып кеткенін естіді. Қылышын сүйреткен ГПУ аман қойсын ба, елге естиярлық жасаған талайдың тағдыры түрмеде шешілді.

Сәкен қалпақ киген тор терезенің жоғарғы тұсынан көрінген алақандай аспанға тамсана қарады. Ақша бұлттың шеті көрінді де, мамырлап жүзіп өте шықты. Қайран ұлы дала. Самалына тербетіліп Сұңқартастың басында отырған күндер қайда. Желпіген аттың жалына бетіңді төсеп, ша-рықтап кеткен лашын құстың соңынан көсілте шапқан мұңсыз-қамсыз қазақтың дәуренді шағы қайда. Тор терезеден көрінген алақандай аспан сені де енді көп көре алмас.

Ай, ей..., - әншінің тебіренген дауысы естілді.

... Ән салдым есіп майда жаяулатып,

Ырғалтып…

Ырғалған қазақтың көші Сәкеннің көз алдына келе берді. Іле Ақбайдың Жақыбы есіне түсті. Ол да қазақты аман-сақтап қаламын деп жанталасып баққан. Қазақтың малын тартып алу, қазақты халық ретінде жоюдың амалы екенін елден бұрын айтып, жар салған осы Жақаң. Әттең қолда дәрмен жоқ.

- Көтеріліс жасайық, - дегендерге:
- Жоқ, ол жағдайдан шығатын жол емес. Халық қару-сыз. Ал, мыналар ешкімді аямайды, тегіс қырып салады. Оларға қазақ керек емес, қазақтың даласы мен байлығы ғана қажет, - деп тоқтау айтқан да осы Жақып.
- Енді не шара?
- Уақытша Қытайға мал-жанымызбен ауа көшу керек. Орыстың бұл науқаны үш-төрт жылда тоқтайды. Сонда ғана халық аштық қырғыннан аман қалып, елге қайта оралады.
- Оған ел көне ме? Ата мекеніміз деп, қимай қалады ғой, тағы.
- Түсіндіру керек. Малын сыпырып алған соң сол ата-мекенінде сүйегі де көмусіз қалады, - деген де Жақаң.

Ақбайдың Жақыбы апаттың алдын алу үшін Шу бойында, Тройцкіде жиырма тоғызыншы, отызыншы жыл-дары елге сөзі өтетін азаматтарды жинап, қайта-қайта мәжіліс өткізді. ГПУ-де қарап қалмаған, Жақыптың айтқаны дұрыс емес, онысы біздің кемелді саясатқа жапқан жала, қазақтың малын жаппай алмаймыз деп белсенділер арқылы кері үгіт жүргізді. Халық әрі-сәрі, дал күйде. Көбі қызыл үкіметтің айтқанына Сенген. Түріле көшкендер бірен-са-ран ғана ауылдар. Тройцкідегі Жақаң ұйымдастырған сол мәжілістерге Сәкеннің әкесі Сейфолла да әлденеше рет қатысқан. Сатқындар та-былды. Сатқын тағы да қазақтың өзі. ГПУ-ге итаршы болған сол салпаңқұлақтар сол жиынға қатысқандарды тізіп беріп, кімнің не айтқанын да жеткізген екен. Сәкеннің әкесінің сол жиында болып, пікір айтуы, енді Сәкеннің алдын тосқан халық жауының ісі боп алдынан шықты.

- Иә, осыны ұйымдастырған сенсің, - деп запыранын

төккен тергеуші сол бір алғашқы жауаптан кейін үнемі қолын байлап әкелетін Сәкенге зіркілдеп.

Иә, күнінің санаулы екенін біледі. Мына, тас қабырғаны селкілдетіп күнде атылып жатқан мылтықтың ащы гүрсілі талайдың өмірін қиып жатыр. Сан боздақ ақырғы сәтінде туған елінің мөлдір аспанын да соңғы рет көре алмай, мерт болуда. Бірақ «елім» деген жүректің үні сөнбес, ол ұрпаққа бәрібір жетер. Тек қазағымның оты сөніп, үміті үзілмесе екен. Зұлымдық мәңгілік орнамас, бір Алла бәрін де түзер. Елден иман кетпесе, береке де, бірлік те оралып, бұлар күткен үміт қайта жалғанар.

Түрмедегілерге түскі жүрек жалғар ас-су әкелетін шақ еді, сықырлап есік ашылды да, көзі жылаудан ісіп кеткен шал имене ішке кірді. Қолындағысы бір тілім нан емес, қатталып бүктелген ақ киім.

- Сәкен, мынаны киші, таза, өзімнің көйлегім. Алшы, бауырым.

Бейшара ақсақалдың алдында қалшиып тұра қалған Сәкен бәрін түсінді. Қолынан келген жақсылығы осы болғаны да. Иә, мұсылман баласы мәңгі сапарына аққа оранып жөнелтіледі. Сөйткені жөн де. Үстіндегі бой-бойы шыққан көйлегін тез шешіп ақсақалға ұсынды да, тазасын киді. Еденге тырс-тырс тамған жасына булыққан ақсақалдың:

- Қош! - деуге зорға шамасы келді.

Көп күттірмеді. Салдыр-гүлдір есік ашылған. Жарты қадам бері аттаған төртеудің де жүздері сұп-сұр, мылтық-тары Сәкенге кезеулі.

- Жүр!

Әлде не гүрс-гүрс етті. Әлем төңкеріліп, шыр айналып бара жатты.

Ай, ей...

Ақ... боз... ат...

# СҮМЕЛЕК

Алтынхан ақсақал немересінің тақасы қисайған етігін қалыпқа салып түзеп, қоншының қажаған жеріне жамау салуға оқталып, бізіне қолын созды да, ауыл үсті басқан түтінге қарап, қынжыла бас шайқады. Жаз ортасынан бері осы көз жетер жер түтінге қамалып, мұнартады да тұрады. Терісінен тұрған жел бар түтінді айдап әкеліп,ауылды бөктіріп тастапты. Екі-үш күн түтіннен көздері ашылып, тыныстары кеңейген үлкендер жағы «осы пәледен құтылдық па» десіп, серпілісіп қалған еді, ол үміттері де ұзаққа бармады.

Алтекең жамауға жарар жіп иіріп біраз отырды. Әкесі марқұм осы елге белгілі етікші еді. Сол кісінің қайың шегемен ұлтанды ұстатып, тарамыспен тіккен саптама етіктерін киіп жүргендер әлі бар. Енді тарамыс қайда. Ендігінің адамы Тарамыс алуды да білмейді. Білсе де талайының мойны жар бермейді. Өзім де солардың біріне ұқсап бара жатыр екенмін-ау деп басын шайқады.

Иә, осы елге біраз қызмет істепті. Совхоз дегеннің мүйізін ұстаған нағыздың өзі болмаса да анау тау етегіндегі ең мықты бөлімшесін отыз екі жыл басқарғаны бар. Әкесінен етікшілікті жастай үйренсе де, онысын біржолата алып кете алмады. Тағдыр оған шалабастықты жазыпты. Сонда да қалт еткенде бала-шағасының аяқ-киімінің оны-мұнысын өзі жөндеп тастауды ұмытпаған. Онысын әрі балаларына үлгі деп те есептейтін. Енді міне зейнетке шыққаннан бері сол кәсібін жалғастырып жүр. Ермек қой дейді сұрағанға.

Ащы түтін қолқаны қауып кенсірігін жыбырлата берді. Бізін былай қоя салып, алысқа мойын соза қараған. Мына таудың іші шудаланған түтінге толы. Әсіресе Қазанғаптың тұсынан қара қошқыл түтін будақ-будақ аспанға атылып жатыр. «Ойпырым-ай, біреудің үйіп қойған маясы болмағай деп » Алтекең іштей қам жеді.

Апта бойы осы өртпен арпалысып Балташ әкімде қалжырапты. Кеше сегіз адамды «әке-көкелеп»зорға жібердім деп таусылып отырғанын көзі көрді. Жанып жатқан менің жерім емес дейді екен осы күнгінің білгіші. Бізді айналып өтеді деп жүргенде Ақтау аўылын әуелі батысынан үптеген өрт, кенет жел бетін бұрып бергенде шапқан жаудай ауылға қарай лап қойып, мал жайлымын қалдырмай үйтіп өтті. Сол ауылдың пысығы әлгі қалтафонымен тау сыртындағы Әділге «Әй, сен неге сөндірмейсің» деп кіжіндесе, ол «Әй, мен бес күн арпалысып жүрмін. Сен неге шықпадың. Енді өзінді үйтіп өткенде есің кіріп отыр» деп бас салғанын да Алтекең естіп отырған.

- Не боп барады-ей өзі? - деп басын шайқап, бізің қонышқа шанышты.

- Мына өртке адам бармайды деген қайдан шыққан. Ата-бабаң түтін шықса тайлы-таяғы қалмай атқа қонып, бірінің соңынан бірі сүйреткі салып, қозы жайылым жер бермей аман алып қалушы еді-ау. Енді, мына, қазақ жеке ел болған заманда әркім әр шоқыға шошайып, «Жаңа берсін, менікі емес» дегенді шығарыпты. 0, тоба. Әй, осы ел не боп барады-ей, ә?

Әкім Балташтың таусылып жүргені анау. Өрт - жау. Оған барсан да барасын, бармасаң да барасың деуге тілі келмеген әкімнен не пайда. Олай деп зорлауға оның хақысы жоқ екен. Бұл не бейшаралық. Сонда біреудің шөбі, біреудің егіні өртенгеніне мәз болып отыруға ана өрттен қашқан пәтшағыр хақылы болған екен ғой. Дүния төңкерілді деген осы да. Тіфу. Ақсақал түкірініп ақсақ қаздай ырғала басып келе жатқан кемпіріне алара қарады. Бірдемеден жазып қалдым ба деп ақ кемпір жалтақтап, жаулығының астынан көрінген шашын жасырып, әлек болды да қалды.

- Иә, о несі екен-ей. Алдынғы күні осы қалың түтін тағы бір тақап берген де құдасының зіңгіттей баласы жүгіріп басып, апалақтап үйіне кірген. Жиырма дегенде балалығы қалмай, отызды аттаса да бір шүйкебасты жетелеп кіруге жарамаған жігіттің асып-сасып жүрісіне таң қалған. Сөйтсе ауыл әкімі, қайтсін енді, үй-үйді аралап, өртке шақырып жүр

екен. Әлгі пәтшағыр «бармаймын» деп тіке айтуға сылтау таба алмай алақтап жүргені де сол екен. Естуінше, иә оны жеткізген осы маңның балалары, зіңгіттей неме шошалаға кіріп кетіпті де, кешке дейін сонда отырыпты. Зеріккеннен іші жарылып кетпей қалай отырды десейші. Осы маңның баласына да жаңа ойын табылды. Бірі өртен қашқан боп тығылып, оны милиция боп іздесіп, әй-дай бала біткен у-шу. Япырым-ай, балалардікі бүгін ойын. Ертең ше? Ертең көргені жаңағы жаман қылықты бұлар да жасамасына кім кепіл. Жамандық майлы күйедей жұққыш. Бүгін өртке бармады. Өрт-жау. Ертең жау іргеңе кірсе мына сүмелектер қатын-баласын қорғауға да шықпас. Әй, өзі қазақы намыстан да айырылып болыппыз ғой. Ақ патшасы бар, онан кейінгі қызыл үкіметі бар қазақтың намысқой ер жігіттерін шетінен қыра-қыра жұртта қалдырғаны осын-дайлар ғана болғаны ма?

Шыдай алмады. Күніне бір келіп кететін құдасына көр-ген-білгенін, естігенін, зіңгіттей жігіт баласының қылығын ашына айтқан. Құдасы да тарс кетті.

- Е, сол ғана бара ма? Барсың басқалары. Күйелеш-күйелеш етер жағдайым жоқ.

- А? - деп аңырды Алтекең. - А? Анау Адайдың Қайрошы күнде сабылып жүр ғой.Ештеңесі кеткен жоқ. Бұғылы-тағылы ата-бабамыздың туып-өскен жер емес пе.

- Сөз емес сөзді айтып...,- деп құдасы түнеріп, теріс айнала жөнелді.

- Ары қарай құдасымен тәжікелесіп жата алмай Алтекең пұшайман болып жер шұқып отырып қалған. Енді не айтады. Бір түсінсе іштегі жегі құрттай жеген пәлені құдасы түсінер деп еді, оның кейпі анау болды.

- Әттеген-ай, - деген дауысы шығып кетті. Шалының бетіне жалт қараған ақ кемпір таңданып ерінін сылп еткізді.

- Әй, әлгі жалғыз қашан келуші еді, - деп кемпіріне қарады.

- Мен қайдан білейін,- деп ақ кемпір алақанын жайған.

- Жалғызы - баласы. Әлгі бір талап алу заманында бұл

бөлімше бастығы емес еді. Ортаның малын «тоқтың қарызы» деп күндіз-түні машина-машина етіп тиеп өткізіп жатқан. Кім біліпті? Сөйтсе, енді ойласа, жемқорлардың өңешіне кетіпті-ау. Талаудан қалған малдан бірер қара үлесіне тиген. Ол өсіп жарытпады. Сонан жалғыз ұлы вахтаға жалданып Шұбаркөл асқан. Әйтеуір жан далбаса, жан сақтаудың амалы. Шұбар көлдің көмірі жам отынша жанған бірдеме. Лап етеді де сөнеді, қызуын да ұзақ ұс-тамайды. Қайран қарағандының көмірі. Осы үкіметтің не ойлағаны бар. Ең болмаса бр шахтаны осы елдің отыны үшін ұстамай ма, ә? Шахтаның бәрі сатылып кетіпті дейді шет елге. Рас па екен, ә? Сонда осы халық не болады деп бір бастықтың ойламағаны ма.

- Е, баласы келе қалса мына өртке өзі-ақ баратынын біледі. Ең болмаса біраз жұрттқа үлгі болар еді-ау. Өзінің отырысы мынау омалып. Осы отты кім жіберді екен, ә? Естуінше соңғы түтін Қармыстың маңынан шығыпты. Әлдебір пысықтың тракторы от құсып айнала жана жө-нелгенде әлгі пасық «өрт тауға қарай кетті, өзіміз аманбыз» деп шөбін шауып жүр дейді. Әлгі Тілеутай екі тәулік күндіз- түні отпен арпалысып ақыры құлап түсіпті. Әлгі бір кеніштің қатын әкімі бес-алты адамды тау ішіне «сөндіріңдер» деп апарып тастап, ізім-қайым кетіпті.Екі күн аузына ас түгілі су тимеген сол пақырлар әйтеуір жаяулап ел шетінен іліккенін көзі көрді.

Сол күні екен ғой Сүйінбектің келгені. Сәлемі түзу, ширақ жігіт көрінген. Әлдебір оқуды бітіріп келсе керек. Мәдениет саласына жұмысқа тұрыпты. Айналадағы бар жаңалықты естімпаз кемпірінің сөзіне қарағанда ойып қызмет алған Сүйінбек енді сол саланы біржола меңгеретін болса керек. Осының алдында да бірер келгені бар еді, бір келгені біліс, екіншіде таныс дегендей осы жолы үйге именбей кіріп, музыка қойып, кенже қызы Танагүл, келіні үшеуі емін-еркін әңгімеге кірісkенге ұқсаған. Теңселіп басып, анда-санда оларға көз қиығын салып жүрген кемпір ғана. Оның да түсі әлденеге жылитын сияқты. «Өрт мынау, ә, осы отырыстары қызық екен» деп іштей жақтырмай Алтекең тамсанған да қойған.

Есік алдында отырған Алтекеңді көріп, Қатар бұрылды. Бір шаруасы мен келген екен енді өз қыстағына қайтбақ.

Ақсақалдың беймазалығын жүзінен танып:

- Е,- деді ол. - Ренжіп отырсыз ғой.

- Амал қанша,- деп Алтекең айнала түтінді иегімен нұсқады.

- Біз де үйтіліп біттік. Тағылы, Бұғылы, Қатпар, Бес-шоқы сірескен орман еді, бұта да қалған жоқ. Аң екен аң да таза безіп кетті.

- Кімнен кетіпті? - деген сұрағы Алтекеңнің әбестеу шықты.

- Кім дерің бар ма. Әнеу күні бір көк тайыншадай трактор мінген біреудің көлігі от шашып, бұрқ ете қалды. Марат, Сәмбет, ана Кеншоқының біразы келіп, зорға сөндірдік. Әлгі көк тайнша мінгенмен ертеңіне кезіктім.

- Иә.

- Мұның не? - десем «астымдағы трактор емес көк құнан еді. Сол сүрініп жығылып, аузымдағы темекі ұшып кетіп, өрт кетті» деп қарап тұр. Неге сөндірмедің десем, «асығып, әрі жұртты жинайын деп шауып кеттім», -дейді.

Бұған не айтарсың, - деп күйінді Қатар.

- Неге қайтып келмепті ?

- Ол оның ойына да кірді дейсің бе. Қашып құтылғанына риза. Өртті тілсіжау деуші еді. Жауы жау ғой. Кешегі соғыста майданнан қашқандарды, соғысқа барғысы келмегендерді дезертир деп соттап, жазалап жатты. Ал, мына қашқындарға сондай жаза неге жоқ, ә? Осы үкімет соны неге ойластырмайтынына таңмын. Өрт күні ыңқылдап төсек тарта қалып, кешінде жиналып карта ойнап отырғандарын көргенде таза түңіледі екенсің. Бұларға заң неге жоқ.

Іштегісін ақтарып Қатар кетті. Жанында қалған кемпірі шалына жалтақтай қарап, аулаға кіріп кеткен көршінің тауықтарына «кіш-әй, кіш» деп ұсақ тастарды лақтырған болып отыр. Жалтақтайтын жөні бар. Осының-ақ тауықтары маза бермеді деп жүруші еді, өзінше кегін алыпты. Түнеукүні қораға жем шашып, көршінің тауықтарының кіргенін қамап, үш-төртеуін ұстапты да бөтен бір балаларға беріп жіберіпті. Естігенде қаны басына шапты. Қолына қайдан түскені белгісіз, көк шыбықпен кемпірін жон арқадан тартып жіберді.

Шойнандап басатын кемпірі сондай жерге шоршып түсті, Дасусы да бірге шыққан. Бұл өмірінде әйеліне қол жұмсаған осы шығар.

- Көрші ақысы, құдай ақысы. Құдайдан қорықпайсын ба, деп шыбығын лақтырып жіберген. Әйтеуір, бала-шаға мұнысын көрмеді.Кемпірі кемсен етті де қойды. Содан арқасын өзі сипап, тоң-терісін басқан.

- Ауданның әкімі келіпті - деді кемпірі бір кезде.

- Е. - Алтынхан бәрін естігіш чемпіріне қарады.

- Жанында милициясы бар көрінеді.

- Е, оны біреу ұрлап әкете ме екен, - деп қыжыртты шалы.

- Жо-ға. Сен де..., - деп кемпірі жақтырмай қалды.

- Енді не қылып жур.

- Мынау өрттің бетін алуға келсе керек.

Алтекең аласа орындығын шиқылдата қозғалақтап, риза болғанын танытып қақырынды. Пұшпақ бөрікін шалқайта киіп, бүйірін таянып, кемпіріне бажайлай қарады.

- Онысы жөн екен. Өзі өстіп қаттырақ қимыл жасамаса мына жұртқа бір қаперсіздік кіріпті. Көті үйтіліп қалғанша отыра беретін түрі бар.

Милициясы үйді-үйді аралап жүр екен.

- Е, дұрыс

- Аурумын дегендерді қарайтын дәрігер де бар көрінеді.

- Пәлі. - Ақсақал риза болып алақанын шарт еткізді.

- Жанында әлгі газетке жазатын адамы да жүр дейді.

- Е, өстіп шаңын қағатын уақыт болды-ау.

- Баяғыда осы ауылдың өзінде «Шаншар», «Істік» деген қол газет болушы еді. Әркімді-ақ аяғынан тәлтіректетіп қоятын. Оны да қойды. Біреудің хақысына тиеді дей ме, әйтеуір жамандықты қорғайтын бопты. Осы елдің де, жердің де ақысы кетіп жатса да «хақы» дегенді тауып алыпты. Осымен де ел көгере ме.

- Кіші, әй, кіш. - Шалының көңілі көтерілгенін біліп ақ кемпір көршінің тауығына қаттырақ жекіп, бірнеше тасты атып та үлгерді.

- Қойсайшы әуре болмай,-деген шалының сөзі де әлсіздеу шыққан.

- Аулаға жүгіре басып енген Сүйінбек етік жамап отырған Алтекеңе «Ассалау» деуге шамасы зорға жетіп, ентігін баса алмаған қалпы жып етіп үйге кіріп кетті. Тым асығыс екен, жай күйді сұрауға шамасы келмеді-ау деді іштей ақсақал. Жөнін білші дегенді емеурінімен білдіріп, кемпірін жұмсады. Ақ кемпір бөгелді. Үйден баланың жая-лығын ала шыққан келінінен:

- Жай жүр ме екен? - деп сұрады.

- Әлгі әкім өртке жинап ... - деп барып бөгелді келіні.

- Иә.

- Жер сабалап, түтін жұтып не бар онда. Сонан жы-лыстап...

Алтекең ар жағын тыңдамады. «Әй, мынау өзі ...мы-нау ... Сүйінбек емес нағыз сүмелектің өзі екен ғой». Қайда әлгі кемпірі. Есіктен шалының бетіне жалтақтай қарап келе жатқан кемпірі де бір жайсыздықты сезгендей.

- Әй, ананы ... ананы үйден қуып шық. Әрмен кетсің пәлекет.

- Ақ кемпір қипалақтап, бірдеме айтқысы келгендей шалының бетіне жаутаңдап қарай берді. Ақсақалдың ашулы жүзіне тіктеп қарай алмай, амалы таусылғандай алақанын жайды да:

- Ол күйеу бала болғалы жүр, - деді.

- Құрысын! - «Құрысын» деген сөзбен бірге Алтекең ой-ына өткеннің бір сәті оралған. Ту, төңкерістен сәл бұрынғы шаматын. Әкесінің інісі Рахымнан қызы Сән-гүлді айт-тырған жері қалыңмалын төлеп, енді әкетеді деп отырған. Түнде шыққан өрт елді қапыда қалдырып, айнала тегіс жанып жатты. Атқа мінуге жараған еркек атаулы түгілі ересек балалар қолына ұрғыш алып, өртке кеткен. Өртке бармай қалған болашақ күйеу бала Ерсін екен. Ерсіннің ел түтінге қамалып жатқанда үй-үйді аралап қымыз ішіп, қатын-қалашпен қалжақтасып жүргені ертеңінде-ақ ду етіп жұртқа жайылды. Мұны естіп Рахым шалқасынан түсті.

- Қызымды оған бермеймін.

- Қалыңын төлеп қойды ғой.

- Қайтып алсын. Анадай сүмелекке қызымды қор ет-

пеймін. Жаумен жағаласа алмаған сүмелектен не абырой алмақпын. Онан туған жиендер не оңады. Жоқ, атамаңдар. Сәнгүл оған бармайды.

- Құда жағы келіп кетті. Рахым көнбеді. Ертеңіне төленген қалыңмалын айдап тастаған да, Сәнгүлді осы маңның бір жігітіне ұзатып жіберген.

- Сонда, - деп ойлады. Алтынхан ақсақал, бұл өзі бала еді. Көзі көрді бәрін. Рахымды ешкім сөккен жоқ. Біраз торсаңдаған құда жағы «ә» дегенде намысқа шауып, еді - реңдесіп еді, сол елдің көпті көрген ақсақалдары тиып тастапты. Көргені сол әдепті жол еді. Мына кемпір не деп былшылдап отыр. Сонда қалай, ана Сүйінб...б ә, ә мына сүмелекке енді бұл қызын бермек пе.

- Ол, әлгі... біздің Танагүлге ... екеуі көңіл қосып ..., - деп кемпір күбежектеген.

- Тәйт әрі. Тап бүгін ауылын ойламаған бейшара ертең қатын әлып, бала-шағасының қамын жейді деп пе ең, - Алтекең қолын сілтеді .

- Заман солай ғой ... Ендігінің ...

- Жап аузыңды. Заманды адам жасайды. Заман деп енді Құдайды кінәлымақпысың. Ана сүмелек енді табалдырығымды аттамасын. Қу! Қу өзін.

- Енді не айтайын, - деп сасқан кемпірі қолы дірілдеп, жаулық астындағы шашын түзеді. - Енді... енді... Әу, шал, болары болып қойыпты.

- Не дейді? - деп Алтынхан ақсақал сілейіп тұрып қалды.

- Өртке шаппаған бейшара жау іргеден кіріп келген оған қарсы тура ма. Намыстың сөнген жері елдің де өлген жері емес пе. Қайран елге мына сияқты мәжбүн, сұлу киінген сүмелек ие болғанда жетері не. Негр шапқан орыс қызы бес жылдан соң орысқа тисе де қазанның түбіндей қап-қара бала туыпты. Бұл зұлымдықтың ұрпаққа берілісі. Құдай солай жазалайды екен. Мына құдай атқаннан... Ақсақал Танагүлді ойлап тіпті шошып кетті. Алла...Алла сүмелектен сұрқия, онан сумұрын тумасына кім кепіл.

- Ой-бүй, ойбай-ай. Қапылыста жамауға шанышқан біз бас бармақтың бұлшық етіне кіріп кетті. «Һай»деп өкіне тістеніп, біз қадалған бармағын сорып, Алтекен ақсақал әлде тәні, әлде жаны күйзелгені белгісіз «ім-ім», - деп жүзінің нұры

қашып отырып қалған.

Ақ кемпір шалына үрке қарады.

естіп едік. Қыз баланы... Әй, естерің дұрыс па-ей, сендердің. А? Қазақ қызды «Қыз» деп атамай, «Балам» дейді ғой. Сойылдасып жатқан екі рулы елдің арасындағы қыз бала жүгіріп шықса сойылдарын тастаған. Әй, кәпір болып бітіпсіңдер ғой, а?

Ағасы сойқанның ар жағындағы жалғасын айттырмады. Көсіле сілтіп, қазақы әдет-ғұрыптан да, діннен де елдің айырылғанын айтып, көкірегі қарс айырылды.

- Әй, Құйрықты, бұзылып біттіңдер-ау. Арыз сендерде, төбелестен көз ашпайсыңдар, қыз баланың қолын сындарған ел естімеген сұмдық сендерді, иттің сүтін ағызып қойып «У» беріп ұясымен қырып тастадыңдар, Астана күнінде, президенттің туған күнін де жасап жатқан спектаклдерің мынау. Құйрықты - бұзылып кетіпсіңдер-ау. Енді не қалды сендерде?

Сары ағасының түксиген бетіне жапақтап қарап алды. Көңілге кірбің түскен отырысты әзілге жеңдіріп жібермек болған еді. Жеңгесіне күлімдеп қарап алды да: - Құйрық дегеннің өзі тепкі тиюге ыңғайлы жер ғой, - деп сол қолымен жамбасын сипаған. Сол ғой бұзылып...

- Әй, қазақтың тепкі жегені аз ба еді. Кәпірдің тепкісінен көзің енді ашыла бастаған еді, бір-біріңмен сиыспай жасап жатқаның мынау.

Сары ағасының үйінен қашып шыққандай болды. Ауылдағы уақиғаның бүгі-шігесін тегіс айтпағанына қуанды. Әлгі жұмысқа жаңа тұрған милиса баланың төбелесте таяқ жеп қала жаздап өзі жасырынғанын, ауданнан қосымша күш келіп Төбелесті басқаны тіліне оралмағанына шүкіршілік етті. Оны естісе ағасы қақ бастан таяқпен салып жіберетініне күмәні жоқ-тын.

Азынаған жел өңменінен өтіп барады, қымданғансыды. Ышқынған жел жазғытұрымнан қалған дымды да, онан кейінгі бірер жаңбырдың суын да біржола кептіріп бітті. Өткен жылы шабылған шабындық қу тақыр десе болады. Бірер қарасына сүйеніп отырған мынау ел енді қайтеді. Көрші ауыл тасаттық

берген екен. Жетпіс жылда тұрып сиюге үйренген біреу өзенге шаптырып тұр еді. Тасаттыққа ел де жаппай ақ ниет болмаған соң күпірлікке оранған ниетің жаратушыға жете ме.

- Оу, не істеп отырсың? - Көршісінін тап жанына кел-генін бір-ақ білді.

- Отырмын.

- Ім. Тағы біраз министірді ауыстырыпты, - деп көршісі білгішсінді.

- Е, мейлі. Ол түгілі премьері де кетті ғой.

Ала күшіктің денесі діріл қағып барып тоқтады да, езуінен кіп-кішкентай тілі сыртқа шықты. Бір тіршілік иесі дуниеге кел-мей жатып адамның кесапатына ілігіп, жарықпен қоштасты. Сары қолындағы таяқтың ұшымен күшікті әрірек сырғытып тастаған. Сырттан да тұрып әрірек кетіп, көкке мойнын созып ұлыды. Даусы қарлығыңқырап барып, қайта созды.

- Мұндайы жоқ еді, мұнысы несі, - деді денесі тітір-кенген Сары.

# ТӨРТ ҚҰДЫҚ ПЕШ

Бүгін Тастыбұлақтың басындағы жалғыз үйдегі төрт-бес шөпші бір-бірімен қырғи-қабақ, дүрдараз. Жанжал шығып кетпегенімен де күнделікті сыйласу көрінбейді, сөздері тіктеу, неғылса да от шығып кетпесін дегендей өзін-өзі зорға ұстап жүрген сияқты. Жылдағы әдеттерімен ана Ақмая руднигінен Шетшоқы совхозына аз уақытқа жалдана жұмыс істеп, бір жағы мына науқанға совхозға көмек етсе, тағы меншікті бір-бір шолақ сиырларына қысқы азық дайындап алмақ ойлары болатын. Жұмаш бастаған ушеуінің мұнда істеп жатқандарына біраз уақыт, ал екі-үш күн кешігіп келген Рахат биыл бір мықты туыс тауып алғансып жүр де, соның арқасында күні бітпесе де бүгін-ертең үйіне шөп түсіріп алмақшы. Тапқан туысы совхоздың бухгалтері.

Сірə соның айтуы бойынша болса керек управляюший келіп:

- Ертең мына Разаңдікіне бір рейс жасап тастарсыздар, - деп кеткен.

Жұмекең іштей, ə, сені ме, дегеніменен сыртқа естірте «Іһм» деді де қойды.

Управляюшийдің бұл бұйрығы іштей қолдау таппады. Өздерінен кеш келген, жұмысқа дегенде бір айыр шөпті көтерін беріп жарты сағат бойы көк езулене мылжыңдайтын.

Рахаттың кезексіз шөп алуы бəрінің де көңіліне қонып тұрған жоқ. Бірақ ешкім «е» деспеді, үнсіз қалысты. Шөпшілер күндегі əдетімен ерте тұрып қамданатын еді. Керзі етігін асықпай тартып киіп жатып Жұмекең:

- Рахатжан, сен төрт құдық пеш тартқыш болады дедің бе осы - деп сұрады. Осыдан біраз күн бұрын шөп айырлап жүрген Рахаттың:

- Ойбой, дүниенің тамашасы төрт құдық пеш көрінеді. Несін айтасың, биыл қатын екеуіміз бір рахатқа баттық, - екі күнде бір жағамыз. Үй деген қайнап тұр, жатқызбайды дегенін құлағы шалғаны бар. Ол жолы бұл жігіттер ду етіп бір күлгенде, Рахаттың мылжыңы аяқсыз қалған. Енді осыны Жұмаш тағы да оспақтап отыр. Рахат тағы да өз мәнеріне салып:

- Ойбой, Жұмке, несін айтасың, төрт құдық пеш тартқыш болатын көрінеді, тіпті пештің аузында отырған менің камзолым желбіреп тұрды. Ой сүйрейді-ау, сүйрей-ді, - деді.

Гәп осыдан басталды. Рахаттың кезексіз шөп аламын деп түніменен көйткеніне зорға шыдап отырған жұрт ілді де кетті.

- Көк тантықсың, - деді біреуі.

- Шіркін-ай, сол пеш өзіңді қалай тартып кетпеді екен. Жер бетінде бір атақты архитектор қапыда қаза болыпты деп ел болып жоқтайтын едік.

- Тіфу, - дейді Дәулет, мына тантық бізді тіпті бұл дүниеден хабары жоқ, үйінде пеш жағып көрмеген тағы адам деп отыр ғой деймін. Әйтпесе о заманда, бұ заман төрт құдық пеш болушы ма еді-ей, ә? Айтсаңдаршы?

Рахат та көнбей жатыр, аузынан ақ көбік аққанша дауласпақ. Көзі ақиланып кеткен.

- Сен тумысыңда пеш көріп көрген жоқсың. Ана көшіріп отырған қағазыңнан кезің тұнып. келесің де пеш пен қатыныңның арасында пырылдап ұйықтағаннан басқа не білесің? Менің Бедр сияқты тамырым сенің түсіңе кіріп көрген жоқ. Әне, соны айт мәстр деп.

Ішіліп отырған шәй жайына қалды. Қым-қиғаш дау. Екеулеп жабылып жалғыз Рахатты жеңе алар емес. Дауға қатынаспай мырс-мырс күліп Жұмекең отыр, міне қызық деп Жұмекеңнің аяқ астынан шығарған дауының артын бағып Тілек күлімдейді. О, Жұмекең, Жұмекең! Тегін шығарып жатқан жоқ-ау бағанағы сөзді. Ет желінбесе де, сорпа ішкендей болған жігіттерге қарап Жұмаш:

- Әй, қоя тұрыңдар. Осы мына Тілек есеп-қисапқа жүйрік сияқты еді ғой. Солай ма, Тілек? Тілек өзіне бір міндет жүктелгенін ұққандай үнсіз бас иді.

- Ендеше, Тілек осы дауды шешсін, сызып көрсетсін төрт

құдық пешті бізге.

Жұмаштан басқасының басы Тілектің алдындағы алақандай қағазға түйісті. Мұрындары пыс-пыс етіп, көздері ежірейіп

- Әй, мынауың былай кетті.

- Жоқ, дұрыс емес, пештің қазандығы құдықтан жоғары тұрмайды.

- Мұның не, сода пештің түтіні аспанға емес, жерге кіре ме? Болды-ау сызып бір кезде Тілек те.

- Төрт құдық пеш болады және тартқыш болады, - деді Тілек. Жұмаш оған ризалықпен елеусіз бір қарап өтті. «Түсінген екен, сұңғыла екен ғой іші» - солай іштей риза болса да Тілектің сөзін теріске шығарды.

- Қазақы пеш ондай болмайды. Төрт құдық пештің аузы жерге қарап кетеді. Сонда пештің мойны қайдан шықпақ? Дұрыс емес сызуың.

Әлгінде ғана Тілектің төрт құдық пеш болады дегеніне масайрап қалған Рахат енді қатпар-қатпар екі ұртын жиырып-жиырып жіберіп, қайта кірісті дауға. Тілек Жұмаш сөзіне жеңілгендей үндемейді.

- Әй, тантық, сенімен дауласуға уақыт жоқ. Өзің төрт құдық пешіңді қалай бер, ал біз сендей мылжыңмен ісіміз жоқ, маяға шөп үйеміз, - деді Дәулет.

- Управляюший маған барасыңдар деген.

- Жо-жоқ. Сенің бүгінгі ызаң жетіп жатыр.

Управляюший түгіл онан зорға келсе де саған бүгін бара алмаймыз.

Сол күні шөп те Шетшоқыда базға келіп, түсіп үйілді. Кешінде бұлардың жұмысын тексере келіп, управляюший бұйрығы неге мүлт кетті деп біраз дал болды. Төр құдық пеш уақиғасын естіп мырс етті де, ертеңіне Рахаттың үйіне шөп апарыңдар деп әмір етіп жүріп кетті. Жұрт тағы үнсіз қалды.

Тілек түніменен дөңбекшіп жөнді ұйқы көрмеді. Ел аузынан естігендері рас болса Жұмекең Рахатқа тегін шөп беретін адам емес, қайтсе де санаулы күнін бітіртпей қолына кесе-көлденең ұстаған айырын шөмелеге нығыз шаныштырмай

жіберетін адам Жұмекең емес. Таң қалады.

Міне қаншама уақыт бірге жұмыс істеп жүр, не бір сасқанын, ашуланғанын көрген емес, сабырлы, аз сөйлеп таңдана білер маңғаз жан. Тіпті өзіңді өз ырқына қалай үйіріп әкеткенін түсіне алмай қаласың. Бағанағы ісі бір көрім болды-ау, шебер шахматшыдай пешкемен даулап короліне матты бір-ақ қойды.

- Әне бір жылы Жұмекеңнің соғымы болыңқырамай, ақшасына алуға барған Ақынбекпен араздау болып ала алмай, контор алдына осы сан барса да бастық:

- Жоқ мен сізге міндетті емеспіннен басқа дұрыс жауап бермей біраз қиналыңқырапты.

Бірде бас жылқышымен шүңкілдесіп тұрған Ақынбекті көрді де досы Арыстекеңе келіп:

- Жағдай солай болды, ақшама соғым ала алмай отырмын. Енді сен байқаулы бол. Осы бастық мен білсем ертең-бүрсугүні соғым сояр. Бірақ арамдау ит еді, өз малы болмас биылғы жылқының семізі күрең төбел бие еді. Құлынын қорада ақтамас, күресінге лақтырар. Соны іліп алып біздің шарбаққа жеткізе сал, - дейді. Екі күн өткен соң конторға келіп:

- Ақынжан-ай сәл мойныңды бұршы. Өзің көшіп келгелі дәм татыра алмай, бірде өзім, бірде Кәлен ауырып реті келмей-ақ жур еді. Оның бір реті бүгін келіп тұр. Дәл түсте қасыңа екі-үш жолдасыңды ертіп келе қал, - деп оратылады.

«Әп, бәлем, сөйтерсің» деп масаттанады Ақынбек. Түсте дәм алып отырған қонақтарына:

- Апыңдар, ас алыңдар. Соғым кішілеу болды, жабағым ғой өзімнің. Түс тамағы тез тарайды, - деп ішімдік-жемдіктен молынан сыйлайды. Тамақ ішіп, ризаласып, қол жуғышқа келіп, қолын жуып, шегіне берген Ақынбек әлденеге сүрінетеді. Жаңа ештеңе жоқ сияқты еді, енді қараса өлген күрең төбел шала құлын жатыр.

- Ойпырмай, Арыстеке-ай, осындайыңыз бір қалмайды-ау осы. Елге келген жігіттің шаужайынан алып ылғи... осы не, осы? Осындай пәлені терме дедім сізге, азар болса күрең төбел биені бастық сойған шығар. Енді соның құлынын осы жерге неге әкелдіңіз, - деп ашуланғансып Жұмаш жүр. Қылмысы ашылып, бетінен басқан Ақынбек:

- Жұмеке, құлың болайын, үндей көрмеңіз. Өзіңізге де бір соғым берейін, -деп жалынады.

- Жоқ, - дейді Жұмаш. Мен ел байлығын талап жер ит-құс емеспін, осы елдің азаматымын. Күрең төбел биенің орнына өзіңнің көкқасқа биеңді салғандығың туралы ертең қаулы шығар. Міне, әділі сонда болады. Тілектің көзі ілініп кетіпті. Абыр-сабыр дауыстан. оянып, тез киініп шайға отырды. Бүгінде Рахат шөп алмақшы болып жүр. Кешегіндей емес, мыжыны басылған сияқты. Шөпті жая тиеу үшін үстіне де өзі шықты. Жердегі шөмеледен алып беруші төртеу, «үстінде өз шөбімді өзім тиеймін», - деп Рахат жүр. Жұмаш:

- Раха, байқа ауып түсіп қалып жүрмейік, - деп қояды. Бажырая бір қарағаны болмаса, Рахатта да үн жоқ. Тиелген шөп ортадан аса Жұмаш Дәулетке:

- Сен, айтшы анаған, құлайды мынау бұрышы, - деп.

- Ей, сенің бүгін жағың қарысып қалған ба? Неге үндемейсің? Жөндеп сал, құлайды шөбің қазір.

- Омай-ау, өзің құла.

- Ей, мен саған, миғұла, жөнін айтып тұрмын.

- Жөніңмен қоса құрып кет - ашулана бастаған Рахат сәл бұрышқа келіп Дәулетке қарай аяғын сілтеп қалғанда, шолтаң етті де шөбімен ауып жерге түсті. Шөпшілер ашуланысқан болып жүр, бәрі де тағы да ыңғайы келді ме дескендей.

- Сенің-ақ кесірің өтіп кетті. Ылғи бейнет, екі жұмыс қыласың да жүресің, не өзің адам қатарлы жұмыс істемейсің. Осы кеште енді қайда барамыз, бармаймыз ешкімнің үйіне де, - деп шуласады.

Шетшоқыдағы малға сол күні кешке тағы да бір машина шөп түсіп жатты.

# Ой-толғаныстар

# ИМАН ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ ЦИВИЛИЗАЦИЯ

## АДАМ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Айналаңа қарап- күйзелгенде Түрік ғалымы Фет-хуллаһ Гуленнің «Адам бойында қара түнекке үйіріп әкететін жамандықтың емес, арман-ансарының ақ отауына қолтықтап апарар сұлулықтың сабағына іңкәрлік ұялаған ізгіліктің дәнегі бар» дегені еске түседі. Иә, қазақ қоғамы ізгілік ұялаған ел болған. XX ғасырдың басындағы құдайсыздардың төң-керісіне дейін қазақ жұрты ислам аясындағы имани ұйыған ел еді. «Өлімнен ұят күшті» дейтұғын біз көрген үлкендер. Ұят сезімі - имани заң. Түптеп келсек ұят сезімі туа біткен инстинкт. Ақылы жетпесе де есі кіре бастаған балада ұят оя-нады. Ұят-адамға берілген Тәңір үні. Ұяттан айырылған адам Тәңір үнінен, Алладан біржола қол үзеді екен.

Ар-ұяттың шапағатымен өмір сүрген, ешкімнің ала жібін аттамай, барды қанағат тұтып, барын ағайынмен бөлісіп, ақ ниетін алдыңа жайып, жер бетіне өзінше жерұйық, өзінше жұмақ жасап ғұмыр кешкен қазақы қоғамды мешеу қалған деуге ауыз бармайды. Тірі адамның қысқа ғұмырда күтетіні сол-ақ емес пе. Бірін-бірі тірідей жеп, бірін-бірі құл не күң еткен европа елі жанталасып, техникадан ғана озды. Әлі жанталасып жатыр. Жер бетіне дозақ орнатуға жанталасып жатқандай.

Сол жанталас бізге де ұрығын сеуіп үлгергендей. Бірақ Ол жетпіс жылға созылған құдайсыздыққа ұласып, сананың бүлінуімен қосақтасып, қазақы ортада өзінше көрініс тапқан. Әр адамның қасиеті жасаған шапағатты ісімен өлшенеді, не кесапатты мінез құлқымен айқындалады.

Бүгінгі жастар үлгі алатын үлкендерді іздеп жүр. Сол үлкеннің кей ісінен түңілмеске шараң жоқ. Қарашаның бір Сенбісінде ақсақалдар, ардагерлер күні бар. Баяғы бір кәпірдің салған ізімен жетпістен асқан, мұрттысы да мұртсызы да, ақ кіргені де, буырыл тартқаны да бар, әкімшіліктің мезгеуімен, үстел үстін қайыстыра ақ пен қызылға толтырып, қызып отырғанына айтар уәж жоқ. Ардагер, ақсақал атын иемдену үшін араққа тою қажет болғаны ма? Сол сасыған ауызбен,

былғанған көңілмен жастарға қалай жөн айтпақ? Оны олар тыңдар ма? Ақ-сақалын сүйретіп «дом стариковқа» тапсыру да осыдан бастау алған шығар. «Балам бір кітаптың бетін ашпайды» деп шағымданады сондай «ақсақалдың» бірі. Ол да өзіңнің салған «үлгің» шығар. Несіне күйінесің?

Шортанбай жыраудың:

Кейін келер заманда,
Ұл сыйламас атасын.
Қыз сыйламас анасын, -

дегені де осы болар.

Туған даланы өрт шалып жатса керек қылмайтын жағдайға жеттік. Іргесне өрт келген бір кешегі совхоздың жұртын көтермекке барған жігіт олардың, әр көлеңкеде карта ойнап отырғанын, өзін әжуалап күлгенін айтып, жыларман. Сонда бүгінгі намыстың өлшемі картадан ұтуымен есептелгені ме? Бұл қай сорақылық? Туған дала - Отаның. Отаны өртенсе қабырғасы қайыспас бұл не жұрт, қай тірлік?

Кешегі жетпіс жылға созылған қысталаң заманда ақсақалдар «осы заманды айтып кетті ғой» деп өзара сыбырласып, қиссаларын жасырын айтып, әулие тұтқан ұлы Шортанбай жырауды бүгінгінің кей шалы күстаналап та қалды. «Ойбай ол пәленше рудан екен» деді мұғалім болғаны, ол «бізге керегі жоқ» деді: біреуі, «мен оған қарсымын» деді көзін ежірейтіп. «Қарсы болғаны» ұлы жыраудың 175 жылдық тойында теледидар алдында «ұлы бабаға мәңгі қарыздармыз» деп елді ұйытқан еді «Қарсы» болған да, «керегі жоқ»дегені де әлде біреудің «заказын» айтып, орындағанына не күмән бар. Адам айтаққа ермес болар. Бұл не сорақылық? Өмір деген таразының қай басында тұр бұл «ақсақал». Біреулері ұтар асығын санап, түгендеп отыр. Осы ма жеткеніміз, ұрпаққа не үлгі?

«Абайды мансұқ еткендерді де естиміз. Шортанбай, Абайлар бізге не істеп беріпті?» - деп тыжырынғанды көрдік Бар қазақ бас иген бұл ірі тұлғалар бұл изескендердің есігінің алдының қарын күреп, ауылының ешкісін бағып беру керектей кергігенен түңілесің. Иә, олар партком-сарткомдар үшін дым істеген жоқ, есесіне ұлты үшін, ұлтының ұрпағы

үшін ғұмырын сарп етті.

Ұзаққа созылған құдайсыз қоғамның бүгінгі жаңғы-рығын әруақ алдындағы жауапсыздықтан, сескенбеуден де көріп жүрміз. Иә, оларда ұлы жаратушы рухынан бойына сіңген имани сезімді жүректің жоқтығының куәсіндаймыз. Біреудің моласының басына көріпкел айтты деп көктас қоя салу тап осының көрінісі Қызылту ауылының маңындағы жобаға гео-дезистер белгі - тригапункт қойып кеткен еді. Кешгі ала-пай тұста біреулерге соның мосы ағашы керек болып, алып кетіпті. Соның орнына енді біреулер келіп, «тап осы жерде пәленше - екең жатыр» деп көктас қойғанына не айтарсың. Босаға ауылының Шомақ қыстағындағы бір молаға сонау Ақтоғайдың арғы жағынан біреулер келіп «Шомақ-тобықты, біздің атамыз. Осыдан пәлен жүз жыл бұрын өмір сүрген» деп көктас қойыпты. Сол ауылдың «естияр» ақсақалының бірі «қойса қойсын, бізге не керек, бір тойсақ болды » деп мұртынан күлсе керек. Шомақтың түбі осы өңірдің Қозыбағы еді. Қозыбақтан Бидай, онан Базар би, Базар биден Бозтай, Жұматай, Омар, Шомақ екенін Анарбек жыршы құлаққа сіңірген. Шомақ ұлы Көшкінбайдың 1880-1892 жыл арасын-да би болғанын архив куәландырды. Иманнан жұрдай, бір тоғанына мәз «ақсақалдың» сөзі анау.

Осы жиырма жыл ішінде ана тіліміздің де салтанат құра ал-май жатқаны осы имансыздықтан, тәубасыз ақ-сақалдардың ісі болар. Қысқа ғұмырында биліктегі компартияны жағалап партком боп, қолы жетсе райком- обкомның бір қызметіне ілігіп, тегін курортын жағалап жүргеніне мәз мұндарлар қазаққа мұрнын шүйіре қарап, бала-шағасына сол ауруын жұқтырып, пәмилиясы қазақ, тілі мен өзі орыс боп өсті. Сол кеселді науқасынан күні бүгін айыққан емес. Көріпкел Мөңке бидің «Алашұбар тілің болады, дүдәмалдау дінің болады», - дегені де осы шығар. Қазақи қоғам бүгінде қақ жарылып тұрмыз. Біразымыз иманды жүрегімізбен ата-баба рухына, ғасырлар бойы ұлтымыз қалыптастырған салт-дәстүрімізге еңкейеміз. Енді бір бөлігіміз батыс жұр-тына жалтақтап, жаутаңдап көмек сұрағандаймыз. Бұл тәубасыздар ескіні көксеген есек дәмеден де құр алақан емес шығар. Басып қалған байлығы да қазақы ғұрыппен, имандылықпен сый-ыспайтынын да түсінеді. Сол үшін жанталасады. Сөйтіп,

біздің қоғамда екіге жарылған ел, екі бет, өмір сүрудің екі түрлі үлгісі бар. Бір халықтың, ұлттың екі түр бағыт-бағдар, тілек-үмітпен өмір сүруі мүмкін бе? Кәрі тарих бұған басын шайқайтын сияқты. Ұлттың сәруар сезімдерінен жұрдай, қара басының қамын ғана ойлайтын ұрпақты өсіру сақалын сауған тарих-тың алдында кешірілмес күнә екенін де білген жөн.

Осы екінші топ өкілдері батыстың күні өткен жасығын « жаңалық» деп халық санасына алдап-арбаумен сіңіруге тырысты. Олардың бұл әрекеті өсіп келе жатқан төл мәде-ниетімізге қойған тосқауылы, сол батыстықтардың ойлап тапқан амалы. Тіліміздің, дініміздің, ділдіміздің, тамырына балта шауып, ұлттық рух-санамыздың кемтарлыққа ұшы-рату. Өз мәдениетінен жерігендер солардың сойылын соғады да. Соған уланғандар да баршылық. Таксист жас жігітке «мына у-шу музыканды қоя тұршы, қазақтың халық әндерін қоссайшы» дегенімізде «ол өткен заман, бұл біздің заман, таласпаңыз» деп серпіп тастағаны да сол уланудың нәтижесі.

«Адам баласы үшін иман - бақыттың бастауы» - деп жа-зады әлем таныған түрік ғалымы Фетхуллаһ Гулен. «Адамды адам ететін де, керек десеңіз сұлтан ететін де иман! Мұндай асылдан құр қалу - күпірлік. Күпірлік адам баласын өлексемен қоректенетін құзғын дәрежесіне дейін құлдыратады» - дейді тағы сол ғалым.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында дарвинизмнің да-муы, ма-терияны бірінші орынға қою дінге, сенімге жол қалдырмады. «Құдай өлді» деп жар салды батыс. Тек ақша билеген қоғамға Құдай кедергі еді. Құдай - мораль, мораль тонауға, алдап-арбап баюға қарсы. Ф Достоевский «Құдай өлсе адам-зат ойына келгенін істейді» деп күйінді. Құдайсыз қоғам өмірі бастан-аяқ жын-ойнаққа айналды. Адамдар бір сәттік қызық үшін арын да, бәрін де сатты, тәнін үлестірді. (Кейде біздегі тойларды сол жын ойнақ па деп қаласың). Алаштың азаматы Мағжан Жұмабайұлының:

Күн батысты қара түнек қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған, -

деу, тап осы көрініс.

Бізде батыстың өздері жеріп отырған жасығына еліктеушілік басым. Қазақтың діні мен ділін, ата-баба көшін ілгері сүйреген салт-дәстүрін «ескі-құсқы» дегізіп ауыл- ауылда аңдытып қойған түрлі-түрлі белсенділердің ісі сол еліктеу дұзағына халықтың біраз бөлігін оңбай түсірді. Өзіміз -күнделікті көріп, араласып жүргендердің арасынан сырты жылтыр, әп-әсем көрінгенімен ішкі дүниесі жаның түршігердей, көңіл суып кете береді. Әлдебір тойда жұрт безер болған даңғаза музыкаға елітіп, шыбындаған сәуріктей басын шұлғылап тұрған алпыстың жуан ор-тасына келген кемпірге көзім түсті. Анда-санда еңкейіп рюмкасынан сусындап қояды. ( Тойда тартынбайтын мұндай кемпірлер кәзір алға шықты). Елітіп тұр. Тамада атын айтып шақырғанын да елеген жоқ.. «Бар ма?» дейді жүргізуші. «Бар, бар, - десті жұрт. Әне, анау шалбар киген құдағи». Жұрттың үнінде зіл, мысқыл жатыр. Әжуа. Оған селт етіп жатқан «шалбар киген» кемпір де жоқ.

Қазақы қалпымыздан бұзатын арақ атаулыдан ендігінің жасы да, тыйылып келе жатыр-ау, ең сорақысы-жасамыс қатын, аяғын әнтек басқан кемпірлер рюмкадан сусындаудан алға шықты. Ұят пен ардың иесі, ошақтың киесі деп оларды қалай атарсың.

Айта-айта жауыр болған әңгіме теледидардан көретін сорақылық. Күн сайын теледидардан, интернеттен айтуға ауыз бармайтын неше түрлі азғындықтың куәсі осы жұрт. Төбеңнен төнген пәлекеттен көзді жұмып, құлақты бітесең де, еңсеңді басқан ықпалынан құтыла алмайсың. Сананы улап, жанына жазылмайтын жара салып, адамгершіліктің аяққа тапталғанын көріп-талайдың жүрегі қан жылайды. Осыдан отбасының шаңырағы шайқалды-ау дейтін осы саланың басында отырғандарды көрмей қынжыласың.

Әркімнің үстел басы, дастарханы - жылы ұясы. Дастархан - осы ұяның мүшелері барымен бөлісіп, ата-бабадан қалған үлгіні, жақсылықтарды айтып, отбасын, өсер ұрпақты тәрбиелейтін жалғыз орын. Бұл жерде дүниенің не жаңалығын, не кереметті айтып жатса да теледидарға орын болмауға тиіс. Ол сөндіріледі. Кей үй дастарханына тап

болсаң әркім теледидардың әр көрініске жалтақтап, іри-три болып отырғанын көресің. Дастарханда береке де, жылу да жоқ. «Бұл қалай?» дедік ақсақалға. «Келіннің ісі ғой, оның үйіндегі тәрбиесі осындай. Қашанғы айта берейін» деп қынжылды-ақ мұртты отағасы.

Қысқа уақытта шөлді көлге, мәуелі баққа айналдырған еврей елінде отбасының қай мүшесі қайда, не жұмыста жүрсе де түстік асты өз дастарханынан ішуді ұлттық ғұрыпқа санайды. Тәрбиелі болуы да (премьер-министрін бір қызды зорламақшы болыпты деп, түрмеге қамады. Зорласа ше?) Елінің өркендеуі де ата-дәстүрін бұзбағанының нәтижесі шығар дейсің.

Адамзаттың ендігі дамуының беталысынан түршіккен Америка ғалымы Пат Бьюкенен «Батыстың ажалы» деген кітап жазды. Азғындықтың шектен шығуы, өздерінің «цивилизация» деп жүргені адам баласын құртып тынар қадам екенін қадап тұрып дәлелдеген бұл кітап қай елдің болмасын ойлы азаматтарына еріксіз ой салып отыр. «1950 жылға дейін жасанды түсік тастау қылмыс еді. Гомосексуализм азғындық еді, деп жазады П.Бьюкенен. - Құдайды ысырып тастап, тағын Ақша иеленді. Секс, даңқ, ақша, билік міне жаңа құдайлар. ...Отбасы алдындағы жауапкершіліктен ерке, әйелді босату (әркімнің жеке құпия өмірі бар деу. К.Ж.) ... нәтижесінде отбасы біржола жойылуға айналды».

Шортанбай жырау мұны білгендей:

Заман ақыр кезінде,
Қойында қатын жатпайды.
Ұрысса тілін тартпайды.
Қызыл көйлек киеді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенді сүйеді, -

деген екен.

П. Бьюкенен киногерлер табынып жүрген Канн фестивалінде бір деректі фильм көрсетілгенін, онда жезөкшенің 151 адамды бұтының арасынан өткізген сұмдықты көрсеткенін ашына жазады. (Сол Канн фестиваліне біздің елде барып жүр ғой. Ұлтымызды масқаралайтын кинолардың

бізде де түсіріліп жүргенін біздің журналистер де жазып жатыр). Ал, цивилизацияланған Дания, Белгия, Герман, Швеция, Норвегия, Голландия, Францияда бір жыныстылардың қосақтасуына рұқсат берген заң қабылданған.

Мұндай «өркендеуді» жабайы цивилизация демеске лаж жоқ. Адам баласы тағылық тас дәуірінде де мұндай сұмдықты көрмек түгілі естімеген шығар. Бұл азғындардың арты түнекпен ғана бітер. Мүмкін Европа жұртының жаппай мұсылман дінін қабылдауға ұмтылысы сол түнектен шығудың амалы да болар.

Адамзаттың біразы басынан кешіп жатқан бұл жұқпалы дерт исі қазақтың ортасына енбесе екен деп тілейсің. Үл-кендер өз жасын өзі сыйлап, сақал-шаштарына кірген ақты құрметтеп, жасқа өнеге болса екен дейсің. Бірақ ақ кіргендердің ісі мен сөзінен көңіл құлазиды. «Маған медаль бергізші» деп әкімді жағалап жүргендерді айтпай-ақ қояйық. Ол бейшара пендешілік. Бірақ соның да ар жағында саңлаусыздық жатыр. Ал, бір «көңілденіп» қайтқысы келіп тұратындарды, «осындай бір кездескенде «100»-ді тастап жібергенге не жетсін» дейтіндерге не айтасың. Уызға жарымаған қозыдай жасынан Ізгілікке мейірі қанба-ғандарға расында да ештене қалған жоқ. Бұрынғының ақса-қалдарындай тарихтан сыр шертіп, серпіліп әңгіме айтып, (ол өнер ғой, одан мақрұм қалған), ит жүгіртіп, құс салу да жоқ. Бұрынғының адамы өрмеші де еді, ер қосатын, үйшілік ететін, ендігінің қыдырымпаз шалының бұлай етуіне мойыны жар бермейді.

Үлкеннің уақыты еңкейіп барады. Үңірейіп алда белгісіздік тұр. Көңілді қашанғы «жүзбен» жұбата беруге болады. Алдынан шығар белгісіздіктен қорқыныш, шын-дықтан үрей бар. Мұндай адамдар сол үрейлі сананы «көңілденумен» өшіріп тастауға ұмтылады. Той-думан-шылдық, ес тандырар музыкаға есіріп, әйелі ербеңдеп, еркегі жарбаңдап жүруі де сол шарасыздықтың нышаны ма дерсің.

Жасынан ізгілікке мейірі қанбаған кей үлкеннен жасқа үлгі бол деу де шындыққа жараспас.

# АБАЙИЗМ

## ҚАРАСӨЗДЕРДІ ҚАЙТА ОҚЫҒАНДА

Қазақ халқының ғасырлар бойғы тіршілік еткен қоғам үлгісі ресей отаршылдығы тұсындағы өмір сүру тәсілінен де, Совет заманындағы социализм үлгісінен де ерекше еді. Батыстың оның ішінде совет ғалымдарының рулық-пат-риархализм деп таға салған айдары шындықтан шеттеу жатқан тұжырым екенін білгендер көзінде айта алмай кетті.

Адамзаттың сүттей ұйып тұрған тірлігін Америка үндістерінен көрген Морганның зерттеу жазбалары адам ұрпағының болашағы туралы тәтті арман туғызып, марксизм ілімін дүниеге әкелген екен.

Міне, осыған үндес қоғам, қазақы қоғам, ғасырлар бойы қазақ даласын мекен еткен көшпенділердің өмір сүру тәсілі болғаны анық. Мыңғырған мал айдаған көшпенділер ру деп (колхоз, совхоз да дедік қой) аталған коллектив боп өмір сүрген. Рудың негізі - туысқандық, бірлестік болса, сол ру коллективте туысы басқаның, тіпті бөтен жұрттың өкілдерінің өмір сүруіне шек қойылмаған.

Әр осындай ру коллективтің өзіндік басқару жүйесі болған. Мұнда жеке адам мен коллективтің ара қатынасы әрі жіктелген, әрі жымдасқан. Бұл еркін өмір сүрген қазақы қоғамдағы халықтық демократияның нағыз көрінісі еді. Бұл қоғам әділеттілікке негізделген. Қоғамның қай мүшесі болса да сол әділетсіздікті сезсе өз еркімен туыстас екінші ру коллективке кетіп қалған. Мұның өзі коллективті басқа-рушы бай, не би, не ақсақалдың турашыл болуына мәжбүр ететін жағдай еді. Туыстасы кетіп қалған ондай басшының мал-мүлкі дұшпанның табан астынан талауына түсіп, жемі болатыны анық.

18 мың жылқы біткен Арқаның атақты байы Адамбай

Тұрсынның ауылдастарына «уа, кернейдің баласы, Қызыр жанап мына мал өсті. Мұны енді бір опат болмаса даланың бөрісі мен ауылдың ұрысы тауыса алмайды. Бұл орталарына келген сендердің ырыстарың. Қолыннан қақпаймын ағайын. Жұмса, же. Бірақ жалпы қарамына ие бол» дегені осының көрінісі.

Ру - коллективтегі мал жеке де, әрі коллективтік мен-шік еді. Әр отбасының малы бола тұрса да онысын сол ауылдың басқарушысы бай, не би, не ақсақалдың малмен қосып баққан тіпті сөйтіп жүріп өзі байып, жеке ауыл боп кеткендері де жеткілікті. Маясар ақынның әкесі Жапақ жалға жүрген Шетбай біраз жылда бес жүзге тарта мал жинап алған. Шетбай ұрпақтары кейін де кәмпескеге ұшырады.

Қазақы қоғамда руласының ішіп-жемі ауыл иесінің мойнында болған. Ағайынға сенген мал иесі тіпті малшы ағайынның көңіліне қарап малын санамаған да екен. Оған ертеректе 20 мың қой біткен Ботбайдың, немесе саяси лагерде 33 жыл отырған Құнанбай Бейсенұлының сөзі дәлел. Осы жолдардың авторына екі жарым мың жылқы біткен Құнанбай ақсақал «малымды сонан көрмедім, тек атақты айғыр мен билердің амандығын ғана тапсырушы едім» деген еді.

Ру ішіндегі ағайынның еңбекке қабілеті де әртүрлі. Азаматына жылқы бақтырса, кейбіріне қозы-лақ тиген. Қайсыбір бие сауса, қолынан келері үйшілік еткен, отын тасыған, әйтеуір ешбірі жатып ішер бола қоймаған.

Қазақы қоғамда мүшелерін шетінен жалқау етіп көрсету - қате. Ондай қоғам өрістей алмас еді, өнбей жатып өшер еді. Өртке, апатқа, жауға қас-қалқанша бар ер азамат атанатын болған. Онан қашу - қатты жазаланған.

Өзінің ішкі тәртібі, басқару механизмі бар, береке дарып, сүттей ұйыған осы қоғамның күн өткенін ұлы Абай жақсы түсінген. Қазақы қоғамның өрісін тарылтып шұрайлы даласына бекіністер салып, линиялармен қоршап, отаршыл орыс империясы шынжырмен буып тастады да, іштей ірітуге көшті.

Бұл туралы Абай алтыншы сөзінде «Бірлік қандай елде болады... Қазақ ойлайды, бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? ... Осы ма бірлік? Жоқ,

бірлік - ақылға, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса антұрғандықтың басы осы... Әуелі біріне бірі пәле іздейді», - дейді.

Шұрайлы жерінен айырылып, берекесі қашқан елдің енді бұрынғы қазақы қоғамдағыдай мал-жанын ортақтас-тыра өмір сүруінің дәурені өткенін, қазаққа «ақыл бірлігі», яғни саяси-ой бірлігі, әрі-беріден соң өз тәуелсіздігі қажет екендігін меңзегендей Абай қазақы қоғамға жат қылық «біріне-бірі пәле іздеу» қоғамның негізі шайқалғанның көрінісі екенін жақсы түсінеді.

Өктемімен қоғамның іргесі шайқаған отаршылдық оның мүшелері қазақты да дел-салдыққа түсіріп, өр мі-незді, жомарт сері көңілді қазақтың берекесін қашырып, бейшаралыққа қарай сүйреді. Қазақтың осы халіне Абай қатты қорланды. Ол екінші сөзінде «ен тәуір халық біз екенбіз» деп қазақ боп туғанына бұрын қуанса, енді басқа жұрттың артында қалған елінің халіне өкініп, «ноғайға қарасам солдатқа..., кедейлікке шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге шыдайды. Біздің ең байымызды сенің лас аяғыңа қойған еден жоқ, шық, сасық қазақ» деп, үйінен қуып шығады. Оның бәрі... шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз. Бағанағы... мақтан қайда? деп жұртының зарын тартады.

Қазақы қоғамның іргетасын қопарып, оның орнына құрған Ресей империясының елді басқару жүйесі, мемлекеттік құрылыс қазақтың қазақтығын өз жолымен дамуына жол бермейтін, өрге емес, өшіруге бағытталған жол еді. Мұны жақсы түсінген Абай орыс үкіметінің қолшоқпарына айналған билеушілерді сынай отырып, олар ұстанған жолдан түңілген. Ол сегізінші сөзінде «Осы ақылды кім үйренеді. Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз... деп сайланды... ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба... деген бейнетінің бәрі басында.

Байлар,... бір күн болса да дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Көңілдері көкте, көздері аспанда. Оның діні, құдайы, халқы, білімі, ары, жақыны бәрі - мал. Сөзді қайтып ұқсын.

Енді ұры-залым, сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды. Онша-

мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. ...Ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ «бізді не қыласың» дейді, - деп сол заманның әлеуметтік халін, өзін-өзі би-леуден қалған қазақ қоғамын, тығырыққа тірелген қазақ халқының жағдайын ашына жазады.

Ру - коллектив боп өмір сүруден қалып бара жатқан елінің жағдайын, ағайын арасындағы өршіген қаскөйлікті жеке баюдың жолына' түскендердің арам пиғылын ұлы Абай үшінші сөзінде былайша көрсетеді. «Осылар бір-біріне достық ойлай ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, ... ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық... болыстық билікке таластық». XX ғасыр соңында жекешеленіп жатырмыз-ау, тағы осы қаскөйлікке тап болмасақ та деген ой жегідей жейді.

Қазақы қоғам отаршылдардың тепкісімен ыдырау үс-тінде еді. Ел ел болудан қалып бара жатқанын Абай тағы сол үшінші сөзінде момынның баласы «Өзі басын өзі осын-дай таласпен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тиылмайды... Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйемін десе, соған жақ болып, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады» - деп орыс-тың заңы_мен_ұлығына табынып, әбден бүлінген елін«сөз та-нымайтын елге сөз айтқанша өзіңді танитын шошқа жақсы» ( 19 сөз) деп түңіледі.

Жұртының қамын жеген іші толы «у мен дерт» Абай өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып етеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып,... өрістерлік күн болар ма екен? - деп күйіне армандайды.

Ұлы Абай «өрістерлік күнді» армандап қана қоймайды, осы тығырықтан шығар жолды да іздейді. Бұл үшін ол Ресей патшасы енгізіп отырған басқару системасын қазақ игілігіне жаратқысы келеді. Абай тап сол тұста орыс отаршылдығын лақтырып тастау мүмкін еместігін жақсы түсініп, отар-шылдық билеу саясатын пайдалана отырып, жан-жақ боп дауға көшіп берекесі кеткен елді біріктіру мақсатын көздеген.

Ел ішін бүлдіріп болған (бірақ сол дау-дамай орыс үкіметі үшін пайдалы) би-болыстыққа таласқан партия - партияның таласы болатын. Абай үшінші сөзінде болыстыққа Европа білімінен хабардар адам болуын тілесе, ондай оқыған, көкірегі сәулелі азамат табылмаса болыстың «губернатордың назначениесімен» қойылуын жақтайды. Абай бұл жерде орыстың билігі өссін дегендіктен емес, елдің дау-шардан арылып, халықтың ес жиып, бірігуін көздеп отыр.

Қазақта «бай құт емес, би құт» деген мақал бар. Ел арасының дау-шарын бітістіруші, халықтың ғасырлар бойғы бірлігін сақтаушы, береке басы, ырыс-несібесін ұйытушы халық билері екен. Қазақта биді ешкім сайламаған. Қазақтың көне заңдарының білгірі, әрі өте әділ де, шешен адамға ел жүгінген. Би деп танылған адам өмір бойы сол биліктен түспеген. Орыс заңының қазақ ғұмырына қайшы келгенін көрген Шоқан Уәлихантегі де сол көне билікті қалпына келтіру туралы жазған еді.

Елді береке, бірлікке шақырған көне билік жолын отар-шылар біржолата қиратып, әр ауыл старшынға би сайлап қоятын етті. Мұның өзі «халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді» (3-сөз). Елді көрінгеннің жемі болудан сақтап, бірлігін көксеген Абай би болар кісінің «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Тәуке ханның...» «Жеті жарғысын» білмек керек» деп та-лап қоя отырып, «билікке жыл кесілмей сайланса, олар жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түс-песе» (3-сөз) - деп бүгінгі күнде үшінші билік саналып жүрген сот жүйесін ұсынады. Міне, бұл жағдайлардан ұлы Абайдың тек ақындық өнерінің шыңына жеткен адам емес, қазақ мемлекетінің жобасын жасап, болашағын көздеген аса ірі тұлға екенін көреміз.

Ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілік ету жолынан айырылған ел XIX ғасырда күрт кедейлене бастады. Мал азайды. Кәсіпсіздік ұрлықтың өсуіне әкеліп соқты. Ел қайыршылыққа ұшырай бастады. Осы тұста Абай бұл тірелген тұйықтықтан шығудың жолы қолөнер деп білді. «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. «Мал жұтайды,

өнер жұтамайды» дейтін зауыт-фабрикасы жоқ тұста Абай қолөнерді дамытып, қайыршылықтан, босудан сақтағысы келеді. Ол қолөнердің ар жағында өндірістің де тұрғанын, қазақты соған қарай бұру керек екенін жақсы түсінген.

Міне, осы тұста Абай жақ-жақ боп айтысып, араздасып-қарыздасып, берекесі кеткен еліне «Құдайтағала... адам баласын өсіп-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарыздар ісінің алды әуелі көбейтпек. Кімге достығын болса, достық достыққа шақырады, ең аяғы ешкімге қас сағынбастық» - деп үйретеді.

Қазақты бір-бірімен араздастырып, бөліп ал да билей бер отаршылар принципімен жұмыс істеген тұста да есті адамдар бұған өз хал-қадырінше қарсы әрекет еткен. Жал-пақ жатқан Қояншы тағай елінің кешегі Кенесары ханмен бірге болған биі Дүйсенбай ақсақал болыс сайлауы кезінде елді болыстыққа таластырып, қырылыстырмай әр атаның баласын кезекке қойып, болыс сайлатып, ел бірлігін ұстаған екен.

Ел болмасын деп қазақтың хандығын жойып, әділдік Іздемесін деп көне билікті бір жола құртып, жауластыруға жеңіл болсын деп ақсақалдың аузын жапқан Ресей үкіметінің шараларын жақсы түсінген Абай осы тұйықтан жол іздеген.

Әлемнің әдебиеті мен философиялық, саяси ойынан мол хабары бар Абай сол кездегі мемлекет құрылымы жөнінде үздік пікір айтқан Руссоны да, Монтескьені де оқыған. Руссоның «халықтық суверинитет» жөніндегі ойы, Үкіметтің парламентке тәуелділігі жөніндегі пікірі, Монтескьенің биліктің үш тармағы, олардың бір-біріне тәуелсіздігі жө-ніндегі ұстанымы оны ой жетегіне сүйрелей түскен. Абай өз халқына тән, оның ғасырлар бойғы дәстүріне лайық жол іздеген. Ол бұл жолды тағы да қазақтың көне дәстүрінен тапқан да, соны халқына ұсынған, түсіндірген, насихаттаған.

Ол отыз тоғызыншы сөзінде қазақта «ол - заманда ел басы, топ басы» деген кісілер болады екен. Көш қонды болса, билік алады болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен...

«Бас басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу тілеп, екі шылбыр, бір тізгінді бердік саған. Берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зер тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң,... солардың қамын жемей қайтеді», - дейді.

Халық әділ билерге ғана жүгінген. Бір рет әділетсіз шешім еткен биге жұрт жүгініске енді қайтып бармай қойған да, ол би ешкімнің қаулы-қорарынсыз-ақ мәңгілік биліктен айырылған. Әділдікпен, шешендікпен, білгір-лігімен атағы шыққан билер ел басылыққа көтерілген. Қазақ «бай құт емес, би құт» деген де, бай да, қара да бидің беделін (полициясы, әскері, жазалаушысы болмаса да) бағынған.

Әділ би - ел басылар хан сайлауына қатынасып, негізгі атқарушы үкметті белгілесе, әрі заңды қараушы, оны толықтырушы жеті жарғыны (заң шығарушы орган) кесімсіз мерзімге сайлаған.

Сөйтіп қазақ даласында бір-бірімен біте қайнасқан биліктің бұл үш түрі ертеден қалыптасқан. Міне Абай осы жолды халқына қайта ұсынып, қазақ халқының дербес даму бағытын «жақсылық жамандықты айыра алмай» адасып қалған еліне насихаттаған.

Абай осы отыз тоғызыншы сөзінде «басы бәрі де өз малы болған соң» бүкіл ру - коллективтің қамын жейтіндігін айта келіп, қоғамдасып өмір сүру қажеттігін, әр отбасын жеке-жеке жібергісі келген патша саясатының тек ағайын арасындағы мәңгі бітпес жаулыққа апаратынын ашық айтып, елін сақтандырып отыр.

Соңынан жандарымның жансыздары мен сасық тыншылар өріп жүрген заманда Абай ашық түрде хан үкіметі керек деп жар сала алмады. Бірақ оның бүкіл жазғандары мен ой түрткілері хан үкіметін жақтағаны анық көрініп тұр. Ол қырық бірінші сөзінде отаршылдықтың әсерінен азып болған «қазақты я қорқытпай, я параламай» (жақсылық жолына кетер қаржыны өзің төлеп. К.Ж) ақылмен не жерлеп, не сырлап айтқанмен ешнәрсе көндіру мүмкін де емес... Өздерінің ырбаңынан басқа қызықты нәрсе бар деп ойламай-

ды, сөз айтсаң түгел тыңдап тұра алмайды. Енді не қылдық, не болдық? - деп мыңмен жалғыз алысқан» шарасыздығын да жасырмайды.

Ол қазақты ел қылам дегенге «Әуелі - бек зор өкімет, жарлық қолында болу керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз... Медреселерге беріп,... дүниедегі ғылымның есепсіз жолдарына» салып, тегеурінді саясат жүргізуді жақтайды (41-сөз).

Бұл үшін Абылайдай қайсар да ақылды хан керек еді. Яғни, биліктің бір бармағында отырған ханның билігінің пәрменді болуын қазақ елінің өрістеуінің, ілгері кеткен Европа жұртының табысын тезірек меңгеріп, қарыштап кетуінің кілті деп білген.

Абай отыз жетінші сөзінде «Сократқа у ішкізген... пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» - дейді. Би екеу болса, дау төртеу дегендей білімді-білімсіз, бірі аңқау - бірі қаскөй жұртты жапа тармағай билік дауына салып жібермей, Абай «ел басы, тап басы» кісілердің, әділ билердің ел тағдырын шешуін жақтайды. Мына біздің бүгінгі тәуелсіз елімізде парламентке атақ үшін, кейбірі қалтасы мен құлқынын толтыру үшін сайланып жүргендерден құтылып, «ел басы, топ басы» деп елі таныған элита бара алса қазақ шаңырағы берік болар еді.

XIX ғасыр аяғында тұйыққа тірелген қазақ еліне Абай осы тығырықтан шығудың жолын салып берген. Сан түрлі идеялар, саяси ағымдар қақтығысқан XIX ғ. Европада марк-(сизм дүниеге келсе, қазақ даласында көшпенділердің еркті өмірінің ендігі бағытын түзеген Абайизм туған. Абай сөзі - қазақтың көксегені. Абай сөзінің ар жағында қазақы қоғамның идеологтары Бұқар жырау, Шортанбай, Дулаттардың «елім» деген қайғысы мен мұңы, шексіз арманы жатыр.

XX ғасырдың басында қазақ туын көтерген Алаш Орда азаматтары Абай тағылымы негізгі бағыты етіп алған еді. Алаш Орда азаматтары Абай тағылымы негізгі бағыты етіп алған еді. Алаш азаматтары Абайизмді толық зерттеп, халық игілігіне айналдыра алмай, дегеніне жетпей кетті. Абай нұсқап кеткен жолдың, Абайизмнің барлығына дау туғызу жетесіздің ісі. Ол жолды танып білу, терең зерт-

теп ел игілігіне айналдыра білу бүгінгі ойлы азаматтын ісі болуға тиіс.

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» (37-сөз) деген Абай. Бүгінгі жекешелендіру дәуірінде көзді жұмып жіберіп, байлыққа белшесінен батқан, өз құлқынын ғана ойлағандар да XIX ғ. Абай сөзінен тыс қалмапты. «Сарсаңдықпен, арамдықпен әйтеуір мал тапсам» дегендерің пиғылын «қазақ түгіл, көңіл жиіркенетін ісі», - деп тұжырымдаған екен.

Абай қырық екінші сөзінде «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі - жұмысының жоқтығы. Ол ауылдан ауылға... тамақ аңдып, болмаса сөз аңдып, қулылық, сұмдықпен адам аздырмақ үшін... пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар... малын өңкей малшы, бала-шағаға тапсырып,... өзі пәле шығаруға, я сондайлардың сөзін естігенім деп елге жайып жүруге, айтып ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді», - дейді.

Мына жекешеленген заманда не еңбек ет дейтін совхоз-колхозы жоқ, не баяғыша би, яки ақсақалы жоқ заманда бәрі онжылдықты бітірген «сауатсыз» білгіш, сол Абай айтқан жұмыссыздыққа, бойкүйездікке салынбас па деп көңіл күпті.

Қайтсек ел боламыз, қайтсек қазақтығымызды сақтаймыз? Armансыз ел болмайды. Арман бастаушы идеология. Бүгінгі идеологиялық тоқырауға ұшыраған заманда сол идеологияны жаттан іздеп те, қолдан жасап та керегі жоқ. Қазақтың көксегенін Абай айтқан. Қазақтың идеологиясы - Абай жолы, ол Абайизм.

23.VI.1995 ж.

# АБЫЛАЙ АЛТЫ АҒАШЫНЫҢ ІЗІМЕН

Өткен ғасырдың елу жетінші жылының жазы еді.Он сегізге енді іліккен шағым. Ұлытауды да алғаш көріп, тамсаған шағым. Ұлытаудан жиырма-отыз шақырым Ешкі- өлмес деген жерде біраз болуға тура келді. Сол жерден Құрман деген дос таптым. (Сол достығымыз әлі үзілген жоқ).Құрманның әкесі Молда Ысқақ, неге екені белгісіз,маған сенім артып,1931 жылғы көтеріліс туралы әңгіме шертіп еді.Сол сенімін ақтай алдым ба екен?

Ешкіөлместе Жақсылық атты завхоздың үйіне барып, қымыз ішіп тұратын едік. Жақсылықтың қарындасы Орын-күл мен қалмақ қызы Санжиева тіл үйірген қымызды кезек са-пырып, ағаш тостағандарды босатпайды. Сондай отырыс-тың бірінде дембелше келген, қараторы жігіт өрімі жуан тобылғы сапты қамшысын бүктей ұстап, сәлем бере кірген. Ағынан қарасы көп көзінде ұшқын бар өзіміз қатарлы жігіттің жүзі аса жылы еді. Ығысып төрден орын бердік.Жігіт әңгімешіл екен. Есімі Кенжебек екен. Әңгімеден құр қалмайтын отағасы Жақсылықтан Ешкіөлместің асбесінің талшығын ұршыққа иіріп, шекпен тоқып киген Жайлаубай Кеңесұлы туралы естідік.

Кенжебектің өрімі жып-жылмағай жылан сырт қам-шысын томашалап, қолдан-қолға өткіздік. Қамшының ала-қанын да әдемілеп келтіріп, шашақтап,бүлдіргісін өріп- өрнектеп, тобылғы саптың үстінің әр жеріне шашақпен түймелеп сәндеп бағыпты.

Сөйтіп отырғанда Кенжебек қалтасынан қарындаштан сәл жуан, ұзындығы он сантиметірдей алты ағашты алды да, бірін-біріне кертіктерін қиыстыра сұғыстырып бізге ұсынды. Әуелі қолын алған Нұра аудандық Жолдыбай Төлеуов деген досым.

- Бұл не? - деп сұраған.

- Мен қиыстырдым ғой, енді ажыратып көрші, - деген Кенжебек күлімсіреп.

Жолдыбай біраз әуреленді. Алты ағашты кезек-кезек жұлқылады, мән шықпады. Жақсылық алып ажырата алмай Құрманға ұсынды. Қолы түгілі, тісін жұмсаған Құрман әбден терлеп, «мынаү не керемет деп тоқтаған». Орынкүл мен Санжиева да құр қалмады. Соңғы кезек маған келген. Күштедім болмады. Қисынын табуға тырыстым, көнбеді. Бір-біріне сызатсыз жымдасқан алты ағаштың кертіктері көзге ілінбеді. ¥зақ әуреленіп, болдырып барып мен де қой-дым да Кенжебектің өзіне ұсындым.

Кенжебектің бас бармағы алты ағаштың біреуін сыр-ғытып жібергендей көрінді де бәрі бөлініп-бөлініп шыға келді.

- Әй мұны қайдан алдың? - деп сұрады Жақсылық.

- Маған Оқап Жұмабекұлы жасап берді. Абылайдың алты ағашы осы екен, - деп күлімсіреген Кенжебек.

Иә, Абылайдың алты ағашымен алғаш рет осылай кезіккен едім.

Аңыз, Абылай қапы алыста дұшпанның қолына түскен дейді. Күзет мықты, қашуға жол жоқ, ұзақ жатса керек. Бір жолы Абылай өзін күзеткен қалмақ шалына бір жаман бата айтшы деп сұрапты. Сонда күзетші «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген екен. Қапастан құтылудың Абылай амалын ұзақ ойласа керек. Сонан қалмақ ханына шарт қойыпты. «Мен бір жұмбақ айтамын. Осыны шешсеңдер мен тұтқын болып қала беремін, шеше алмасаң босатуға келіс» депті. «Біз де ел емеспіз бе, бір қазақтың жұмбағын шешерміз».

Деп қалмақ ханы келіскен екен. Хан қалмақ елінің бар білгіш, жақсы-жайсаңын жинап, Абылайды алдырып:

- Айт жұмбағыңды, - десе керек.

Сонда Абылай қиюын білдірмей жымдастырған осы

сынық сүйемдей алты ағашты қолына беріп, «сындырмай, бүлдірмей ажыратуын талап етеді». Қалмақтың бар жақсысы, данасы, күпінген-ісінгені кезек-кезек қолға алып, бір түс арпалысып, шешуін таппаса керек. Талабы орындалған Абылай осылай босанған екен. (Енді біреулер қазақтың бір

топ азаматын босатқан) деседі.

Ұзақ жылдар осы Абылай алты ағашы естен кетпеді. Қалам ұстағанның біразына айтып көрдім. Ақын - өлеңнен аспады, прозашы оған қадам баспады. Сонан 47 жыл өткен соң Құрман досымды іздеп барғанмын. Жанымда Мағзұмбек редактор, музей бастығы Сейтжан. Абылай алты ағашын тағы сөз еттім. «Кенжебек менің інім ғой, алты ағашты ұстап жүретін, өзі қайтыс болды», - дейді Сейітжан. Абылайдың жұмбақ ағашы кімнің қолында кеткені белгісіз. Ендігі өскен жұрт бұл туралы естімепті де. Біраз сұрастырып көріп едім, ақсақал дегендердің өзі көрмеген, білмеген болып шықты. «Шіркін-ай, осындай мұраға да ие бола алмайтынымыз- ай» деген өкініш кеудені қысқан.

- Сейітжан, сен ізіне түс,тапсайшы, - деп өтіне беремін жолдастан.

Биыл, 2009 жылы, Едіге батырдың мазарының жайы туралы мәселе көтеріп Ұлытауға тағы бардым.

- Кәмеке, Абылайдың алты ағашы табылды. Сізге де біреуін жасатып қойдым, - деп Сейітжан жарқырай қарсы алды.

Әйтеуір біреуден алты ағаштың сынығын тауыпты. Соған қарап құрастырып, музейге әлденешеуін қойғызыпты.Мектеп оқушыларын музейге шақырып, Абылайдың алты ағашын көрсетіп, қыр-сырын таныстырып, аңызына да қанық етсе керек.

Сөйтіп жарты ғасырдан артық уақыттан соң Абылай бабамыздың қапастан құтқаруға себепші болған қыры да, сыры да молалты ағашпен көрістім.

Үйімнің төрінде тұрған Абылайдың алты ағашына күніне бір қарап қоямын да, тағдыры талайға толы қазақ елінің тарихын көз алдыма елестетемін.

Алла халқымның шаңырағын биік етсін!

# ЗҰЛМАТ

XX ғасырда қазақ халқының басына төнген қатер, исі қазақтан ұрпақтың қалу-қалмауы деген мәселе өткен тарихта осыншама күрт қойылмаған шығар. Қазақ халқының жерін бірте-бірте тартып алып, Америкадағы үндістер тәрізді тастақ пен шөлге қамап, құртуды ойлаған шовинистік саясат патша құлаған соң тоқталдыға санап, дала жұрты аз уақыт еркін демалып серпілгендей еді. Өз мұңын өзі жоқтап, мәдениетін көтеріп, ел болуға тырысып жатқан.

Оның ел болғанын көре алмады қаскөй жау. 1925 жылы қазақ даласын билеуге жіберілген Голощекин «Кі-ші октябрь» дегенді ойлап тапты. Компартияның билей-тін бүркенген қара ниет патша жасай алмаған істі асқан зұлымдықпен ұйымдастыра білді. Ол адам баласын «Нұр-лы болашақ» орнату идеясын жүзеге асырған болып, аңқау елді сендіріп, біртұтас елді өз ішінен бір-біріне қар-сы қойды. «Кіші октябрь» тек қазақ елін қыруға шебер ұйымдастырылған шара еді.

Ауылға социализм негізін орнату үшін ғасырлар бойы қалыптасқан рулық, аталық ұсақ кооперативтік ұйымды қиратудың қажеті жоқ еді. Ол кооперативте жер мен бағын ортақ, мал әр түтіннің меншігі болатын. Кешегі Морган тамсана жазған бауырмалдық, мейірім, алаңсыз өмір, Маркс аңсаған коммунистік ячейка осындай-ақ емес пе. Сол қазақ қоғамның негізін талқандау, қазақты құрту жолындағы алғашқы қадам екені даусыз. Сондай кооперативке тап бүгін қолымыз жетпей отыр емес пе.

Казкрайкомның кезінде аса «құпия» саналған 19 январь 1930 жыл қаулысында «что мероприятия»... в районах сплашной коллективизации казахского населения не совсем достаточны и должна быть усилины» деліпіп, қазақты кооперативті, қазақ қоғамының негізін қиратуды тездетуді талап етеді. Осы қаулыда тас-талқан болған ауылды үлкен-

үлкен колхоз жасау үшін қуып әкелу керектігі айтылған. Жүздеген шақырым жерден осы босуға ұшыраған жұртқа көмек жоқтығын «что бюджетами как краевым, так и местным не предусмотрены специальные средства на оседание» деп ашық айтылып, оны ұйымдастыру аты бар, заты жоқ әлде бір мерекелерге тапсырылған, яғни «не болса, ол болсын» дегенді анық ұғуға болады.

Қазақ жұртын мұндай талауға салуға қарсының бәрі халық жауы есептелді. Ахмет, Мағжан, Міржақып түгілі Голощекин саясаты момын қазақтың есі түзуін де тыныш қоймады. Қазақтың оқығаны түгілі есі барын да әз саясатын тезірек жүзеге асыру үшін о дүниеге аттандырып жіберуге тырысты.

«Көшпелі ел XX ғасырда өмір сүруге тиіс емес» деген теориямен қаруланған неше түрлі бас кесерлер мылтығын шошаңдатып дала кезіп, елге зорлық-зомбылық жасаумен болды. Олардың тірегі тым мықты еді. 20-жылдардың екінші жартысында-ақ Голощекин келген соң бір-екі жылдан соң, момын елдің қаны судай төгіле бастады.

«Ұрыларды атамыз» деген сылтаумен әрі «контралар ауыл-ауылды аралап жүр, солармен күресеміз» деп ел ішінен қарулы отрядтар шыға бастады. Соның бірі Шет ауданын мекен етуші іргелі рудың бірі. Шуаш ауылын қамап, жеті кісісін атып кетті. Оққа ұшқандардың ішінде атақты Жанқұтты шешеннің немересі Тәтібек ұлы Шәкен, Сейітқали, Сейітқамал, Аққасқа дегендер бар. Бір ауылдың ар азаматын қырып кетуге Аққасқа жөнді қонақ асын бермеді деу, «ұрыны атады екен» деген қорқыныштан Кәкіштің тура қашуы сылтау болған. Қашып кеткен «контра», ауыл сонымен сыбайлас деп есептелген. Сол жолы Үрпек Адайда 40 адамның атылғанын Ескей жыршы айтып, құлаққа сіңірген. Әміржан Омаровтың айтуынша соның ішінде Сарымнан Жаманбек Мекібасов, Сейітбек, Сейітқазы дегендер бар.

Дала жұртын дүрелеп, асып-атып ойына келгенін қылған отряд кеше патша үкіметіне бағынбай кеткен дала Көкжалы Боранқұлға у бергізсе, Майшора - Тәжібай ауылын, таң ата қоршап, пулеметпен атқылаған. Ауылдан ақбозатқа мінген жалғыз-ақ адам қашып шыға алған да, қалғаны мерт болған.

Қырғынның лебін күні бұрын сезген Шәмшид пен Өскенбай

бір қыз, бір келіншекті ертіп сонау Көкшетау жақтан шығып, Абыздың қара талын мекен еткен. Соларға еріп осы елдің Шәріп деген жігіті де оңтүстік жаққа кетпек. Бұлардың сыбысын білген 40 солдат ауылды басып қалып, бір бозбаланы торғайдай шырылдатып сабап, жатағын көр-сетуге мәжбүр еткен. Солдаттар оққа ұшқан Шәріптің басын найзаға іліп әкеліп, момын елдің зәресін ұшырған.

1930 жылы Шет ауданында әр үйге 100-ден 500 басқа дейін мал салығы түскен. 1931 жылы халық басына түскен қасіреттен есінен танғандай еді. Шет ауданы халқының қолында қалған 80 мың бас ірі қараға 120 мың бас мал тапсыру жөнінде салық түсті. Әуелде салық мал басына түсіп, жұртты біржола сыпырса, кейін «тонна» мен түсетін болды. Айта кетерлік бір сөз бұл етті апарар жер, сақтар орын жоқ екенін біле тұра Голощекин тобы осыны істеді. 1932 жылы халық қырылып жатқанда бұрынғы Нілді руднигінде 100 (жүз) мың тонна ет өртелді. Сасып борсыған мыңдаған тонна етті жою Спасск, Бұрмада жүргізілді.

1931 жылы елге аштық кіре бастады. Тұқым-тұқымымен «нұрлы болашаққа» жетпейтініне, құритынына кезі жеткен ел ішінде толқу болғаны шындық. Мұндай қатер төнгенде үнсіз мүлгіген ұлттың жер бетінде өмір сүруге хақысы жоқ дер едім. Қасқыр да ұрпағын сақтау үшін жанталасып кісіге шабады, ал қазақ елі өзін сақтау үшін толқыса несі айып.

Міне, осы кезде Шет ауданының ГПУ бастығы боп, ел арасына Шишов деген атпен белгілі, Н. Сычев та-ғайындалды. Сол Шишовты Шетке аттандырып тұрып оперсектор бастығы Бақ «билер мен дінбасылар, ақындар сөзін тыңдаған, халқы бас имейтін» ауданға барғанда аяусыз болуын, ойланбауын талап еткенін архив сақтаған. Сонымен Шишов барған жерін қанға бояуға міндетті болған. Шала сауатты Шишовқа осы да жеткілікті еді. Ол қанды ісіне аяусыз кірісіп берді.

Қазкрайкомның 1931 жылы 25 майдағы «Ерназаровтың баяндамасы бойынша аса құпия резолюциясында «в Абралинского и Шубартауском, Кубыском и Каркаралинском районах… напряженное положение… продолжает оставаться» деп көрсетілген.

«В дело моблизации средств местные органы допускали грубые администрированные, пытаясь путем облажение

населения наполнить финплан, при этом имея в этих районах безтоварье и отсутствие продолволствие» деп ашық көрсетіп, халықтың аштық-жалаңаштыққа ұшырағанын мойындай отырып, халықты толқытушы бай құлақ элементтер деп баяғыда қырылып біткен сорлы байға жабады. Ірі байларды 1928 жылдары құрттық, орташаны 30-жылдардан асырған жоқпыз, сонда халыққа іріткі салатын қай бай деген сауал еріксіз келеді. Әлде қалған қайыршылар байи бастап па еді? Міне, мұны қазақ «ауру бастың сақинасын сау басқа жабу» дейді.

Резолюцияда белсенділердің биліктен айырылып қалғанын жаза келіп, «фактический передели власть кулаком Шубартауский р-н» деп онан әрі «Коммунисты 6-аула Абралинского района совместно со своим родам принимали активтые участие в вступлениях» деп, дені қазақ, өз ұлты-ның тағдырынан бөліне алмаған коммунистерді сөгеді. Бұл жағдай қазақ коммунистеріне сол тұста тән сықылды. Шет ауданының алғашқы партия ячейкасын құрушы Дәлмағанбеттің Тұңғышбегі, Бәйменнің Көпжаны, Сыдан, Нақыптың Алтыбайы секілді азаматтар 1928 жылы ірі байды конфискелеуге, онан соң қаптаған салыққа қарсы болып, «бұл ашаршылыққа ұшыратады» деп сан рет жасырын кеңес өткізгені белгілі,

Ол құпия шешімге «еще поднять темпы скота загатовок» деген сөзін оқығанда аяушылықтың шегі болмайтынына көзі жетіп, Голощекин бастаған билеушілердің зұлымдығынан біржола түңілесің. Оқпен атып тауыса алмайтын қазақ халқын, ақымақ, үкіметке шын берілген белсендінің қолымен аштыққа айдап бара жатқанын көріп, тап бүгінде жаның шырқырайды,

Ашаршылық жаппай кіре бастаған , қырылатынына көзі жеткен ел резолюцияда көрсетілген аудандарда ғана емес, қазақ жерінің түкпір-түкпірінде толқу жасаған. Ондағы мақсат белсенді зорлығынан құтылу, тірі қалуға тырысу ғана еді. Көтерілген елдің бір орталығы Созақ болса, Арқа елі де қарап жатпады. Осы күнгі Жеңіс совхозының маңында құрылған бір аудан қазағы тік көтеріліп, оң-түстікке қашып кетті. Оның тірі қалғаны қазір Сарысу ауданын құрап отыр.

Арқадағы Боқты тауына бекініп, өзінше қарсылық көр-

сеткен ел ай бойы берілмей, үстінен ұшқан қос қанат «кукрузник самолеті» атып түсірген.

Нұра ауданы жағында көтерілген жұрттың басында болған Әлсен қажы қолға түсіп, жендеттер іш құрылысын үзіп түсіру үшін қол аяғынан ұстап жерге ұрғылағанда да «иә, мен қазақтың ханымын» деген сөзінен танбай кеткен. Ел үшін азаппен өлсе де жанын қиған осындай ерлерге ұрпақ мәңгі бас иеді.

Ақтоғай ауданында тақымына ат тигендер аудан орталығынан шауып өтіп, белсенділердің зәресін алған. Қалған топ жаяу-жалпы жақындай берген. ГПУ Маклошин қарулы отряды екіге бөліп, таяқтан басқа қаруы жоқ топты оқпен қарсы алуға дайындалған. Жаяу-жалпы наразы топтың алдында, осы топтағы жалғыз қару, шалғы ұстаған Көшкін руынан шыққан Керкей деген жігітті Моклошин табан асты атқан. Екінші отрядта оқ жаудырған. Оқтың бірі РайПО бастығы Омар Адамбайды жаралаған. Мұндайды күтпеген наразы жұрт бет-бетімен қашып, таяуы аяусыз жазаланған.

Толқудың аса бір ширыққан жері Жезді, Қарсақпай маңы. Осы жылдардың авторы Ұлытау, ауданы, Ешкіөлмес ГРП-сінде болған кезінде Құрман-Дәулен деген жігіттердің әкесі Ысқақ қария осы уақиға туралы аса өкінішті әңгіме қозғаған еді. Бұл фактілер қазір архивте де бар. Толқудың басында әжептәуір оқыған Жұмағазы деген кісі болды. Ахмет ұста да басты рөлдегі кісінің бірі. Көтерілген жұрттың «талабын орындаймыз» деп қолға түсіріп, Жұмағазы баста-ған бес адамды атқан. Содан көтерілісті інісі Қабжан бастап, қыс бойы Бетбақтың бойында ұрысқан. Осы толқу барысында жүздеген адам атылып (сол ақсақалдың айтуы бойынша бес жүз адам) атылып, мыңдағаны сотталып кеткен.

Осындай оқиғалардың Жаңаарқа жерінде де болғанын 1961 жылы Қарағанды облыстық архивінен көрдім. Сол толқуларды басу үшін көршілес аудандардан отряд құрылған екен. Сонау Шыңғыстаудағы толқуды жазалау үшін Шет ауданынан он шақты адам жіберілген. Олардың үшеуі қазір бізге белгілі: Адабек, Мұқыжан дегендер.

Голощекиннің «Кіші октябрь» идеясымен жігерленген сол кездегі крайком секретарының бірі Голюдов деген коллективизацияны қарқынды жүргізу үшін әр жерде топ- тобы-

мен кісі атып тастау керек деген ұран да көтерген. Ашығып қырылудың азақ алдында тұрған ашынған халық Голюдовтар үшін енді мылтық сынайтын ермекке айналды.

Топ-тобымен кісі атудан Шет ауданы да құр алақан емес. Соның салдарынан халық санының қалай кемігенін мына цифрлардан көруге болады. 1926 жылы Шет жерінде 48311 қазақ болса, 1932 жылдың басында 36568 адам қалған, яғни халық саны сол екі ортада 11743 адамға азайған. Сонан 1933 жылы 5021 адам ғана тірі қалғанын архив документтерімен дәлелдеп шықтық.

Тобымен кісі ату Шет ауданының әуелгі орталығы Қызылеспе маңында болған. Созақ оқиғасын естіп отырған жұртқа Боқтыдағы жағдайды көрген Шәріпов Орман деген келіп көзі көргенін айтқан екен. Ашығып та, ашынып та отырған ел 39 бөшке бензинді өртеп жіберіп, мұратына жеткендей боп отырған. Онан соң қан құйлы белсенді Бабжанов Исаны ұстаған. Қаны біргеге аяушылық ететін ел оны ұрып соқпаған да.

Көтерілген ел арасында Марғазы мұғалімнің беделі үстем екен. Ол кісі «зорлық-зомбылық, ашығуды белсенділердің ісі, мұны жоғарғы жақ білмейді, толқу жасап қиын жағдайымызды білдірейік» деген бағыт ұстаған. Сол кезде тап ретінде айдалып бара жатқан, ішінде Тәсібек пен Ысқақ молла бар, топтың соңынан келіні Сақай қуып жетіп, көтеріліс туралы хат берген. Айдалушылар екі милицияны байлап тастап, Ысқақ молладан басқасы кері қашқан. Ысқақ молла «жақсылық адамның алдынан келер болар, соңымнан жеткен хабарда бір шикілік болар», - деп ілеспей қалыпты.

Осы оқиғаны көзімен көрген, өзі бізге куәлік қолхат берген Зекен Бәкіровтің айтуынша жазалаушы отряд Тоқтабек көңіндегі мал қораға жетпіске жақын адамды қамап қинаған. Соның бір тобын атуға алып шыққан. Ол кезде комсомол Зекен ақсақалды тау басына қарауылға қойған екен. Ажарбектің келіншегі Сақайды қайнысы Нұрлан екеуін тұтастай жалаңаш шешіндіріп, штыкпен түйрелеп, еріксіз құшақтастырып қойған. Сонан соң ерікken белсенділер «сендерге оқ та шығын» деп тізіп қойып атқан. Белсенділер ішінде ауатком төрағасы Қарағанды Тойбеков, Көдебек, Сарымсақ, М. Әмірин деген райком, комсомол секретары Құсайын есімді

селпо сатушысы бар еді.

Тізілген жұрттың алдында тұрған жігіт үңірейген мыл-тық аузына шыдай алмай есінен танып, қайта-қайта құлай бер-ген. Сонда Тәсібек:

- Мына шірік ажалды да жөндеп қарсы ала алмады ғой деп, оқ өтіне өзі келіп тұрған.

Оқиғаның бел ішіндегі қызыл отау соты Омар Тайбек бұл жөнінде өзіне ГПУ Шишов мылтық кезеп «ат аналар-ды, өйтпесең сен де жаусың дегенін, өзінің әдейі мылтықты далаға атқанын осы жолдар авторына айтқан еді. Иә, ол кез-де кісі аттырып, қолын қанға бояп, әркімді өзінің сенімді ада-мы ету Шишовтардың ыңғайлы тәсілі болса керек.

Жалаңаш құшақтасқан Нұрлан мен Сақайды бір оқпен атып құлатып, қансырап әлі тірі жатқан келіншектің төсін кесіп алып, күйеуі Ажарбектің үстіне тастаған Бабжановтың ісі жан түршігерлік.

Осы оқиғада қолға түскен - Шойынбекті бір белсенді өзі жеке атпақ болып алып шығады. Винтовканың жеті оғының біреуі де атылмай, кешінде Тоқтабек көңіне қайта әкеп қамаған. Түнде ескі қораның түкпіріндегі бос кірпішті суы-рып Шойынбек жалаңаш, жалаң бас жалғыз штанмен жаяу қашып ақыры Алматы жетіп, Қарсыбектің Ғайнолласына осы сұмдықты баяндаған. Ғайнолла астанада мәселе көтеріп, осы сұмдықты зорға тоқтатқан.

Осы жолдардың авторы 1989 жылы 11 октябрь күні зұ-лымдықты көзімен көрген Зекен ақсақалды алып Найза кескендегі шейіт болғандардың жеткен жерін тауып, суретке түсіріп, тағзым етіп қайтты. Сол маңның есті азаматы Демесінге жазықсыз жапа шеккендердің бұл жалғандағы соңғы тұрағы, таспен бастырылған жалғыз апанға көз қырын сала жүруін, ел болып қамқорлық жасауын өтіндік. Тау арасындағы терең сайда мәйіттердің басына шыққан құрайды жел тербейді. Ал сенің көңілің қобалжып, тама-ғыңды өксік тіреп, не үшін деп еріксіз күбірлейсің.

Шет ауданының орталығы орналасқан маңдағы Қанды қара төбедегі топтасқан кісі ату 1931 жылдың август айының

орта кезінде өтті. Атылған адамдардың саны жиырмадан асады. Негізі Иманжолбарыс ауылының азаматтарынан тұрған бұл жағдайды көрсетуші де, тау арасындағы әлде бір ту мен бір бет қағазды тауып беруші де Төлеубай белсенді. Түлкілінің бетіндегі аударылып жатқан тасты көрсетіп «Ішім сезіп тұр, Ана тастың асты тегін емес» деп, өзі қолымен қойысқан қойманың үстінен Шишов бастаған ГПУ адамдарын түсірген.

Төлеубай сұмның жазықсыз көзі жойылған азаматтардың әйелдеріне жасаған қиянатын, бала-шағасына көрсеткен зорлық зомбылығын ел күні бүгін түршігіп еске алады. Халық қарғысына ұшыраған онан тұқым жоғы да ел көз жасының тегін кетпегені сияқты.

Ымырт жабылған шақта тұтқындарды осы күнгі Ақсу бөлімшесінен түйеге мінгестіріп алып шыққан. Дәржібайдың Қасені деген кісі «түсе қашайық, бәрібір өлдік» депті. Сонда елге сыйлы Талпақтың Ахметжаны «артымызды ойлайық, біз қашып құтылғанмен бала-шағамызды қырады бұл иттер. Құдай не салса да өзіміз көрейік», - деп тоқтам айтқан. Ахметжанның соңғы тілегі намазын оқу екен. Сәждаға бас ұрып отырған Ақаңды Семененко атқан. Жа-ралы ақсақал құлай қоймапты да осы елдің бір есалаңы қылышпен шауып өлтіріпті. Морозов деген «вам пули жал-ко» деп талайын бір оқпен жайпаған.

Сол кезде қызметке жаңа ілініп жүрген жігітті еріте шыққан Шишов оның қолына мылтық беріп, шекесіне тапаншасын тіреп қойып, «ат әйтпесе» деп санай бастаған. Есі шыққан жігіт мылтық дауысымен бірге есінен тана құлаған. Әлдебіреулер «қан іш, есіңді жиясың» деп аузына қан жаққан екен. Сол жігіт (ол да зорлықтың құрбаны сол себепті атын атамадық) соғысқа кетерде «Мен қан жаладым, қан майданнан қайтпаспын» деген екен, соғыста жоқ болып кетті.

Ермек іздеген белсенділердің бірі Ақбота Түсіпбекті қолын байлап, жалғыз өзін Аюлыға апарып атқан.

Жаралы Ақпанның Құдышы біраздан кейін есін жиып өзен жарын жағалай қашып шыққан. Жаралы Құдыш ұзай алмаған. Ертеңіне іздеушілер оны Данияр бейітінің қараған арасынан тауып, үркітіп жүріп қуалап атқан.

Қарт ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Жұматай Құтжанов берген куәлік қолхатында «Түнде дүрсілдеген мылтық дауысы естіліп жатты, «кісі атты» деп ертеңіне үлкендер біліп келуге жіберген. Өзеннің күнге 7 қарап тұрған биік кемерінің астына атыпты. Су қызыл ала қан. Біз балық аулаған болып бардық. Бізді мылтықты аттылы адам «кетіңдер» деп қуды. Оның милиция формасы бар еді» деп жазды Жұмекең. Жұмекең 1931 жылы 14 жаста екен.

Жұмекең сол оқиғаларды жақсы білетін Имаганбетов Төсбай деген ақсақалмен көп дәмдес болып, бұл жағдайды тәтпіштей сұраған. Төсбай ақсақал атылғандардың жатқан жерін жұрт біліп қалуы себепті, өзеннің атылғандардың үстіне құлатылған жары аршылып, біраз мәйітті осы күні біз ат шаптырып, той жасап жүрген Табан төбенің терістік жақ ішіне көмдіргенін, өзінің соған қатысқанын айтқан.

Жұматай ақсақал сол күні Дәржібайдың Қасені, Талпақтың

Ахметжаны, Иман-Жолбарыстан, Елубай, Аманбек, Шүленбайдың Тиышбек, Жексенбегі атылғанын еске алса, Жұмабай Тәкенов, Ақпанның Құдышы, Ақбота Түсіпбек, Сандыбай тұқымынан Сәдуақастың шейіт болғанынай-тады. Ықсанов Мұқаш қария мәйіттер ішінде Тінекенің Қазанғабы, Қарақойлы Адайдың Ахметі, Шегірлі ұлы Қарсабек, Балта Құдайбергенұлы Қайырберлі, Бабас ақын-дар бар екенін құлаққа құйды. Сол жылы Әбди күйшінің де опат болғанын Жүніс Ыбышұлынан сан мәрте естідік.

Күн өткен сайын тежеусіз уақыттың көлеңкесінде қалып бара жатқан 1932 жылдың қырғын аштығы «неге, неге» деген сауалды қайта-қайта туғызып, қолдан жасаған трагедияны түсіндіруді қажет етеді. Көз көргендерден жиналған естеліктерді оқығанда сол бір қайғыны бастан кешкендейсің, түршігесің.

Е. Мұхамеджанұлы белсенділердің бар малды сыпырып алғанын, шұбырған елдің жолшыбай қырылғанын, жүруге жарамай қалған бойжеткен қыз алдында жанып тұрған отқа құларман боп теңселіп отырғанын жазса, К. Жанасылов Бетқайыңдағы қорадан адам сүйегін кейін күреп шығаруға тура келгенін, Сарыөзекте шашылған мүрде талай жылдар шөп шаптырмағанын айтады.

Қарт ұстаз С. Әбдрайымов Бөгілінің 1930 жылдары 150 үйінен әр түтінде бірер адамы ғана бар 37 үй қалға-нын. Қайша шешей екі үй тола қаттап жиналған өлікті ұраға көмдірген совхоздың директоры Соловьевтің тірі қалғандарды қапқа салып, суға лақтырытқанын айтқанда, жауыздықтың шегі жоғына еріксіз иланасың.

Қарт ұстаз Қ.Ыбырайтегі босыған елмен бірге Сібір асып кеткенін, Қ.Аяпбергенұлы адамзат басына бермес аштықта кісінің кісіні жегенін жазғанда, сасқаныңнан өкі-меті қайда, партиясы қайда деп қаңға сіңген әдетпен ойлап қаласың.

Өткеннің кегін қууға қарсымын. Біреу «Нұрлы болашақ» дегенге алданды. Кейбірін ГПУ-КГП өзіне еріксіз зорлап жұмыс істетті. Надандықтың баққұмар, дәреже құмарлығы да кенде қалған жоқ. Бірақ соның барлығы да түрлі-түрлі біздің де, шет елдің де архивтерінде сақтаулы. Әркім бұл жалғандағы өзінің ісі мен сөзі үшін құдай мен келер ұрпақтың алдында жауапты. Ақырғы сарапшылар да осылар.

Тегінде Геноцид аталып жүрген бұл аштыққа бірден-бір кінәлі адам «Қу» жақ атанған Голошекин сияқты. Жар-ғыз әмірші осыны істегенде айналасы қайда деген сұрақ еріксіз келеді. Елінің қырылуға бет алғанын көрген бір азаматтың халқы үшін жанын шүберек түйіп, Голощекинді жалғыз оқпен жайғай салмағаны миға кірмейтін іс. Ендеше оның айнала-сы да қылмыскерлер. Сол тұстың өзінде коммунизмнің ұлы идеясын жамылған жауыздар ел билігін қолға түсірген. Голощекиннің айтқанына жұрттың бәрі көне берді десек әруақ алдында кінәлі болармыз. Сол кәмпеске басталған 1928 жылы Шет ауданының елдің бүтіндігін көксеген азаматта-ры Көпжан Бәйменұлы, Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы бастап Қойкел өзені жағасында коммунистердің жасырын жиналы-сын өткізіп, байларды тәркілеуге бермеске серт беріскен. «Қызылтауизм» деген айдар тағылған бұл азаматтар, кезінде қуғынға түскені анық.

Дегенмен де осы тұстағы «Қу жақтың» бірер қадамын байқап көрейікші. Қазақ елінің тұрмысын түсінде де көр-меген, ең болмаса бір кигіз үйдің есігін ашпаған, мал баққан

елдің ерекшелігі бары есіне де кірмеген Голошекин өткізген Қазақрайкомның қаулылары да пәле іздеп шапқылап жүр-ау. Жер жыртып егін салуға не соқасы, не тұқымы жоқ миллиондаған қазақты колхозға қуып тықпақ. Оның жолы малын тартып алу болса керек. Қазрайкомның 19.01.1930 жылға қаулысында «Громадное количество кочевого и полу кочевого казахского населения» деп көрсетіліп онан әрі «коллективизации казахского население должны быть усилены» деп қорытындылайды. Ол үшін халыққа мынандай жағдай жасалу керек деген бір ауыз сөз болсайшы.

Осы қаулыда «потребует передвижу насления в хозяиственные центры» деп көрсетіліп, малы талауға түскен ұлы даланың қазағын қуып әкеліп, шоғырландырып, кигіз үйлі қалалар жасауға жол ашады. Сол ішінде тірі пенде қалмаған кигіз үйлі қалалар 1934 жылға дейін желмен теңселіп тұрған еді.

Сол қаулыда қуып әкелінген қазақтарға үй салынсын дейді де, оған қаржы «бюджетами, как краевым, так и местным не предусмотрены специальные средства» деп атап көрсетіп, қай-қайдағы бір көк тиыны жоқ мекемелерге сілтеме жасалады. Сонымен қуып әкелінген жұрт азып-тозуға, ауруға ұшырауға, суықтан бүрсектеуге үкім етіледі.

Ол аздай 1931 жылы 25 май күні қазрайком бюросының қаулысы «еще поднять темпы выпопнения скотозаготовок» деп сорлы халықты тұрса басқа, отырса аяққа ұрып, 1932 жыл аштығына қуалай түседі.

Бұл аштық қалай болды деген ой талайды мазалаған. Қанша едік? Қаншамыз қырылдық? Кешегі үлкендер біл-генін айтуға батпай, жүзін жасыратын. Әкем Ыбыштың Жүнісі бұл мәселе туралы осы 1990 жылы ғана тіс жарды. Ол кісінің айтуына қарағанда Шет ауданында аштық алдында 54 мың адам болған. Біз сан жағынан Қарқаралыдан ілгері едік» - дейді. Ал, тек қана қой 700 мың, жылқы 60 мың шамасында болса керек.

60-жылдардың соңында саяси лагерге біраз жыл дәрігер көрмей жөндеуді тілеген денсаулығымды байқатып, Қарағанды аурухана кезегінде отырып, Қарқаралылық Теміржан Қайыров деген кісімен кездестім. (Ұрпақтары болса менімен хабарласуын тілер едім). Ол кісі 1932-33 жылдары

Шетте почта бастығы болып істеген екен. Әңгіме жүйесін 32 мәселесіне бұрып, суыртпақтап сұрай бастадым. Аштық өтіп, 1933 жылы үкімет тірі қалғанның есебін алуға жұмсапты, Сонда Шет ауданында екі не үш адамнан тұратын түтін саны 298 үй, жетім бала, жесір қатынды жеке отбасы деп санағанда 309 түңлік болғанын айтқанда Темекең көзіне жас алды. Өмірден таяқ жеп,қалған басым бұл фактіні өзім ғана оқи алатын етіп ұзақ жылдар тығып ұстауыма тура келді.

1988 жылы Шет ауданының құрылғанына 60 жылдығы қарсаңында баяндамада елдің басынан өткен қиындықты айтуға тырыстық. Сонда райкомның белді бір қызметкері 1930 жылы Шет ауданының халқының саны ері - 7116, әйелі - 6658 адам дегенді архивтен әкелді. Бұл барлығы 13772 ғана адам. Бұған сенбеуге тура келді. Себебі ғалым М.С. Мұқановтың «Этнический состав и расселения казахов средного жуза» деген кітабында 1824 жылғы санақта:

Қояншытағай: 1632 ер, 2176 әйел.

Кәрсөн-Керней: 3243 ер, 4324 әйел.

Әлтеке-Сарым: 3144 ер, 4192 әйел.

Барлығы: 18711 адам адам екені анық көрсетілген.

Қарағанды архивінің бастығы не іздеп келгенімді есті-сімен суық қабақ танытып, ондай " материалдың жоқтығын айтып салған. Партархив, КРБ-нің архиві деген жабық. Сонда да Госархивтен жүзге жуық папканы алып, әлденеше күн сарсылғам. Ақыры іздегенімді өліп-талып таптым. Бұл мәлімет таблица толтырған адамның көз жасына жуылған. Әбден сарғайған қағаздың өртеніп кетуі де ықтимал еді. Сақталуына бірінші себеп «мал басы туралы мәлімет» делінуі, екіншісі латын әріпімен жазылуы сияқты. Әлденеше күн сарғая іздеп отырған менің өзім аттап өтіп кетіп барып «ең болмаса мал санын алайын» деп қайта оралдым. Жылаған баланың өксігіне, еңіреген үлкеннің көз жасына толы осы бір мәлімет - таблицаны жұртшылыққа толық ұсынып, таныстырғанды жөн санадым.

## Мәлімет
## (Шет ауданының 1930–31–32–33 жылдардағы мал басы)

| Жыл реті | Барлық үй саны | Барлық жан саны | Жылқы | Сиыр | Түйе | Қой-ешкі | Барлық саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1930 жай шаруа | 6663 | 29069 | 15319 | 20751 | 10062 | 116192 | 162344 |
| бай құлақ | 76 | 387 | 5023 | 689 | 1196 | 28380 | 35488 |
| Барлығы: | 6739 | 29456 | 20392 | 21640 | 11278 | 144572 | 197832 |
| 1931 жай шаруа | 6828 | 32857 | 20561 | 22746 | 11263 | 125171 | 179741 |
| бай құлақ | 325 | 1789 | 2196 | 254 | 520 | 11866 | 14836 |
| Бәрі: | 7153 | 34646 | 22757 | 23000 | 11763 | 131687 | 194577 |
| 1932 жай шаруа | 5115 | 21460 | 10710 | 5780 | 4784 | 21167 | 42384 |
| бай құлақ | 400 | 1687 | 119 | 29 | 31 | 102 | 281 |
| колхоздарда | 2360 | 13421 | 5865 | 5247 | 1456 | 6170 | 18738 |
| Бәрі: | 7475 | 36568 | 16694 | 11056 | 6274 | 27379 | 61403 |
| 1933 жай шаруа | 108 | 358 | 45 | 15 | 21 | 11 | 92 |
| серіктестерде | 1336 | 445 | 494 | 531 | 78 | 521 | 1642 |
| Бәрі: | 1444 | 5021 | 563 | 546 | 111 | 532 | 1766 |

Атсыз бір тармақ: онда 24 жылқы, 12 түйе көрсетілген. Сол графада адам саны жоқ. Ол басқаруда жүрген белсенділер, млиция, сот, прокурор, мұғалім т.б. болса керек.

Ал мұнан кейін табылған тағы бір деректе 1926 жылы Шет ауданының қазағы 48311 адам екені айтылған. Сонан 1930 жылға дейін кәмпескелеп қудалап 36568 адамға дейін азайтылған.

Сөйтіп 1932 жылдың басында Шеттегі 36568 қазақтан, 1933 жылы 5021 адамы ғана тірі қалған. 197832 бас малдан 1768 басы ғана бар. 1928 жылы кәмпескеден кейін мал басының 10-15 есе азайып кеткенін үлкендердің бәрі айтады. Сол азайған 197832 бастың енді 1933 жылы жұрнағы ғана қалыпты.

Адамды атуды да, айдауды да жоспарлаған үкімет жоспарын орындау үшін жер-жерде дәреже қуғандар аянбай еңбек етіпті. 1930 жылы бай-құлақ саны 76 болса, 1931 жылы 325,1932 жылы 400 боп шыға келіп, тап жауын құрту жоспары асыра орындалып, елдің жаппай қуғын сүргінге түскені көзге ұрып тұр.

Әр үйге 150-ден 500 басқа дейін мал тапсыру салығы түсіп, барынан жұрдай боп, күзді күнгі шыбындай боп қырылып жатқанда аудан бойынша егін егуді 12 күнге бітІруді, бесжылдықты төрт жылда орындауды жопарлап, ұрандап жатқанына сау адамның миы жетуі мүмкін емес.

1930 жыл документтерінде Шет ауданының халқының саны дұрыс есептелмей, кем көрсетіліп отырғаны өте жиі айтылады. Тіпті басшыларына сөгіс те берілген. Мұны фонд №1, опис №1, дело №10, көруге болады. Бұл жағдай әрі қарай зерттеуді қажет етті. Жойып жібермесе жазылғанынан жазылмайтын архив статистикасы 1926 жылы Шет ауданында 48311 адам болғанын дәлелдеп отыр. Сонымен осыншама елдің 1933 жылы 5021 адам қалғаны шырқыраған шындық.

Осы күнгі Шетке көршілес аудандар халқының басына түскен қызыл дозақтың тауқыметі де кем емес. Сол Қарағанды архивіндегі Р-2, оп 1:4 «материалы о работе 1-ого Окружного съезда советов Каркаралинского округа, население Каркаралинского округа 1934 на 11» деген материалда мына факті көрсетілген:

Қу (Егіндібұлақ) ауданында - 3545 адам
Шет ауданында - 6467 адам
Жаңаарқа ауданында - 5960 адам
Қоңырат ауданында - 8111 адам
Қарқаралы ауданында - 10564 адам

Баянауыл ауданында - 10504 адам

Зұлматтан кейінгі өткен жылда ауданда халқы бір, не екі мыңға өсіп қалған. Оның көбі иесіз жерге ие боп қалу үшін қалған, орыс, шүршіт т.б сияқты келімсектер, совхоздарды нығайту үшін жіберілген европалықтар еді. Біразы аштықтан бас сауғалап тірі қалып, енді қайта оралғандар болатын. Шет халқы 5021 адамнан 6497 кісіге өскен. Қарқаралы, Баянауылда соның өзінде 10 жарым мың адам ғана.

Аштан қырылғандардың жаппай жерленген жерін табу бүгінгі ұрпақтың ісі. Шетте аудан орталығының төменгі тұсында, Бақай бәйбішенің зиратының жанына жерленген 400-ге тарта адамның мүрдесі жатыр. 70-жылдары бұл зұлматты елдің есінен шығарып жіберу ушін сол жерге автобаза салып, жыпырлаған қабірдің үстінен машина жүргізіп қойды. Қазір ол жерді қоршап, қорғауға алған боп жатырмыз. Сол сияқты ГПУ-дің ескі үйінің артындағы сайға өте көп адам жерленген. Бұл жерде атылғандар да болса керек. 60-жылдардың орта кезінде ол жерді егін екпесе де қасақана жыртып тастады. Осы күнгі көп бейіттің дәл ортасында бір шұңқырға 525 адамды көмгенін Ыбыштың Жүнісі, Құтжантегі Жұматай, Шәукей Жұқанұлы ақсақалдар бүгінде көрсетіп отыр. Осы күнгі сауда қоғамының (РайПО) кеңсесі 1932 жылы Детдом болған. Сол жердің іргесіндегі уй орнындай шұңқыр 1955-56 жылдарға дейін өлген балалардың сүйегіне толы болатын.

Просторный совхозының маңына осы ғасырдың басында келген Лакман деген неміс қазақтармен қатты достасып кеткен. Ол кісі 1933 жылы талай таныс адамның, не оның отбасының қай жерде аштан қырылғанын айтып, сүйектерін тауып, өзі жерлескен екен.

Осы күнгі Жарық станциясында темір жол тартамыз деп жұмыскер ретінде - көп қазақты жинаған. Жағдай ауырлағанда басшылар жұмыскерлерді тастап, тайып отырған, Осы жерде 200 ден аса адам өлгенін Ә. Маясарұлы айтып отыр.

М.Кузгібеков 30-жылдардың бас кезінде Жаңаарқада қызмет еткен. Сол кісі ауданның ескі орталығы тұрған Ап-паз өзенінің бойындағы кірпіш күйген жерде М. Ағыбаевтың үйінен 200 қадамдай жерге 200-ге жуық адамды бір, ұраға көмген айтады.

«Дружба» совхозындағы қарт ұстаз Зәрубай Тәжитов сол жиын деген жердегі мешіт маңында қырылғандарды жазда қалай көмгендердің көзі тірі куәсі.

Қазақтың аштан қырылуы 1932 жылмен біткен жоқ. Ол 50-ші жылға дейін созылып келді. Зейнеткер Нұрмұханов Төлеутай 1948 жылы Сәтбаев (Никольск) қаласында ФЗО-да болғанын, өзін еріксіз жетім деп салып жібергенін айта келіп, сол ФЗО-да қазақ жетімдерінің февраль, март, апрель-де 60 -тан астам баласының аштан өлгенін хабар етеді. Ол осы жерден Байқожаның Смағұлының қызы Күленмен бірге қеткенін, сол қыз асын Төлеутайға беріп асырап, өзі аштан өлгенін бізге жеткізген.

Ел ашығып жатқанда үкімет құлақ естімеген қылмыс істеді. Жылқыны маңқа деп жаппай атып, тартып алынған малдың етін тау-тау қылып үйді, белсенділер «ет планы» деп үй-үйді тінтіп, ең соңғы талшық азығын тартып алды. Тау-тау ет 1932 жылдың жазында сасыды. Тіпті сасыған еттерді де аштарға бермеді. Сейтіп бір ғана Нілдеде 100 мың тонна ет өртелді. Мұндай жағдай Бұрма,Спаскіде болған еді.

Халық аштан қырылып жатқанда ел басына кездейсоқ Келген көрсоқыр басшылар той тойлап жүрді. Шет ауданы-ның ауатком төрағасы Қуанышев үкімет жәрдемін әкелуді да ұйымдастырмай күнде мас болып, детдомдағы орыс бикешімен әуей боп жүрді. Ауданның партия басшысы М.Байбоқышев жұмысын тастап қашып кетті. Сөйтіп, про-курор, милиция бастық дегендер іс түзсіз жоғалды.

Аштық тым ұзаққа созылды. 1932 жылы шыңына жеткен аштық 1933-34 жылдары ішінде де жалғасып жатты. Архив (фонд 5, опис №1) 1934 жылы Шет совхозының жұмыскері М.Мұқабаевтың нан сұрағаны үшін сабалғанын айтады. Өзінің өзегі талып, көзі аштықтан қарауытқан, бала-шағасы үшін нан сұрауға правосы болмаған. Қайран халқымның

бейшара болған күндері есімізге келген күні бүгінде түнімен дөңбекшіп, жүрек сыздап шығады.

Архив /Р5, оп №3; 70/ 1934 жылы
Жылқы 840
Сиыр 1593
Қой 2186
Түйе 125

Райзо Жексенбаев деп салқын мәлімет береді. Өзегі талған ел ес жия алмаса да (есін жию 1990 жылға дейін болмады ғой) тырбана бастағандай.

Осы күнгі өскен елдің көбі зұлмат қырғынын ұмыт-қандай, не шала білетіндей. Ол қалай деген заңды сұрақ туады. Оның жауабы да архивте жатыр. Р2/1/211/ отчеты, а, я/советов перед избирателями за 1936 г/о.

| Р/с | Ауыл аттары | Бар саны | | Тэртіпке шақырылғаны | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ер | Әйел | Ер | Әйел |
| 1 | Қызылтау | 676 | 482 | - | 1 |
| 2 | Ақкоян | 489 | 314 | - | 2 |
| 3 | Тагылы | 1301 | 804 | 1 | 1 |
| 4 | Акггюкы | 391 | 193 | 1 | 1 |
| 5 | Түлкілі | 918 | 716 | 1 | 1 |
| 6 | Қорғантас | 251 | 211 | - | - |
| 7 | Нүра | 321 | 234 | - | - |
| 8 | Ақшатау | 669 | 509 | 1 | 1 |

Сөйтіп еркін сайлау есін жиғызбай, басқа көзге төпелеп әр ауылдың естиярын Сібірге ала жөнелді. Бұл долы алдындағы репитиция еді. Халықты «кімдер тәртіпке шақыруға көмектесті, оны ел де, архив те біледі.Мұнан соңғы оқиғалардың «Геройларының» аты-жөні де жазулы, сақтаулы, тек тірі жүргендері кешірім сұрай білулері керек қой, «мешкей» деген жақсы ат емес дегендей, «стукач-салпаң құлақ» дегеннің несі оңды.

Міне осы сұрапылдар халықты жадын «ұмыттырғандай» еді. Бірақ ел ұмытпапты.

1930 жылғы зұлмат кешегі Совет елінің талай жерінде

болған-ақ шығар. Бірақ қазақ халқындай орасан ойранға ұшыраған, халқының 70-80 проценті құрыған жағдай ешбір республикада болған емес. Бұл геноцид еді. Бүгінгі тірі ұрпақ ажалдың аузынан қалғандар. Ел басынан қаншама өкініш өтеді. Алла қазақ даласының халқының алдын оңдасын.

# АСЫЛ АҒАНЫҢ ІЗІ БАР

Азаттық үшін күрес қазақ елінде Ресейдің тырнағына іліккеннен бері еш уақытта тоқтамаған. Исі қазақтың тексті баласы Кенесары боп арпалысып, Исатай-Махамбет боп ілгеріде ат ойнатып шығып жатса, ол бір кезең өткеннен соң саяси күрестің тәсіліне бой ұрған. Сол тұстағы елінің азаттығын аңсаған тексті ұлдардың бірі осы өзіміздің Шет жерінің тумасы Асылбек Сулейменұлы..ХХ ғасырдың ауыр-ауыр қатерлі жылдарының қатарында қалып, білген жұрт есімін атауға қорқып, ардақты аты ұмыт болуға айналған асыл азамат осы кісі.

1914 жылғы наурыз айындағы санында "Русское слово" газеті. "Айдалғандар қатарында присяжный поверенный Ақбаевтан бастап 15 жасар Сүлейменов Асылбек деген шәкіртке дейін бүкіл қазақ интелегенциясы түгелге жуық бар" деп жазған.

15 жасында елінің намысы үшін айдауға түсіп жүрген Асылбек Сүлейменұлының тегі осы күнгі Ақбауыр ауылының маңын мекең еткен Саржал алшыны. 15 жасар баланың айдауға кететінін естіп Қояншытағайдан Нарымбек, Тобықтыдан Нармамбет ақын бастаған ел жақсылары барыпты дегенді кәріқұлақтардан естігенбіз. Нарымбек қоштасқан болып құшақтап бала Асылбектің қойнына ақша тығыпты, ал Нармамбет ақын "Ей, шырағым, қазақтың бар жақсысымен бірге кетіп барасың. Бұған мақтан. Алла жар болсын" деген екен.

ХХ ғасырдың басы орыс империясының ішкі қайшылықтары шегіне жетіп, халықтың жаппай бас көтеруінің салдарынан 1907 жылы орыс патшасы 17 қазан манифесіне қол қоюға мәжбүр болды. Бұғау босап, аяқтағы шынжыр шешілгендей еді. Тәуелсіздікті аңсаған қазақ даласына азаттықтың таңы сызат берген. Онарлық езгінің аяусыз түріне ұшыраған қазақ халқы құрып бітуге айналған еді, енді саңылаудан еркіндіктің самалы есіп, ашық күреске шықты.

Қазақ халқының бас көтеруі орыс империясының ішкі

жағдайын шиеленістіре түсті. Ресейге қазақ емес, қазыналы қазақ жері қажет-тін. Қазақ не бір жолға құрып, не шоқынып кетуге тиістін. Соның анық мысалы қазақ жеріне көшіп келуші орыстарға берілетін жер мөлшері туралы нұсқау еді. Бұл нұсқау бойынша қазақтарға берілетін жер мөлшері 15 десятинадан аспауы керек, ал келген мұжық 115 десятина, ал кейде 517 десятинаға дейін алған.

Сөйтіп, қазаққа 15, мұжық 115 не 517 десятина. Ғасырлар бойы мал бағып қана күнелткен қазақ 15 десятинаға қай малын сыйғызады. Қой шошқа емес қой қорсылдап жата беретін. 15 десятинаға үйірлі жылқы түгілі жалғыз биеңді де баға алмайсың. Бұл қазақ аштыққа ұшырап құрып кетсін деген саясат еді. Ең өкініштісі осы зұлымдығын қазақтың мөжентапай белсенділерін пайдаланып 1932 жылы жүзеге асырды ғой.

1909 жылғы патша өкіметінің бұл нұсқауы жұртты жаппай ашындырды. Ұлт көсемдері Әлихан Бөкейханулы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақыптар ел үшін арпалысты. Жақып Ақбаев күні бұрын түрмеге қамалды.

1909 жылдың 1 шілдесінде Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі қызметінде жүрген Ахмет Байтұрсынұлы қамауға алынды. Оған үкіметке қарсы үгіт жүргізді, қазақтарға автономия алып беруді ұсынған, саяси қылмыскер Жақып Ақбаевты құтқару үшін жиындар ұйымдастырып, қол жинады деген айыптар тағылған. Іле Ахмет Байтұрсынұлының жақтастары ретінде жеті адам түрмеге қамалады. Олар:

1. Смақан төре - Әлихан Бөкейхановтың інісі.
2. Ыбырай Ақбаев - Жақыптың ағасы.
3. Хасен Ақаев - Қу болысы.
4. Ахмет Райымбеков - аурухана дәрігері.
5. Бодаубек Райымбеков - Ақшатау болысының қазағы.
6. Асылбек Сүлейменов - 15 жаста, орыс-қазақ мектебінің оқушысы.
7. Смайл Бәйтенов - ауыл мектебінің мұғалімі.

Аса қауіпті саналған Ахмет Байтұрсынұлын Семейдегі түрмеге жөнелтеді де "сыбайластары" саналған жеті адамды Омбы, Томбы, Орынбор сияқты Ресейдің ішкі жағына

жер аударады. Кәмелетке жетпеген, 15 жасар бала Асылбек Сүлейменұлы да сол айдауда, бірақ Ресейдің қай түкпірінде болғаны әзірше белгісіз.

Асылбек ағамыз 1914 жылы айдаудан босап келгендей екен. Сонда 15 жасар Қарқаралыға қоныстанған Жалайыр Жұманбай қызы Шекерге үйленген. Шекер жездесі Әбіштің тәрбиесінде болып, біраз білім алған қыз екен. Шекер 1963 жылы 64 жасында дүниеден өткенін қызы Шәкура айтып отыр. Шәкура 1926 жылы туған. Асылбектен 1923 ж. туған Бұстай деген ұл, Сара, Шәкура, Батиха деген қыздары дүние есігін ашқан.

Басына шаңырақ көтерген Асылбек туған ауылы Шо-лақ түлкіге келіп, ағайындарының арасында біраз жыл өткізіп,1917 жылғы февраль төңкерісінен кейін Қарқара-лыға оралған. Осы тұста қазақ автономиясын құруға ұм-тылған Алаш аза-маттары жер-жерде қазақ комитеттерін ұйымдастырған еді. Қазақ комитеттері Алаш үкіметінің жер-жердегі атқарушы бөлімі деп сол кезде танылған. Озбырлықтан азап шеккен қазақ шаруасы осы өкіметке барып, қал-қадарынша шаруа-сын шешіп жатты. Міне, осы Қарқаралыдағы жергілікті алаш өкіметінің мүшесінің бірі Асылбек Сүлейменұлы болған.

Қазақ комитеті ретінде құрылған Алаш өкіметінің өмір сүруіне орыстың озбыр отаршылдары да, патшаның оры-нын ауыстырған жаңа үкіметтің жаңа биліктегілері де қарсы болды. Кейінірек бар билікті қолына алған большевиктер де қазақ комитетін ұнатпай, ақыры біртіндеп құртып тынды. Тап осы кезеңнің өзінде-ақ революцияның жемісін нығайтү үшін деген желеумен қатал репрессия басталды. Қазақ елінің басына Голощекиннің кезіне орай қазақ интелегенциясын қудалау күшейді.

- 1925 жылы Асылбек Сүлейменұлы Шолақ түлкідегі өз ата-мекеніне оралды. 1929-34 жылдары Шет ауданы орталығы Ақсу-Аюлыға көшіп келіп, заготскот мекемесінде бухгалтерлік етіп, Құмжонда Жексенбаев Рамазанмен көрші тұрды. 1935-36 жылдары Қарқаралыда округтік қаржы бө-лімінде еңбек етті. Жаңа репрессияның лебін сезген Асекең

1937 жылы отбасын Ақбауырға көшіріп әкеліп, біраз бой тасалаған екен.

Алаштың азаматы Асылбек 1939-1942 жылдары Қы-зылтау подхозында бухгалтерлік жұмыс атқарған екен. Қарт ұстаз Жұматай Құтжантегі Асылбек Сүлейменұлының соғыс жылдары аудандық банкіде де біраз еңбек еткенін айтып отыр.

Асылбектің жалғыз ұлы Тұстай зооветтехник мамандығын алған. Ол 1942 жылы 12 мартта 19 жасында соғысқа алынған екен, сол бетінде хабарсыз кеткен. Аскеңе жалғыз ұлының қайғысы қатты батып, өмірінің соңғы жылдарын аурумен өткізіп, 1949 жылы бұл жалғанмен қоштасқан.

Кешегі өткен аласапыран заманда Асылбектің қызы Шәкураның жолдасы Өміртайды да "бұның атасы Алаш болған" деп партбюрада біраз коммунистік партияға өткізбей қойыпты.

Асыл ағаның ең болмаса бір суретінің қыздарының қолында қалмағаны өкінішті-ақ. Жұрттың бірі "халық жауы" (дұрыс халық досы) түгілі оның суретінен қашатын қанқұйлы заман болды ғой. Оған да кінәлі кешегі елірмелер, құлдықтың қамытын киіп алып, өз ұлтына жауша тигендер. Бірақ... Иә, бірақ ауылдастардың арасында, кешегі қариялар жинаған ескі суреттердің арасында көппен түскен бір бей-несінің сақталуы да мүмкін-ау. Дегенмен үміт үзбейік. Мынау сондай-асыл ағамыз деп,үлгі етіп мектептерге іліп қойсақ қаншама оқушылардың жүрегінде мақатныш, ұлтқа деген ұлы сезім ояна түсер еді.

Іздеген жетер мұратқа. Мұндай текті адамның ізі де, сурет де КГБ сияқты мекеменің архивтерінде, тағы басқа орындарында сақталмауы мүмкін емес. Оны іздеу жас тарихшылардың, ұлтқа жанашылардың, жиен-ұрпақтарының МІНДвті болса керек-ті. Иә, заман түзелді. Бірақ осы біздің есіміміз түзелді ме? Асылымызды іздейтін азаматтар қашан шығар екен.

# «НАРКЕСКЕН» ТАҒДЫРЫ

Бесата елі мекен еткен бүгінгі Шет ауданы территориясындағы халық Ағыбай батырдың «Наркескен» атанған қылышы туралы аңызды кезінде жырдай қылып айтатын еді. Әлдебір жорықта шөгеріп тасаған түйенің тасасынан мылтық атып, қарсылық көрсетті. Батыр Ақауыз атпен шөккен түйенің үстінен орғытып өте бере қылыш сілтеген екен, жалт берген жауға ақ алмасы түйені екі өркеш арасынан қақ бөліп кетіпті десетін.

Сол «Нарекескенді» қолына біраз уақыт ұстаған менің әкем Жүніс Ыбышұлы «ұзындығы 70-80 см, жүзінен түсіңді көретіндей жарқырап тұратын қару еді. Оның кейбір милиция қызметкерлерінің жуандығы ортан қолдай сым темірді шауып көргенінің де куәсі болдым. Сонда да жүзі мұқалмайтын» - дейтін.

Қазақ орысқа қараған тұстан бастап-ақ Ресей дала елінің қолында қарудың қай түрін де болмауын қатты қадағалаған. Патшаның стражниктері XIX ғасыр бойы ауыл-ауылдан қаруды жинап алудың нәтижесінде қазақтың сан батырының дуылға-сауыты, қылыш-найзасы бізге жетпей-ақ құрыған. Ал, патшалық Ресейден соңғы заманда да XX ғасырда сол саясат мықтапр жүргізіліп келеді.

Сөзіміздің дәлелі 1922 жылдың 25 маусымында Дорошенко бастаған отрядтың Сарыбұлақ болысына (осы күнгі Шет ауданының Босаға, Киікті, Қызылтау ауылдық округі) келіп, Ағыбай батырдың келінің үйінен батырдың «наркесенін» тартып алып кетуі.

Дорошенко, Зайцевтар осы жылдың 12-шілдесі күні Қызылтау болыстығына келіп, (осы күнгі Шет, Нұраталды, Талды округі) келер жолында балалардың ойншығының ішінен пілте мылтықтың шүріппесі табылғаны үшін Дүрмұхаммед қожаны атпен қудалап сабап, өлімші қылып кетсе, онан әрі Әлібек деген малшыны атып кеткен.

Қызыл отрядтың жамылғысин орыс-казактардың Сарыбұлақ - Қызылтау болысындағы зорлық-зомбылықтың

Алаш азаматын Мадияр Дулатов елге ара түсіп, шырылдай жазғанын архивтен табылуы патшасы болсын, қызылы болсын Ресейліктердің ісі қазаққа деген көзқарасының қай заманда да өзгермегенінің куәсі.

Дорошенко Зайцевтар кім еді? Дорошенко осы күнгі Жарық станциясына жақын Бұрма маңының орысы. Ол патша заманында да әлеуетті шаруашылығы болып, осы маңның қазағына зәбірі тиіп келсе, қызыл үкімет келген соң Қарқаралы округтің милицияның қарамағына енген кәззап. Зайцев Спасскіде тұрған гарнизонның бастығы екен.

Қазақ үшін жанын шүберекке түйген Міржақып (Мадияр) Дулатаовтың жоғарғы жаққа осы қылмысты ашына жазуы тегін кеткен жоқ. Елді бұл зорлықтан құтқару үшін белгілі революционер, әрі қаламгер Бектің Орынбегі (ол кісі I937 жылы атылып кетті) елге шыққан. Осы күнгі Жарық Станциясының маңындағы Айғыржал деген ауылда Дорошенко тағы бір зорлық етіп жатқан жерінде 0. Беков үстінен түскен. Дорошенконың кезенген мылтығын 0. Беков қағып үлгерген соң, сол елдің азаматы Салтанның Тұрабайы деген балуан жігіт Дорошенконы алып-ұрып байлап тастаған.

- Беков, я все равно уничтожу, деп айғалаған байлаулы Дорошенко.

Қолға түскен Дорошенко әуелі Қарқаралы түрмесіне қамалып, онан кейін Ақмола түрмесіне жөнелтілген.

Жиырмадан жаңа асқан Ыбышев Жүністі 1929 жылы IIIет аудандық милиция бөлімінің бастығы етіп тағайын-даған. Сол тұста Жүкең сол милиция бөлімінің кім көрінген қызметкері ұстап жүрген Ағыбай батырдың «Наркескенін» өзі алады да, сақтап қалу үшін үйге тығып қойған.

Ж. Ыбышев Басмил болып ұзақ істемеген. Сол кезде ГПУ-ге бастық болып келген Шишов (дұрысы Сычев) деген екі кластық білімі бар орыс жазықсыз жұртты қамап, зорлық-зомбылық көрсете бастаған. Ал, Ж. Ыбышев түрмеге түскен еш жазығы жоқ Әбди күйшіні өз қолымен қашырып жіберген. ГПУ дің қанқұйлы жұмысымен істес болғысы келмеген Жүкең сол 1929 жылдың аяғында Басмил (нач.милиций) жұмысын тастап кеткен.

1931 жылы Шет ауданында ашыға бастаған халықтың дүмпуі болған. Мойцынты - Сарыбұлақ жағында 27 адам, ау-

11

дан басында 28 адам атылған. Осы тұста қару жинау тағы қолға алынып, әлдекімдердің көрсетуімен әкемнің үйіндегі қылышты ГПУ алып кеткен.

Мұнан кейін Наркескен тағдыры белгісіз. Дегенмен оның із-түссіз жоғалып кетуі мүмкін емес. Ол туралы деректі Дорошенконың тергеу материалдарынан, не Шет ауданынң ГПУі Сычев (Шишов), өзін-өзі атқан ГПУ Қалабаевтің бас істерінен, Шет ГПУ-інің иархивтік материалдарынан іздесе табылып қалуы әбден мүмкін.

Мен өз басым әкем Ж. Ыбышұлының айтып кеткен «Наркескенін» кейбір ерекше белгілері бойынша танып бере аламын.

10.10.01
жыл

# ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

«Орталық Қазақстан»газетінің бетінде облыс көлеміндегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімі жариялануы құптарлық іс. Ауылында не барын білмей адасып жүрген үлкенге де, дүние тануға енді үңілген кішіге де бұл тізім қажет-ақ. Бұл облысты енді басқаруға келген азаматтардың игілікті ісі, жаңа бетбұрыс десе болады.

Осыған қуана отырып, әттегенайларды айтпай кетуге болмайды.Кеткен кемшілік басқаруға жаңа келген аза-маттардың қателігі емес, осы тізімді ұсынып отырған бұрынғылардың салғырттығы, жауапсыздығы демеске болмайды.

Үстірт қарап өттім де «мынау қалай» деуге тура келді.Осы тізімде атағы жер жарған, совет заманында атын атағаны үшін айдауға талайлар кеткен Шортанбай жыраудың мәңгі тұрағы енбей қалыпты. Бұларға ұлы жыраудың есімінен үркетіндей не болыпты? Ол Бұхар жыраумен Абайды жалғастырып тұрған, академик Т. Кәкішевтің айтуынша XIX ғасырда орыс империясының зұлым саясатын мейлінше әшкерелеген бірден-бір тұлға. Тәуелсіздікке қол жеткізісімен 1993 ж. ұлы жыраудың 175 жылдық мерей тойын өткіздік. Ол жатқан жерге мемлекет қарауында деген мемориал тақта қойылды. Тізімді жасағандар мұны білмесе ол қызметінде неге отыр деген сауалды жұрт айтады.

Бұл тізімнің жас ұрпақты елін сүйгіштік,патриоттық рухта тәрбиеленуде ерекше орны бар екені даусыз десек, сол қиын-қыстау заманда төсін оққа төсеп өткен батырлар Байғозы, Есей, Баубек, Кәдір, Орман, Тобышақ, Қаратай батырлардың мазарының ілікпей қалғанын да түсіне алмадық, елге түсіндіре де алмаспыз.

Ғасырлар бойы ел бірлігінің ұйтқасы болған, даланың төте заңымен елді әділдікке ұйытып, қазылық еткен би-лердің де ұмыт қалмағаны жөн еді. Кешегі Кенесарының азаттық қозғалысында соның қатарынан табылған, кеңестік шовинистер атын ататпай қойған Шабанбай, Байсейт, Дүй-сенбай,

Қари, Көшкінбай билер де бұл тізімнен тысқары қалыпты. Қолындағы бары-малымен ағайынға ырыс болған, жиырма мың қой біткен Ботпай, Ақ, Қозыбақ, Қырбас, Нұрбайлардың да ұмыт қалғаны өкінішті.

Әрине, бұлар зерттелмеген де дейтін болар. Кеңестік идеология мен өзіміздің қазақи қажетсіз болғаны рас. Бірақ біз азат ел болғанымызға жиырмаға жуық жыл болды ғой. Сонда бұл мәдениет саласында жүргендер не бітірген деген сауал еріксіз көкейге келіп тіреледі.

Шет өңірі күй дарыған ел. Сұрқай тұста Қыздарбектен басқа күйшілер тегіс атылып кетті. Олардың сүйегін де ешкім тапқан емес. Ал, Қыздарбектің ұстазы Итаяқ күйші Тоқа, Тәтімбеттенде бұрын өмір сүрген адам. Итаяқ күйшінің мазары Бетбақ даланың шетінде. Мазарды іздеп, көлігіміз бұзылып, қырық градустан аса ыстықта екі күн жаяу жү-ріп зорға шыққан едік. Ұлы күйшінің мазары табылғаны жөнінде бір газетке жаздық. Бірақ соны көрейікші, білейікші деген мәдениеттің бір қызметкерін көрмедік. Бұл жолы да сол білмеген қалыптарында қалыпты.

Адамзат тарихының даму кезеңінен қалған тарихи ескерткіштер Шет өңірінде жетерлік. Мектеп оқулықтарына енген Тесіктастағы көне суреттер, әлі зерттеуін күтіп жатқан Тайатқан-Сарыбұлақтағы мыңдаған петроглифтер, Мыңбай сайындағы мыс қорытқан өртек пештер, Әлікей Марғұлан тамсана жазған Аю тас, Қой тастар, Үңіректегі аса көрнекті сымтастар, Бұғылыдағы Үй-үңгір, Шетшоқыдағы сым тас мұның бәрі де көне заманнан там-тұмдап жеткен тарихи мұра. Өкініштісі бұларда назардан тыс қалыпты.

Осы өңірдің талай жұртының анасы саналатын Сұлу Бике, Мәдина, қолына қару ұстай білген Майшора қыз (мазары қос етекті, ішінде бесік тұр), Зүбән қыздың Шажағайдағы күмбездері еріксіз таң қалдырады. Жақында Қызылтау ауылының тұрғыны Дулат Қожамбердітегі Ағыбай батырдың бір өкініші болған Зүбән қыздың мазарына оңтүстіктен келген біреулердің «бұл біздің бабамыз» деп ескерткіш қоймақ болып жүргенін айтып, ренжіп кетті. Міне бұлар да назарда емес екен. Қорғаусыз болған соң әркімнің ойыншығына айналып бара жатқандай.

Шикі кірпіштен күмбез өрген қазақ оның беріктігін де ой-

лап, лайына аттың қылын, ешкінің майын қосып, табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұра алатындай жағдайға да жеткізген. Солардың ішінде қалау үлгісі ерекше, әр қатарының кірпішін түрлендіре қалап, көрушіні еріксіз тамсандыратын. Толағайдағы күмбез (Барақтікі деседі), Талдыдағы Молла мазары (Даниярдікі деседі) Кеншоқыдағы Нұрлан, Ақшағылдағы Көпбай, Тайатқандағы Шалғынбай мазарларын тізімнен таба алмадық. Жазушы Мұқтар Ма-ғауин таңданып жаныны келіп суретке түсіруін сұраған Сағым қыздың күмбезі совхоздың қалың сиыры паналап, мүйіздейтін орынға айналып, ақыры жермен жексен етілді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қасіретті уақиғалар ел жадында болса да тізімде жоқ. Аудан басында аштан қырылғандарға арналып ескерткіш қойылған. Сол Сияқты 1931 жылы осы жерде, және Ақсораңда, жиырма жеті, жиырма сегізден топ-топ кісі атылған. Бұлда ескерусіз екені түсініксіз.

Қайрақты өзенінің бойында қос күмбез болып қаланған Ақтың мазары, Нұрбай, Бәйтік, Иманбай, Құдайберген, Ормақай, Мергенбай, Жамбы, Аманбек қажы, Зейнеш, Құлбай, Жанбай тағы тағылар жатқан жиырмадан аса Күмбездер де күні бүгінге дейін тіркеуде болмауы құлықсыздықтың салдары демеске лаж жоқ. Газетті қарай отырып осы тізімге ілікпей қалған 78 (жетпіс сегіз) тарихи, мәдени ескерткішті тізіп шықтым. Бұлар менің жадымда тұрғандары ғана.

Сылтау айтып ақталуға болмайтын шаруа. Бала-шағаны асырау үшін бәріміз де жұмыс істедік, түнде отырып повест, романдар жаздық. Саяси қылмыскер аталып, аяғымыз шілдерлі, аузымыз буулы болса да жаяу-жалпы жүріп, осы күмбездерді, нысандарды іздедік. Не үшін?

Келер ұрпақ бабаларының ұлы болғанын түсінуі үшін.

Ұлы бабалар рухы ұрпақты жебейді, ұрпақтың ата-бабасының өнері мен ісіне мақтана алуы отан сүйгіштіктің кілті.

Астанадағы «Фолиант» баспасынан патша заманында Козырев деген ғалым-геологтың басшылығымен экспедиция Жасақталып, әр бұлақтың аты, әр шоқы-төбенің атауы, оның Жанында кімнің бейті жатқанын зерттеп, 1909 жылы жа-

рық көрген Ақмола облысына арналған кітап қайта шықты. Қарағанды ол заманда Семей облысына қараған. Енді осы Семей облысына арналған сол экспедицияның кітабын қайта шығаруды облыс басшылары қолға алса, нұр үстіне нұр болып, талай адасқан дүние орнын табар еді.

# КЕНЕСАРЫ ЖҰРТЫНДА

Әженің әңгімесін тыңдап өстік. Қылышынан қан тамған заманда жатарда қыңқылдап әңгіме сұраған бізге Ғазиза әжем өткеннің сұмдығын сыбырлап қана айтатын да жалғыз қабат терезеге «Әлдекім тыңдап тұрған жоқ па» дегендей өңі қаша жалтақтайтын. Сонан соң ауылға әнші келетін қобызшы-домбырашы Аман әуелі қобызын сарнатып-сар-натып алып, жұртты босатып алып, домбырасын жайлап шертіп неше түрлі қыса айтушы еді. Үлкендер бізді қуып жібереді. Ит пен бала қорыған жерге өш деген емес пе, үзіп-жұлып біз де тыңдаймыз, біз де естігенімізді сыбырлап айтамыз. Сөйтіп жүріп Кенесары Наурызбай қисасының біразын естідік. Кас батырдың жүрегінде аттың қалыңдай қыл бар екен дегенді сан естіп, бірден-бірге айттық. Сонау мектеп кезеңінен бастап Кенесарыны өшіге жамандаса да ел аузында әулиедей дәріптеліп, елі үшін жанын пида еткен қас батырға деген сүйіспеншілігі өшпеген сезім бізде де оянып, біз де өршеленіп ара түсуге даяр боп өстік. «Айт» дегенді ғана айтатын мұғаліммен сан ұстасқан кезеңдер де өтті.

Кеңесарының орыс қамалы Ақтау дуанын талқан еткенін тарихтан сан оқығанбыз. Сол дуанды көріп, болашақтағы үмітті дүниемді жазсам деген оймен жүргенде көзі қарақты кәрі құртаң шалдарға сол сапарым жөнінде айта берген едім. Ойым «ойыма ой қосар ма» деген үміт. Қанша ауыз жаптырып келсе де шежіресін ауызша жеткізіп, ғасырлар тарихын жаттап өскен жұрттың бәрін тыя алмапты. Әбдіғұл ақсақал «оу, онда барсан Кенесарының қамалын көре кел» деген. Тәтпіштеп сұрап, мән-жайына қанып алғаным. Осы зерттеулермен шапқылап бір машинамды құртып, ендігіге қол жетпей жүрген шақ. Үкіметтің Уазигіне мінгендердің елмен, тарихпен ісі қанша, көп болса арманы түстеніп кету, біз сияқтыны дені дұрыс деп те есептелмейтін кешегі тоқыраудың шағы.

Иә, тоқырауы де, басқасы да ел санасын жаутаңдыққа ұшыратып баққан екен. Дәл Кенесары қамалының іргесін жеткенше «әне тұр» дегенді кездестіре алмадық. Жол-

басшымыз Қызылтау совхозындағы ақсақал Кәдіржан Әбілжан ертеректе осы маңда муғалім болып істеген, әрі көне көз кәрілер сырын жанына түйе білген екен.

Кенесары бастаған улт азаттық қозғалысқа елінің болашағын ойлаған игі жақсы азаматтың көбі қосылған. Солардың бірі атақты Жанғұтты шешен. Жанғұтты Кене хан қазаға ұшыраған соң келер жылы елге оралған. Сол кезде шешен отыз жаста екен. Жанғұттының Ағыбаймен, Шортанбаймен, Құнанбаймен аса дос болғанын ескерсек бұл топтың ішкі арманын көп сырды ұққандаймыз және бұл топтың патша үкіметінің еш уақытта сеніміне ие болмағанын түсінеміз. Бұған Құнанбайдың әлденеше рет тергеуге түсуі, Ағыбай ауылына ұзақ уақыт жер берілмей сергелденге ілігуі Шортанбайдың соңына сөзін андытып пристовты салып куә. Осыны бүгінгі жұрттың біле бермейтініне, тарих пен шұғылдану қалып, математик есебінен, зоотехник сиырынан аспаған жебесіз интел-легенцияның дүниеге келгеніне қынжыласың. Бір кездесуге барғанда бір мұғалімнің бірінші сұрағы «Шортанбайдың руы кім екен?» дегеннен басталса күлесін бе, жылайсын ба? Европада Байронның ешкім ұлтын сұрамайды, Пушкин мен Лермонтовтың тегі араб пен швед екенінде ешкімнің жұмысы жоқ, тек оларды ұлы деп қана түсінеді ғой. Халқым-ау, қайда келдік, мына интеллегенцияға не болған?

Елдің ұмытқаны жалғыз бұл қамал емес. Ұлы Әлкей Марғұлан Ортауда Жошы хан ғана бүркітін ұстаған «Жошы қиясы» бар дейді, оны көрсетер бүгінгі Ортаулық ешкімді таппадық. Сол Ортаудың басындағы «Жошының көлін» осы биыл С. Медеубаев қана тап басып таба алды. Қазақ жерінің шоқтықты сұлуы Ортаудың бар сілемі мен сайын нөмірлеп хутор атағын бере берген. Тіпті Сәкен туған Қарашіліктің маңындағы жер аттары да әлдебір хутор атында. Кезінде елдің елдігін жою тәсілі жасалып баққан сияқты.

Кеңесары-Наурызбай туралы бір дерекке Қыздарбек күйшінің өмір жолын зерттеуді ойластырып, кешегі бір басқа түскен зобалаңнан кейін бұғып қалған ақыл енді-енді бас көтере бастаған шақта кезіккен едім. Кешегі сырлы көмей күйші Әбди, Сембектен күй үйренген, Әбдіғали ақсақал мол сыр шерткен. Міне осы Қыздарбек шәкірттері бізге Абылай

ханнаң «Дүниге ғапыл», «Қайран елім» күйлерін жеткізген еді, соны осы күнгі қазақ радиосынан бергізу қаншама тартысқа, нервіге түскенін айтып жатпай-ақ та коялық. Ал, Біздің облыстың радио «Құдайға шүкір» бұл күйлерге әлі бетін бұра қойған жоқ.

Сол Әбдіғали қария біз бүгін Тәттімбеттікі деп жүрген «Бес төре» күйін шығарушы Наурызбай екенін көңілге құйды. Манаптардың қолына түскен Науан елін сағынып отырып, осыны тартқан еді дейді. Сол күйде бес кісінің дауысы бар. Жайдары-жарқын Наурызбай үні, байсалды-қоңыр Кенесары дауысын тыңдаған жұрт анық танығандай. Осы күйді бертінде тартып, елге таратушы Әбікен Хасенов Қыздарбек шәкірггері атылған соң өзі елден қашып жүрген. «Бес төре» күйін Наурызбайдікі дей алмағанын қазір түсінуге болады, әрі қазақ өнері сақталсын деген ниетпен Тәттімбет атына бұрып жібергенін сол Әбдіғалидан ұқтық.

Міне бүгін біздің қолымызға өткен ғасырдағы қазақтың ұлттық намысын қорғаған, ұлт батыры Кенесарының суреті түсіп отыр. Тақта шіренген патша емес, елінің ар-намысын жақтаушы жорық батыры. Мен елден естіген сурет қаз-қалпында. Ат жақты, шықшытты, жал мұрын, көзі өткір жауынгер ханның соңынан оны көргендер де, кейпіне риза болған кейінпі ұрпақ та ергендей. Суретті халыққа ұсынушы Жайық Бектұрұлы. Кезінде саяси айыппен он жыл лагерде отырған, бүгінде жетпістің жуан ортасындағы ағаға қалай риза болмасын. Иә, кешегі бір күндерде осындай ел мұнын жоқтаушыларға халықты айдап салып, жаппай тас аттырғанына өкінесін де. Енді міне сол ел тауқіметін көтеруге туған азаматтар әлі де болса елінің ұлылығын жырлаушы болып отыр.

Елім деп туған ерге тірісінде ұстасып өткен жауы өлгеннен соң да тыныштық бермейді екен. Кеше Романовтардың заманында дәртүрлі мерекелі тойларында хан Кененің суретін іліп қойып, алыстан атып, мергендік сынасады екен. Сол дәстүрін революциядан кейін де жалғастырып келді. ¥лы Отан соғысына алынғандардың Ақмола түбінде дайындық лагері болған. Сол дайындық-тағылар мишен ретінде тақтайға жапсырылған Кенесарының суретін атуы керек екен, сан қазақ жігітінің көкірегінде өзі қастерлі санаған

батырының бейнесіне мылтық кезей алмай, далаға оқ атқанын елге айтып келген еді. Оқ атпаса да Кенені жамандап, ағаш оғын аямай жатқан кәзіргінің кей тарихшысының Ромоновтардан несі кем? Әттең оларға тапсырылатын темір кресіміз ғана жоқ.

Дүниеде өткеніне бір жарым ғасырға жуық уақыт өтсе де оның тарихи орыны туралы дау-дамайы басылмаған, басынан сырық кетпеген Кенесары кім еді? Күні бүгін оны қарақшы деуге жүзіміз жанбай келді. Ол туралы «Вестник Европа» журналы 1870 жылы «Словом, Кенесары умел быть достоиным повелителем своих дружин-духу… позевидовол бы любой полководен европейских воиск, таков был Кенесары» деп танадана да, тамсана да жазған. Әрине, жауға қарсы аянбай ұрысқан ер жау түсінігінде қарақшы. Ол, бірақ, ұлт түсінігінде ұлт батыры. Қазақ халқын қырып-жою саясатын ұстаған отаршыл Романовтар үшін Кенесарыдан жауыз ешкім жоқ. Бірақ біз дуниеге Романовтар көзқарасымен қарай береміз бе?

Өткен уақытта Ресеймен табандылықпен соғысқан Шамиль ұлт батырына айналып (кезінде Шамиль үшін түр-меде отырғандарды да кездестірген едік), оның атына қала беріп жатыр. Міне елі үшін туған ерге құрмет осылай болуы керек. Ал біз болсақ елі үшін еңіреген ердің атын әлі дұрыс атай алмай келеміз.

«Кенесары хандығын ғана кекседі» деп біздің құла-ғымызға әуел бастан сіңіруге тырысып келе жатыр. Шын-дығында Кенесары өз басының ғана қамын ойлады ма екен? Орыс патшалығы аса бай қазақ жеріне тұмсығы іліге-ақ жергілікті халықты қырын-жою, байлықты ба-сып қалу саясатын ашық ұстады. Тіпті адамзат ұрпағы цивилизацияланған XX ғ. кіргеннің өзінде жерім кетті деген қазаққа дала уалаятының жандаралы Шмидт. Сен иттерді шөлге «қуам» десе, ұлт кеңесінің мүшесі Марков. Қазақ, қырғыз - Шыңғысхан мен Ақсақ Темір елі, бұларға Америкада қызыл терілерге қылғанды қылса...» - деп ашық айтқан.

Ал Кенесары заманында ше? «Уралец (орыс қазағы к.ж.) из стари смотрел на киргиза как на предмет, ... челове-

ческая прав его Уралец никогда не признавал» (русский вестник. 1860 ж). Генерал-губернаторға жазған хатының бірінде Кенесары. Бізге ата-бабамыздан мұра жерлер... тартып алынып, бекіністер салынды. Күн сайын елімізді басып алып, бекіністер орнатып, енді Халқымызды ашындыруда. Бұл біздің болашағымыз ғана емес, тіпті кәзіргі тіршілігімізде қатер - деп бар қазақтың мұңын жоқтайды. Америка үндістерінің басына төнген қырғын-ажал қазаққа да төнгенін Кенесары жақсы білген. Кене хан қазақ ауылдарына орыс отрядтарының үнемі шабуыл жасап, әр шабуылында жүзден бес жүзге дейінгі адамды өлтіріп кетіп отырғанын, Әлтеке Сарым ішінде қырғынға ұшыратқанын нақтылы дәлелдеп патша өкілдеріне сан жазған. Князь Горчаковқа жазған хатында «Біздің адамдарды өлтіруге, тонауға, байлап әкетуге тыйым салған патша заңына ешкім де пысқырмайды - дей келіп, кісі өлтірушілік жайлаған орыс отрядтарының қанды балақ жортуылын ашына жазады.

Иә осы тұста империяның мүддесіменен қазақ елінің мүддесі қайшы келед. Орыс хатшысы қазақ хандығын жою қазақ халқын жоюды тездететін құрал деп түсінсе, Кенесары қазақ хандығын қалпына келтіру, елдің бүтіндігін сақтау, іргесін бекіту, қазақты халық ретінде сақтау деп түсінді.

Соғыспай тынбайтынына көзі жеткен Кенесары стратегиялық жағынан аса қолайлы Бетбақтың терістік шетіне қамал салдырған екен. Қамал қабырғасы үш жотаны қуалай көтеріліп, оңтүстік жағы өзеннің жарына тіреліп, терең ор қазылған. Кезіндегі әскери-инженерлік талапқа сәйкес оқ атарлық он бес мұнара мүйістерге орнатылған.

Қамалдың шығыс жақ іргесіндегі Кенесарының өзі ғана су ішкен құдыққа Әбілжан ақсақал 12-ге 15 минут қалғанда алып келді.

Жарықтықтың су ішкен жері осы екен ғой, - деп жолсеріктерім Сапар, Адамқұл, Ерғалы бүгінде таяздап кеткен құдық суынан тебірене ауыз тиіп жатты.

Азаттығы мен ұрпағының тірлігі үшін көтерлігген халық осы қамалға үміт артқан екен. Бұл қамалдың терістігінде

елу-алпыс шақырым жерде сайын далаға үкімін жүргізу үшін орнатқан орыстың Ақтау дуаны тұр. Даланың тыны-сына шан-шудай қадалған осы орыс бекінісін алуды Кене хан әуелден көздеген. Ақтау менен Ақмола арасында тығыз байланыс бар еді. Тұяғына шаң жұқтырмаған Ақбоз атты шабарман әр ап-тада келіп-кетіп тұратын. Бір кезде осы Арқаның бір байының жүйрігі еді, енді бөтен жұрттың жарағына жараған сәгүлікке, қанша тоспадан қосылса да, шаңына ілестірмей адастырып кетіп жүрген.

Міне, сол Ақбозды қолға түсіру ұрысқа жинаған жұрт үшін жол ашар-серт сияқты боп көрінді. Ақмоланың бас қорғанысының ішіне жасырылған атты әкелуге жіберілген жігітін күтіп Кенесары Санғыру биігінің басына шығып, терістікті әлденеше күн көзбен шолған. Ақыры ат әкелінді. Батырдың да, басқаның да атақты жүйріктен үміті бар еді. Ақбозды саптың алдына жетелетіп жеткізген.

Жау мінген жарақты тақымға басып жарқырамай-ақ қоялық. Ақ жолға ақ ат құрбандыққа шалынады, - деп Кене хан атты орып жіберген екен.

Ақтау дуанының түстік жағындағы Қарашоқы бөлім-шесінің тұрғыны Сағынжан дуанды қазақ қолының қалай алғанын қолмен қойғандай баяндаған. Будырсыз жазыққа салынған дуан бекінісіне жауған оқтан жету қиын. Кененің бұйрығымен әркім қараған тобылғыдан құшақ-құшақ тең буып, алдына ұстап, сәскеде шабуылға шыққан. Күркіреген зеңбірек, күрс-күрс атылған көп мылтық соған қарсы азаттық үшін ұмтылған көзсіз ерлер, арқыраған арғымақтардың дала төсін дүрілдете шапқаны көз алдына келгендей.

Қамал ішіне алғаш кірген Наурызбай екен. Іле Ағыбай, Мәжін, Қашқынбай, Шөмішбай батырлар да жау ішіне сұғына енген. Наурызбай батыр 1824 ж. Қарқаралыға бекініс сал-дырмаймын деп, Тар кезеңге соғысыпты. Наурызбайдың Тар кезеңі аталған сол орынды көрсететін жанды Қарқара-лыға барғанда таба алмадым.

Жау зеңбірігін сойылменен соққылауда сескенбеген, ажал сепкен көк мылтықты наркескенмен тураудa қайт-паған Кенесары батыр. Аш қасқырдай жан-жағын қоршап,

жалақтаған дұшпанынан соңына ергендерді сақтау үшін оңтүстікке ығысуына тура келді. Қалмақ шапқан ақтабан-шұбырындыда қазақ туысқан өзбек жерін паналап, күш жиып, жауын ой-сырата женген еді. Бұл жолы Кене хан туысқан Қырғыз жерін паналап, қуатын жинауда ойлаған еді. Бірақ орыс патшасы Орман сияқты манапты күні бұрын сатып алған, қазақ жерінің түстігін саған берем деп құрғақ уәж берген. Осыған сенген Орман жасырын орыс жасақтарын өзінде ұстаған. Пана іздеп арқа сүйемек барған туысқанға қаскөйлек танытып, елім деген қайран ер Кене-сары батыр опат болды.

Кенесарының ту көтерген жерінде қамал салған жұр-ты жатыр. Қамал құлаған. Өткен ғасырда жау қиратқан қамалдың тасын бертінде өзіміздің жарым естілер өзеннен тоған байлауға тасып, мал қора салып, быт-шыт еткен. Сол қамалды іргесінен қызыл күрең реңге боялған кішкентай ақ тасты алып, бой тұмардай сақтап жүрмін. Ақ тастағы қызыл күрең рең азаттық үшін арпалыста шейіт болғандардын тасқа айналған қаны тәрізді.

Асықпайтын тарих дөнгелегі шындыққа бет алған заманда елі мен жері үшін ажалға қарсы шапқан Кенеса-рының ұлт батыры атанатына сенімім мол.

# КЕСТЕЛІ ТАС

Мыңдаған жылғы тарихы бар ел өз зердесін келер ұрпаққа жеткізе білуді де сол заманда ойласа керек. Соның бір ерекше көрінісі жазу-сызу болмай тұрған заманда ғұмыр туралы өз пайымын, өмір сүру тәсілін тасқа таңбалап кету болса керек.

Біраз жұртқа аңыз болған Шет-Қарқаралы шекарасындағы Кестелі тасқа да ат басын бұрғанбыз. Түсе қалған үйіміздің азаматы осы жердің Кестелі тас деген мекен екенін ғана білетін боп шықы. Талай жыл осында ғұмыр кешіп жатса да суреті бар тастарға бір барып көрмепті. Іштей қатты қынжылдық. Ауызға келген ащы запыранды мына милаудың басына төге салғымыз келген.

- Қой! - деді Тұрсын. Онысында «мынаны адам деп» деген үлкен реніш жатқан. - Ана Сұлтанға барайық.

Абырой болғанда бұл азамат бәрінен де хабардар болып шықты. Кестелі тас сол ауылдан жарты шақырымға жетпейтін-ақ жер екен. Биік шоқаның бір иығына машинаны қоя салып, әр тастың бетіне қашалған көне суреттерге үңілгенбіз. Қашалған бейнелерді қарай-қарай бөлек сонау еңіске түсіп кеткен.

- Мынаны қара! Әй, мынау керемет қой, - деген Шәйкеннің дауысы жиі шығады. Салып ұрып, сонда жетеміз.

Талай таудағы сан таңбалы тасты көріп жүрген мен де таңмын. Таңданатыным мұндай бейне-суреттер тұтас жартастың бетіне, не жартастың үңгірінің ішіне салынушы еді. Бұл жерде жартас деген атымен жоқ. Мына шоқаның басына әлде біреу дастарханға мейіз шашқандай жұп-жұмыр көмірдей қара тастар шашылып жатыр. Әр қайсының ара қашықтығы да бес-он, кейде 20-30 метрдей Қара тастардың үлкендігі кейбірі шәй үстелдей болса, кейсінің биіктігі бір жарым, екі метірдей, ені 60-70 см.

Көмірдей қап-қара тастардың беті айнадай жып-жылтыр, тіпті кісінің бейнесі көрінеді десе де болғандай. Міне осы тастың айнадай бетне осыдан екі-үш мың жыл бұрын өмір сүрген көшпенділердің арғы ата-бабасы жүздеген бейнені ке-

стелеген екен. Құйрығын шұбатқан түлкі де, жемін аң-дыған қорқау қасқыр да, дүниеге таң-тамаша боп маңыра қараған арқар да, үйірлі жылқы да, жаяу-жалпы, атқа мінген адамдар да, әлде бір құбжықтардың суреті де көне адымның ерекше ықыласпен салған бейнелері.

- Мынаны қараңыз, мынаңы, - деп Тұрсын қолыңдағы-сымен тікесінен тұрған жылтыр басты сәл ұрып еді шойын-ның шыңылдаған үні құлаққа келген. Әдейілеп барып, қанша қарасақ та тастың бойынан темір таппадық. Тағы да сәл ұрып көрдік, тағы да шалғыны шыңдағанда шығатын шыңылдаған үн шекеге тиген. «Оның мәнісі мынадан» деген қисынды және таба алмадық.

Шоқаның иығына таман жатқан тастағы суретте өмір-дің бір желісі тіпті анық бейнеленген. Бір топ жылқы. Сол жылқының бергі жағында ноқталанған құлынды бие. Ноқтаның бір ұшын әлде бір жас ұстап тұр. Мұнан артық өмір сүру тәсілін бейнелі көрсету болар дейсің бе. «Біз, міне, сол заманда жылқы ұстап, осылайша кәсіп еттік» деп тұрған жоқ па. Мал шаруашылығы, оның ішінде қазақ аса қастерлейтін жылқышылық дәстүр сол көне заманнан бізге жеткеніне не күмән бар.

Иықтың үстіндегі үстелдей таста шаңырақ бейнеленген. Ол да сол дәуірдің шындығы. Сол үстелдей тас әлде біреу алып күшпен жоныштағандай айналасы жапырыла ойық түзеп жерге сәл кірген екен. Осы тастың әлде бір биіктен құлағанына да күмәнің қалмайды.

Бұл айнадай қара тастар жанартаулық құбылыс бол-са аққан магманың ізі қалар еді. Қанша байқасақ та ондай ештеңенің белгісін көре алмадық. Ал, сонау бір көне за-манда әлде бір метеор тастың жарылып кеп құлағаны, құлау жолында қатты қызған тастың сырты балқып, айнадай жал-тырап шыға келгеніне күдігің қалмайды.

Әттең... Бір әттеңсіз ғұмыр кеше алмадық-ау. Мыңдаған жылдар бойы ештеңе бейнелемеген ата-бабаның мұрасына қылау түсірмей сақтаған қазақ едік. Кейінгі «оқыған» заман-да «оқу өтіп» кеткен кейбір бейшаралар тап сол бейнелердің бетіне «пәленше гүл», түгенше «бақыт» деп шимайлар қойыпты. Мұның қалай дейтін совхоз бастық, ферма бастық, оргморгтар болмапты.

Сұлтанға «енді ешкімді жолатпа» деп тапсырып, уәделесіп жатырмыз. Үй іргесіндегі осы іргелі тасты бір көруге жарамаған ану бір кеще күңкілдеп жүр.

Біздің кенжелеу қалған теледидар да анда-санда осындай таңбалы тастарды бір көрсетіп қалады. Ал, бетбақтың шетіндегі, Ағыбай батыр мазарына жақын таңбалы тастағы мыңдаған суреттер, оның ішінде қолына шоқпар ұстаған жалаңаш адамдар мен неше қилы аң-құстардың айқасы бейнелеп жартастағы таңғажайып полотноны дәріптеуге республикада мәдениетті бұрын басқарып отырғандардың өресі жетпей-ақ кетті. Міне, бұлар ұлтымыздың мақтанышы да, туристерді апарар ғажайып орындар да болар еді.

# ДОЙБЫ ТАС

Абыз Мұқашты ертіп, Рысқұл Тәжібаев, шофер Аман-құл, Кеншоқыдан 90 жастағы Секербай ақсақалдың баласы Берікпен ілестіріп, Оралбайдағы Жидебайдың жер үйін көрдік. Онан әрі Түсіпбек қорасынан жоғары (Қызылтас іші) диірменді іздеп таппадық. Жолдан Жалаңаштан Сейдолла мұғалім ілесті.

Онан әрі Егізқойтастағы дойбы тасты көрдік.

Дойбытас тақтасы маңдайында - 8 тор, қабырғалығында - 9 тор, барлығы 8х9 = 72 тор-ұя. Нақ ортадағы белдеу тор-ұялар кеңдеу 10х10 см. Басқалардың мөлшері 10х7 см.

Дойбы тас қашап салынған. Іздері көнеліктен өшіп бара жатыр.

Егер бұл тас тақта қола құралдармен салынды деп есептесек, оның пайда болуы 3 мың жылдан асады. Бұл үлкен жаңалық. Ол көшпенділер дойбы ойнауды тым көне заманнан білді деген сөз.

Оның тағы бір ерекшелігі 72 ұя болуында. Бұл дойбының ойнауында да өзіндік тәсілдің болғанын меңзейді.

Сол маңда жосамен салынған әлдебір үшбұрыштардың да суретінің қалдығы бар. Мұның бәрі ойлантса керекті.

Дойбы тақтасы салынған тастың арғы етегінде тас мола жатыр. Кішірек тас молалар басына дейін тізбектелген. Бәрі бір сызықтың бойында, әрі дойбы тасты дәл ортасынан кесіп өтеді. Дойбы тастың ортасындағы кеңдеу ұялар да ерекше. Ол оңтүстіктен терістікке қарай бағытталған. Жата қалып бір шетінен көздесең сонау жуықтағы көне шоқыдай үйілген бейітті нұсқап тұр. Ол көне бейітте қазылыпты. Осы Дойбы тас маған әлденені нұсқаушы, бағдар беруші белгі тәрізді-ау деген ой тастады.

Келер жылы маған әкім Төлеужан Ахметбеков сол жерде белгісіз ұшатын тарелкалар келіп жүретінін жеткізді. Оны сол маңнан көрген адамдар жеткілікті.

# КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН ХАБАР

Байтақ даланы мекендеген халқымыздың көне мәдениетінің бір үлгісін әйгілейтін тасқа басылған таңбалар, түрлі суреттер, жаяу үлгілері еліміздің түкпір-түкпірінде көптен кездеседі. Бұл таңба-суреттер сан мың жыл бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың келер ұрпаққа өмір туралы тастап кеткен хатсыз жазуы іспеттес.

Сондай бір таңба-суреттер тобы Жезқазған облысының Бетбақ даламен шектесіне орналасқан Тайатқан-Шұнақ деген тауындағы «Таңбалы тас» жартасы. Жалпы көлемі 150 метрге жуық жартас беті біздің жыл санауымыздан әлде қайда бұрын, қола дәуірінде сүрген адамдардың салып кеткен сансыз суреттеріне толы. Бұл «Таңбалы тастың» ертеден халық аузында екенін, ерте заманнан құлағы түрік, көкірегі ашық адамдардың көңіл аударған жері екенін ескерсек, әйгілілігін түсінеміз. Өткен ғасырдың 1863 жыл шамасында осы күнгі Жаңа-Арқа ауданы жеріндегі Жұбан-Ана мазарына келіп, оны алғаш суретке түсірген ұлы Шоқанның тап бұл жол осы «Таңбалы тасқа» соққаны жұртқа бұрыннан аян. Сөйтіп ел аузына ертеден іліккен «Таңбалы тас» ғалым Шоқанның назарынан тыс қалмаған. Әттең, ұлы Шоқанның «Таңбалы тасты» толық зерттеуге ғұмыры жетпеді.

«Таңбалы тастағы» түрлі-түрлі суреттер мен таңбалар-ды фотоға түсіре отырып, ойлана үңілгенімізде бұл кес-кіндердің бір ғана ғасыр ішінде емес сан ғасыр бойы жасалғанына көзіміз жете түскендей. Аңдардың алғашқы кескіні тым ертеректе қарапайым сызықтар негізінде са-лынып, қарабайырлау келсе, келесі суреттерде аңдардың өзіндік ерекшелігін бергісі келген талпынысқа ауыса береді. Міне киік текелерінің сүзуін реттейтін тастағы картина осындай өсудің бір көрінісі.

Уақыт өткен сайын адам баласының дүниетанымы молайып, құралы жетіле түскен сайын тас бетіне қашау да өрістеп, белгі-бір сюжетке қарай ауыса түскен тәрізді. Тас бетіндегі біреуі билеп, екіншісі оған үн қосып, қалғандары таңырқана бой созып, қошаметтеп тұрған ешкі суретін көргенде осы

күнгі қылқалам шеберлерінің әйгілі полотноларынан кем әсер қалдырмайтынына таңдана таңдай қағасың. Белгісіз суретші өмір қуанышын біз биші ешкілер атап кеткен осы көрініс арқылы жеткізе білген.

- Мына бір ғажайып көріністі қараңыздар, - дейді Ерғалы Есімғалиев.

- Тұра тұрыңыздар, әуелі суретке түсіріп алайық, - деп Дәулет пен Мұрат фотоаппараттарын әзірлеп жатыр.

Тік тұрған жартастың беті ию-қию араласқан тағы өгіз, киік, арқар, ешкі-қой, жылқы, түлкі, аю, құс суреттеріне толы. Бұл хайуанаттардың бәрі адамдардың қоршауында қалған. Кейбір аңдар қоршаудан жырыла қашып шығып жатыр. Адамдардың қолында белгілі қару да жоқ. Сірә, аңдарды топтап қоршап, тас ату әдісімен өлтіруді суреттеген алғашқы адамдардың аңшлығы тәрізді.

Алғашқы суретші «міне, біз осылай өмір сүрдік, өмір үшін күрестік» - дейтін сиықты. Ал, адамдардан ірі план да алынған, мұнысы «біз үстемдікке ие бодық, күштіміз» - дегенге саяды. Бұл сурет әлі де болса мамандардың үңіле зерттеуін қажетсінеді.

Адамзат көшінің өсуінің жаңа бір сатысы мал шаруашылығының пайда болуы да «Таңбалы таста» орын тепкен. Кеше аңды қоршап аулаған адам бүгін ат үстінде бейнеленген. Қолындағы орамды нәрсе сілтеуге әзірленгеніне қарағанда бұғалық тәрізді.

«Таңбалы тастағы» суреттердің көпшілігі белгілі сюжет-желіге құрылған. Біз 6-сурет деп белгілеген тастағы көрініс өмірдің белгілі бір сәтінен мағлұмат беретіндей. Көріністің сол жағында қашқан қасқыр, сонан соң шаңырақ таңба, төменіректе үрке қараған жылқылар, әлденеге қос қолын бірдей көтерген адам бар дауысымен ышқына ай-қайлап тұрғандай әсер береді, ең төменде тоғыз ұя салынған. Тоғыз ұя тоғыз құмалақтың тасқа түскен көрінісі ме, әлде алқа қотан отырған тоғыз үй ме, ол арасы белгісіз. Тастың жоғарғы жағы бірде тоғысып, бірде алшақ кетіп жатқан штрих-сызықтармен толы. Суреттен қасқыр шауып, малы үркіп, берекесі кеткен ауылдың бейнесі көңілге орала береді.

«Таңбалы тасты» аралап көргенде көзге жиі ұшы-

расатыны «шаңырақ таңба» деп біз атаған ортасын айқұш-ұйқыш сызықпен қосқан тұйық шеңбер. Оның біразы уақыт зардабынан өше бастаған. Біз түсінетіндей белгілі жазу таңбасы болмаса да, жазу-сызудың алғашқы әпіл-тәпіл қадамын еске түсіретін сызба-таңбашықтар бар. Бір таста таңырқаған бұғыға садақ ұстап жақындаған кішірек адам бейнесі түсірілген.

«Таңбалы тастағы» әзірше қираудан аман жеткен жартас беттеріндегі қалғыған құлан, күйіс қайырған түйе, асықпай басып аяңдаған барыс, ырылдап шөккен аю тәріздес мақұлық, піл-мамонт, ондап кездесетін киік-арқарлардың табын-табын суреті, сүзіскен текелер, бұлан, тағы өгіз, бетін қына баса бастаған арқыраған айғыр, маң-маң басқан аю суреттері өткенімізді жете білу үшін, білімді қауымның бүгінгі биіктен өткен мәдениетті зерттеуі, түсінуі үшін өте қажет.

Су шайып, жел өбіп, бұзыла бастаған, фотоаппаратпен бейнесін алуға болмайтын суреттер де өте көпшілік.

- Таңбалы тастың басында ұясы осы күнгі дойбыдай әлде қайлы көп дойбы тас бар, - деп еді бізге науқастығы себепті ілесе алмаған Серік Исмақов ақсақал. Өзіміз іздеп тап баса алмадық. Ал, мына 9 суреттегі тастың беті толған қашалған ұя. Тас құлағандығы себепті бір жақ бұрышы сынып қалған. Осншама ұяны тас бетіне не себепті қашап салды екен деген бір ауал көңілден кетпейді.

Бір кезде бір тұтас жартас болып тұрған «Таңбалы тастың» беті бүгінде айқұш-ұйқыш жарыққа толы. Бүгінгі күнге жеткен тастағы суреттердің де ендігі ғұмыры адамның аялы алақанына байланысты тәрізді. Қарттардың айтуына қарағанда бір кезде беті суретке толы бірінші жартас бүгінде дүрсілі жер сілкінгеннен кем емес қазіргі техниканың әсерінен тұтас-тұтас қалпымен аударылып етекте жатыр. Талай мың жыл тұрып бізге жеткен таңба суреттердің жойылып кетуіне бірен-саран барушылардың, сол маңдағы қойшы, шөпшілердің де әсері бар сияқты. Бір кезде ұлы Шоқан арнайы соғып атын жазып кеткен, біз оны көп іздедік. Бір таста Вал деп басталған жазудың соңын әлде бір пәтшағар өзінше түзеп волки ғып жіберіпті. Астындағы жылын да өзгерткен. Сірә, Валиханов деген өз осы болса керек.

Мыңдаған жылдар бойы сақталып, бізге келіп жеткен

«Таңбалы тастың» ендігі тағдыры бізді ойландырады, келер заман үшін аман сақтап қала аламыз ба деген ой жанымызды мазалайды. Ей, замандас, адамзат алдындағы борышымызды өтей білейік дегіміз келеді.

Қасиетімізді қадірлейік, жақсымызды аялайық, көненің көзін сақтай білейік, ағайын, деп бос үгіттегенімізше үлкен-кіші болып осы істі нақтылы қолға алатын уақыт жеткен сияқты.

1985 жыл

# ДОМБАУЫЛ БАСЫНДА

Кеш қоюланып барады. Қызылжардың бұлағының желкесіне тігілген Мұқаңның үйінің сыртындағы дастархан басындағы менің әсерден айыға алмаған кеудеме ескен самал даланың хош иісін әкеліп, онан әрі дүрліктірген. Сонау жерде Домбауыл мен Жошы тұр. Бұл жерде Қызыләскер деген колхоз бопты. Жазушы Аппаз ағамыз осында мұғалім бопты. Жастықтың думаны, дүбірлі кезеңі де осында өтіпті. Кейде күлкілі, кейде өкініш аралас әңгімесін айта отырып Аппаз да сөз ұшын Домбауылға бұра береді.

Иә, қасиетті Домбауылдың орыны бөлек екен. Қалақ тастап зәулім етіп қаланған ғимараттың бітімі ерекше, еріксіз тағзым еткізгендей. Египет пирамидаларынан несі кем, несі артық? Әр халық өз тұрмыс-тірлігіне қарай мұра тастаған. Жоқ, бұл ұлы дүние. Қазақ даласын аралап жүріп тап осыған ұқсастығы бар, қалау әсілінің бірлігі айқын Қозы-Баян ескерткішін көрген едім. Көз алдыма сол келді. Бірақ Домбауыл қайталанбас қасиеттілігімен табындырды.

Сонан соңғы бір сөз, архитектуралық ғажайып осы ескерткіштің музыкада орын табуы. Менің қолымда кеше атылып кеткен Әбдидің домбырасы бар. Жасалу бітімі осы тас ғимараттар үлгісінде, көмейінен бейіштің үні шығады. Бұл қалай? Бұл не формалық ұқсастық? Менің ойымша Домбауыл ғимаратының ішіне нар қобызды орнын тауып қоя алса, ол күннің бір мезгілінде өз-өзінен сарнап еді. Бұған менің жүрегім сенді. Кезінде Қорқыт мазарына тап осындай ғажайып болған ғой. Халық аңызында Домбауыл - бақсы, ол батыр, ол болашақты болжаған көріпкел.

Болашақты болжағаны Домбауыл ғимаратының кескінінде тұр. Шығыс бетінен келе жатқанда көзге түсетіні оның күмбезінің түстік жағынан жел үрген құм шағылындай терістікке қарай сәл ойыса орналасуы. Оның архитектуралық қателік емес, әдейі жасалғаны көзге ұрып тұр. Төрт қабырғаның да қалануы төрт түрлі, еріксіз ойландырады. Әсемдікті жүрегімен ерекше таныған сол суретшінің сим-

метрия заңынан қасақаны шыққанын ұқсаң да, не себепті екеніне таңсың. Күмбездің ойыса біткен Терістік жағы да, қабырғаның сол тұсы да жарты ай тәрізді ойық қаланып, шығыңқы бұрыштары әлденеңі меңзеп тұр.

Бір қарағаннан-ақ ғимараттың жай жұлдыз қарауға арналған орын емес, үлкен ғылыми абсерваториялық мәні болғаны да ұғынықты. Оның үстіне айналадағы көшпенді ел жыл мезгілін, уақыт шамасын қабырға ерекшеліктеріне қарап та айырып отырған тәрізді. Онда жер астының құпия жолының болғанына да шәгім жоқ. Тек оны зерттеуді құлатуға құмар тап бүгінгілер жасамаса екен дегендейсің. Бұл ғимаратты жете зерттеу үлкен ғалымның, ойлы азаматтың ісі болуға тиіс. Өз басым, ең болмаса бір апта бақылар ма едім деп кеттім.

Сонадай жерде көшпенді елдің көшпенді қаласының жұрты жатыр. Оны салған Жошы хан. Кезінде осы айнала еліне әсері бар Домбауылды Жошының сағалап келуі де тегін емес. Жошының мазарын бүгінгінің біліктісі рестоврация жасаған боп біраз жамапты. Онысы жібекке жамау салғандай адырайып көрініп тұр. Іргеде шашылып жатқан өз кірпішін көрсең Қытай фарфорындай сыңғырлайды.

Сол тұста сол кірпішті күйдірген пештің орны жатыр. Ендігі сөз жан ауыртар азап қой.

Көшпенді қаланың орталығы хан сарайынан тұратын сияқты. Ханның және оның отбасының жәйлары жеке-жеке бөлмелер. Бөлмелер осы күнгі тік пеш емес, жатағанмен жылытылған. Оны «кан» деп те жүр ғой, бұл да қазақта ерте-де болған екен. Бұл ойымды сол жерді зерттеуші жас ғалым Жұмаш Смайылов та қостады. Әрине, өткенді ашып, халыққа көрсету орынды. Бірақ жер астынан аршылған мұраның ендігі болашағы еріксіз ойлантады. Жаңбыр мен дауылдың өтіне тастап отыра берсек Жошының бізге қайта келіп қала салып бермесі анық. Ендеше оны ең болмаса күркелеп жау-ып, сақтауды неге ойланбасқа, қашанғы енжар бола береміз деу керек қой.

Көшпелі қаланың негізгі хан тұрағы, айналадағы ел кигіз үйлі қалада тұрғанын ғылым сан дәлелдеген. Жошы жұртын «Жошы қаласы» деу де керек сияқты. Ұлының атын жөндеп атасақ халқымыздың мерейі емес пе.

Иен даланың түкпір-түкпіріндегі ата мұраға ие болумыздың, қамқорлығымыз шамалы екенін түсініп болмағандаймыз. Іші ою-өрнекке толы Нұрлан жомарттың мазары құлап бара жатқанына ешкімнің іші ауырғанын көрмедік, қамшыдай өрілген Есбай мазарының да халі мүшкіл. Анау Ағыбай, Алтыбай, Шалғынбай мазарлары киік жолртқан далада, ел назарынан тыс. Ал атақты Ақсу-Аюлы 2 кешенін сауда орынының қоқыс төгетін шұқанағына айналдырдық. Мәдениеттен хабардар, жанашыр қайда? Кеше айтуға қорқып келдік, бүгін...

Бір «әттеңнен» екінші «әттеңге» ұрынып, малтығып жүрміз. Бүгінгі демократия ғылым мен мәдениеттен жұрдай, лақпа демагогты да шығарды. Жиналыс сайын айқайшыл, кеңірдек жыртар ол кешегі надан белсендінің бүгінгі хат танитын жаңа көрінісі. «Ақын-жазушының керегі не?» деген оған елдің де керегі шамалы. Мәңгүртизмнің түнегінен көзін аршып ашып, шала соқыр кейбіреу тисе терекке, тимесе бұтаққа деп әйтеуір жұрттың бетін жыртуда. Ол «ерің» кеше «тиым салған» заманда қайда болған. Кейде оларды әруақ ата ма деп те қорқасың, ол да қазақтың адасқан баласы ғой.

Бір ауыл кеңестің мықты төрағасы «Сары Арқа» га-зетінің атын бір жарым айдан соң бізден естіп, «ол не газет?» деп «білгірлігімен» бізді шошытты. Ел басындағы кей азаматтың кейпі осындай болған соң, білім-багажы «баяғы отызда» онан соңғы «масаң» дәуірде қалған соң не айтасың. Сондай бір білгіш «Мир» деген көше атын қазақтың ғұламасына қимай «бейбітшілік» дей салайық деп отырса айналайынның тәржімасы -я тебя кругом обхожу секілдендіріп кенжелігімізге ренжитін боларсыз.

Әзіргіміз осы болып тұр-ау. Қайран тарих, көне мәдениет, сенің алдыңда қарыздар боп жатырмыз. Иен даланың күзетшісіндей көшпенді елдің кезіндей боз жотаның үстінде Домбауыл тұр маңқиып. Ей, Домбауыл, сырыңды қашан ұғамыз?

# ҰЛЫ ЕДІГЕ - ҰЛЫТАУДА!

Ұлытау - исі қазақтың жүрегін ұлылыққа үндейтін ата мекен.

Ұлытау десе көкейге «хан. ордасы», Домбауыл, Жошы, Әмір Темір, Едіге, Тоқтамыс, кешегі Кейкі, Амангелділер оралады. Ал Едігенің ерлігі туралы қаншама жырлар сақталған. Едігені халық батыр деп қана қоймайды, оны әділ би, кереметті әулие деп те жүрегінен орын берген. Осы сапарымда да ол туралы талай әңгіме естідім.

1950 жылдың шамасы болар, бесінші кластың оқушысымын. Сонау Ұлытау жақтан әкеммен досжар екі адам келген. Әңгіме ауқымы Едігеге ауысты. Атжақты, самайы қасқалау үлкендеуі «Едігені бүлдірді ғой» деп күрсінді. Сонан соң әкемнің сауалына, «сонау Мәскеуден үш орыс келгенін, олардың мақсаты Едігені табу екенін айтты.Алғашқыда батырдың зиратын ешкім көрсете қоймапты. Келер жылы бәйге жарияласа да көрсетуші табылмапты. Үшінші жылы екі шал «мынау» деп көрсетіпті. Моланы ашқанда батырдың мүрдесі сол қалпында жатыр екен дейді. (Тау басының ерекше климатынан мүрде сақталғаны туралы дерек көп. К.Ж,).

Бұл әңгімені мектеп кезінде толтырған алты қалың дәптердің бірінде жазған едім. Айтушылардың, екі шалдың аты да бар еді. Қазір менің қолымда тек алтыншы дәптер ғана бар. Бес дәптер саяси көзқарасым үшін түрмеге түскен мезгілде жойылып кетті.

Едігенің мүрдесін орыстар неге ашты? Мақсат не? Әлде қорлау үшін бе? Едіге 1410 жылы Мәскеуді тағы алып, тізе бүктірген ұлт батыры емес пе еді. Атақты батыр, қолбасылардың дұшпаны да көп. Өзі өлген соң сол дұшпан мүрдесін қорламасын деп Шыңғыс хан қабірінің үстінен мыңдаған жылқы айдатқан. Ұлы А. Македонскийдің де моласы белгісіз. Қабанбай батыр «мүрдемді алыс Арқаға жерлеңдер» деп кетті деген сөз бар. Ал, Едіге балала-рына «мені Ұлытаудың сонау шыңына жерлеңдер» деп тапсырыпты. Бұл туралы ғалым Шоқан Уәлиханов та жазған

екен. Ұлытаудың шыңы қорған болар деді-ау ел арысы Едіге батырға. Сөйтіп Едігенің басын орыстар ашып, шала-пыла жаба салған. Сол Едіге тауының басына Тоқтамыста жерленген дейді халық. Едіге тауының басы жалтыр тас. Аса ірі тас зират ішін қуыстаған ерекше пирамидаға ұқсайды. Бұл да тас қалаудағы халық қол өнерінің ерекше үлгісі.

Иә, ол жағдай өтті ғой. Қазақтың «мынау менің ба-бам еді», «анам» еді деуге шамасы келмеген, аузын ашса тілін жұлған кер заман ғой ол. Сөйтсе де екінші рет қисынсыздыққа жол берілгеніне ішің аши ды. Мына еркіндік, тәуелсіздік қолға тиген тұста біреу барып, Едігенің моласын қопарыпты дегенге ешкімді сендіре алмай қор болдық. Оны айтамыз-ау, тіпті Едіге батырдың басын ала қашыпты дегенге сендіре алмадық. Ақыры архивтен Ғазиз ақын Ештанайұлы Жезқазған облысының «Сары-арқа» газетінің 1990 жылғы 2-ші қарашадағы санын тауып берді. «Қорлаушы бар, қорғаушы қайда» деп зар еңірейді журналист Батырбек Мырзабеков. Газеттен үзінді келтірейік «Өлкетанушы С.Бүкіров (Сүтемген Бүкіров К.Ж.) басқарған экспедицияның Ұлытауға Едігеге барғаны да рас...тау басындағы қатар-қатар жатқан үш тас үйіндіге қарап та-рихты бір сәт сол қалпында тамашалап тұрды. Сәлден соң Алматыдан келген ғалым Н.Көшекбаев экспедиция жетек-шісінен:

- Едіге осының қайсысында жатыр? - деп сұрады. Бұдан бұрын да осында үш рет келіп-кеткен С. Бүкіров үш сұпының ортасындағысын.

- Естуімізше, мынау бабамыздың бейіті, - деп көр-сетеді.... Әркім өзімен өзі болғандай біреуіне біреуі Едіге батыр тура-лы естігенін, білгенін шертіп тұрған сәтте аста-дан келген ғалым кісі ере шыққан екі-үш жас жігітке:

- Кәне, мына үйінді тастарды аударып тастаңдар, - деп ... бұйрық райда сөз тастайды.

Газет онан әрі қарай жалаңдаған жігіттердің үйінді тастарды аударып тастағанын, ар жағынан діні бұзылмаған, еш жеріне ақау түспеген бас сүйектің де, дене сүйегінің де көзге түскенін жазады. Ал, ғалым кісі бас сүйекті шапанының шалғайына орап, баурына қыса орнынан түрегелгенін «Міне осылай бес ғасыр бойы орнынан қозғалмай, дене дене сүйегінен бөлінбей жатқан Едіге батырдың басы тұңғыш рет таудан төмен шапанның шалғайына оралып түсті» - деп тәптіштеп жазған.

Газет Ұлытау аудандық Совет төрағасының орынбасары, осы экспедициямен бірге болған Төкен Ахановтың:

- Басты алатынын білмедік, - деген пікірін де жазған екен.

Бұл жағдайды естіп Ұлытаудың халқы көтеріледі. Ақыры халықтың тегеуріне шыдамаған ғалымы мен басқасы Едігенің басын орнына қояды. Бірақ үйінді мола қалпына келтірілмейді. Осыған қатысқан Ұлытау аудандық газетінің редакторы Мағзұмбек Машайықұлы Едіге батырдікі делінген бас сүйегі де, дене сүйегі де бір-ақ қабат тастың астында жатқанын бізге жеткізген еді. Кеш естідік.

Қазақ ұлтының намысын қорғаған хас батырдың сүйегі шала жабылып жатыр дегеннен жанымыз түршікті. Бесінші жылдың сары күзінде Ұлытауға жетіп Едігенің шыңына өрледік. Терістік жақ беті еді. Ең қиын тұсы да осы екен. Бесеуміз. Төртеуі Ұлытау азаматтары. Біраз көтеріліп барып екеуі жолда қалды. Жолбасшымыз орта тұсқа жетіп жығылды. Жиырмаға жетпеген шофер бала екеуміз төрт сағат дегенде шың басына зорға жеттік. Қолымыздан дұға оқу ғана келді. Мынау деп көрсетер Мағзұмбек шыңға шығуға жарамады. Көргенімізді айтып келер жылдар қың-қылдап көріп едік,естір құлақ таппадық. Бәрі де күйбен тірліктің әуресінде.

Мәдениет жағы келген дөкейге концерт береді, шығарып салады.

Сегізінші жылы министрлікке жазғанымызға бір қызметкері жыл соңындағы 10.-02/Ж-335 деген жауабында

«Едіге батыр басында шашылып жатқан сүйектер жоқ» деп жауап берді.

Тоғызыншы жылы жазғанымызға тағы да «Едіге батыр басында шашылып жатқан суйектер жоқ» екендігін айтып жауап алдық.

Сонан біз «шашылып жатқан сүйектер емес, Едіге батырдың қорлауға ұшырап жатқан сүйектері туралы жазып отырмыз» деп қайта жазуға мәжбүр болдық. Бір азаматтар өзімнің барып, өз көзімен көріп, дәлелдел қайтуының да дұрыс екенін еске салды.

Едігенің шыңына көтерілудің қиынын көргенбіз. Жетпістен асқанда енді қалай болар екен деген күдік пен секем де бойды билеген. Айға жуық әжептәуір дайындалдық. Саршаның 29-күні Ұлытауға кештете жеттік. Ертемен бізге биыл 36 жыл бойы редакторлық етіп келе жатқан Мағзұмбек Машайықұлы, музей бастығының орынбасары Сейтжан Өмірбаев, Музей қызметкері Ерлан Омаров, ҚарМУді биыл бітірген інім Жансерік ерген.

Едіге шыңының терістік тұсынан баруға қарсылық еттім. Өздері де түстік жағы қолайлылау десті. Екі сағаттың жобасында Едіге тауының басына да көтерілдік. Шыңның басы жып-жылтыр гранит тас. Ұлытаудың бар биігі алақанға салғандай алдымызда созылып жатыр. Көз жетер жер айнала далаға сағым ойнап, шоқылары бас иіп табан асытымызда қалған. Тау басында бір тас зират қана қираудан аман. С. Бүркіров көрсеткен үш үйінді тастан қалған осы. Қалған екуінің бірін ғалым Н. Көшекбаев қиратты. Үшіншісі қайда? Оны қиратқан кім? Бұған жауап жоқ. Бұзылмаған зираттың бір тұсынан әлдекімдер тізеден етіп ұзыншалап тастан қоршап қалап қойыпты.

- Едіге қайда жатыр? - деп сұрадық Мағзұмбектен.

- Міне, мұнда жатыр. Мына тастың астында, - деп жаңағы қоршауды көрсеткен.

- Мына қоршауды біз жасадық. Батырдың бетін де осы таспен біз жаптық.

- Ұзындығы елу, ені отыз сантиметрдей тастың бетінде ештеңе жоқ. Дұға қайырдық. Алладан медет, әруақтан кешірім сұрап бет тасты көтеріп қойдық. Арғы жағында он сантиметрдей жерде бас сүйек жатыр. Көргеніміздің

бәрін видикке түсіріп те жатырмыз. Ақылымен жұртқа үлгі айтқан, қаруымен исі қазақтың дұшпанын талқан еткен Едіге батырдың мәңгілік тұрағының жәйі осы. Көңіл құлазиды, көкірекке өксік тірелген, ытып шыққан жасты сілкіп тастадық. Кенесары хан дар алдында тұрып бүкіл қазақ даласын айтып қоштасып, бар қазақ ұлын атап жоқтау айтқан екен. Біз де жоқтау айтудың аз-ақ алдында тұрмыз.

Тағы да дұға қайырып батырдың басын да, жанында жатқан сүйектерді де қолға алдық. Жаңбыр өтіп, тастың қуыс-қуысынан андыздаған жел кеулеген бас сүйек семіп, үгілудің аз-ақ алдында тұр. Жақ сүйек бар, бет сүйегі көрінбейді.

Бас сүйекті арнайы алып келген ақ матаға орап қайта орнына жайғастырып, бұрынғы қалпындай етіп бетін таспен жаптық. Әзірше қолдан келгені осы.

Бірақ бір көңілімде қалды. Едіге осы ма, әлде қалай дейді іштегі бір түйткіл қолыммен ұстап, көзім көрген бас сүйекке қарап.

Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл Мұха-медтің ықпалымен Едіге мәселесін анықтау үшін арнайы комиссия құралған тағы да Едіге шыңына көтерілу керек. Едіге туралы кім не жазды, кім не деді дегенді саралап оқып, көңілдегі күдіктен арылуға тырыстым. Академик А.И. Шренкпен бірге болған сапарында Шоқан Уәлиханов «Ұлытау шыңдарының бірінен маңғыт ордасының негізін салушы Едігенің моласын таптық. Оның моласы тас үйіндісі. Оның құзыры өзі орналасқан тау қиясының биіктігімен сәтті ұштасып тұр» деп жазады (таңдамалы, 105-бет. Алматы, 1985 ж.) Ол заманда Ұлы би (хан емес) атанған Едігенің зиратын анық көрсетуші шежіре-карттар барған. Олар қателеспейді. Міне, Шоқанның жазғаны - негізгі дәлел.

Қазақтың түгел сөзін түп-төркініне жеткізе зерттеп терген Мәшһүр Жүсіп те Едіге батырдың Ұлытауда шың басына қойылғанын жазады.

Тас зиратгардың үшеу бслғанын, соның ортаңғысын С.Бүкіров «Едігенікі» деп көрсеткенін журналист Б. Мырзабеков жазады. Сол үш зираттың бәрінің биіктігі бірдей болды ма екен деген ой мазалайды.

Аудан әкімі Жаңбырбай «Егемен Қазақстан»газетіне ашылып жатқан сүйекті ұстап отырып шыққан суреттің

теріс бояғаннын айтып, әлде біреудің «бұл менің әкем Тоқтамыс» деп жүргенін жеткізді. Әлгі пендеден сұрасақ ол сол шыңға соңғы пәленбай жылда шығып көрмепті. Бабам дейтін Тоқтамысты 1771 жылы туып, 1834 ж. өлген дейді. Оны қайдан білесің дегенде «солай деп жүреміз ғой»-дан аспады. Хан Тоқтамыс 1406 жылы өлген еді. Ал, енді кімді жеңесің.

Іштегі түйтіктің бетін ашуға Қаракеңгір ауылының тұрғыны Молдабек ақсақалдың көмегі тиді. Молдекең кешегі жігіт-желең шағында 1956 жылы Едіге шыңына көтеріліп, сол тас зираттарды көрген екен. Шыңмен ұштасып тұрған тас зират аса биік еді дейді Молдекең. Онан басқа тағы екі тас зират болды, оларды биіктігі кісінің қара санына жете қоймайды деп түсіндіреді ақсақал.

Иә, сонда Молдекең көрген (күні бүгін сақталып тұр-ған) биік тас-зират ұлы Шоқан жазып-қалдырып кеткен «тау қиясының биігімен сәтті ұштасып тұрған». «Едігенің моласы» екеніне күмән қалмады. Ал ашық-шашық жатқан ана екі тас мола өте аласа, тіпті сол екеуіне қанша тас үйсе де Шоқан жазғандай шыңмен «сәтті ұштасы» кете алмайды.

Әрі Тоқтамысты да ел құрметтеп,соншама биік тас мазар салмас еді. Ол 1395 ж. Теректідегі соғыста жеңіліп, Литва королі Витовтқа қашып кеткен. Оның үстіне 1399 жылы Алтын орданы күйрету үшін Поляк, Литва, Орыс және Тевтон орденінің әскерін алып келген. Ворскла өзеніндегі ұрыста бұл төрттіктің әскерін Едіге қиратып салған. Мұнан кейін Тоқтамыс Әмір Темірді паналаған. Өз еліне жаудың жасағын алып келген, Қашқын ханға елдің тау шыңына аса биік тас мазар сала қоюы екі талай. Егер осы соғыста Едіге жеңілсе Алтын Орда біржола құрып, қазақ жерінің Ұлытауға дейінгі бөлігі жат иелігіне кетер еді де, қазақтың бүгінгі жер тұтастығы да болмас еді.

Сонау 50-жылдардың бас кезінде Едіге батырдың моласын іздеп келген орыстарға Ұлытаудың екі ақсақалды да батырдың мүрдесін қорлатпау үшін Мәскеуліктерді қасақана жаңылыстырып, ортадағы моланы көрсеткен-ау деген ой келеді. Қазақтың иманы бұзылмаған қайран ақсақалдары деп іштей қуанасың. Анау өлкетанушы С.Бүкіровта сол ақсақалдардың ізімен кетсе керек. Оған да шүкіршілік.

Комиссияның бір мүшесі Ә. Марғұлан атындағы архео-

логиялық ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Жұман Смайлов бұл шыңға алғаш рет 1983 жылы шық-қанын, сонда да сүйектердің көрініп жатқанын айтып өтті.Иә, бұл Мәскеулік орыстардың моланы жаңылысын ашып, шала жауып кеткенінің куәсі.

Тау шыңымен үйлесімді ұштасып биік тас-мазар-пирамида тұр. Бұл ұлттың намысын қорғаған, Ұлы би атанған Баба Түкті Шашты Әзиздің ұрпағы Құтылқия ұлы Едіге батырдың мәңгілік орыны. Осы биіктен өзі сүйген,өзі қор-ғаған ұлты мен ұлы даласын бақылап жатқан сияқты.

Ғасырдан ғасырға ұлы тұлғаны мақтан тұтып, қас-терлеп, қорғап келген Ұлытау жұрты Едіге батырдың сау тұрған тас пирамидасының іргесіне «Құтылықия ұлы Ер Едіге» деп қара мрамордан тамаша ескерткіш орнатып көріп, көңіл қуанды.

Ал, ана шала ашылып жатқан екі мүрде кімдікі, қашан жерленген? Оны антропологтар зерттеп, Едігеге қатысын анықтауы қажетті жеке әңгіме.

Анау бір қонысты ел күні бүгін «Едігенің майлы жұрты» деп атайды, деп редактор М. Машайықұлы мен музей қызметкері С. Өмірбаев жарыса үн қосып алыстау жатқан манды көрсеткен.

Арғы заманда жатқан Едіге, берірektегі Қабанбай батыр кім еді деген сауал туындап жатады. Қаракерей Қабанбай. Атының өзі айтып тұр. Бұл Қаракерей, яғни найман деседі. Қабанбай батырдың тікелей ұрпағы жазушы, ғалым Зей-нолла Сәнік «Хан батыр Қабанбай» кітабында (Алматы 2005). «Сейітқожа Шайбанилар Мұхаммед Пайғамбар әулеті. Яғни Мұхаммедтің қызы Батимадан туған Шәмші Ахмедтің бала-сы Шайбанидің ұрпақтары. Шайбани Иран жерінде әмірші болған. Шайбани хан Мауераннахр мен Қорасынды билеу-мен бірге Үні жерін өзіне қаратқан» дей келіп, Қабанбайдың арғы бабасы Тоқтар қожа осы әулеттен екенін, «Найман елі Арқа жеріне қоныс аударғанда Шайбани ханның ұрпағынан Тоқтар қожаны қожалыққа әкеледі» деп жазады. Осы Тоқтар қожадан Байжігіт, оның Мәмбетінен Қожақұл, онан Ерасыл (Қабанбай) туғанын дәлелдеп келтірген. Сонымен, Қабанбай батыр Қаракерей руының қожасының ұрпағы, сол елде туып өскен соң Қаракерей аталуы да түсінікті.

Едіге батырдың арғы тегі туралы да ойдан шығарылған,

дәлелсіз, тиянақсыз әңгімелер бар. Әсіресе бұған құдайдан қорықпайтын кешегі коммунистер әуес. Алланың алдына барамыз, әр қылығымыз үшін, әр сөзіміз үшін жауап береміз деген ой олардың санасына кірмейтіні анық. Қорқыныш пен ұяттан ада адам не демейді.

Едіге батырдың шежіресін Қадырғали Жалайыри 1602 жылы жазған «Шежірелер жинағы» атты еңбегінде шегелеп көрсетіп кеткен. Кітапта «әуелгі бабасы Әмір әл Момын Әбу Бәкір әл Садық Разидың төрт ұлы бар еді деп басталады. Мұнда көрсетіліп отырған Әбу Бәкір әл Садық ұлы пайғамбар Мұхаммедтің төрт халифінің бірі жәнге пайғамбарды ізін басқан алғашқы мұрагері. Әбу Бәкір әл садықтан Мұхаммед, онан Сұлтан Қайып, онан Сұлтан Хамит, онан Сұлтан Халит, онан Сұлтан Қайдар, онан Сұлтан Мәулит, онан Әбу-л-фана, онан сұтан Сәлім, онан Сұлтан Садық, онан Сұлтан Әбу-л-хақ, онан Сұлтан Осман, онан Жалалладин, онан Баба Түкті шашты Әзиз (Туклас), Онан Тырма, онан Қарачи, онан Ислам Қия, онан Құтлу Қия, оның ұлы Едіге екені тәтпіштеп жазылған.

Бір атаны ұлықтап көрсету үшін шындыққа қиянат жасау келеңсіздің ісі. Ол елдің арасына от салу, жік-жікке бөлу екені кімге болса да түсінікті, әрі ешкімді риза ететін іс емес.

Қазақ халқы үшін дұшпанымен арпалысып өткен, өзі тағын иеленуге ешқашан ұмтылмаған, Ұлы би атанған, Едіге батырдың да шежіресі осы.

Шоқан Уәлихантегінің «маңғыт ордасының негізін салушы Едігенің моласы» деуі де оның тегі маңғыт бол-ғандықтан емес, сол елді көтеруші, билеушісі Едіге бол-ғандықтан айтылған сөз екенін зерделі азаматтың түсінері анық.

Ел Едігедей ерін құрметтейді, қасиет тұтады. Жұртгың ақпейіл ықыласы, елдің сүйіспеншілігі - ұлттың намысы. Ұлытау сонымен асқақтап, биіктеп көрінетін шығар.

# "ҰЛЫ БИ" - ЕР ЕДІГЕ ТУРАЛЫ

«Алтын Орданың» қас жауларын күйреткен батыры, ел бірлігінің ұйытқысы «Ұлы би» атанған Едіге Құтлықияұлы туралы аз жазылып жатқан жоқ. Ер Едіге туралы жыр-аңыздар татар, башқыр, қарашай, ноғай, қырым жұрттарында да кеңінен сақталған. Түркінің осы тармақтары да Едігені өзінің ұлт батыры санап, оның мүрдесі де өздерінде, сол елдерде деп есептейді. «Айғақ» газетінде шыққан бір материалда ғана «Едігедей ерің бар, ей оңтүстік» деп исі қазаққа тән батырды бөле-жара иемденгені ыңғайсызақ болыпты. «Түркістан» газетінде 8.YII.10 жылғы санында Ж.Айменовтың да Едіге батыр жөнінде жазғаны сол ыңғайымен кетіпті. Ж. Айменов тау мен төбені айыра алмай «Едігенің басы төбе басында таспен бастырылып жатыр» деген тіркес енгізіпті. Жас ғалым Е. Мағауин бұл туралы «Бұл кәзір Едіге тауы деп аталады. Теңіз деңгейінен есептегенде мың метрден астам, жолын білмеген адамның өрлеп шығу мүмкін емес деп жазады. Академик - автордың ең болмаса осыны білгені жөн еді.

Газеттің осы санында автор «Едігенің ...Баба түкті Шашты Әзиз кесенесінде жатқандығы» деп бір ұстаным көрсетсе, келесі абзацта «Едіге жерленген төбе маңы» деп жалт береді. Зират пен төбені шатыстырғанына не дейміз? Әрі осы маңда жерленгені жөнінде «дерек бар» дейді. Бірақ ол деректі нақты көрсетпейді. Дерек деген не? Ол тарихи сақталған зираттар, тасқа қашалған сурет-жазулар, не сол заманда сол оқиға, іс туралы тарихшылардың, ғалымдардың жазып кеткен мұралары. Пәлен ақсақал пәлен төбенің басында отырып кешелі-бүгінді айтқаны дерекке жатпайды. Оның үстіне бүгінгі уақытта әйтеуір бір батырды, жырауды меншіктеп алуға тырысу, оған әйтеуір ішінде сүйек болса болды «зират» тауып беру үрдіс алған жағдайдың кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Апладан қорқу, осы ісіміз үшін құдай алдында жауап береміз-ау дегенді де біржаққа ысырып қою

кей қаламгерге тән іс болып бара жатыр.

Бұл желөкпелік кімге қажет?

Шоқан Уәлиханов академик Шренкпен бірге болған сапарында «Ұлытау шыңдарының бірінен маңғұт (Ноғай К.Ж.) ордасының негізін салушы Едігенің моласын таптық. Оның моласы тас үйіндісі. Оның құзыры өзі орналасқан тау қиясының биіктігімен сәтті ұштасып тұр» - деп жазады (тандамалы 105 бет). Міне, бұл нақты дерек. Шоқан Еді-генің мазарын арнайы іздеп барған. Шыңның басына шығу шоқанға да, жол көрсетуші білгір шежіре-қарттарға да оңай болмаған. Ол қарттар бүгінгі біздің арамызда жүрген алжасып айта беретін компартияның тәрбиесімен өскен шалдар емес екенін де ескерген жөн.

Дерек, Мәшһүр Жүсіптің жазып кеткені. Дерек, ғасыр-лар бойы Ұлытау маңын мекендеген исі қазақтың бала-сының шыңға жаны қиналып шықса да, ГПУ, КГБ ден қорықса да Ұлы Едігенің басына барып, тәуеп етіп келгені. Ол бүгінгінің жол-жөнекей әңгімесі емес.

Едігенің оңтүстүкте жерленгенін дәлелдеу үшін ол құрған Ноғай Ордасының жер көлемін, шекарасын өздерінше көрсету де қисынсыз. «Ноғайлы жұрты Алтын Ордадан бастап Қаратаудың терістік бет Қызылкөлге дейін созылған» делінуі Ноғай ордасының жерінің үштен бір бөлігін ғана көрсету. Татар ғалымы М.Г. Сафаргалиев «Распад Золотой Орды» (Саран 1960 ж.) деген кітабында Ноғай Ордасының тұтас картасын берген. Онда Ноғай Ордасы Еділдің ар жағынан басталып Алтай тауларына барып тірелсе, терістігі Түмен, Құлынды даласына жеткен. Соның нақ ортасында Ұлытау жатыр емес пе. Хан тағын иемденбей, оны Шыңғыс ұрпақтарына беріп қойса да, өз ұлысымен қоса бүкіл Алтын Орданы уысында ұстаған Ер Едіге хан ордасы Сарайшыққа бармай ұлы даланы мекен етіп көшіп-қонып жүргені тарихтан белгілі. Сонда оның негізгі тұрағы Ұлытау болған, сол жерде күні бүгінге «Едігенің майлы жұрты» атанған жер жатыр. Әлемге әйгілі Алтын Орда империясы да, сонан бір аймағы Ноғай ұлысы да қазақтың арғы ата-бабаларының мемлекеті. Автордың осы мақаладағыдай Алтын Ордадан басқа «Едіге түркілерден құрылған Ноғайлы ұлысы» деген түсінік беруі қателік, жансақ пікір қалыптастыру. Тарихи Едіге Алтын Орданың тұтастығын

көксеген, соның мұңын жоқтаған батыр. Бұл жөнінде академик Рахманқұл Бердібаев «Едігеге тағылған «айып» оның әлсіреген Алтын Орданы қалпына келтіруге әрекет жасағаны, өзіне қарсы шыққандарды жазалағаны» деп жазады. Бұл тұжырымға тағы бірдеме деп пікір қосу артықшылық етеді.

Батыр, жыраулардың ата-тегі туралы да ойдан шығарған дәлелсіз пікір айту тарихқа үлкен қиянат. Осы мақалада аспаннан түскендей етіп «Едігенің бабалары Жошы ханның әскер басылары» деген пікір бар. Ол әскер басы кім? Қандай тұлға еді, оған автор бас қатырып жатпайды. Дәлел қайда? Отыз жетінші жылы Сәкен, Ілияс, Бейімбеттерді «халық жауы» деп, саусақтан сорып жазып атып тастаған жайды еске түсіреді. Мұндай оқас ойлар ғылыммен айналысатын адамға жат жағдай екені әркімге де түсінікті.

Солай дей тұра (яғни, Едіге Моңғол тектес дей тұра) автор «Баба Түкті Шашты Әзиз атам бар, соның қасына қойсын» деген кереғар пікірді тағы ұсынатына не дерсін. Сонымен Едіге Моңғол ма, әлде мың жыл бойы қазақпен қоса өрбіп өскен Баба Түкті Шашты Әзиз ұрпағы қазақ па?

Мақала иесі ең болмаса осыдан төрт жүз жылдан артық уақыт бұрын жазған Қадырғали Жалайырдың кітабына көз жүгіртсе болар еді. Қ.Жалайри «Шежілер жинағы» атты кітабында Едігенің әуелгі бабасы Әбу Бәкір Сыдық екенін жаза келе Едігенің әкесі Құтылқияға дейін санамалап береді. Әбу Бәкір Сыдықтың он үшінші ұрпағы Баба Түкті Шашты Әзиз болса, оның бесінші ұрпағы Едіге Батыр екеніне көз жеткіземіз. Едігенің тоғызыншы ұрпағы атақты Мөңке би екені тарихтан әбден белгілі.

Ғалым М.Г. Сафаргалиев те «Распад Золотой орды» атты кітабында Едігенің баласы Нұрадиннің де осы шежірені түгендеп бергенін жазады. Жаңсақ пікір қалыптаспас үшін түбегейлі зерттеу қажет. Тіпті Мәскеудегі әлденше папкадан тұратын «Ногайские деланы» ақтарып шыққан ләзім.

Тарихқа қиялдаудың қажеті жоқ. Тарих нақтылықты сүйеді. Қиялдау, фантазия көркем әдебиетке тән дүние. Осы мақаладағы Білге қағанның екі ұлы жауласпағанда, ана хан менмына хан сөйтпегенде «жетім …. Шыңғыс хан әлемді билемес еді», хорезм шаһ шешесі Терке Хатунның тілін алмағанда заман бүйтпес еді дегеннің неге жазылғаны

да түсініксіз. Ендігі қиялдың қажеті қанша? Тарихта солай болды. Неге солай болды ол бір Аллаға аян, сонан соң тарихшылардың ісі.

Мұнан гөрі Едігенің атымен тікелей байланысты Тоқтамысқа тоқталған жөн. Тоқтамысты Алтын Орданың иесі еткен Әмір Темір еді. Бұл кезде Алтын Орда әлсіреген күй кешіп жатты. 1359-1379 ж. арасындағы жиырма жылда Алты Орда тағында бірін-бірі құртқан 25 хан ауысты. Жошы ұрпағы мемлекетті нығайтуды емес, қара басының қамын ойлап кетті. Алтын Ордадан Хорезм, Көк Орда бөлініп, Қырымда Генуя, Венеция көпестері иелік етіп, Литва князы Ольгерд Подоля, Чернигов, Рыльскіні алса, Поляктар Волын жерін иеленіп кетті. Бұрын Карпатқа барып тірелетін Алтын Орда шекарасы енді Днепр шоң-ғалдарымен шектеліп қалды., Көк Орданы иеленген Ұрыс хан бой ұсынбаған Маңғыстау билеушісі Тойқожаны өл-тірді. Ол Тоқтамыстың әкесі еді. Тоқтамыс жансауғалап Әмір Темірге келген. Ұлыс-ұлысқа бөлініп, ыдырап бара жатқан Алтын Орда жерін басып алу Әмір Темір үшін күш жұмсамайтын уақиға еді. Бірақ Әмір Темір оған бармады, қайта Тоқтамысты көтеріп Алтын Орданы қалпына келтіру саясатын ұстады.

Темір Тоқтамысты Сауранда хан көтерді. Ол Ұрыс хан мен, Темір Мәлік пен қайта-қайта соғысында Тоқтамыс жеңіліп қалып жүрсе де, оған көмек етіп, ақыры Алтын Орда ханы етті. Осы тұста Тоқтамыс Едігенің әкесін өлтіреді. Едіге әлденше жағдайдан кейін Тоқтамысты тастап, Әмір Темір жағына өтеді. Ал, Тоқтамыс Темір басқа елдермен соғысып жүргенде Темірге қарсы Моғолстан әмірі Құмардинмен, Түрік Баязитпен одақ құрып, әлденше рет Әмір Темір жеріне басып кіріп, Қаршығадағы сарайын да өртейді. Мұның ақыры Әмір Темірдің 1391 жылы Сарсуды өрлеп әскерін бастап, Алтын Орда жеріне кіруіне әкеліп соққан. Осы жолы Едіге Ұлытау маңындағы елін сақтау үшін екі нөкерін хабаршыға жібергені де тарихтан мәлім. Осы жолғы Былғары жері Күндіршіде болған соғысты М.Сафаргалиев «Распад Золотой Орды» кітабында жеткізе жазған. Тоқтамыс жеңілді. Едіге мен Темір Құтлық Әмір Темірден бөлініп қалады да, Темір Құтлық

Сарайшық маңында хандығын көтерсе, Едіге ол маңнан алыс Ұлытау, Сібір жағында Ноғай ұлысын құра бастаған.

ӘмірТемірден 1395 ж. Теректіде қирай жеңілген Тоқ-тамыс Литве-Польша жеріне өтіп, король Витовтан көмек сұраған. Осыған дейін Алтын орданың біраз жерін басып қалған. Ви-товит енді осыны пайдаланып иесіз қалғандай болған Алтын Орданы да Ресейді де біржола басып қалуды ойлаған. Қазақ елінің келешек үрім-бұтағына төнген бұл қатерге қарсы шыққан бірден-бір тұлға Едіге еді. Орыстар да Алтын Ор-даны біржолата құртуды көздеп Витовтқа қосылды. Сөйтіп Литва, Поляк, Орыс, Тевтон ордені қосылған төрттіктің (Е. Мағауин жазбасын қараңыз) мүздай құрсанған саны басым әскері баса-жаншып кірді. Едіге оларды Борсықты (Ворск-ло) өзенінде қарсы алды. Басы-аяғына дейін Көк Темір ки-ген күші басым жауды Едігенің қандай әдіс қолданып қирата жеңгенін «Распад Золотой Орды» кітабынан табасыз. Король Витовт азғантай ғана адамымен зорға қашып құтылған еді. Осы ұрыста Едіге жеңілсе қазақ ұлының болашағына біржола күмән туары даусыз.

Алтын Орданың жауымен бірге болған орыс князderін тәубаға келтіру үшін Едіге 1409 ж. жорыққа шығып, Колом-но, Ростов, Дмитров, Серпухов, Н. Новгород т.б қалаларын алды. Елін тастап қашқан Мәскеу князін Едігенің кенже ұлы Жақсыбай жер түбіне қуды. Тверь князі Иван Василиұлы Едігеге кешірім сұрап келді. Едіге осы жылы бір кезде Темір Мәлікке берген уәдесі бойынша Темірді хан етіп көтерді. Осы кезде хан тағы үшін Жошы ұрпағының бірін бірі өлтіруі етек алды. Едігеде есесі кеткен король Витовт Тоқтамыс ұлы Қадірбердіні Қырымда хан сайлаған. (Қадірбердіні Едігенің әйелі Жәнеке бір кезде арашалап алып қалған еді) Литва, Польша, т.б. әскеріне сүйенген Қадірберді ойда жоқта елге басып кірді. Жайық бойындағы қанды қырғында Қадірберді өлді де, Едіге ауыр жараланып, өзінің Ұлытаудағы Майлы жұртына жеткізіліп, сонда қаза болған.

Едіге қаза болған соң, тақ үшін ғана қырқысқан хан әулетінің ұрпақтары тағы да бас көтеріп, ақыры Алтын Ор-даны біржолата титықтаты.

Едіге тек ел үшін қанын төккен батыр емес, ел намысын дипломатикалық жолмен де қорғай білген кеменгер тұлға. Оның сыртқы жауларды, оның ішінде Тоқтамыстың айдап салумен қатерін төккен Әмір Темірді де өз дегеніне осы ақылымен көндіргеніне тарих куә. Ол қандай хандыда ауыстырып, не желкелеп қуып жіберу қолынан келіп тұрсада хан тағын иеленбей, хан тағына Жошы ұрпағын отырғызып, ел бірлігін сақтаған, көненің жолымен қазылық құрып, ел билеген Ұлы би атанған ірі тұлға.

Оның билік дәрежеге көтеріле алмаған ұрпақтары мырза атанған. Ж. Айменов Қазы мырза мен Наурыз мырза Мансұрдың туыстары деп жазған екен. Дұрысында бұл үшеуі де жәй ғана туыс емес, Едігенің бел балалары екенін білген жөн.

Едігенің заманы академик Р. Бердібаевтың сөзімен айтқанда «Едіге дәурен сүрген заман Ноғай елінің (түбі қазақ елінің К.Ж) тарихындағы ең даңқты, бейбіт, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезең болып саналған». Ол өзі арпаласып жүріп, халықтың тыныш өмір сүруін көздеген. Едіге адамды құл ретінде сатуға да тыйым салған. Халық Едігені ғасырлар бойы сүйсіне жырлап келген. Жырда:

Менменсіген мінездіні
Тәубә қылған ер дүрмін.
Досымның отын сөндірмен,
Дұшпан отын жандырман.
Өзім деген нәмартқа,
Шаңқан боз ат міндірмін, -

делінуі де елінің Едігедей еріне деген мәңгі құрметі.

Едігенің балаларының қалай қайтыс болып, қайда жерленгені ғасырдан ғасырға ауысқан тарих беттерінде көмескіленіп, ел жадынан шығып кеткен. Тек сонау бір оқушы шағымда үлкендердің неге Нұра өзенінің екі саласы да Нұра атанады деп бас шайқасқандарын, сонан соң басын Кежектен алатын Нұраның бір кезде Талды еспе атанғанын естіген едім. Сонан, десті үлкендер, Едігенін баласы Нұралы (Нұридин К.Ж.) осы өзеннің бас жағына қойылып, «Қай еспе, қай еспе дескенде, әлгі Нұралы қойылған еспе ше» деліне келіп, бұл саланың да Нұра атанып кеткенін айтқан еді.

Нұралының жерленген жерін де мегзеген. Әттең, мен жігіт болып, онан саяси қылмыскер атанып, кесік мерзімін өтеп келгенде сол ақсақалдардың бірі де бұл жалғанда қалмапты. Нұралының зираты қайсы деген сауал ғана көңілде қалды.

Едігенің қайда жерленгені туралы өз пікірін білдірген автор «Едігеге Шоқанның назар аударуы кездейсоқ емес» деп әрі Шоқан Едіге жырын жариялатқанын сөз етсе де, сол Шоқанның Едігенің мазарын арнайы барып көргені туралы ештеңе демеуі жұртты жаңылыстыру ма деген ой туғызады. Бұл, әрине, ғалымға тән әрекет емес. Мәселені қозғаған екенсің, Шоқанның Ер Едіге туралы не жазғанын, не көргенін түгелдей айту ғалымның міндеті.

Едігенің жерленуі туралы Мәшһүр Жүсіп Едіге өлерінде «Мені жер қазып көмбеңдер, Қорған тас қалап қойыңдар» дей келіп баласы Нұралыға Баба Түкті Шашты Әзиз атасының басына апаруын аманат еткенін жазады.Сөйтіп Едігенің сүйегін «Ұлытауға аманат қойған» екен дейді Мәшһүр Жүсіп. Едіге өлген соң өз басына әр қилы заман туған Нұралы әке аманатын орындай алмаған. Оның дәлелі деректің неше алуан көзін іздеген ғалым Шоқанның Ұлытау шыңынан Едіге зиратын келіп табуы. Бұл бас бұлтартпас айғақ.

Бұған сенгісі келмегендер құдайдан қорықпаса тас пирамиданы аршып Едігедей ұлы тұлғаның сүйегін көруіне де бас тіксін. Немесе осы күнгі көру технологиясын пай-даланып мүрдені сырттай да көруге боларын ескерсін.

Тіпті, Едіге сүйегім Баба Түкті Шашты Әзиз басына апарып қойындар деп аманат етті дегенге сену қиын. Ол діндар көптің бірі емес, жаумен арпалысқан батыр, саяси тұлға. Ол заманда ондай адамдар дүниеден өткен соң дұшпандары сүйегін қорлаған жағдай болған. Шыңғыс хан өзінің мүрдесін ешкім таппайтындай етуді тапсырған. Едіге де өз сүйегінің Ұлытаудың адам бара алмас шыңына қойылуын тапсыруы сондай әрекет. Қаракерей Қабанбай батыр да сүйегін қорлатпас үшін қазақ елінің төрт жерінен өзіне мәңгілік орын дайындатқан. Едіге де сол сияқты «аманат» деп тапсырса да, мәңгілік орынын Ұлытау шыңы деп белгілеген.

Қазақ халқының намысын қорғаған батырлардың ата-

тегін әркім өзінше бұрмалап, жөнсіз жармаса берудің де қажеті жоқ. Ең бастысы - ол қазақ.

Қаракерей Қабанбайды «ол Қаракерей болған соң Найман» деседі, Қабанбай батырдың тікелей ұрпағы жа-зушы, ғалым Зейнолла Сәнік «Хан батыр Қабанбай» атты кітабында Қабанбайдың Қаракерейге тек жиен екенін дәлелдеп жазған.

Сол сияқты ұлы би Едіге батырды да маңғыт, маңғытай деу артықшылық. Шоқан Уәлихантегінің «маңғыт ордасының негізін салушы Едігенің моласы»деуі де оның тегі маңғыт болғандықтан емес, сол елді көтеруші, билеушісі Едіге болғандықтан айтылған сөз екенін зерделі азаматтың түсінері анық.

Қаламгер «Едігедей ерің бар, ей, оңтүстік» демей «ей, қазақ» десе қандай қуанар едік. Әттең, бір кемдүние-ай.

21.07.2010 жыл

# ҚАЛМАҚ ҚЫРҒАН

Өспес бала, өнбес дауды қуады» дейді. Кешегі өткен үлкендің сөзін жадына түймеген бүгінгінің бейшара шалсымақтарына не дауа. Оның үстіне шала сауатты болса не айтарсың. Бір сөзі бір сөзіне қиғаш келіп, үріккен кәрі тек-дей осқырып жүргеніне күлгеннен басқа не шара. Соның бірі, не жалғызы даукес Садық Смағұлов екен. Сөзімізді дәлелдей кетейік. «Ол мамытқа қамыт...» мақаласында (Қазақ әдебиеті. №27.28.09 жыл). «Тайатқан, Шұнақ, Бүркітті тауларының етегінде Батпақ су өзені жатыр. Алтуайт өзені атқа мінер жақта қалды» дей келіп, онан әрі «Қалмақ қырған» тауының етегіндегі қазақ сарбаздарының жеті-сегіз бейіті тайға таңба басқандай көрініп, төбе-төбе болып жатыр» деп ұрыстың осы жерде болғанын мойындайды. Осы газеттің бетінде «Қалмақ қырылған даласындағы» «тас обалар» деп өзі «қалмақ» деп жүргендерінің тас бейіттерінің суретін де басады. Ал, «Қазақстан» газетінің № 37-санында «Қалмақ соғысы мойын-ты бекетінің балқаш жақ бетінде орналасқан» деп алдында өзі жазған Батпақсу, Алтуайт өзендерін де, Бүркітті тауларын да жүз шақырым жерге көшіріп апара қояды. Тек алғашқыда өзі жазған «Ес батырдың тауы... мен... ондағы қалмақ ханының шатырын» апаруды есіне алмапты. Қолынан кел-ген, қонышынан басты деген осындай-ақ болар. Оу, халайық айтсаңдаршы, мына мықты Аралды суға толтырып берсін де. Мына қарқынымен Обо мен Ленаны Аралға құйдыра салады.

«Талас бойындағы соғыстан соң қалмақтар Жоңғар мемлекетін қайта құруға жете алған жоқ. Бұл дегенің Мой-ынты өзенінің бойында қазақ-қалмақ соғысының бол-мағнын дәлелдейді» дейді жаңа туған шал білгіш. «Қазақ әдебиетінің» № 34-санында біз осы Садыққа жауап мақалада энциклопедияға жүгініп «христиан дінін қабылдауға қалмақ шонжарлары көңгісі келмеді. Жоңғарияға көшуге бет алды. Мойынты өзенінің жағасында Убаши бастаған қалмақтарды Нұралы, Абылай, Ұрыс, Әділ сұлтанның әскері қоршап алды.

Убаши қоршаудан өтіп, Жоңғарияға жетті» деп жазғанын келтірген едік.

Даукес Садық көне ме оған. «Жер шалғай» деп қалмақты осы маңға жеткізбей қояды. Бірақ соғыс болады. Оны басқарған Абылай емес..., бабасы Керней көрінеді. Керней шежіресін құрастырушы, Т. Майбастың «Көкбөрі Керней батыр» атты кітапшасында тағы да сол даукес Смағұлов «Керней бабасы 1619 жылы... дүниеге келіпті» деп жазады. Сонда Мойынтыдағы 1771 жылғы соғыста Керней 162 жас-та екен. Осындай қисынсыздыққа не айтарсың? Қарап отыра алмаған кей кісі не к... ши жүгіртіп отыр. Не екі етікті бір-біріне сұғыстырып отырады деген шығар. Бұл соғысқа Кернейдің шөбересі Жарылғап батыр қатынасқан. Оған дау келтіре алмайды. Кернейден Дау, Даудан Түйте, Түйтеден Жарылғап. Жарылғап сол ұрыста,1772 жылы туды десек, елу жаста. Садық оны 1718 жылы туған деп отыр. «Мына тауды Қалмақ қырған» - деп сұрап алады да, Садық қиялға шомып «Мына таудың басында Керней батырдың ұрыс басқару орны болған. Ес батыр жатқан таудың арғы бетінде Қалмақ ханының шатыры тұрған» - деп ысқыртып жібереді. Сонда Керней бабасы 83 жаста-міс. Мұнысын ол «Қазақстан» газетінде келтіріпті. Қайтсін, өзі бабасын туғызып алғандай екен. Мұндай деректі қайдан алды, сөз емес. Кешегі өткен ақсақалдарға Садық ысқырмайды да. Олар өлген, ендігі білгіш-ғұлама өзі. Бұл Смағұловтың бабасын 83-ке келтіре салады да Қаратай батырды 1702 ж. өлтіре салады. Қолдан кісі өлтірудің таптырмас нұсқасы. Ол деректі қайдан алды, оған бас ауыртып та жатпайды. Қиялдап қияли ауруға ұшырамаса игі еді.

Қисықты көр ғана түзейді, - деседі. Солай шығар. Әлгі Смағұлов «Қалмақ қырғандағы» соғыста «қалмақтар алпыс-жетпіс гектар жердегі тас молаларға өлгендерін жинап теріп көмген. Бір қызығы, маңайда көгілдір жартас жоқ.... көк плиталарды қайдан алған» деп тамсанады. Бұл тас молалардың бұл ұрысқа қатынасы жоқ. Ол екі-екі жарым мың бұрынғы Бегазы-Дәндібай мәдениетіне жататын мұра дегенімізге, «ол заманда» қазақ-қалмақ атауы болмаса неге ол қалмақ

қырылған деп аталады деп дау айтып өрепки түседі. Қазақ-қалмақ атауының бертінде шыққанына түсінбеген, тарихты ақтарып көрмеген шала сауаттылыққа айтып сөз өтпейді. Өйткені ол туа білгіш.

Дәукесіміз Қаратай батырды туған жеріне апарып неге жерлемеді? «Бетпақ даланың етегінде Қаратай батырдың қыстауы, не жайлауы бар ма еді» - дегенді де тіліне тиек етіпті.

«Қазақ әдебиеті» газетінде (№34. 09 ж.) біздің жазған жауап хатымызды оқыған Ақселеу Сейдімбеков телефон шалып, Оу, «Қазақтың ауызша тарихы» кітабымның 274 бетінде Қаратай елінің Арқаның осы тұсын қоныс еткенін жазып едім ғой. Ағыбайдың бейітіне қарай аққан өзенді Қаратайдың Қараталы деп атайды. Қаратайдың бейіті өзеннің бастауында тұрмаса өзен олай аталмас еді ғой» - деді. Ақселеу бұл деректі 1905 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию», IX-том деген кітаптан алғанын жазды. «Қаратай жоңғар шапқыншылығы заманында өмір сүрген белгілі жазушылар Оралхан, Әлібектер оның жетінші-сегізінші ұрпағы. Қаратайдың қоныс еткен жері Арқадағы Манақа, Атасу өзендерінің бойы болған. XVIII ғасырдың соңына қарай Қаратай әулеті Ертіс бойына серпіліп қонады» деп жазады осы кітапта Ақселеу. Аталған өзендер Тайатқан, Бүркітті тауларына жақын Қызылтаудан басталатын өзендер. Бұл жер Қаратайдың қонысы емей немене. Ақселеудің бұл айтқандары «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланды. Оны Садық менсіне ме.

Иә, қалмақтардан жер босаған сайын қазақ сол жерлерге қайта орналаса бастағаны тарихи факт. Оны тарихтан сауаты шамалы С.Смағұлов қайдан білсін. Оған дау ғана керек.

Дауының бір түрі Ағыбайдың сауатты-сауатсызды-ғында екен. Ағыбайдың Күдері қожаның ағасы Смайылдан сауатын ашқаны, Түркістан медресесін көргенін батырдың ұрпағы болып саналатын Серік Исмақов ақсақалдан естіген едік. Естіген құлақта жазық жоқ. Садық даукес ондай шежіре қарттармен

сапарлас бола алмас, сөзіне құлақ түрмесе, не оларды менсінбесе қалған ел неге жазықты болады. Бір ғажабы осы емес пе? Әлде Ағыбай Батыр оқыған ауыл молдасының берген куәлігі жоқ дегісі келе ме. Онысын біз түсінбедік. Мәселенің бір ұшшағы мамыттың бейітіне тіреледі. «Шырағдан» атты кітабымда Қасен жыршының моласына ат-тың басы қойылған сұпыны тал шыбық бәйбішенікі деп көрсеткені жазылған. Кітапта кеткен сөйлем қателерін Садық бірәз теріп, автордың мойынына іле салыпты. Бұл терушінің, баспаның қателігі деген сөз ойына да келмепті. Ойсызға ой салу қолдан келмес шара. Баспа тіпті сол кітаптың шығуына демеушілік еткен Болат Дүйсенбаевтың атында, автордың оған деген рахметін жазбай тастап кетсе де не деуге болады. Сол сияқты Ағыбай батыр туралы мақаланың соңында автор жазған сілтеме түсінікті де ескермей кетсе не шара. Сілтеме-түсінікте автор осы ат басы тұрған мола туралы әрқилы пікір барын, С.Исмақов Мамыттың моласы десе бүкіл ғұмырын сол жер-де жылқы бағып өткізген Ағадыр совхозының адамы Қибат «бұл Ағыбайдың бәйбішесінің бейіті, Мамыттың моласы қатар тұрған төрт құлақты бейіт», - дейді.

Садық та осы сөзді біреуден естіген болар, «Мамыт..» деген мақаласында Шүкманның, Мамыттың бейіттері қатар салынған деген пікір айтып қалады. Бірақ өз сөзіне аса мән бере де бермеген.

Қаратай батырдың моласын іздеу кешегі өткен ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтан басталғанын жазған едік. Семейде өткен Алаш партиясының бір жиналысында Әлихан Петерборда өзімен бірге оқыған Әбдікәрім Ережепұлынан «Сендер бабаларың Қаратайдың қайда жатқанын білесіңдер ме», - депті.

# ҚҰЛАГЕРДІҢ АЖАЛЫ

«Астана ақшамы» газетінің биылғы жылы №20 санында (12.02.2000 ж) «Қарғыс пен кие» деген мақала шыққан екен. Әрине, ұлттық тарихымызға, мәдениетімізге байланысты қандай да болмасын, тіпті бүгінгі ұғымымызға сыймайтын дерек болса да жарық көргені өте құптарлық. Бұл жағдай зерттеуді тереңдете түсуге мәжбүр етеді. Мен осы Ақсу-Аюлы тумасы болсам да сол жылдары осы өңірдің газетінде істеген Жұмабай Есекеевпен жүздесе алмадым. Ол кезде мен саяси көз қарасымның терістігіне байланысты (белгірі «ЕСЕП» партиясы үшін) «орыстын ормандарын» аралатып жіберген болатын. Бірақ, Жұмекеңе осы сөзді айтушы Ескендір Тәженов марқұммен ол кісі 1973 ж. өмірдерек өткенше өте сыйлас, пікірлес болған едім. Сонымен Ескең марқұм Ақсу-Аюлыдағы «Құлагерді өлтірген» «жасы тоқсанға кіріп қалған» «көшенің шер жағында балшықтан құйылған жатаған там үйде» тұратын «жалданып, Батыраштың жұмсауымен солақай іс жасаған» «алысырақтан қосылатын жиендерінен туған жиеншерларының қолында қара жерге барар күнін тосып жатқан» ұрпақсыз адаммен Ж.Есекеевті кездестіреді. Оның бұл қарғыс атқан ісін (ол кім болса да исі қазақтың қарғысына қалған адам ғой) «ауданның елі бұрыннан біледі екен». Сөйтіп қарғыс атқан «киллер» табылғандай тұжырым жасалған екен.

Жасымнан қалам ұстап, туған елімнің басынан кешкен бар қияметін хатқа тізіп жүрсем де мына жағдай мен естіпкөрмеген іс екен. Мүлт кеткен бір жерім болды ма деп әзірге көз тірі алды тоқсанға жуықтаған Қасымбек, Жұматай, Дүйсен, Ынтықбек, Көшкінбай сияқты шежіредей қарттарды да, орта буынның талайын қайта аралап шықтым.

Сонымен Құлагердің өлімі туралы бұрын-соңғы дерек не дейді. Бізден гөрі сол қайғылы уақиғаға уақыт жағынан жуық Мағжан Жұмабаев «Ақанның өмірін» атты еңбегінде

Аққашқар-Сайдаланың асында Барақбай дегеннің озып келе жатқан Құлагерді тізгінінен ұстап қалғанын, оған Ақанның тілі тигенін, осыдан «Барақбайдың ішінде... кек қалғанын» айта келіп, енді Сағынайдың асында «Барақбай Құлагерді көлденеңінен соқтырар өлтіреді» деп жазады. Сол тұста Ақанның «жасы отыздың ішіне кіріп қалғанын ашық көрсетеді.

Ал, белгілі ғалым Серік Қирабаев Ақан құсы Қараторғай, сырттан тазыларды Базаралы өліп, «жүргенде 1876 жылы атақты жүйрік аты Құлагерден айырылады» деп анық көрсетеді. Екі зерттеушінің еңбегінде де Ақанның жасы отыз-дан асқан. Ақан 1843 жылы туған. Сонымен Құлагер өлгенде Ақан сері 33 жаста болып шығады.

«Өлік сүйегінің қаңқасындай сұп-сұр» боп жатқан тоқ-сан жасқа келіп 1963 жылы Ж. Есекеев көрген «киллер» 1876 жылы үш-ақ жаста екен. Әлемнің Алпамысы болса да ол шоқпар көтере алды ма екен.

1963-64 жылдары шамасында жасы тоқсанды құсырған Ақсу-Аюлыдағы ең үлкен адам Жексенбі ақсақалдың да жас реті келмей-ақ тұр. Көнені терген шежіре қарттар Жексенбі ақсақалдың аса діндер, өте мәдениеггі, есқан құмалақшы екенін де айтады. Әлде бір іске ренжіп көше жөнелген бал-дызына құшақ тартып тура осы уағында қайта көшіп келеді дегенін ел жыр қылып айтады.

Ұзақ жасаған қарияның бірі осы елге келіп өмір кешкен Батыраштың Жүнісінің баласы тырыш ақсақал. Ол кісі 1884 жылы туып, 1984 жылы дүние салды. Ол Құлагер уақиға-сынан 8 жыл кейін дүниеге келіпті.

Сонымен Ж. Есекеев айтқан «аудан елі бұрыннан біледі екен» деген кісіні осы ауданның ақсақалы-қарасақалдары-ның біреуі (ең болмаса) естіп көрмегеніне көз жеткіздік.

Бүгінде тоқсанға жуықтаған Қасымбек ақсақал Құла-герді өлтіруші Батыраштың Жүнісі деп, оны 1926 жылы көргенін айтады. Қасымбек ақсақал сол жылы Спасскі маңындағы Байқадам ауылында болған. Сол ауылдағы Бәйменнң қызы Зәуре Жүністің Садасының келіншегі екен, Батыраш ауылына туысқан Мүлік деген кісі жаздай мінген атының майын бере

қоймады деп Жүніс оны әлденемен ұрған екен, ол сол жерде мерт болады да, Жүніс Ақмола түрмесіне қамалады. Ұлық-мұлыққа пара беріп жүріп Жү-ністің босап, құдасына саққан бері екен. «Батыраштың Жүнісі денелі, қарулы, жетпісті жуықтап қалған адам көрінді, Құлагерді өлтірген осы десті», - дейді Қасымбек ақсақал.

Осы әңгімені айтты дейтін.Ескендір Тәженовпен ұзақ жыл-дар бірге істеген, кейіннен Қарағанды облыстық «Ор-талық Қазақстан» газетінің редакторы болған осы Ақсу-Аюлының тумасы жазушы Рымқұл Сүлейменовке телефон шалған едік. Рекең Жұмабай Есекеевпен 1963-64 жылдары аудандық газетте бірге істегенін, бірақ мынадай әңгі-мені ешқашан құлағы шалмағанын айтты. Сол жылдары Ж.Есекеевпен бірге істеген Ақтоғайлық Қ.Қаленов та мұн-дай жағдайды ел білу керек екенін, бірақ өз басы есгімегенін жеткізген. Сонда бұл әңгімені ауылының тумаларына айтпай Е. Тәженов Жүмекеңе қалай естірте қойды екен деген сауал еріксіз келеді. Ж. Есекеев Ескендір марқұмға Құлагерді өлтіруші «менің әкем Тәженмен түйдей құрдас» дегізеді. Шындығында Ескендірдің әкесі Бейсен ақсақал. Ол кісі баласы Ескендірден 40 күн кейін 1973 жылы 73 жастан аса қайтыс болды. Мұның сонда қай құрдас бола қалады. Мүмкін бір «ақылды» осының ретін та-бар.

Әрине, Құлагер сияқты тұлпарды өлтірген қараниеттің ізделуі де, оның өз жөнімен табылғаны да дұрыс. Бұл біздің елдігіміз үшін керек жағдай. Ондай қараниеттен ел ішінде болуға тиіс емес. Кешегі КГБ-нің салпанқұлағы да, бүгінгі еліміздің жебір-обыр да қараниеттерден шығады. Бірақ Ж.Есекеев айтты деген сөз... бұл өзі көшелі сөз болмай шықты.

7.03.2000 жыл

# ҚАҚПАН АҚЫН ДОМБЫРАСЫ

Ен салдым белгі қылып
қаракерге,
Айқайлап талай шаптым
талмалы өрге.
Мырзалар ұят қайда,
ынсап қайда,
Түбінде бір түсерсің қара терге, -

деп төгілте жырлаған.

Қақпан ақын ашаршылықтың зобалаңына ілігіп, жер ауып, сонау Қызылжар (Петрпаул) асып, 74 жасында сол жақта дүниеден озған. Қақпан ақынның домбырасы бар екен дегенді жеткізуші Әміржан мен Әділ. Ертеңгі сегізде атқа қонып, Айғыржалдан Әміржан мен Боранбайды ертіп, шай-пұйға қарамай аттандық. Әділ Жәйрем жаққа жол жүріп кет-кен екен. Бетіміз Ортау, Босаға. Көңіл күпті. Атылып кеткен Әбди мен Сембектің домбырасы менің үйімде тұр.Іздегенімді тауып, елден алып та жүрмін. Меселім қайтқан емес. Деген-мен кім біледі? Таныс та адамым емес.

Қырықтың жуан ортасына шыққан Серікбек Қасқатай-тегі шын пейілімен төрге оздырды. Аңсарбегі әлгі де сәлем бер-ген, мектеп жасындағы Айбаласы үстел жасап, көрпе төсеп жүр. Аты-жөнімізді айттық. Әміржан мен Боранбай ескі таны-стары екен.

- Сізді сырттай білеміз. Әттең кітаптарыңыз қолға түс-пейді, - деп өкінішін де айтып қалды үй иесі Серікбек.

- Құр алақан қалмассың, - деймін жарық көрген он бес кітабымның екі-үш нұсқасын ала келгеніме іштей қуанып.

Бұл қысқа ғұмырда қазақтың жоғын табудан, барын ба-янды етуден артық ештеңенің жоқ екенін тілге тиек етеміз. Онымызды құптап, Серікбектің өзі де талай әңгімені өрбітті. Кезінде өзі деән салған, домбыра шерткен. Әңгімені айта отырып, тыңдап та үлгеріп, төрт қабырғаға көз салам. Кіре

берісте жалғыз қамшы тұр. Домбыра көрінбейді. Іштей "Япыр-ай, ә" деген беймаза хал. Көне домбыраны біреу алып кетті ме, әлде сынып...Күптілік көбейе түскен. Шайдың да соңына іліктік. Үйімде бес түрлі домбыра, он екі түрлі қамшы барын сөз ете отырып, осы Серікбекте сақталған деген Қақпан ақынның домбырасын көрсек деген ниет білдірдік.

- Әкел, домбыраны, - деді үй иесі.

Көңіл толқып кетті. Сұлу жасалған, сүйріктей қоңыр домбыраны іштей дұға оқып қолыма ала бердім. Тоғыз перде таққан қазақтың көне домбырасы. Тоғыз перделен ғасыр-ғасырдың ар жағындағы көне сарын шығады-ау. Ендігінің көп пердеге үйренген домбырашысы оны шерте де алмайды. Тиегі мен ішегі, бір құлағы жоғалыпты. Түбіне жарық түсіп, тесіліпті.

- Былтыр көргенімде бәрі бар еді, - деп өкінді Әміржан.

Бәрі де орнына келер, бұл күнге аман жеткенін айтсай-шы деп өзімді жұбатамын. Көне домбыраның күмбір-күмбір үнінен Қақпан ақынның дауысын да естігендей болармын, әлі десем де домбыраның менің қолыма өтеріне күптімін.

Көне домбыра отызыншы жылдардың басында Серік-бектің әкесі Қасқатайұлы Жекеннің қолына тиіпті. Бес Мейрамның баласы түгілі қазақтың сары даласының талай түкпірін кезген Қақпан ақын өзіңен жасы үлкен болса да сырлас болған Тойымбек серінің ауылына жиі келеді екен.Бұлардың екеуі де Шортанбай жыраудың алдын көрген адамдар. 1931 жылы Қақпан ақын белсенділерден қыспақ көрген. Оның да азын-аулақ малын тартып алған. Сонда:

Сұп-суық Файзуллиннің түрі шұбар,
Аупартком бес ешкіме болды құмар.
Шешек шығып, құрт жеген кейіпіндей,
Ішіне бұл хатшының пәле тұнар, -

деген екен ақын Қақпан.

Елден кетуге бет алған, 70 жастан асқан қарт ақын өзімен сыйлас болғандармен қоштаса жүріп, осы Балапан еліне де келген. Қоштасарда оны қимаған жұрт:

- Қақа, енді сіздің мына домбыраңызға кім ие? - деп сұраған.

- Жекен қайда? Жекенге берем, - деп отыздан асқан әрі әнші-домбырашы атағы шығып жүрген Жекеннің қолына домбырасын ұстатқан екен. Сол кездің өзінде сол маңның тойы Жекенсіз өтпейді екен. Отызыншы жылдардың лаңы басталмастан бұрын аңшы да, серілікке бет бұрған Жекеннің үйіне Арқаның осы өңірінің сан жақсысы ат басын тіреген. Жекеннің Сәкен Сейфуллинмен түскен сан суреті де болған, уақыттың қиын тұсында амал жоқ, бұл суреттерді жоюға тура келген.

Тіпті, Жекеннің жаңа шаңырақ көтерген жас шағында осы үйге ел аралап, өнер керсеткен Балуан Шолақ та қонақ болған. Жас келіншегі Бибізия, Жидебай батырға жақын Әлтеке қызы, бірде бір түн отырып, Балуан Шолаққа көйлек-дамбал тігіп бергенін кешегі көнеқұлақ кәриялар ұрпаққа жеткізген.

Отызыншы жылдарда басталған қатігез заман Жекеннің де өнеріне тұсау салған. Колхозшы, сол колхоздың бидай қоймасының кілтшісі. Азықтан азап шеккен ағайынға қарайласатын ер көңілдігі де бар. Сонысы үшін үстінен арыз түсіп, ГПУ-дің қан-шеңгел бастығы Тондықұловтан құтылуы да бір хикая.

- Ардақтыны ардақтай алған елміз ғой, - дейді Серікбек. Кенесарының балуандарын жығып, енді өзімен күресерде "Қазақтың ханының жағасына жармасар әумесер емеспін" деген Шоң да осы маңда өмір кешкен.

Бұл сөзді естігенде ер-азаматын қасиет тұта білген дана қазақты аңсаған көңіл тағы толқыған. Осындай ел ғой, Қақпан ақынның көзіндей болған домбыраны сақтаған.

- Біз сақтап бақтық. Іздегеніңіз алдыңызда, енді бұл домбыраның иесі сіз боласыз, - деп түйген Серікбек.

Ауыл іргесінде тұрған Тойымбек серінің мазарына барып, дұға оқыдық. Әттең, серінің мазарының іргесінен көктасын таппадық.

# ТІЛ ТУРАЛЫ БІРЕР ПІКІР

Тіл ұлт мәдениетін сақтаушы да, дамытушы да негізгі құрал екені, тілдің тоқырауы ұлттың құруына апаратын төтежол екені белгілі қағида. Қазақ тілінің сонау ЗО-жылдардан бері дамуының тежелуі бүгінде еш құпия емес. Бүгінде тіл туралы заңның шығуы, оның бірінші тармағында «Қазақ тілі мемлекеттік тіл» деп жариялануы көкірегі ашқан самал жел, көксеулі арманның бетін бері бұрған көрінісі деп қуандық.

Дегенмен де сол қуанышқа нұр үстіне нұр боларлық талай ой әлі де айтылмай қалған сияқты. Қазақ тілі мемлекеттік тіл бола тұра қазақ жерін мекен еткен, әр жылдарда келген әр түрлі халықтың жиындау тұрған жерінде ресми тіл республиканы құрған халықтың тілі емес қоныстанушылардың тілі делінген екен. Сонда біздің елге түрлі себеппен келіп, кейбір облыстарға жиірек орналасып қалған орыс, украин, неміс, т.б халықтар тілі сол облыстар үшін (әсіресе Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Орталық Қазақстан) негізгі тіл болып қалмақ екен. Уау, бауырларымау, сонда сол жерде, сол облыстарда мыңдаған жыл өмір сүріп, бүгін қырғынға ұшырап азайып қалған қазағымның халі не болмақ? Өз тілін бүгінде шала біліп отырған сол жұртымды әлде біржола есептен шығарып тастаймыз ба? Әлде... Әлделер толып жатыр.

Қазақ жеріне еріксіз келген сан жұрт, өз тілін, өз мәдениетін ұмытып қалсын деп отырған жоқпыз, ондай ойдан аулақпыз. Олар үшін ұлттық мектептер, баспа, мәдени ошақтар жұмыс істеп, ұлттық мәдениетті заңды қорғауға алынсын демекпіз. Әрине, аз ұлттардың тілін, мәдениетін, тұрмыс ерекшелігін сақтау әбден ойластыруды керек етеді. Бір қазақ жерін әлденеше ресми тілге бөлгеннен ұтарымыз шамалы, әрі бұл республикаға атын беріп отырған халықтың намысына тиетін жай сияқты. Қазақ жерін енді тіліне қарап бөлшектеудің еш қажеті жоқ. Айта берсек, қазақ жеріне кел-

ген сан ұлт өкілдерінің өз тілі мен мәдениеті сақталып, дамып отырған отаны бар, ол қазақтарда жалғыз ғана Қазақстан бары естен шығып кетпесе екен.

Тір туралы заңның жобасында мемлекеттік органдар-да іс-қағаз қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі делінген екен. Біз барлық документацияларды күні бүгінге дейін орыс тілінде жүргізіп келдік. Біздің республика үшін бұл іргесін мықтап бекіткен, санаға сіңген стеоратип. Жобадағы іс-қағаздар орыс тілінде де жүргізілсін деген ұсыныс бұл сте-оратиптен шығуға жол бермейді. Қазақ тіліне шындап жа-нымыз ашыса, ол шын мағынасында көркейсін деген барлық жердегі жұмыс қазақ тіліне біржола ауысуын (біртіндеп болса да) талап ету өзі сұранып тұрған жағдай.

Тіл дамуына бүгінде қасақана тосқауыл қойылып жатқан сияқты. Жоғарғы оқу орындарын қазақ тілінде қойылатын топтар құрудан жалтарып, қазақ балаларын қабылдауды күрт төмен түсіргендей. Қарағанды политехникалық инс-титуты 1-ші курсқа жылда 35-тен 45 пайызға дейін қазақ студенттерін қабылдап келіп, биылғы жылы 18 пайыздан аз-ақ асатын қазақ жастарын оқуға алуын тек осымен ғана түсіндіруге болады.

Тіл туралы заңда жетіспей жатқан тағы бір жағдай - қазақ балаларын оқыту мәселесі. Баласын қай тілде оқыту ата-ананың еркі деген сөз қазіргі күнде тап біз үшін тым қолайлы емес. Баласы түгілі өзі ана тілін ұмытып қалған,не шала түсінетін атсанс үшін өзі үйренген жат тіл баласын оқытуға да ыңғайлы боп көрінетіні анық. Нигилистер жетіп жатыр. Бізге келер ұрпақ керек болса, ұлттық дүние-танымымызды, мәдениетімізді сақтағымыз келсе қаладағы да, ауылдағы да қазақ өз баласын ұлттық мектепте оқытуға міндетті деген заңды қабылдау керек.

Сонымен қатар мектеп бітірген қазақ баласы оқу орны-на түсу үшін міндетті түрде қазақ тілінде шығарма, орыс-ша бітіргені мазмұндама жазуға тиісті екені заңдастырылуы керек. Қазақ тілінің абыройы мен беделін көтеру Қазақ республикасының азаматтығымен тікелей байланысты. Рес-

публикаға келушілер тек ақша іздеп, мансап қуып келгендер емес, қазақ жұртына жанашыр, қазақ елінен өзін бөлек санамас адамдар болуға тиіс. Республикаға азамат болу үшін белгілі 5 не 7 жылдық мерзімдік сынақ, тілін білуін шарт еткен жөн сияқты. Ал,өзі исі қазақ бола тұра ана тілін білмейтін бауырластарымыз республика азаматы деген атқа ие болуы елді қорлау екенін түсінетін уақыт жетті емес пе?

Осы жерде мемлекеттік тіл делініп отырған қазақ тілін қызмет істеп отырған орыс, неміс т.б ұлт өкілдерінің білуі туралы заңның 17 тармағын кешіктіре тұрудың өзі жұрт көңілінен шыға қоймасы анық.

Қазақ халқы еш уақытта да шовинизмнің шалдығына ұшыраған ел емес. Өзін силағанды әр заманда да құрметтей білген елміз. Кешегі революциядан бұрынғы заманда үлкендеріміз сан орыс, украинмен дос тамыр болған. Сол тамырлығын екі жұрт өкілі де қастерлеген. 1986 жылы декабрь уақиғаларының түп тамырын ұлтшылдықтан іздеу де бекершілік еді. Өз тілін шала біліп, ұлт мәдениетінен шеткері қалған жас өзін кеміс адам түсінеді. Сол кемістік психологиясы кемістікті тудырған обьективті жағдайды іздейді, соның көзін жоюға ұмтылады. Декабрь уақиғаларының психологиялық негізі осында, жастардың өзін рухани кеміс санауында десек шындыққа жақын келер едік.

Қазақ тілінің тоқырауға ұшырауын аз уақыттың ішінде қазақ альфабитінің қайта-қайта өзгеруі де себепші болды. Біз ғасырлар бойғы мәдени мұрамыз жасаған араб альфавитінен іріксіз латын, сонан соң орыс графикасына көшірілдік. Қазірде талай үйде тұрған көне кітаптар, архивтегі жазбалар беті аударылмастан, жұрт кәдемесіне жарамастан жатыр. Сол себептен ең болмаса әр ауданда бір-бірден шет ел тілі ретінде араб-парсы тілін енгізу уақыттың қажеттілігі болып отыр. Мұны соза беру мәдениетіміздің өсіп дамуына қойылған қасақана кедергі тәрізді екенін ескерген жөн.

Қазақ тілінің өсуіне бүгінгі информациялық құралдар-дың әсері мол екені жауыр қағида. Жауыр қағида дей тұрсақ та қазақ теледидарының жарты проблемасы орыс тілінде жүруі ешкімге түсініксіз. Орыс жұрты үшін Москвадан сан программа жұмыс істеп жатқан жоқ па. Сонда қазақ өз тілін тыңдау үшін туған рухани қажеттілігін қай елдің теледида-

рын көріп толтыра алмақ. Қазақ тілінің өркендеуімен, өзіндік дүние тану ерекшелігімен әр азаматқа фамилия қоюды да тікелей байланыстыра қарасақ дейміз.Грузиндерде пәленше-дзе, түгенше-дзе деген фамилиялар бар екен. Сұрай келсек сол дзе дегендері өзіміздің тізе екен. Қазақта «кімнің тізесіненсің» деген сөз бола тұра, өзімізде бар дүниені пайдалана алмай, әкеміздің артына ов, ев, ин, бич, сичтерді тізіп жүрміз. Соны көзге шұқып көрсетіп жүрген грузин халқына қалай рахмет айтпайсың. Бізде жалғыз тізе емес, зада, тегі (Күлтегі) - и (Фараби) деген фамилияға келер сан жұрнақ бар. Міне, тіл танымының ерекшелігін ескерген біз осы өзіміз пайдаланып жүрген фамилияны да өз түсінігімізге, тіліміздің шұрайлы ыңғайына қарай қажет деп табар едік.

Тіл туралы жобаны талқылағанда міне осы жағдайларды толық шешу қажеттілігі бүгінгі күннің талабы, елдің көксегені.

1993 жыл

# ТАҒДЫР ЖӘНЕ ТІЛ

«Пой» деді поймадым. «Пой» деп қоймаған соң пойдым. - Автобустағы -осындай қазақшаны да естідік. Естіген құлақты жұлып тастағың да келген, бірақ ол сорлының жазығы жоқ қой. Тістенумен өткен күндерде сан жоқ еді. Радио, теле, газет дегендер ұлт мәдениетінің өсуі, тілдің дамуы туралы даңғаза шу көтеріп, бас айналдыратын. Бүгін біз «— » деп жүргендер әлі де аппарат басында отырғандар. Ол кезде бізге «ұлтшыл» деген айдар таққан.

Көп тілеуі көл деген, іштен жылаған ел тілегі қабыл болғандай, «өшті, сөнді» деген қазақ тілі мемлекеттік статус алды деп малапқай атып-ақ жүрміз. Содан бері жарты жыл-дың мұғдары болып қалған екен,енді не өзгерді, енді бет қалай деп айналаңа үңіле бересің де.

Тап статус алған шақта 1-ші сентябрь күні «осы жұрттың беті қандай екен» деп мектептерге бардық. Қаршадай баланы 1-ші класқа сүйреген ата-ана орыс пен қазақ мектебінің екеуінде де баршылық. Жүрек лүпілдеп «қазағыма көбірек берген шығар» дейсің. Далада алғашқы қоңырау боп жатыр, үстел басында басшылар. Мұнысы бәз баяғы қалпы. Сонан соң қатар тұрған орыс мектебіне осы мен тәуірмін деген интелегенттер бәз баяғыдай балаларын сүйреп, шытыра тізіле қапты. Бір аймақтың басшылығын осыларға тапсырып отырмыз ғой, елдік «серкелерінің» жобасын көріп, түңілгендейсің.

«Оу, ағайын, қазақша бітірген Назарбаев Қазақстанды билеп отыр. Мына балаларды Ресейді билеуге дайындасаңдар Қазақстанда жүріп оңбайды. Орыс рухын сіңіру үшін РСФСР-ға ауғандарың жөн деген де сөз кетті. Әй, брондары мықты ғой (мәңгүрт болмаса) еститін құлақ болар ма.

Статус берілгеннен бері радио, теледидардан бір мезгіл қазақша үйрену сабағы жүріп, газеттерде қазақ тілін иге-

руге арналған материалдар басылып-ақ жатыр. Әр жерде жиналыста қазақша ұялмай сөйлейтіндер де табылғанша «пәленше сөйтті» деп қуаныса жаңалық айтысамыз. Дегенмен де қазақ тілінің келешегіне деген сенім жұрттың біраз бөлігінде аз. Молынан малтыққан батпақтан шығу, тереңдеп кеткен тіл тоқырауынан айыру оңай емесін еріксіз мойындайсың. Әлі де болса республикада жасалып жатқан шаралар жетпей жатыр-ау деген ой еріксіз өткен уақытқа, тақпақтап жүріп тіл жойған мезгілге үңілтеді. «Литеротурная газетінің» биылғы қаңтардағы номерінде В. Шаров халықтың өмір сүру тәсілімен, дәстүрімен санаспай оқуға әкетуге келгенде гукгалар балаларын тығып, вертолетке оқ атқандарын жазады. Өйткені, ол халық тек баласынан емес болашағынан айырылып бара жатыр еді.

Біздің сайын даламызды эрозияға ұшыратып, бүгінде экологиялық бүліншілікке душар еткен тың игеру кезеңі еліміздің мәдениеті мен қазағымның тіліне де қатер төндірген шақ. Сыңсып келген бөтен ұлттың ортасында ат төбеліндей азшыдық боп қалған халқымыздың «Қазағым құрыды-ау» деп жылағанын көз көріп, «ең болмаса табытқа салмаса екен» деген тілегін естігеміз. Сол шалдар халқының мәдениеті менен тіліне төнген қатерді жан-тәнімен сезген. Отыз екі қаусатып, соғысы естен тандырған елде қарсы тұрар дәрмен жоқ еді. Сол шалдар «ең болмаса өлмесінші» деп ұлы қызын орыс мектебіне тоғытқан. Осы қиянатты көріп, қарсылық айтқан талай жас 60-шы жылдары «анти-советчик» боп итжеккенге кете берген.

Орыс тілінде оқу - ортасы қазақ балаларына оңайға түскен жоқ. Жетінші класқа дейін орыс тілін игере алмай, білімнен мақұрым қалып жатқан талай жасты күні бүгінге дейін көріп жүрміз. Мәдениетпен рухтанбаған, санасына білім қонбаған осы жастар қылмысты жолға түсуі көбейсе оған кім кінәлі. Ауылдағы қазақ баласы орысша біле қоймады деп «үйлерінде қазақ тілінде сөйлеуге тиым салу керек» деп байбалам салған мұғалімге де қолымыз «жеткен». «Қате айтасың» деушілерге жұмыстан шығу қаупі төніп тұрса,онан да артық айтқысы келгендерге «псих-больницаның» есігі ашық еді.

Сол бір шақтарда мектептерде қазақ тілі сабағының

берекесі әбден кетіп, ақша табудың үстемесі ретінде кім көрінгенге үлестіріп жатқан.Ол тілдің мұғалімі де кім көрінген, жаны ашымас еді. Қазақ тілі сабағы нашар жүреді деген күңкілге қайран тілдің ендігі халіне жаны ашыған мектеп директоры «Нашар, нашар дейсіңдер,ана мұғалім есікті ашып қойып-ақ «мақ-мек, бақ-бек» деп азан-қазан қып жатыр ғой деп ащы мысқыл айтқан еді. Сол іш құсалық сан азаматты арамыздан ертерек кетіп қалуға әкеліп соққан шығар. Әлі де болса «маң-мен, бақ-бектен» аспаған, не асқысы келмейтін оқытушыларды көргенде «еліміздің зиялсы, жоқты сақтаушы, жоғалғанды іздеуші» деуге аузың бармайды. Бір қысаны жатқа білмеген әдебиет мұғалімінен көптің күтері аз.

Иә, аштықтан азайып, зобалаңнан сорлап қалған халық «тың игеру» кезінде қазақ жеріне үсті-үстіне тоғытқан басқа да ұлт арасында қадау-қадау қалып, әйтеуір өлмесіншінің далбасасымен баласын орысша оқытып, енді шала қазақтан туған шикілеу немересін туған тіліне қайтара алмай, мәдениетін ұғындыра алмайтын халге жетті.

Міне, тап осы кезеңде ұлт тіліміз мемлекеттік статус алғаны болашағынан үзе бастаған үмітке жылтыраған шоқ тастады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл бола тұра орыс тілі ұлт аралық тіл болып жарияланды. Бір қарағанда бәрі тамаша, ұлт тілі үстем, орыс тілі ұмыт емес. Енді осының өңін сипасақ ар жағындағы келеңсіздікті көріп тағы ішің ашиды. Шынымен де орыс тілі ұлт аралық тіл болса қазақ тілінің қазақ жерін мекендеушілерге не қажеті бар? Қандай қажеттіліктен олар қазақ тілін үйренбекші? Осы біз «тамаша» идеяларға тойып болған жоқпыз ба.

Өз тілінен өзі үркіп жүрген қазақты қалыптасқан стеротиптен шығарудың жолы да өзгеше болуға тиіс.Бізге күштеп жүріп өз тілімізді ұмыттырған екен, ендеше бізде тізе көрсете отырып, сол тілді қалпына келтіруге тарих алдында міндеттіміз. Біз басқа халыққа зорлық көрсетпейміз, ал өзіміздің ұл-қызымызды болашақ үшін еріксіз өз тіліне ,мәдениетіне әкелуге тиіспіз. Мектептердегі оқытуды ата-ана еркіне беріп қойып, ана тілімізді қалпына келтіреміз деу фантазия. Оны биылғы сентябрь де көрсетті. Қазақ баласы қалада да, селода да тек өз тілінде оқу керек деген заң шығару керек.

Ал қазіргі кезеңде ана тілінің рөліне көңіл бөлдіру үшін қазақ балалары барлық типтегі мектептер де қазақ тілінен емтихан тапсыру мәселесі түбірлі шешілуге тиіс. Жоғарғы оқу орындарына түсетін қазақ жасы мектепті орысша, не қазақша бітіргеніне қарамастан мазмұндама, не шығарма жазуын талап етпесек қазақ тілі туралы талпынысымыз талай «тамаша» идеяның бірі боп қала береді.

«Отаным» деп аңсап келген сонау Ағылшын жұр-тынан, Германиядан, Түрік елінен келген қазақ жастарының алдында көшеде шүлдірлеген, тәлім исі қазаққа ұқсамайтын әлдекімдер үшін есі түзу ел ұялады. Пәленше миллион ағылшын халқының арасында бірін-бірі зорға көретін қазақтар өз тілін, өз мәдениетін сақтап, Алматыдан шығатын газет-журнал, жаңа кітаптармен жете таныс екенін білгенде бүгінгі мешеу халіне қынжылмайтын азамат жоқ шығар.

Тіліміздің бүгінгі мүшкіл хапі азаматқа қасірет. Сол қасіреттен шығамыз деп күніне телерадиодан сабақ үйретіп-ақ жатырмыз. Біз осының қызғылықты әдістерін де қолданса екен дейміз. Қазақ қай заманнан балаға тіл ұстарту жұмысын көңілден шығармаған. Соның ең өтімді, тиімді түрі жаңылтпаш. Теледидардан сүйкімді қыз, өнегелі ата жаңылтпаш айтып, бізді қоса қайталатып тұрса бала түгілі ата сақалы аузына біткен талай елітер еді. Жұмбақ айтып оның шешуін тіке телефонмен хабарлап жатса қандай ләзім.

Сол сияқты ұлт мәдениетіне, ұлттық өнегеге тәрбиелеудегі қыса айтудың маңызы барын біз біржола ұмыттық. Қыса айтушылардың неше түрлі сазы бар, естір құлақты жалықтырмас мақамы бар. Соны теледидардан дәріптей білу керек. Сөз ретінде айта кетейін, Мағ-жан Жұмабайұлының «Батыр Баян» дастанын өз ба-сым осыдан жиырма жыл бұрын Ескей жыршыдан магнитофанға түсіріп алып, «стукачтықтан» аулақ талай адамға тыңдатып, үлгі етіп ұсына алдым. Міне, сол Ескей жыршының орындау мәнері тіпті бөлек, ал қыса орындау өнерінің бір шыңы десе болар еді.

Міне, осы жерде тіл менен музыканың байланысы еріксіз ойға оралады. Тіл ғасырлар бойы қалыптасып, адам өмір сүрген орта мен табиғаттан, өмір сүрер тәсілінен шығар болса (метериалистер тұжырымы, тенстерше жаратушы сыйлығы)

музыка сол тілмен қабыса дамыды, сол тілдің ырғағына музыка нақышының ішкі иірімі сай келмек. Тілсіз ұлттық музыка болуы мүмкін емес. Міне, сондықтан дахалық музыкасы жүректен жылы орын табады, пендені мәңгі тербейді, мәңгі сүйеді, оның әр сөзі қастерлі, әр нақышы өмір бояуы.

Осы күнгі теледидардан не радиодан «қазақ» әні деп берілетін әннің қанша құлағыңды түрсең де бір сөзін ұқпайсың.Өйкені, ол тілден бөлек, өзінше дамыған әуен, тілдік базаға қондырған қолоба (настройка). Ол музыканы жазаушылар да ұлт мәдениетінен суарылмаған ділімізді шала-пұла түсінсе де оның әуенділігінен (музыкальность) аулақ қалғандар. Болашақ тіл дамуы бұл мәселеден де аулақ қала алмасы даусыз.

Ана тіліміздің асыл қасиеттері жер-су аттарынан да көрінеді. Бүгінде кім көрінген өзінше өзгертіп алған ата-мекеннің бұрынғы қастерлі атауын беру сөз бұйдаға түсуде. Жер су аттарын өзгертуді тек жергілікті халық, ғасырлар бойы осы даланы мекен еткен халық қана шешуі керек.бүгінгі күнде әлдемір паспортистің ырқымен аты теріс жазылған сан азамат елдің мазағы боп әлі жүр. Менің бір туысымның Сейфолла есімін Светолла қылып жазып бергеніне не дерсің. Мына уақытта ең болмаса ондай «кличка» алып жүрген сан ұл мен қыздың республика көлемінде есімін дұрыстауға жол беру керектігі анық. Бұған артық ақылдың керегі жоқ сияқты.

Туған тіліміздің шын жанашыры болсақ республика азаматтығын қабылдап, оған туған тілін білгісі келмейтіндерді енгізбеуді де ұсынар едім. Нигилизммен мүмкін күрес те ширағырақ болар еді.

Туған тілдің өрбіп келе жатқан проблемалары бар азаматтарды толғандыруда. Оның бүгін мен ертеңі бүгінгі тірі пенденің қолында десем сырттай қарар жанашыры емес, сайын даланың перзенті ретінде бел сыбанған жанкүйері, рухын көтеруші болатын кез де пісіп жетті.

1994 ж.

# КӨШІҢ ҚАЙДА БАРАДЫ?

Қасиетті мекен, туған жер көкейге оралғанда жықпыл-жықпылы ағашқа толы биік таудың басына шығып, жанындағы қос тазыға көз қиығын жүгіртіп, бөтегесі желбіреген, селеуі теңіздей толқыған далаға жанарын іліп, санасы сағымға сіңіп, бөркін алшысынан киген аттылы қазақ көз алдына келеді. Ол гүл-бәйшешектің неше түрлі дәруі сіңген шипалы саумал қою ауаны сүйсіне жұтады, мына жалғанның қызығына тоймаған жүзінде рең тұрады.

Иә, саумал қою ауа дейміз. Ол кешегі біздің балалық шағымызда, жігіт жәлең кезімізде көріп, көңіл сенген шындық. Мынаның шет-пұшпағын көрмеген бүгінгі жас сенбеуі де мүмкін. Бүгінгі ауа өңеш жыртардай қатқыл, кебір демсек оны түйсінбеген біреулер өзінің өңешін жыртар деп те қаласың. Бірақ шындық солай, жаның сезгенді айтпау, халыққа жеткізбеу күнә.

Бүгінгі күнде күрт өзгеріп бара жатқан экологиялық жағдай адамзатты қатты алаңдатып отырғаны баршаға аян. Қара аспанның көгі жыртылыпты деген не сұмдық? Сол азоны жыртылған тесіктен қатерлі сәуле жер бетіне құйылды дегенді естігенде мәңгүрт біреу болмаса, азаматтың ұрпақ үшін жүрегі дірілдеген шығар. Табиғаттың осы біздің заманымызда осыншама бүлінуін айта келіп жазушы Распутин заманның ақыры деген көне түсініктің өзі шетін көрсетіп қалды деп жазады.

Біз, қазақтар, тірлігімізге, бүгінгі әйтеуір ішер ас барлығына шүкіршілік етіп үйренген халықпыз. Шүкіршілік ете білу, қонақжай, мейірманды болу талай елдің қолы жетпей жүрген жағдай екеніне қуанасың-ау, ол тілегінің түбі қайыр болар дерсің де. Ол әрине, өз отырған мекенім - қара орманымды өрт шалып, қара аспанды суға алдырмаған кезде

дұрыс шығар. Ендігі жағдайда, табиғат бүліншілікке ұшырап отырғанда «шүкіршілік» ете қояр ма екенбіз. Ол, бәлкім, бейшаралық та болар еді.

Озық елдер табиғатты қорғауда бар күшін салып жатқандай. Оның ең бір жақсы көрінісі қорықтар екен. Біз ен даланың тіршілік байлығын сақтау үшін осы мәселені әлі де жөні түзу қолға алып отырғанымыз жоқ. Арқаның ең бір шұрайлы жері осы Жезқазған облысында орналасқан. Әсіресе Арқадағы Тағылы тауы Арқа мен Шөлдің қақпасы тәрізді. Шөлдің киігі осы жер арқылы өтсе, онан әрі таулы аймақтарға бойлап бармайды. Біздіңше осы Арқа мен Шөлге бірдей Тағылы тауын екі аймақтың да жан-жануарын сақтау үшін үлкен қорыққа айналдыру керек. Уақыттың адамзат-ты қысып-қысып бара жатқанын түсінетін шақ әбден жетті. Етікті қоншысынан басып, «Ә, бірдеңе болар, жау келділеп» деп жүрудің қылмыс екенін түсіну керек, түсінгісі келмеген-дер жылы орын, жайлы қызметті босатқаны жөн. Халық осы-на талап еткенін тілер едік.

Ұлы Абай «қазақты құртқан «әрине»» деген екен. «Әрине, сөзің жөн» деп бойын сыртқа салып, ішінен қас-көйлігін аямаған басшылар Көктің көлді құртты. Көз жасының там-шысындай мөлдір, ел сүйсініп атын Көктің көлі атаған табиғаттың інжу-маржаны енді жоқ. (Біз миллиондап адамды қыруға дағды алып қалғанбыз.) Ол туралы ешбір экологиялық комитет сөз етпейді, ең кереметі осы облыс жеріне жаны ашыр облыстық табиғат қорғау комитетінің де жоспарына «Көктің көлін қалпына келтіру» деген сөз ілікпеген.

Жоғарғы Қайрақты кенішіне Майшорадан (оны мәң-гүрттігіміз жететін біз Машуран деп жазып-ақ жүрміз) су тартылып жатыр. Осы істің басындағы инженер Райскиннің айтуына қарағанда Майшорадағы жер асты суы аз-мұздап алғанның өзінде 20 жылға ғана жетеді екен. Сонан соң Шет, Нұраталды совхозының жері қылтанақ өспейтін қу тақыр болмақ. Ар жағы...

Кен табылып, кеніш ашылып жатыр дегенге қайран даланың талқан-талқан болғанынан запы болған жүрек шан-шады. «Әй, табылмаса, ашылмаса екен» деп іштей тілейсің. Қырылудан аман қалып, қалт-құлт еткен заманда Ақшатау сияқты кеніштердің тірі қалған жұртқа нәпақа болғаны рас.

Бірақ ол заман кетті ғой, ол біз үшін өткен шақ. Ендігі тірлік сол радиацияның тұтқыны боп отырған елдің ендігі қамы. Ақшатау поселкасын көшіру 1993 жылға қалыпты дегенді естігенде «не деген безбүйректік» дейсің, халқыңның момындығына өкінесің.

Қайран даланың реңін кіргізіп тұрған қасқа бұлақтардан бұл күнде емге су таппайсың. Шілденің айында шымның астында қарыс-қарыс мұз жататын Мұздыбұлақта бұл күнде қанып ішер су жоқ. Жоғарғы Қайрақтының маңындағы жаз ортасында аттылы адам өте алмайтын Былқылдақ деген кең алқап болушы еді. Жалаң аяқ басқанда жып-жылы сазының арасынан шұрқылдап газ шығып жататын сол Былқылдақтың кез-келген тұсынан бүгінде машина шаң қаптырып өтеді.

Қазақ халқы замана бойы «Көк теңіз» деп сүйсіне атаған Балқаш көлінің суын толықтырушы Тоқырауын өзенінің бүгінде жылап ағып (мүмкін адамзаттан түңіліп жыламсырап) құрдымға сіңіп жатқаны ешкімді толғандыра қояр ма. Толғандырса оның үнін ел неге естімейді.

Мыңғырған мал айдаған ата-бабалар сол өзеннің бойындағы Ту көде деген жердің бар малын жауып, бөтегесінің мұртын сындыра алмапты. Сол ел шалғынға сүйсінген атам қазақ сол өңірді «Ту көде» деп аялап атап кеткен екен. Бүгінде сонда тіс шұқитын жөні түзу шөп жоқ десек артық болмас. Тап көше Қарабұлақ совхозының қырық мыңға жуық қойының қысы-жазы өрісі болған, ішінен аттылы кісі адасқан Бас ши, Аяқ шидің орнында өрт шалғандай бұрқ-бұрқ қорда жатыр. Осыған жаны ашитын ел басшысы қайда, әлде ол бүгінгі «жоспарды» орындап, орден қуып жүр ме.

Осы ғасырдың басында Нұра өзенінің жағасын паналаған Тұрлау ақсақал өсіп берген сиырының саны үш жүзден асқанын, соның қыс қорасы да, жаз азығы да қалың ши, ши ішіндегі қияқ болғанын әдейілеп сан айтқан еді. Ырымға қияқ жоқ, ши орнында итсигек ғана тұрған сол өңірдің келбетін елестету де қиын, келер ұрпақ сол даланың ғажайып бай болғанына сене ме. Сенбесе тас тістеп, шаң жұтып өскен ендігі ұрпақтың табиғатты бүлдіре түспесіне кім кепіл бола алады.

Сонау елуінші жылдардың ортасында «тың» деп шап-

қылап алаөкпе болып жүріп, бір күндік алаөкпе саясатқа қарсы шыққан жұрттың басына бұлт үйіріп жүріп, тіл шұбарлығына әкеліп соққан дархан елдің мәдениетінің ендігі өсуіне тұсау болған, табиғатымызды экологиялық тұйыққа тіреген жағдайға тап болдық. «Тың игерген» деген медалға қазақтың «жер-суым» дейтін қасиетті сезімін айырбастап алдық, жылтыраққа үйір баладай сондай бірдемелерді салдыратып тағып шыққанға мәз болғанымыз өскелең ойлы елдің көрінісі емес. Сірә, сондай уақытқа қарсы пікір айта білгендерге бүгін ерекше медаль шығарсақ халықты пәктікке бастар істің бастауы болар ма еді. Бүгінгі экологиялық жағдай қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы не себептен көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған деп еріксіз ойлантады. Бір жұртқа «мал тұяғы шиырлап шөп өсірмей тасталды» - деп үш жылға дейін қайтып қонбаған сол мал баққан ел осы жерге дән сепсе егін шығатынын, үй салса қала болатынын білген. Бірақ олар бізден гөрі табиғатқа да жаны аши түскен екен. Ғасырлар бойы табиғаттың тылсымын тыңдап, әр шөптің бетіне үңіле білген жұрт қасиетті жерінің байлығын кәсіптің осындай түрімен сақтағысы келген сияқты. Бүгінгі жел ұшырып, су шайып тасын ғана тастап жатқан жердің ендігі қалдығын сақтау үшін енді айғыздап жырта бергенше шаруашылықтың сол түріне қайта бару да керек шығар.

Арқа тауларын қысы-жазы жасыл желекке бөлеп, мәңгі көгілдір реңінен айрылмайтын арша жарықтықты біреуіміз венокқа деп, тойға деп, онан қалса мектептегі басшының біркүндік лауазымын арттыру үшін, әйдік елка үшін тамырын қопарып құртуға айналдық. Ең сұмдығы осыны айта жүріп не аудандық, не облыстық табиғат қорғау комитетіне «жаңа жылға елка тұрғызуға тиым салынады, штрафы мынадай» деген қаулы шығартып, газетке баса алмағанымыз. Қожанасырды әжуалағысы келгендердің киімін жағып, ас пісірген Қожекең: «киімнің енді керегі не, ертең ақыр заман деген жоқсыңдар ма» депті тыр жалаңаштарға, тап сол күйден бағанамызды көре алмай, экологиялық қатерді түсінбеген мәдениеті төмендікке іш күйеді. Озық елдерде біреуді

басшылыққа қою үшін әлем мәдениетінен хабардарлығын, гуманистік принциптерін тексереді екен. Біз санврач болса болды совхоз басшысы, физик болса мәдениетті басқартып әлі шауып келеміз. Біз де басшы қоймас үшін сол пенденің көкірегіне үңіліп, тар маман емес, өткеннен хабары мол, келешекті көре алатынын тексеріп көрсек, қара басынан басқаны ойламайтыннан арылып, танауынан арғыны көрместен құтылар едік.

Жылт етіп жаз шыға егін басталады екен. «Мол өнім алу үшін» аспаннан төгіп жатқан уымызда шек жоқ. Дем ала алмай тұншығып жүріп «бұл зиянсыз» деп бір-бірімізді жұбататынымызды қайтерсің. Жұбата-жұбата Арқаны мекендеген жәндіктерді жұтаттық. Шегірткені қырамыз деп у төккеннен оның азайғаны шамалы, есесіне басқа тіршілік иесін қаусатып салдық та, табиғи тепе-теңдікті бұздық, сол шегірткенің жауы торғайларды құрттық. Бір ғана өзіміз білетін етікші қоңыздан басталған бес-алты түрлі қоңызды, жауын құртын, араның неше атасын, көбелектің ондаған түрін жойып жіберуге «қолымыз жетті». Талтаңдаған сәби баламызға әлдеқалай адасып келген реңсіз, сықпытсыз көбелекті көрсетіп мәзбіз.

Арқа бұлбұлы бозторғайдан айрылып қалғанымызды бұрын да жазған ек. Жақында сол бозторғай үнін теледидардан естіп, естен танғандай болдық. Барымызды кинодан ғана көрер шама жеткені ме деп қынжыласың. Бүгінде көз қуанышы, көңілдің серпілісі болған осы маңды мекен еткен жиырмадан аса құстың жоқ екенін санап шықтық. Азамат болар баласын ел қырандай бол деуші еді, сол қыранның лашын, қаршыға, жағалтай, күйкентай, тұрымтай, бөктергі, құладын, күшіген тәрізді сан түрін енді көрмеген ұрпақ сәбиіне не тілемек. Алаң-пелеңде бала кезде сан қуалаған жарқанат көзге түспегелі, кез-келген ши түбінен далп етіп ұшып ат үркітер жапалақ көрмегелі біраз жыл болды. Сан сұлудың киімінің өңін ашқан үкіні шам ұстап іздеп таппайсың. Дуадақ, тарғақ тәрізді адал құстан адамыз. «Өртте қанатымен су сепкен» деп ел сүйсінетін қарлығаш қайда? Шымшық, Ақсары деген құстардың көрінбей кеткені несі? Соңғы бір-екі жылда көкектің дауысы естілмейді. Қайран көкек атын айына беріп қоштасып кетті ме, қалай.

Жетер! Уа, ағайын, көтер. Тірлік үшін күресіп жүріп тірлікті жойып жатқанымыз жетер. Бар мен жоқтың арасы көрінбес қыл сияқты. Қазақ қасиет тұтқан дәм ақ еді. Ақ-пәктіктің түсі. Қазақ уды ақпен қайырған. Сол сүттен у шығып жатқан соң тірліктің бетінің буалдыр тартқаны да. Қаракөк аспаннан химикат шашып, өнімді көп аламыз ба, әлде өлімге жол ашамыз ба, ойланатын шақ келді. Көз алдымызды тіршілік әлемі жұтаң тартты.

Көшің қайда барады, азамат?!

# АСПАН ӘЛЕМІ ТУРАЛЫ

## «ҮТ» ПАРСЫНЫҢ ЕМЕС, ҚАЗАҚТЫҢ «ҮП»

Менің бұрнағы жылдары жарық көрген аспан әлемі, ай атаулары туралы мақалаларыма не бір ғалым, не бір жазушының не оң, не теріс деп пікір айтпағанына қатты налушы едім. Қазақ елінің аспаны ең болмаса бір азаматқа керек болмағаны ма, әлде қазақы түсінікті «жерлеп болдық» па деген ой қатты мазалайтын. Алғаш тіл қатқан Қажығали Мұхамметқалиұлы болды.

Бар екен азамат. Бар екенсің, бауырым. Бар болғанына қуанамын.

Аспан әлемі балалық шақтан қызықтыратын еді. Ал, мұнымен ерекше шұғылдануым 1962 жылы басталды. «ЕСЕП» партиясын құрды деген айыппен, сотталып кете бердім. Саяси лагерде 33 жыл отырған Ақмолалық Құнанбай Бейсенұлымен бірге болуға тағдыр жазды. Жасы жетпістен асқан сол ақсақал түнде тысқа шығуға қанша тиым салса да, кесілген ағаш арасынан жасырынып, талай түндерде аспан шырағының өзі білетінін көкейге құйып бақты. Елге келген соң мұндағы ақсақалдардан да мүмкіндігінше жинастырдым.

Қазақ-жады мықты халық. Кешегі өткен ақсақалдардың аңыз-жырларды, мың жылдық тарихты магнитафонға жазып алғандай жатқа айтатынының куәсіміз. Ұлтымыздың ғарыш туралы түсінігі де тап осындай жүйемен ауыздан ауызға беріліп келген. Ал, жұлдызшы атаулының күні не болғанына 30 жылдар куә.

Қазақтың ай атаулары туралы, ондағы қателіктер жөнінде сонау 80 жылдары жазғанымда «Қазақ әдебиеті» газеті, «ой-бай ғылым академиясындағылар пәле қылады» деп баспай қойды (Дидахмет Әшімханұлы куә).

Ай атауларымызда қателік жетерлік, Менің «мемтеркомда» шаруам жоқ. Қателікті елді білмейтіндер, қазақ

ұғымын кітаптан ғана іздейтіндер жасайды. Өйткені, олар ұлттан алыс. Сәуірді көкек дегеніміз дұрыс шығар деген пікір айтқан екен. Көкек деген атауды мен де білдім. Бірақ... Бірақ Алтайдан Еділге дейін созылып жатқан ұлы даланың оңтүстік өңірінен басқа жерде бұл айда көкек шақырмайды. Жоқ көкекке айдың атын бергеніміз жөн бола қояр ма екен. Бұл айды қыр қазағы «Отамалы» деп те атайды. Сәуірдің 5-6 күндері қыс қайырмасы - бұрқасын, суық өтеді. Осы амал--ды халық отамалы, яғни оттың (шығатын көктің) амалы деп атаған.

Екінші бір дау туғызып жүрген ай атауы европаша июнь айы. Мұны «мемтерком"маусым деп бекітіпті. Дұрысы шілде. Қазақта «40 күн шілде» деген ұғым бар, яғни 40 күн ыстық аптал.Шілде үркердің жерге түсуімен тікелей байланысты, Үркер Құралайдың салқыны өтсімен мамыр айының 29-30 күндері жерге түсіп, бір жарым ай бойы аспан әлемінде көрінбей кетеді, мұны білмей Шілдені онан әрі өткізіп жіберіп, келесі айға таға салу ұлттық ұғымымызға жат болдырған аттың ертоқымын жаурыннан сауырына сырғытып ерттеген тәрізді көрініс.

Шілде айының соңында (июннің) ¥лы даланың көк майса көрініс реңі де өзгере бастайды. Шөп сарғыш тартқан көрініс берді, сол себептен. европаның ұғымындағы июль біздіңше халық арасында Сарша атанады.

"Мемтеркомның»да, газеттердің де тісі батпай жүрген ай атауы «Үт». Парсы не дейді, онда жұмысымыз жоқ. Тіптен парсы осы атауды түркі жұртынан алды-ау деген ой келеді. Үт кірді - құт кірдін дейді қазақ. Сондағы үті не? Осы айда жабықтан, түңліктен, терезеден түсетін күн сәулесінде аппақ тозаң тәрізді ұшқын жүреді. Сол сәуледегі ұшқынды халық үт дейді. Бұл тек осы айда ғана болатын құбылыс. Осы айда аспан әлемінде көрініс беретін Балықтар атты шоқ жұлдыз да тап осындай тізбек, ендеше біз айтып отырған «Үт» жат жұрттық емес, тап қазақтың Үті. (Ақты - сүт десе, ақ тозаңды - «Үт» деген).

Қазан айын ел Ақыраб деп те атайды. Ақыраб атауының

араб-парсыдан келгені де белгілі.Бүкіл шығыс еліне игі әсер еткен мұсылман мәдениеті өмір сүру тәсілі жуықтас қазақ елінің әдет-ғұрып, дүние танымымен араласып, сіңісіп кеткен. Міне, содан да болар, кешегі үлкендер Ақыраб атауынан қашпаған, тіпті Қазан айын осылай атап та кеткен. Осы айға байланысты қыстың алты айындағы ауа райының қандай боларын болжаған. «Ақыраптъің алты күні» деген де бар. Бұл болжамның қалай жасалатыны туралы кезінде жазғанмын.

Қажығали «Қателік кеш те болса түзетілуі тиіс» деген екен. Ұрпағымыз қазақ болсын десек бізде онан басқа амал жоқ. Қазақы ұғымнан айырды, айырылып қалуға тырысқан тағы өзіміз. Енді мұны түзер де «өзіміз» болсақ едік.

# ҚАЗАҚТЫҢ ТОҒЫС АЙЫ

Көне заман жұлдызшы - есепшілерінен бүгінгі бізге там тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі тоғыс айлары. Бұрынғы өткен жұлдызшылар өз білгенін хатқа түсірмеді деуге хақымыз жоқ, ХХ ғасырдағы ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазынаның түбірімен құрып кеткені анық.Аштықтан тірі қалып, сан белсендінің қитұрқысынан шошынған халық білгенін ұмытып қалған. Бір тайпа ел-дің бүгінгі тірі ақсақалдарынан тоғыс айлары туралы сұрағанымызда көбі естімеген, не «қарағым, есте не қалды дейсің» боп, мардымды ештеңе ести алмадық.

Өкіне отырып, халықтың өзі білген,өзі шығарған бұл жүйесін өзіне ұсынуды жөн көрдік. Өмір сүруінің негізгі тәсілі мал бағуда болған көшпелі ел ауа райын күні бұрын болжауды жақсы білген. Осы тұста айдың тууы, оның аспан әлеміндегі орыны,шоқ жұлдыздармен қиылыса өтуі қатты бақылауда болған. Осыдан келіп ай тоғысуы туралы жүйе қалыптасқан. Ай жылдың әр мезгілінде Үркер шоқ жұлдызымен қиылысып өтеді. Аспан әлемінде қозғалған жаңа айдың күн сайын біртіндеп Үркерге қарай жылжып, ақыры «түйісіп» өтетіндей шағын «тоғысу» деп атаған.

Ал, Үркердің де жұлдызшылардың есебінде алар ролі өте зор болған. Мысалы жазда өтетін 40 күндік шілде Үркердің Құралай (мамырдың 17-24 арасы) өткеннен кейін жерге кіруінен 10 күннен кейін басталған. Бұл 40 күнде Үркер аспан әлемінде көрінбейді. Шілде ыстығы - Сарша (июль) айының ортасында Үркердің тууымен бітеді.

Сол сияқты қыс шілдесі - Сары аяз. Текебұрқыл өткен соң басталып, Үркердің қаңтар айында (27-29 шамасы) төбеден ауған шағымен бітеді. Айдың 5 тоғысуы Наурыз күніне дәл келетіні де тегіннен болмаса керек. Бұл қазақтың көне жұлдызшыларының космостық түсінігінің аса білгір-лігін дәлелдей түсетін жағдай.

| № | Ай аттары | Ай туатын күн | Айдың Үркермен тоғысу күні |
|---|---|---|---|
| 1. | Қаңтар | 20.1 | 9 тоғыс |
| 2. | Үт | 19.11 | 7 тоғыс |
| 3. | Наурыз | 19. III | 5 тоғыс |
| 4. | Сәуір | 18. IY | 3 тоғыс |
| 5. | Мамыр | 17. Y | 1 тоғыс (айдың бір жаңасы) |
| 6. | Шілде (июнь) | 16. YI | 23 тоғыс |
| 7. | Сарша (июль) | 15. YII | 21 тоғыс |
| 8. | Тамыз | 14. YII | 19 тоғыс |
| 9. | Қыркүйек | 13. IX | 17 тоғыс |
| 10. | Қазан | 12. X | 15 тоғыс |
| 11. | Қараша | 11. XI | 11 тоғыс |
| 12. | Ақпан (ақпан, желтоқсан) | 10. XII | |

Кестеде көрсетілгеніндей, ай тууы біртіндеп ілгері қарай жылжып отырса, ай мен үркердің тоғысуы, керісінше, сағат тілінің бағытымен жүреді. Ертедегі жұлдызшы-есепшілер ауа райын болжағанда тоғыс есебін басшылыққа алып, 1-тоғыс мамыр (май) айын бірінші қойған. Әрі қарай жалғаса береді.

| | |
|---|---|
| мамыр | қазан |
| сәуір | қараша |
| наурыз | қыркүйек |
| Үт | тамыз |
| қаңтар | Сарша (июль) |
| ақпан | шілде (июнь) |

айларымен қабысып, әр айда өтетін күн амалдары жуықтасады. Жыл он екі айда кездесетін амалдар туралы бұрын да жазған едік. Сөз реті келгенде айта кететін бір жағдай, кей оқушыларымыздың тым европашыл болғысы келіп, қадым заманнан бері аталып келе жатқан жұлдыздардың қазақша атауын шет тілден сөзбе сөз аударып, әдебиетке кіргізіп жіберді. Соның бірі Үркер шоқжұлдызы Бикеш боп шыға кел-

ген. Орысша «Дева» болған соң «Үркер» аузына түспегеннің (не оның білгісі келмеген) қазақшасы солай болыпты.

Енді бір шоқжұлдыз Егіздер атына ие бопты. Орысшасы «Близнецы» ғой. Мал баққан қазақ бұл жұлдызды «Қосақ» (кәдімгі сауатын қойды қосақтайтын «қосақ». Жұлдыздардың айқасуы соны көрсетіп тұр) дейтін де, жанындағы ромбы тәрізді жұлдыз тобын «Шетен» атаған. Жұлдызды әлемге сүйсіне білген көшпелі мал баққан қазақ жұлдыз әлемін өз тіршілік ыңғайына қарай атаған.

Ең бір қызығы кей әдебиетте осы «Близнецы» жұлдызын «Босаға» деп атап жүр. Бұл қазақта әйтеуір бір жұлдыздың аты «босаға» еді дегеннен шыққан сөз. Иә, «Босаға» жұлдызы бар. Ол жаз жұлдызы шыға, яғни жаз шыға туып қара күздің соңын ала батып, қыс бойы көрінбейтін, шын мәнінде босаға тәрізді сегіз жұлдыз. Ол ең биік көтерілген шағы жаз ортасында оңтүстік көкжиектен маңдайға (зодиак) жетпей, иық тұсында тұрады. Сонымен «Босаға» жұлдызы жаздың кірер босағасы, жазбен келіп, жазбен кететін шоқжұлдыз.

Қазақта бөлек туып, бірге батқан үш жұлдыз деген сөз бар. Бұл зодиактан орын алған Үркер, Таразы, Үш Арқар шоқжұлдыздары. Үркер Саршада (июльде), Таразы - тамызда, Үш Арқар - қыркүйекте туады да, күз, онан қыс бойы аспан әлемінде бірінен соң бірі тізбектеле ауады. Бұл жұлдыздар майдың алғашқы он күндігінде күн батыс көкжиекте бір қатарға тізіле бастайды. Мұны жұлдыз тоғысуы деп те атайды. Сол шамада (мамырдың 8-10) арасы күн бұзылады. Қыс бойы бірінен соң бірі тізбектелген шоқжұлдыздар енді қатар тізіліп, Құралай өткен соң біржола бірге батады.

Зодиактың сол үш жұлдызының біреуінің орысша атауы «Скорпион». Оны біздер білгіштер «Бүйі» деп атай салыпты. Орыстан бұрын да бұл қазақ сол жұлдызды «Үш Арқар» деп тамаша атау тапқан екен. Сонда бұл тілімізді шұбарлаған, өзіміздің әсем танымымызға бүйідей тиген қай «Бүйі». «Қарақұртты» іздесе, оны әдебиетте Вега деп атайды. Ал, Лира шоқжұлдызын «Өрмекші» дейтінін осы күнгінің қайсысы білетініне күмәнім бар.

Атауы қазақ таным-нанымына үйлеспей жүрген жұлдыз «Ешкі мүйіз» (козерог). Ешкіні «кебенек» деп сілейтіп қазақ

сиқырлы да сұлу аспан әлеміне ешкінің мүйізін шығара қойды ма екен. Сұлуға сәнді ат таға білген көшпенді «Лақ сүмбіле» деп бір жұлдызға әсем атау бере білген. «Ешкімуйізде» біздің шалағай оқымыстының шығарып жүргені. Ол жұлдыз шоғырын қазақ «Қамбар» деп атаған.

Аспан әлемінің сан жұлдызының қазақша атауы болған. Оны сол қылпына келтіру қажет. Қазақтың ақтаңдақ боп қалған тарихының, әдебиетінің, таным-нанымының беттеріне өз бетінше зерттеу жүргізіп, үлес қосқан азаматтарға бүгінде ғылыми атақ беруді мықтап қолға алу керек. Онсыз зерттеу, тану, білу ілгері баспайды. Архивтік қорларды ғана ақтарып, бір қағаздан екіншіге көшіріп, кандидат не доктор болу енді жеткіліксіз. Уақыт зерттеуді күттірмейді. Ол үшін бүгінгі таңда қанша қиын болса да бірен-саран жөн білетін қариялар таусылмай тұрғанда ел арасына шығу ғалымдардың парызы, «Айналайын» дегенді «кругом обхожу» деп жүре бергеніміз енді көшімізге лайықсыз екенін білсек керек.

# АЛТЫ АЙДЫ БОЛЖАҒАН АЛТЫ КҮН

Бүкіл өмірі табиғат аясында өтетін, табиғаттың төл баласындай көшпенді ел көк аспанның жымыңдаған сансыз жұлдызына ат қоя білсе, сол тұңғиық көкті қай күні бұлт торларын,не қар борап, не жаңбыр сіркірерін дәл айта білген. Ауа райын болжар көріпкелдерге қарсы емеспін, оларда да бір иелік күш бар, дегенмен табиғаттың өз ықпалындағы кей күндер елге ертеден белгілі болған.

Қазақ жұлдызшы-есепшілері әсіресе қысылтаяңы көп қыс айын болжауға аса күш салған екен. Сол алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязын Ақырап айының алты күніне болжаған. Бұл жөнінде кезінде біраз ой қосқан Зекен Бәкірұлын, Төкеннің Жұмабайы, ақсақалдардың есімін атап өткен жөн шығар. Туа білген ешкім жоқ,тек осылай зерделі жандардың сөзіне зерде салу бар.

Сонымен Ақырап айын есепшілер болжам үшін қатты ұстанған. Ақырап айының тууы қазіргіше Қазан - Октябрь айының 14 жұлдызы. Міне, бұл күн Ақыраптың бірінші күні. Сол күні таңсәріден бастап жұлдызшы-есепшілер әр сағатты қатты бақылауға алған. Сағат сайын күні бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағытын, жылдамдығын есепке алған. Сол сияқты сол тәуліктің қай сағатында күннің ерекше құбылысы, суытуы, не жылынуы, не жауын-шашын болуы қатты ескерілген екен.

Бұл болжам алты күн бойы кезек-кезек күн-түнді күзеткен есепшілермен жүргізілген. Сол алты күнде алты айлық қыраулы қыстың қас-қабағын анықтаған. Үлкендерден бізге жеткен Ақыраптың алты күні осы екен. Атақты Түлкен Сарының боран соғып тұрғанда «ертең түстен кейін қар кетеді» дегені, есімі бізге жетпей Есейдің есепшісі атанған кісінің Қарқаралыға мал айдап бармақ болғандарға ақпанның (бұрын декабрь осылай атаған К.Ж.) пәлені күні

ат құлағы көрінбес боран болады деуі, соған қарамай жолға шыққандардың бар малының қырылып қалуы осындай есепке негізделсе керек.

Мал баққан қазақ ақсақалдарына белгілі күндердің бірі - Қызыл жұмыртқа. Бала кезімізде үлкендер аузынан естіп қалатын осы бір атау елуінші жылдардың аяғында сиректіп, кейінгі жетпісінші, сексенінші жылдарда ел есінен мүлде шығып кеткен еді. Елдің үлкен ақсақалы Тұңғышбек Дәлмағанбетұлының «орыста бар Қызыл жұмыртқа күні қазақта жоқ деп пе едің» дегенін естіген едік. Сол күнді нақтылап берген Қайрақты кенішінде тұратын Жаманқұл ақсақал болды.

Мамыр айының 8-нен 9 күні суық болатыны белгілі. Осының қазақша атауы бар ма екен деп бүгінде таусылуға айналған ақсақалдардан сұрау салып жүргендей едік. Бұл күннің «Қызыл жұмыртқа» деп аталатынын Жәмекең ұмытылмастай есте қалдырды.

Сәуірдің 18-19 күндері Қыдыр қамшысы деп аталады. Сол күні адал құстар ұя басады екен. Құстардың балапан шығаруы мамырдың сегізі мен тоғызы күндеріне дәл келеді. Міне, осы күнді қазақ Қызыл жұмыртқа деп атапты.

Қип етсе әулиесініп құдайдың күндерінің талайына орыс көршілеріміз қаптап жатқан, өздері де жаңылып қалатын святойлардың атын тағып келсе, табиғатпен біте қайнасып өсіп, өмір сүрген дала перзенті. Қазақ белгілі күндердің бәріне табиғаттың өзінен туындайтын атаулар берген. Мұның өзі қазақ халқының дүниетанымының «біз кереметпіз» деп жүрген талай елден көш ілгері екенінің белгісі емес пе.

Қазақ жұлдызшылары айдың тууын, оның аспан әлеміндегі орынын үнемі бақылап, айдың тоғысуы туралы жүйені қалыптастырған. Ай жылдың әр мезгілінде әртүрлі күнде үркермен қиылысып, жанасып өткендей болады. Мұны қазақ «тоғысу» деп атаған.

Үркер есепшілердің болжауында ерекше орында. Оның жерге кіруімен 40 күндік шілде басталып, қайта көтерілуімен шілде аяқталып отырған. Бұл күндер қыс шілдесі - Сары

аязға да дөп келеді. Қаңтардың аяғында Үркердің тас төбеден аууымен аяздың шарықтауы да бітеді.

Орыс жұртының бірін Иван Купале, бірін Ильин деп табиғаттың талай күніне айдар таққанына тамсана қарап, шіркін «бізде күн атаулары неге жоқ» дегендердің сөзі қабырғамызға батып, жыл он екі айда өтетін амалдарды біраз зерттеп жазып, зердесіне жеткізуге себепші болғандай едік.

Қазақы жыл санауда жыл басы - наурыз. Қыстан қысыла шыққан ел қардың жуықта кетер-кетпесін наурыздың бі-рі күні (қазіргіше 14 март) қар үстінде жатқан қойдың құмалағының қарға батары не батпасына да қарап болжаған. «Қардың басын қар алады» деген ел «Құс қанаты» атты жапалақтап жауар қарды асыға күткен. Бұл наурыздың 26-28 жұлдызына дәл келеді.

Келесі ай отамалы - Сәуір деп те аталады. Айдың басы осы күнгі 14 апрельге келеді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Осы айдың 17-19 шамасында күн суытып, жаң-бырлатып өтеді. Ел ертеден бұл күнді Қыдыр қамшысы деп атаған екен. Осы айдың 25-27 шамасында тобылғы бүр-шіктенер Тобылғы жарған атты суық өтеді.

Көкек айының 8-9 күндері Қызыл жұмыртқа салқыны, 17-25 арасында атақты Құралай өтеді.

Шілде Үркердің жерге кіруімен басталып, қырық күннен соң Үркер қайта көтеріліп, Сарша айында Үркердің толғағы атты жаңбырлы күн туады.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек. Сүмбіле жаңбырлы өткен жердің көдесінің түбі көк, малға қыстай жақсы от болады. Жылқыны сондай жерге салатынын саяси лагерде 33 жыл отырған Құнанбай Бейсенұлы ертеректе ұғындырған еді. Ол кісінің өзін екі жарым мың жылқы болғанын кезінде жазған едім.

Сүмбіле туа су суыса, келесі айда Таразы туып, таң суыған. Қыркүйек айының 20-21 шамасындағы салқын да белгілі болған.

# ВОДОЛЕЙ-КӨНЕК БОЛСА, ҮШ АРҚАР - ШАЯН ЕМЕС

Филология ғылымының докторы А.Шәріптің аспан әлемінің шырағдандары туралы біраз қазақты ойландыратын ізденісімен таныспыз. Құптарлық ізденіс. Құптайтынымыз да,қуанатынымыз да әйтеуір қазақтың бір азаматының «қазағымның атауы осылай болса екен» деген ақ үміт тілегі. Аспан әлемі туралы біз де біраз қалам тартқан едік. Енді өз пікірімізді ортаға салайық.

Ауылда жатқан бұл қазақтың қай пікірі деген сөз тумасын. Тағдыр айдап, халық жауы болып ел шетінен тысқары шығып кеткен сонау 1962-66 жылдары саяси лагердің төрін бермес қонағына айналған (лагерде 33 жыл отырған) Құнанбай Бейсенұлымен дәмдес болуға тура келген. Құнекең ақсақал жиырмадан жаңа асқан бізге өзі білетін аспан сырын ұқтырып бақты. Қалғанын елге оралған соң көнекөз қариялардан көңілге тоқыдық. Сонымен А.Шәріп жазғандай «орысша шоқжұлдыз» аттарының «көнелігі көзге басылады...

... ежелгі славян дәуірлерінен тамыр тартқызады» дегендей таңдай қағатындай ештеме де жоқ, қайта сол мұжығыңыз Алтын Орда заманында ғаламның талай сырларын бізден алғанына еш күмән жоқ.

Алтайдан Карпатқа дейінгі ¥лы Даланы ендікпен де, байлықпен де кезген көшпендінің ұлы сан ғасырлар бойы мыңғырған мал өсіріп, байлықпен ғұмыр кешкен. Мыңғырған мал өсіру үшін де аспан әлемінің бар сырын, жұлдыздардың атауын, солардың тууы мен ауысуына орай болатын ауа райының құбылысын жете білген. Сол көне қазағыңыз орманнан шыға алмай, аспан әлеміне қарамақ түгілі биік ағаш арасынан басы айналып, әр жерге түртінектеп егін салғаннан аса алмаған мұжықтан гөрі еркін де болған, самал желмен тербеліп, бар әлемді әнге қоса білген.

М. Исқақовтың да, Ж. Баласағұнның да, Әл-Фарабидің де аспан әлемі туралы еңбектері маған да таныс. Ал, енді

А. Шәріп ұсынған Зодиак жұлдыздарының тізбесін саралап керейік. Ол Қозы (Овен), Үді (Телец), Ерентұз (Близнецы), Құшық (Рак), Арыстан (Лев), Бидай басы (Дева), Өлкі (Весы), Шаян (Скорпион), Сұрмерген (Стрелец), Ұғылақ (Козерог), Көнек (Водолей), Балық (Рыбы) деген тізбені ұсынған.

Қозы (арабша хамал) атауына ешкімнің жоқталасы. «Үд» қалай болар екен. Қазақ ұғымында осы күнгі европа февраль деп атап жүрген ай аты «үт». Қазақта екінші атауы бар, ол «сүт». Ал, осы февраль айында терезеден түсетін сәуледе аппақ шаң сияқты тозаң ақ сәуле болып жарқырап жүреді. Мұны қазақ сүттен айырып «үт» дейді. Ана «Балықтар» деп жүрген шашыранды жұлдыздар да ел ұғымында сол «үт»

«Близнецы» деген жұлдыз шоғырын мал баққан қазақ «қосақ» дейді. Кәдімгі қойларды қарама-қарсы қойып матаған қосақ. Бұл жұлдыздың екі қатар болып қарсы тұру кейпі де қосақтан аумайды. Міне, осы тұста С. Қожановтың «Ай» меңді қара қой атауы ұғымға дұрыс келген. Солай десек те жұлдыз атауы «Қосақ» екені дала қазағына аян. Мақалада ұсынылған «Ерентұз» атауы еш жобаға келе қоймайды.

Европаның «Рак» дегенін «Құшық» деп берген екен. Нағыз «Шаян» осы жұлдыз. «Құшық» ел уғымына жаттау екені көрініп тұр.

Арыстанға ешкім дауласа қоймас. Ал, орыс «Дева» деген жұлдызды біздің асфальтта өскен журналист қауым «Бикеш» деп елді күлкіге батырып жүр. Бұдан сорақы атау бола қоймас. Бұл жұлдызды Ж.Баласағұн «Бидай басы» атағанмен жалпақ қазақ «Үркер» дейді.

«Жеті қарақшы Үркердің қызын ұрлапты» дегендегі Үркер осы. Үркердің «қызы» жеті қарақшының екінші жұлдызының үстінде тұр.

Қазақта «бөлек туып бірге батқан үш жұлдыз» деген тіркес бар. Ол осы Үркер, Таразы, Үш Арқар шоқжұлдыздары. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен мамыр айының жиырма тоғыз, отызы шамасында бір күнде жерге кіріп, қырық күн бойы көрінбейді. Сонан соң Үркер Сарша айында (июль), Таразы тамызда туады. Таразыны Өлкі деудің де қисыны жоқ. Таразы сөзі қазаққа ғасырлар бойы сіңісті ұғым. «Өлкі» деп тағы бір күлкіге ұшырау ретсіз болар. Ал, орыс «Скорпион» дегенді А. Шәріп орыстан дәл ау-

дарып «Шаян» депті. Қазақ қай заманнан бұл шоғырды Үш Арқар атап келген. Осы жұлдыздың соңындағы бір жұлдызды «Көгалдай мергеннің шақпақ тасы» дейді. Ал, онан арғы жалғыз жұлдызды «Сүмбіле» атаған. Ел ішінде «Сүмбіленің суы жүріп пе екен» деген ұғым бар. Ол Қыркүйек айының 23-25 шамасына келеді. Сүмбіленің суы жүрсе көде түбі көк болады, малға от мол болады дескен.

Ендігі шоқ жұлдызды Сұрмерген (Стрелец) депті. Бұл да жасанды. Ел «Садақ» дескен жұлдызды Әл-фараби де «Садақ» деп жазыпты. Аспанға қанша үңілгенмен Петр Первыйдың Стрелецін көре алмаймыз. Керісінше үңіле білгенге аспанда Керулі Садақ тұр. Жасанды атау таққаннан гөрі сол жұлдыздық аспандағы кейпіне де бір үңіліп қараған жөн сияқты.

Орыс «Козерог» деген жұлдызды «Ешкі мүйіз», «Тау теке» деп сан құбылттық. А. Шәріп «Ұғылақ» депті. Сөйтіп, А.Шәріп те ешкі ұғымынан әрі кете алмапты. Көкте «Лақ сүмбіле» деген жұлдыз бар. Лақ сүмбіле туды, лақ пісті, жеуге келеді дейді ел. Ол жұлдыз Үркер мен Таразының арсындағы кішірек жалғыз жұлдыз екенін де білген дұрыс.Мал баққан көшпенді аталарымыз бұл шоғырды «Қамбар» атаған. «Қамбар» жылқының пірі. Бұл шоғыр қараша айының ортасында туады. Осы уаққа дейін жылқының ішіндегі төл көлденең түсуі керек. Кей жылдары осы жұлдыз туа жаңбыр жауып, шөп басына мұздан сырға тағады. Оны жеген жылқының ішіндегі төлі көлденең түспесе, мал іш тастайды. Міне, бұл жұлдыздың «Қамбар» атануы осы себептен. Сонымен бұл жұлдыздың атауы Козерог та, Ешкімүйізде емес, «Қамбар».

Көнек (Водолей) дұрыс атауын тауыпты. Аспанға үңілсеңіз көнектің аузын көресіз. Ал, Балық біздіңше атауы «Үт» екенін жаздық.

Сонымен Зодиак жұлдыздарының тізбесі былай болу керек. Қозы, Тана, Қосақ,Шаян, Арыстан, Үркер, Таразы, Үш Арқар, Садақ, Қамбар, Көнек, Үт.

Мақалада жазғандай «қазіргі қазақ тілін байытатыны-мызды былай қойғанда, біз көне мәдениетті ел болып» көрінеміз деп, жасандылыққа барудың қажеті жоқ. Біз қазақтың өзінде барын өзіне, адасып қалған ендігі ұрпаққа береміз. Біздің көне мәдениетімізді дұшпандар ғана көре ал-

майды. Мақала авторының осындай проблеманы көтерген ізгі ниеті қуантады. Оның мектептерге арналған «Астрономия» оқулығына Зодиак жұлдыздарының қазақша атауларын енгізейік деуі құптарлық ұсыныс.

# ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙДЫҢ ҚАУЫШУЫ

Ғасырлар бойы мал бағып, көшпелі өмір көшкен қазақ халқы туған өлкесі. Ұлы Даланың табиғатының қалт еткен көрінісін байқаусыз жібермеген. Қазақ табиғаттың нағыз төл баласы. Қазақ ай аттарының өзін табиғаттың көрінісіне лайықтап қойса, сол айда қандай жұлдыздардың туып, алмасуын да жіті бақылап, аспан әлемінің шамшырақтарына тағы да көшпелі өмір тұрмысынан туатын ат таққан.

Табиғаттың үнемі назарында ұстаған көшпелі ел жыл он екі айдың қысы мен жазында, күзі мен көктемінде қай айға қай айдың қауышып, табиғат құбылысы сай келетінін де қатты ескерген.

Ел ұғымында Самарқанның көк тасы еритін Наурыз жылдың басы. Бұл көктемгі түнімен күннің теңелу шағы болса, күзгі теңелу тұсы. Қыркүйектің 23 күніне дәл екен. Міне осыны негіздей отырып, ата-бабаларымыз он екі айдың қауышуын былайша кестелеген.

Қыркүйек - Наурыз
Қараша - Сәуір
Қазан - Мамыр
Ақпан - Шілде
Қаңтар - Сарша
Үт - Тамыз

Айлардың бұлайша қауышуы да тегіннен-тегін жасалмаған. Жыл басынан кейін келер сәуір айы қарашамен қауышса, қарашада қошқарға 90 күн бойы тағылған күйек біржола алынып, аналық ұрықтанып, сәуір айында жаппай төлдейді. Міне, осы жағдай қатты ескеріліп, сол айлардың табиғат құбылысындағы ұқсастықтар есептелсе керек.

Қазан айын ертеде ақраб деп те атаған. Қыстың алты айының болжамы Ақраб кірген алғашқы алты күнде шығарылған. Ол үшін жұлдызшы-есепші сол алты күннің әр сағатын қалт жібермей күл ұшырып отырып желдің бағытын,

күшін, бұлттың шығу ерекшелігін күннің суық-жылысын анықтап отырған.

Егер Қыркүйек пен Қараша, Наурыз бен Сәуірдің ауа райын анықтайтын болса шілде (июнь) желтоқсанға дәл келеді. Шілденің ыстығы қыста, қыс шілдесі - сары аяз. Сары аяздың бітуі де Үркердің төбеден аууына дәл келеді. Жаз шілдесі Үркердің жерге кіруімен мамыр айының соңғы күндерінен басталады. Июнь айын маусым деп, келесі айды шілде деу үлкен қателік. Маусым деген сөз «сезон» деген ұғымды беретінін білмеу де ұят.

Табиғат құбылысында Үркердің орны ерекше екенін халық жақсы пайымдаған. «Үркер түсе жер қызады», «Үркер туа сорпа ас болады», «Үркер көтеріле шөп көтеріліп, бидай бас тартады» деген ұғым қалыптасқан. Үркердің табиғаттағы орынын анықтау ерекше зерттеуді қажет етеді. Тіпті Американың көне халқы Ацтектердің жыл басын Үркерден бастауы тегін емес. Үркердің тууына байланысты «Лақ сүмбіле туды, лақ пісті» деген де бар. Лақ сүмбілені кіші сүмбіле деп те атайды. Ол Үркер мен Таразының арасындағы кішірек бір шоқ жұлдыз.

Сарша айы (июль) григориан календары бойынша жыл басы боп тұрған қаңтарға сәйкес келсе, бұл айларда жазда күннің ұзару шегі бітіп, қыста кемуі шегі аяқталады, әрі жазда Үркер туса, қыста Үркер тас төбеден ауып, сары аяз тамамдалады. Тамыз айы Үт (февраль) айына сәйкес деп есептеледі. Үтті-Балық десіп те жүр. Қазақ ұғымында үт осы айда терезеден түсетін күн сәулесі мен сол сәуледе көрі-нетін ақшыл тозаң. «Үт кірді, құт кірді» дейтіні де содан.

Жыл он екі айдың әр айында туатын жұлдыздар да бөлек. Күн жолындағы он екі шоқ жұлдызға да қазақ өз ұғымына тән, көшпелі шаруашылығына байланыстыра ат тапқан екен. Біз Наурызда туатын жұлдызды «тоқты» деп жүргенде Ж.Баласағұни өз кітабында оны қазақ ұғымына тән ерекше сүйкімділікпен «қозы» деп атапты. Осы айда қазақтың назарына айрықша түскен жұлдыз Босаға. Оның аспан әлеміндегі көрінісі мынадай. Маңдайшада біреу, қос босағада екі-екіден тұр. Мәселе мұның тек кигіз үйдің босағасын еске түсіруінде емес. Оның туу-бату шағында. Бұл шоқ жұлдыз күн жолынан сәл төменіректе орналасқан.

«Жаз кірді» деп наурызда туады да «Жаз кетті» деп қарашада батыс көкжиекке барып келер жазға дейін көрінбей кетеді.

Төрт түлікті қастерлеген ел Зеңгі бабаны да ұмытпай сәуір айындағы жұлдыз шоғын Торпақ (біреуі жарық) деп атаған.

Мал баққан қазақ бүгінде орысша «Близнецы» дегеннен тікелей аударып, «Егіздер» деп атаған жұлдызды «Қосақ» деген. Шынында да екі қатар айқаса орналасқан жұлдыздар қойдың қосағын да еске түсіреді.

Қазақ ұғымынан алыс қалған бейшаралығымыздың бір көрінісі «Үркердің» атауы. Орыс оны «Дева» десе, біз оны «Бикеш» деп жүрміз. Әйтеуір «Кәрі қыз» демегенімізге тәуба. Кезінде Әл-фараби Сүнбіл, Баласағұни «Бұғдай башы» атаған жұлдыз шоғына көшпелі ел «Үркер» деп әдемі ат таға білген.

Біз ұлттық өнегемізді, өзіндік дүниетанымымызды қалпына келтіріп, қазақ деген халықты өзінің асқақ ой-мен XXI ғасыр табалдырығынан әрі еткізгіміз келсе, әр құбылысқа, затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіре білуіміз қажет. Аты адасып жүрген бір жұлдыз шоғы «Үш Арқар». Оны басы ауырмаған, ұлтқа жаны ашымаған «Сары Шаян» деп бұрмалап жүр. Араб «Ақыраб» деп орыс «Скорпион» дегені үшін қазақ атауын бұра салғанымыз ұлттық намысқа тие ме, ал сол «Үш Арқарды» қозысының соңына түскен бір жарықтау жұлдызды ел «Мергеннің шақпағы» дейтінін білеміз бе.

Қарашада туатын жұлдыз шоғын «мерген» дейміз. Онымыз орыстың «Стрелеці» Әйтеуір Петр Первыйдың стрелеці бар еді-ау деп жармасамыз-ай кеп. Бұл жұлдыз шоғын Әлфараби «Қауыс» (садақ) деп ашық көрсеткен.

Иіліп, жебесін тартып тұрған жоқ па. Ал, ел болса аспаннан жата қалып, мылтығын көздеген «стрелецті» іздеп әуре.Желтоқсанда түн жарымда шығыс тұста анық көрінетін жұлдыз шоғының да атауы мал баққан елге жат. Оны бар газетіміз орысшасын «Козерог» деп, қазақшасын «Ешкімүйіз», «Тауешкі» деп жатыр. Қазақ бұл жұлдыз шоғын «Қамбар» дейтін еді. Бұлай атау қазақ малының қасиеттісі жылқыға, оның пірі Қамбар атаға негізделген. Осы айда Ұлы Далада жылқы тебінге түседі. Осының алдында бола-

тын мұздақтан бұрын жылқы малының ішіндегі төл көлденең түсуге тиіс. Болмаса алғашқы мұздақты жұтқан мал іш тастайды деп түйіндейді табиғат пен мал сырын көкірегіне түйген үлкендер..

Қаңтар жұлдызын «Су құюшы», «Су құйғыш» (орысшасы Водолейін дегеніміз де қазақ ұғымына қонымсыз. Бірде су құюшы кісіні іздеп, бірде қол жуғышты іздеп әлекпіз. Ж.Баласағұни өз кітабында бұл жұлдыз шоғын «Көнек» деген екен. Осы атаудан даланың исі аңқып тұрған жоқ па. Қатемізді неге түземеске деген ой келеді. Төрт түлік малының үшеуіне шоқ жұлдыздың атын берген қазақ «Ойсыл қараны» қалай ұмытты деген ой келеді. Мүмкін оны ұмытып, не адасып жүрген біз шығармыз.

Жаздың шығуын асыға күткен көшпелі ел қыстың ұзын қысқа болуына да жорамал жасаған. Жылма-жыл әр айда айдың тууы да әр күнге келе береді. Қыс түсе жаңа айдың туу мен жұлдыздың арасы (күн санауымызбен алшақ болса, қыс созылады деп түйіндейді екен.

Көңілді мазалар жүрген ойды «қағазға түсірдік», Әлфараби бабамыз айтқандай қатесі болса кешіріп, оң сөзін айтқанға ризамыз.

# ЖҰЛДЫЗДЫ ӘЛЕМНІҢ ҚАЗАҚЫ ҰҒЫМЫ

Қазақ баспасөздеріндегі жұлдызды әлем атауларының ғасырлар бойы қалыптасқан қазақы ұғымнан аулақ жатқанын айтпасқа лаж жоқ. Мәселе біреуді қаралауда емес, алған тәрбиеміздің, көзі ашқаннан бері санамызға сіңірілген ұғымның, Батыстың алдында орынсыз бас шұлғуымыздың әсерінен туған жағдайдың салдарында болып отыр. Бүгінде біз «ләббәйлап» әр сөзін бағып-қағып отырған батыс жұртының ғарыш туралы түсінігі Шығыс ілімінің арқасында туындағанын білсек те білмегендейміз.

Көшпелі жұрттың ғарыш туралы ілімге қосқан үлесі де ерекше.Көшпелі мал баққан тұрмыс әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдызға байланысты ауа райының құбылуына айрықша мән беріп, аспан шырақтарына көшпелі ел өміріне байланысты ат таққан. Міне, осыны ескерместен орысша календардан жұлдыз атауларын қазақша шала-пұла аудара салып, жосылтып жатқанымызға «жөн екен» деп айта алмай отырмыз. Мәселе, ұлттық өнегемізді, өзіндік дүние танымымызды қалпына келтіріп, қазақ деген халықты өзіндік асқақ түсінігімен XXI ғасыр табалдырығынан әрі өткізіп, әрі құбылысқа, затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіруде болып отыр.

Күн жолындағы он екі шоқ жұлдызға да қазақ өз ұғымына тән, көшпелі шаруашылыққа байланыстыра ат таққан екен. Қазақша газеттер наурызда туатын жұлдызды «тоқты»деп жүрсе, Ж.Баласағұни өз кітабында оны қазақ ұғымына тән ерекше сүйкімділікпен қозы деп атапты. (Қазақ тоқтымай демейді, қозым-ай дейді). Осы айда қазақтың назарына айрықша түскен жұлдыз Босаға. Бұл жұлдыз шоғының осылай аталуы маңдайына жалғыз, қос босағада да екі-екіден тұрған бұл шоқ жұлдыздың кигізүй босағасын еске түсіруінде емес,оның туу бату шағының жыл маусымына дәл келуінде. Босаға жұлдызы жаз шыға «жаз кірді» деп туады да, қарашада «жаз кетті» деп батыс көкжиекке барып келер жазға дейін көрінбей кетеді. Төрт түлік малды қастерлеген

көшпелі ел зеңгі бабаны да ұмытпай сәуір айындағы жұлдыз шоғын торпақ деп атапты.

Орыс календары келесі бір шоқ жұлдызды «Близнецы» дейді. Оны біз тікелей аударып «Егіздер» деп жүрміз. Кейде мұны « Босаға» деп шатастыру да кездесіп қалады. Қосақтап қой сауған қазақ бұл жұлдыз шоғын «Қосақ» деп атаған. Шынында да екі қатар айқаса орналасқан бұл жұлдыздар қой қосағын еске түсіреді. Соның жанындағы ромбынын еске түсіретін шоқ жұлдызды қойлы елдің «қотан,шетен» дегенін біз бүгін біле қояр ма екенбіз.

Қазақ ұғымынан алыс қалған бейшаралығымыздың бір көрінісі «үркердің» атауы. Орыс оны «Дева» десе, біз «Бикеш» деп аударып жүрміз. Әйтеуір «Кәріқыз» демегенімізге тәуба. Кезінде Ж.Баласағұни «Бұғдайбашы» атаған жұлдыз шоғына көшпелі ел «Үркер» деп әдемі ат таға білген.

Табиғат құбылысында Үркердің орыны ерекше екенін халық жақсы пайымдаған. Құралайдың салқыны біткен соң бір жетіден кейін Үркер жерге кіреді де 40 күн көрінбей тұрады. Бұл шамамен 29-30 мамыр кезінде дәл тұс. Үркер жерге кіре 40 күн шілде басталады. Шілде айы осы. Біз бұл айға маусым деп өтірік ат тағып жүрміз. Халық арасында «Үркер түсе жер қызады», «Үркер туа сорпа ас болады», «Үркер көтеріле шөп көтеріледі, бидай бас тартады» деген ұғым бар. Шілденің ыстығы жазда Үркердің жерге түсуімен басгалса, қыс шілдесі сары аяздың бітуі Үркердің төбеден аууына дәл келеді. Үркердің табиғаттағы орынын анықтау ерекше зерттеуді қажет етеді. Тіпті Американың көне халқы Ацтектердің жыл басын Үркер тууынан бастауы тегін емес. Үркердің тууына байланысты «Лақ сүмбіле туды, лақ пісті» деген ұғым бар. Лақ сүмбілені кіші сүмбіле деп те атайды. Ол Үркер мен таразының арасындағы кішірек бір жұлдыз.

Аты адасып жүрген бір жұлдыз шоғы «Үш арқар». Оны қазақ тілді бір газетіміз «Сары шаян» деп бұрмалап жүр. «Қосақ» пен «Үркердің» арасында бір «шаян» бар еді. Қазақ бір әлемге екі атау бермеген халық. Араб «Ақраб» деп, орыс «Скорпион» дегені үшін қазақтың «Үш арқар» атауын бұра салғанымыз ұлттық намысқа тимей ме. Ал сол «Үш арқардың» қозысының соңына түскен бір жарық жұлдызды ел «мергеннің шақпағы» дейтінін білсек болар еді.

Қазақ ұғымындағы қазан айындағы негізгі жұлдыз сүмбіле. «Сүмбіле туа су суыр» дейді ел. «Сүмбіленің суы жүрді мек екен» деп сұрайды мал баққан қазақ. Сүмбіленің суы жүрген жер қыста жылқы малын тебінге салуға қолайлы деп есептелген.

Қарашада туған жұлдыз шоғын орыс «Стрелец» десе, Петр Первыйдың срелеці есімізден қалмайтынын біз бейбақ «Мерген» деп жармасып жүрміз. Бұл жұлдыз шоғын Әл- фараби бабамыз «Қауыс» (Садақ) деп ашық көрсеткен. Жұлдыз шоғы садақша иіліп, жебесін тартып ақ тұр. Ал, біз болсақ жата қалып аспаннан мылтығын көздеген «стерелецті» іздеп әуреміз.

Желтоқсанда түн жарымда шығыс тұстан көрінетін жұлдыз шоғының да атауы мал баққан елге жат. Оны бар газетіміз орысша «Козерогтан» қазақшалап «Ешкімүйіз», «Тауешкі» деп ақ жатыр. Ешкіні «кебенек» деп қарғайтын қазақ кебенегіне шоқ жұлдызды қия қойды ма екен. Әрі соның сол атауы мал баққан қазақтың тұрмыс-тіршілігіне, ауа райына дұрыс келді ме екен деген ойдың ешкімнің санасына кірмегеніне қынжыласың.

Қазақ бұл жұлдыз шоғын «Қамбар» деп атаған. Бұлай атау қазақ малының қасиеттісі жылқыға, оның пірі Қамбар атаға негізделген. Осы айда ұлы далада жылқы тебінге түседі. Осының алдында болатын мұздақтан бұрын жылқы малының ішіндегі төл көлденең түсуі тиіс. Болмаса алғашқы мұздақты жұтқан мал іш тастайды деп түйіндейді табиғат пен мал сырын көкірегіне түйген үлкендер.

Қаңтар жұлдызын «Су құюшы», «Су құйғыш» (орыс-шасы Водолейін дегеніміз де қазақ ұғымына қонымсыз. Білмеген жұрт қара көктен су құюшы кісіні, не қол жуғышты іздегендей жағдай. Ж.Баласағұни өз кітабында бұл шоқ жұлдызды «Көнек» деп дала тұрмысына дәл атаған екен. Аттың тағасындай киілген шоқ жұлдыз көн шелектің «көнектің» аузын еске түсіріп ақ тұрған жоқ па. Даланың иісі аңқыған осы атау бізге неге жат болған. Қатемізді неге түземеске деген ой келеді.

Келесі айда Үт жұлдызы туады екен. Европа оны «Балықтар» деседі. Біздің кей білгіштер үт парсының «хұды» деседі. Дей берсін. Ол қазақтық ақ «үті». Осы айда жабықтан,

түңліктен, терезеден түсетін сәуледе бозамық ұшқын ұшып жүреді. Ақты «сүт» дейтін біздің халық сәуледегі ақ ұшқынды «Үт» дейді. «Балықтар» деп атап жүрген жұлдыз тізбегі де осы «үттің еске түсіргендей.

Қасиетті халқымыздың рухы биік ата-бабаларының әруағы үшін көңілді мазалаған ойды қағазға түсірдік. Солар қалыптастырған ұғымды ұрпақ санасында сіңіре алсақ бізде арман жоқ. Жұлдызды әлемге көп қараймын. Сырлы әлемнің сан түрлі атаулары мен құпиясынан қапылыста айырылып қалғанымызға өкінемін.

# ЖҰЛДЫЗДАР ҚАЗАҚЫ ТАНЫМНАН НЕГЕ АЛЫС ЖАТЫР?

Құпия сырға толы аспан тұңғиығына үмітпен де, қауіппен де қарамаған адам болмаған шығар. Сол аспан әлеміне ерекше үңіле білген, тіршілігін сонымен байланыстырған халық - мыңғырған мал өсірген көшпелі ел. Қыстаудағы қойдың күзеті-ит-құстан амандау үшін түні бойы жылқы баққан азамат ғасырлар бойы өзінің аспан әлемі туралы танымын жырдай қылып келесі буынға жеткізіп отырған. Бір ғана Жетіқарақшы туралы аңыз, олардың Үркердің қызын ұрлап алып, енді Темірқазыққа арқандалған ақ боз ат пен көк боз атты жымқырып кету үшін аңдуы, таң атып қалып, аттарды қолға түсіре алмауы туралы әдемі ертегісі кімді ұйытпаған. Мұндай тамаша аңыз қазақтан басқа еш халықта жоқ. Осы жерде тағы бір айта кетерлік жай егер Жетіқарақшы арқандаулы екі атгы «екі жұлдызды» ұрласа ақыр заман болады деп түсінеді халық. Бұл да бір болашақты меңзеген терең түсінік болса керек.

Әттең, осындай аспан әлемі туралы ғажайып түсінік, таным тудырған халықтың дүниетанымына аяусыз балта шауып жатырмыз. Жұлдыздардың қазақы атауы жөнінен қанша жазсақ та бір жағына қисайып алған неше түрлі га-зетте істейтіндер (оларды журналист деуге ауыз бармайды). Үркерді орыстың Девасынан аударып Бикеш деуден бір танбайды. Бүлінген жалғыз бұл атау емес. Оу, бұларың қалай, біз тэуелсіз ел емес пе едік, жастардың санасын неге бүлдіріп жатырсыңдар дейтін, «әй дер әже жоқтай».

Қолымызға түскен мектепте оқылатын Астрономия пәнінде берілген аспан әлемінің картасы осы уайымымызды күшейте түскен. Иісі қазақтың құлағына әбден сіңімді болған Жетіқарақшыдан басқасын әбден былықтырып бағыпты. Темірқазыққа байланған кіші қарақшыны орыстар Малая

Медведица деуші еді, біз «озық» жұрттан қалмайық десе керек оны Кіші аю деп-ақ жіберіпті. Дәл төбеде, осы Қарақшы жұлдыздарын маңайлай орналасқан, қазақ Қара құрт деп атаған жұлдызды батыс Кассиопея десе, батыс елінің Лира шоғын қазақ Өрмекші деп атаушы еді. Жұлдыздар картасын жасағанда өздері білмесе, ең болмаса кім бар еді ау деп сұрау салмағаны ғой. Ендігінің ғалымының ісі осылай болар ма. Абылай хан қарғыстың жаманы «өзің білме,білгеннің тілін алма» деген екен.

Қазақ бір шоғыр жұлдызды «Үш арқар» деп атайды, оның соңына ерген жалғыз жұлдыз Сүмбіле деп бар газетке біз тіліміз жауыр болғанша жазып келеміз. Сөйтсек те кей газеттегілер Үш арқарды орыстың Скорпионынан алып Сары Шаян деуден бір танбайды. Ал, бұл жолы Үш арқар мен Таразы бір ақ жұлдыз деп көрсеткені аспанға қарап өскен ауыл қазағының езуін жыйдырмас күлкі ғой.

Зодиактың он екі ай жұлдызының қазақы танымға сай атаулары осы оқушыларға арналған аспан әлемінің картасында орысшадан, әлгі «сенің арқаңда күн көріп жүрмін - на твоем спине солнце вижу» деп орысшалағандай орысшадан қазақшаға аудара салғанмен жүр. Су құюшыны қазақ Көнек, Мергенді (Стрелец) Садақ, Ешкімүйізді (Козерог) Қамбар, Бикеш «Дева) Үркер, Егіздерді (Блезницы) Қосақ деп атайтынын, олардың солай аталуының табиғат құбылысына аса байланысты екенін сан жаздық. Сонда да осы біздің газеттегілердің, онан соң мына жұлдыздар картасын жасағандарды қырсық жанағандай қазақтың дүниетанымынан безе қашады. Ал, сонда қазақ баласын қазақ етуді біз көздейміз бе, мақсат тұтамыз ба деген сауал еріксіз туады. Қазақ Республикасының оқу министрлігі, ондағы мүйізі қарағайдай білікті мамандар, ғалымдар ай қарап жүр ме екен. Әлде жыл сайын министр айырбасталып, бәрі соның әбігермен пұшайман ба?

Осы жұлдыздар картасынан жаз бен қыстың ара жігін ашқандай болып көрініс беретін Босаға жұлдызын таппадық. Сол сияқты Қосақтың (жұлдыз аты Қой қосақтайтын Қо-

сақтан шыққан) маңындағы ромбикті еске түсіргендей қазақ Шетен (қой қамайтын орын) атаған жүлдыздар шоғы да ілікпей қалған. Картада тағы бір жұлдыздар шоғырын Вероника шашы деп атап ақ жіберіпті. Мен білетін қазақ оны Құлын жал деп атайтын тәрізді еді.

Біз ұрпақты қазақ рухында тәрбиелегіміз келсе мұның бәрін ұсақ-түйек деп қарамай, жеткіншек санасын бөтен ұғыммен уламай, қазақы дүниетанымды көкірегіне қондыра білгеніміз жөн.

# АРҒЫ ДА, БЕРГІ ҰЛЫ ЖҰРТ!

Өмір үмітке толы. Соңғы біраз жылдан бері әлемге деген қазақы танымды білейік, мақрұм қалған жұртымызға қайта ұсынайық деген ұмтылыстын көбейе түсуі қуантады. Көшпенділердің әлемге деген өзіндік ерекше танымы болғаны аян. Ол болмаса көшпенді ұлы халық Еділ патшаның заманында европаны тізе бүктіріп, онан да арғы заманда Чукот-Аляскадан өтіп, Америка деп аталатын құрлыққа ие болып қалмас еді. Бұл қыр-сыры мол, арғы да-бергі жұрттың ұлы құбылысы.

Сондай бір қуантарлық мақала «Қазақ күнтізбесі немесе шатастырылған ай аттары» деген материал. Иә, біраз жайды қамтыпты. Авторы Сағатбек Мұғалімжанның қа-зақы ай атауларын өз орындарына тура қойып жүрміз бе деп үлкен проблемалық мәселені көтеруі өте орынды. Кешегі орыс империясының бодауында жүріп, елден осы дұрыспа-бұрыспа деп сұрай да салмай, мысықтың көзін ашпаған баласындай сипалап жүріп қоя салған ай атаулары әлі сол қалпында сіресіп тұр. Мен, өз басым, әлем тану жөнінде қазақы пікір айта алмаған ғалымдарды айыптаудан аулақпын.Қазақы пікір айтқанның қандай «айыптауға» ұшырағаны белгілі. Сөйтіп қазақы ай жөргегінде тұн-шық-тырылды. Отырса басқа, тұрса аяққа ұрған ауыл ақса-қалдары жұлдыз бен айдың атын атап ұрпаққа үйретпек түгілі «пәледен машайық қашыптының» керінде жүрді. Сол жағдайдың сан куәгері болдық.

Сағатбектің июль айын шілде деп жүргеніміз жаңылыс деуі әбден дұрыс. Сол сияқты желтоқсанды ақпан деп атауы да көңілге қонымды. Июнь айын маусым деп атау өрескелдік екенін де білдіріпті. Маусым-маусымдық (сезондық) жұмыстар деген ұғым емес пе. Оны бір айдың атына таға салу танымның төмендігінің көрінісі. Ол айдың қазақы атауы туралы төменіректе тоқталармыз. Шілде де ай аты ретінде (июль) жаңылыс енгізілген дейді Сағатбек. Иә, июль-шілде емесі анық. Июльде қырық күн шілде бітеді.

Дегенімен де,осы материалда кеткен біраз қателіктер мен олқылықтарға тоқтала кетпесек қазақы танымды қалып-тастырылған көшпенді бабалар алдында кінәлі боларымыз анық. Ондай күнәні арқалауға болмас.

Мақала авторы жаңа жылды наурыздың 22 күнінен ба-стаймын деп жұлдызды әлемнің бар құбылысын әр айдың 21-22-не келтіріп, зорлап тықпалағандай еткен. Пенденің тілегі барда, әлемнің күшке көнбес заңды табиғи құбылысы бар. Наурыз жыл басы,біз де соны мойындаушының бірі-міз. Бірақ сүйретіп қосқан тазы түлкі алмас деген халық даналығын да естен шығармайық.

Наурыз халықтың асыға күткен ұлы қонағы. Асыға күт-кен қонақтың келедісі бар, келе жатыры бар. Қазақ На-урыз айын Наурыз күнінен бұрын осы күнгі жыл санаудың 15 мартынан бастай берген. 14-нен 15-не қараған күні қой құ-малағы қарға батып кетсе жықсылыққа санап, ырым ет-кен. Сол 15-і күні халық қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы ту-ды деп есептейді. Шынында да жұлдыз ауысады. Соның ертеңіне яғни, осы күнгінің 16 мартынан «Бес қонақ» бас-талған. Міне Наурыздың келедісі мен келе жатыры осы. «Бес қонақ» бес күнге созыған ауа райының құбылысы. Ол бір күн боран, бір күн сырғыма, қатты жел болып бес күнге созыла-ды да ай 20-і күні бітеді. Ертеңіне «Самарқанның көк тасы еріген» Наурызды Наурыз көк деген құс ала келген. Сөйтіп, Наурыз бір күннің ғана атауы емес, толық ай екенін айта кет-кен жөн. Қазақы күнтізбеде әрсайын осы күнгі григорианша санаудың 14-15-нен басталатынын білген дұрыс.

Сағатбек «Тоғыс есебіндегі қазақы күнтізбе» (кален-дарь) болған деген пікір айтқан екен. Сәл жаңылыстау кет-кен тұстарына амал жоқдоқ таламыз. Көне заман жұлдызшы-есепшілерінен бүгінгі бізге там-тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі осы тоғыс.

XX ғасырда ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазына түбірімен құрып кетті. Аштықтан тірі қалғандар белсенділердің қитұрқысынан шошынып, білгенін ұмытуға, ұрпаққа естіртпеуге тырысты. Бір тайпа елдің ақсақалынан тоғыс есебін сұрағанда «қарағым, есте не қалды дейсің» деп мұңайғанының куәсі болдық. Сонда да сол есептің жұрнағына іліктік. Ай мен Үркердің қиылысып өтуін көш-пелі

жұрт тоғыс атаған. Жаңа ай мен Үркердің біртіндеп жылжып жақындасып тоғысуы әр айда әрқилы күндерде өткен. Тоғысу қаңтарда жаңа айдың тоғызында (9 тоғыс Үт айында 7 тоғыс (жеті жаңасы), Наурызда 5 тоғыс, Сәуірде 3 тоғыс, Мамырда 1 тоғыс (бұл мамырдың 17 күніне шамалас), Шілдеде 23 тоғыс, Саршада 21, тамызда 19, Қыр-қүйекте 17 тоғыс келе берген. Көшпенділер тоғысты күн-тізбе емес, ауа райын болжау үшін қатты пайдаланған. Әсіресе бұл қыс айлары үшін аса керекті болған 9 тоғыс, 7 тоғыс деп ерекше ескеріл отырса, жазда 23 тоғыс, 21 тоғыс деп атап та жатпағанын білген жоқ. Осы жерде ерекше атап өткен жағдай 1 тоғыс мамыр айына келуі. Есепшілердің бір жүйесі жаңа жыл есебін осы бір тоғыстан есептеуге бейім болған. Сөйтіп, мамырды қарашамен, сәуірді қазанмен, наурызды қыркүйекпен, үтті тамызбен қауыштырған. Тоғыс есебі, негізі ауа райын болжау есебі болғанын айта кеткенді жөн көрдік. Сағытбек дұрыс айтады «Сәуір болмай тәуір болмайды». Ұлы Абай «Сәуірде көтерілер рахмет туы» деп аса ризадық білдірген ай осы сәуір. Оны көкекпен шатастырып қайтеміз. Алтай мен Еділдің арасындағы ұлы далада бұл уақытта көкек шақырмайды. Ол, әзірше келе қойған жоқ. Жоққа жүйрік жетпейді. Және де Сәуірдің осы күнгі жыл санауындағы апрельдің 14-нен басталатынын мойындаған абзал. Мартта жаз жұлдызы туса, сәуірдің осы күнінде осы жаз бұлты шығып, бөлек-бөлек отау боп көк жүзін кезеді. Үш күннен кейін даланың адал құстары қаз-үйрек т.б. жұмыртқа салады. Көкектің шақыратын айы -негізінен мамыр. Автордың мамыр атауын өзін-өзі өлтірген қыздың атына байланыстырылуы (қазақ ондай сұмдықты құрметтемеген ел), Шәкәрімнің Қалқаман-Мамырындағы Мамырдың есіміне орайластырылуына ыңғайсыздау. Шәкәрім қажының Мамыры кешегі күн ғой,ал қазақтың ай атауы көне дәуірде жатыр.

Әр айдың басын 22 күніне тықпалаудың салдарынан май мен июньнің қамтитын ай сарыатан-зауза болып шыға келіпті. Тағы да айтамыз, көшпенділер атауларын ертекке байланыстырмаған (орыста ғана ойдан шығарған Ильин день, Петров день, Рождество бар), керісінше қазақ ай атауын табиғатпен тікелей орайластырған. Көшпенді елде Шілде деген ай бар. Қырық күн шілде дегенді Сағатбек те айтады.,

Үркердің сол шамада көрінбейтіні де еске алады. Әттең сол 40 күннің Үркерімен тікелей байланысмын аша алмаған.Тағы да шілде аптабының аяқталуын 22 санына в зорлап апару бар. Үркердің жылдың қай мезгілі, қай күнінде « жататынын» айтпасақ тағы бір ертек болады.

Қырық күн шілде Үркердің жерге түсуінен басталады.Бұл осы күнгі жыл санаудағы Мамыр айының 30-ы күніне дәл келеді. Арада 4-5 күн өтеді. Бұл күндерді көшпенділер Үркер ұясына орнықты деп санаған. Сонан кейін Шілденің ыстығы басталады. Бұл айды ел Шілде айы деп аталады.Осы күнгі күнтізбедегі Маусым атауы түбірімен қате. Үркердің бату кезеңінде «Үркер шалшыққа батса (яғни жаңбырлы болса) жаз жаңбырлы болады» деген болжау бар. Шілденің ыстығы келесі айдың 15-16-сы шамасында Үркердің қайта тууымен бітеді.

Көшпенділер ауа райының құбылысына Үркердің әсе-рі барын қатты бақылаған. Үркердің шалшыққа батуы, Үркердің толғағы (қайта туғанда), қыста осы күнгі январь айындағы Сары аяз (қыс шілдесі).

Үркердің аууы (3-5 февраль. Бұл күнде ауа райы өзгереді) Үркердің жамбасқа түсуі (7-8 марттағы жылымық), бәрі назардан тыс қалмаған. Тоғыс есебі де Үркермен жүр-гізілгенін еске алайық. Біздің туысқандарымыз Америка ацтектері жыл басын Үркердің жазда қайта тууынан бастауы да тегін емес. Мақала авторы Саратан-Зауза деген қателікке ұрынып, келесі айды «Отамалы» дейді де, ар жағында Сарша-Тамыз деген қазақы ұғымдар қоса тіркейді. Әуелі, осы Отамалы деген қазақы, ұғынықты сөзге тоқталайық. От, яғни малдың отауы, оның амалы жаздың ортасында, қиындықсыз кезде тумайды. Наурыз күні өткеннен кейінгі аптанын соңында Құс қанаты деген жапалақтап қар жауған амал өтеді. Ұлы далада қырқаның жотасы қарайғанмен, айналаны жапқан қар сіресіп жатыр. Осы күнгі жыл санаудағы сәуірдің 4-5 соңғы бораны өтеді, сонан соң қар күрт жібіп сала береді де малдың өрісі кеңейеді. Көшпелі ел тап осы соңғы боранды Отамалы деп атаған. Мұны жаздың ортасындағы бір айғы апару үлкен қателік. Сарша, Тамыз осы күнгі жыл санаудағы июль, август айларына келеді. Сарша сөзі исі казаққа түсінікті. Жаз ортасы ауып, жасыл желекті айна-

ла сарғыш реңге ене бастайды. Тамыз сөзін үнді-парсыдан іздеудің қажеті шамалы, бұл айда жеміс-жидек, қарақат-бүлдірген тамылжып, мөлдіреп піседі. Тамыз сөзінің түбірі - тамылжу. Үнді мен гректің (сириус, сотиус) Сүмбілені қалай атағанында жұмысымыз жоқ. (Біз қазақы танымды іздеп отырмыз), мәселен бұл айда Сүмбіленің тумайтынында. Көшпенділер «Таразы туа таң суыр» дейді. Бұл айда туар жұлдыз Таразы. Үш бұрышты шоқ жұлдызды жоғарыдағы жұлдызынан іліп қойған тәрізді, кешке бір басы төмен түсіп тұрса, түн ауа екінші басы басып тұрады. Таразыдан соң айға жуық уақытта Үш Арқар көрінсе, Сүмбіле қыркүйектің 21-23-і аралығында туатын жалғыз жұлдыз. 23 қыркүйекте күн мен түннің теңелуінде ұмытпайық. Мал баққан көшпенді ел «Сүмбіленің суы жүріп пе?» деп сұраған. Сол күндері жаңбыр болып өткен жердің көдесінің түбі көк болады деп, қыста жылқыны сол жерге тебінге салған.

Бұл жерде айта кететін бір мәселе, аспан әлемі туралы жазуды ниет еткен талапкердің қай-қайсы болмасын көгілдір көктің қай жұлдызынан кейін қайсы, қай мезгілде туатынын анық білген жөн. Өзіміз шала біліп, онсыз да аспанға үңілуден гөрі картаға қарауға машықтанған жұртты шатыстыруға болмас.

Таразыдан соң туар ай Қыркүйек. Ұлы даланың қыр жағында өмір сүретін халықтың мал шаруашылығы байланысты, қырда салынатын күйекке орай ай аты да қойылған. Қойынан төл алуды көздеген, талай ғасыр осы даланы мекен еткен халық 22 февраль мен 22 март арасында малынан төл алуды ойластырмаған. (Егер сыр бойы болса сөз жоқ). Қырда бұл уақытта атақты сан боран бар. Малына қора салмай, ықтырмада ғана ұстап, сан мыңға ие болған бай жетерлік. Арқаның Тағылы-Бұғылы сияқты қысы қатты өңірінде ғұмыр кешкен бір ғана Ботбай байда 20 мыңнан аса қой болған.

Февраль түгілі марттың 20-нан кейін, Отамалына дейін ықтырмада қоздаған қойдан ешкім төл ала алмас еді. Қошқарға күйекті түннің сууына байланысты байлаған. Түн суи қой қашатын шақ болады. Жобаға «Таразы туа таң суыр» деген август айының орта тұсы алынып, қошқарға күйек байланған. Күйек қарашада алынған. Міне осы шамада ұрықтанған қой апрель (сәуір)-дің орта тұсында жапаай

төлдей бастайды.

Шаруашылықтың жиын-терін айын ел Қазан қойса, Сары күз, Қоңыр күзден соңғы айды Қараша атаған екен. Қарашадан қараған түбінде қар қалса, тоқшылық қыс болады деп болжам жасаған. Қазан айының Ақырап деп те атаған. Ақыраптың алты күнінде (15 пен 25 арасы) қыстың алты айын болжаған ерекше ырым да бар. Қарашаның 17-18 қарашаның амалы бар. Ол кейде боранды, кейде жаңбырлы өтеді. Қарашаның амалы өте халық «Бүрме» салған. «Бүрме» деп сойылған қойды жіліктеп,өз терісіне орап тастауды айтқан. Шаруашылық әліне қарай 20-дан 50-60 дейін бүрме жасалған. Бүрме бас тартылуы қажетті қонақ келген сайын ашылып отырған. Қараша айының соңында Қамбар жұлдызы туады. Орыстар Козерог атап жүрген бұл жұлдыз шоғын біздің білгіштер Ешкі мүйіз атап жүр. Өткенде теледидарда «Алтын сақаны» жүргізуші Санжар Керімбай «Қамбар» дегенді атап қалды. Тек соның Ешкімүйіз атанып жүргенін біле ме екен.

Ақпан атақты Теке бұрқыл боранымен, Қаңтар қыс шілдесі, Сары аязымен белгілі . Онан кейінгі ай Үт. Әзірге біз оны ақпан деп шатасып жүрміз. Үт сөзін парсының «Худ» сөзінен іздеушілер де бар. Бұл енді, қазақы танымнан айырылып, қалғанымыздың көрінісі. Осы айда күн жарығы молайып, терезеден түскен ақ сәуледе тозаң тәрізді ақ ұшқын ұшып жүргендей көрінеді. Осы ақ сәулені қазақ «үт» деп атаған. «Үт кірді, құт кірді» деп жұрттың ірі қарасы төлдеп, елдің ауызы аққа да жарай бастаған. Ұлы даланы мекен еткен әр аймақта әр айда болып өткен уақиғаға байланысты, сол айға қосымша ат таға салуы болған. Ақпан-Тоқпан әңгімесі соның бірі ғана деп қарастырған жөн болар. Бұл айдағы бар қазаққа белгілі қыс амалы февралдің 17-23 арасында өтетін «Бөрі сырғақ» бораны. Осы боранда даланың көкжалдары жұптасып 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін туады.

Өз атауын таппай жүрген тек ай мен жұлдыз атаулары емес, жыл атауларында да кездеседі. Мешін - деген жылды қазір маймылға апарып жүр. Біздің жас кезімізде көне көз қариялар «Мешін» адамның азғыны, кісі киік деп атаушы еді. Бүгінгі тілмен айтқанда бұл «Қар адамы» Сол сияқты «доңыз» жылын жылды арамға бұйырмай «Қара киік» деп

атаған. Осылай атасақ жастардың көңіліне адалдықтың сәулесін себе түспес пе едік.

Бекболат Тілеуханов теледидардан жүргізген «ай, жұлдыздың атаулары» туралы хабар да, ақын-жазушы деген біраз адамның дәл тауып, дәлелді сөз айта алмағаның куәгер-көрермені болдық. Қанша сүйресе де Бекболат діттегеніне жете алмады.

Жұрттың білгісі келеді, кешегі ұлы көшпенділердің бүгінгі ұрпағы нақты тоқтамға келгісі бар. Бірақ осыған тұжырым жасар бір билікті орын көрінбейді. Тоқтам сөз айта алмадыңдар деп ғалымдарды сөгуден аулақпыз. Дегенмен осы мәселелер жөнінде пікір айтып жүрген, айтамыз деген ойы бар қазақты жинап, басымызды қосып, тұжырым сез айтар уақыт жеткен сияқты.

Біз мемлекеттің идеологиясы жоқ дейміз. Мемлекеттік идеология халықтың ұлттық танымынан шығады. Ұлттық таным халықтың көкірегін ашады, ұрпақтың өз ұлтына деген мақтаныш сезімін арттырады. Ұлттық намыстан елін қорғайтын ерлер туындайды. Осы жағы бізде әлі жетпей жатыр.

Ұлттық танымның жоқтығынан, оны білгісі келмейтін, не осы туралы жазған газеттегі ой-пікірдегі шала оқитын (не мүлде оқымайтын) әйтпесе орысша танымға мүдделі болып отырған қазақ газеттерінің аты қазақ журналистері Үркерді - Бикеш, Үш арқарды - Саршаян, Қамбарды - Ешкімүйіз деп әлі жазып жатыр. Біз осы Тәуелсіздіктің нешінші жылында өмір сүріп отырмыз.

# ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙЫ

Қазақша календарымыздағы ай аттары күні бүгін сәл-пәл елінің тарихына көңіл бөлген азаматтар арасында пікір талас туғызып келеді. Әркім өзінше білгенін ортаға салғанның сөкеттігі жоқ, айыптаудан аулақпыз.

1954 жылғы орысша-қазақша сөздікте профессор Н.Сауранбаев декабрді - ақпан, январьды - қаңтар депті. Міне, бұл жұрт құлағына кіретін сөз.

Қазақ календарын зерттеушілер арасынан Н.А. Куфтин мен Шоқан Уәлихановты ерекше атауға болады. Бұл мәселені Радлов та қарастырған. Міне бұл зерттеушілер тізбелерінде ай аттарының әр түрлілігі және айлардың ретті орналасуы әртүрлі екені көзге түседі. Куфтинде отамалы ай аты тіпті жоқ, ал Шоқан ол айды мартқа тақса, Радлов май айында әкелген. Зерттеушілердің бірінде ай атының болып, бірінде болмауының өзі біздің ұланғайыр даламызда халқымыздың ай аттарын әртүрлі атай бергендігін күн райының амалына қарай айлардың орысша атауларының болғандығының дәлелі. Қазақ есептеушілері бұл аттардың бәрін де білген. Біздіңше отамалы айы Наурыздан кейінгі екінші ай. Ай атының өзі айтып тұрғандай от яғни, шығар көктің амалы. Тоңы жаңа жібіп жатқан далада көктің шыға қоюы да оңай іс емес, осы -айдағы қарасуықта қысып көктің қаулап кетуіне жібермей тұрады.

Сол сияқты қыркүйек айы да зерттеушілер еңбектерінде әртүрлі орын алып жүр. Куфтин мен М. Искаков сентябрь айы десе, В.Родлов октябрь айына балайды. Бұл өзі қыркүйегі, яғни қырда (Арқа жерінде) күйек алу, күйек байлау туралы болып отырған ұғым.

Балқаш көлінің оңтүстік жағасындағы азғантай ғана жер болмаса Алтайдан Еділге дейін созылған ұлы даланың ауа

райынын құбылысы бірдей деуге болады. Қазақ айға ат таққанда көңілге келгенін қоя бермей ауа райының құбылысына, ерекшелгіне, тұрмыстық деңгейіне қарап атап, ретінде дұрыс қадағалаған. Соны біз бүлдіріп алып жүрмейік. Біз естіп көңілге түйген ай аттары және олардың реті мынадай:

1. Наурыз - март - Жаңа жыл. Көне түркі аты ұмтылған. Мүмкін шуақ /Ұзынсары / болар.

2. Отамалы /апрель/ - сәуір - көкті әлі суық жібермей тұрған шақ. Қарасуықтың кезі. Тырбиған көкке мал аузы жаңа іліге бастаған мезгіл. Қараөзек деп те атайды.

3. Көкек /май/ - мамыр - Көкек шақырған, көк молайған тұс. Мамыр деп те атаған. Жер бәйшешекке толып мамырлаған кез.

4. Шілде /июнь/ - ыстық аса көтерілген уақыт. Үркер көрінбейді.

5. Сарша /июль/ - маусым. Бұл айда жасыл желекті өңір құбақан тарта бастайды. Сарғажал белгі көрініс береді. Айдың соңғы шамаласында егін саржағал тартады.

6. Тамыз /август/ - Далада жидек, тауда қарақат піскен, тамылжыған шақ. Қуырған ыстық қайтып, өте берген жазды көңіл де қимай, тыраулар шырқ айнала ұшқан тырналарға елегзи берген тұс.

7. Қыркүйек /сентябрь/ - Түн суии, яғни үркер көтеріле, Таразының таң сууы, түннің салқын тартуымен ұласып, арамза болмақ үшін ел қошқарға 90 күн күйек байлаған.

8. Қазан /октябрь/ - Қоңыр күздің сіңген шағы, Кәріқұртан малды тауысып, қыстың қара қазанның қамын еске алған шақ. Кейде Бозқырау, боқырау деп те атайды. Алғашқы қырау.

9. Қараша /ноябрь/ - Атының өзі айтып тұр. Жер әлі қараша, яғни тұна бастаған аппақ қар жоқ. Бірақ биік шоқ талдың көлеңке түбінде ептеген қар болуы мүмкін. «Қарашадан қар қалса, жұт болады» деген «қараша - қауыс, кәрі құртаң тауыс» дейді.

Ол қысқа салар малыңды ретте, қысқа шыдамасын сойып ал дегені. Бұл айды Желтоқсан деп атайды. Себебі үш

айдың басын шалған (тоқсан, тап тоқсан күн болмаса да) күздің желді суықтарына байланысты.

10. Ақпан (декабрь) - Қарашаның қара жері көрінбейді. Әлемді әппақ ұлпа басады. Төбе, таулар, ай-дала жұмыртқадай біркелкі. Қыстың қысқа күнін ел ат адымындай ғана деген. Ақпанды ат адымындай деген сөздің мәні осы.

11. Қаңтар - Қар әбден бекіген. Ұсақ мал қаңтарылып (өз бетімен жайыла алмай) қолға қараған шақ. Жылқы да бір жерге тебінге түскен. Қыстың қысқа күні қарға адым ұзаған шақ, яғни ақпандағы ат адымындай күнге қарға адымындай уақыт қосылады деген сөз.

12. Үт - басқаша аты сақталмаған. «Үт - малыңды күт», «Үт келді - жұт келді» деседі. Мал ерекше күтімді керек етеді. Қар әбден қатқан. Мал ари бастаған. Оның үстіне Арқа жеріне тап осы айда (1953) мұз қатады. Жұтжылдары ерекше қалың қар жауып, жер бетін екі-үш елі мұз басады. Жылқы тебіннен қалып, жұт басталады. Үт-жұт дейтіні содан. Үт сөзінің түп мәнін осы күнгі көпшілік біле бермейді. Сондықтан біздің ай атауларын жасаушыларымыз жұртшылық сұрауынан қашып, көне сөз, көне ай атын еске алғысы келмейтін сияқты, Бұл айда терезеден түскен сәуле ерекше бір ақшыл реңге бояды да, сол сәуледе тап-таза үйдің өзінде ұп-ұсақ зәредей тозаң жүреді. Міне осы көріністі қазақ үт деп атаған. Атауының өзі сүтке ұқсас соған үңілген бала қиялды да әрі қарай сүйрей жөнелетін көрініс.

Жазба календары болмаса да жыл он екі айды өзінше зерттеп, зердесіне түйген қазақ он екі ай ішіндегі әр түрлі амалдарды атадан балаға мирас қып үйретіп, сабақтай берген. Жыл басы Наурызды ел асыға күткен. Қиыншылығы көп қыстан малды аман алып шығамын ба деп қардың тез кетерін не кетпесін білмеген.

Осы күнгі календарь бойынша 14 март күні қыс бойы аттылы кісіні көтеріп кететін қар бетінде жатқан құмалақ өз салмағымен батса, жаз тез шығады деген. «Қардың басын қар алар» деген қазақ. Бұл есебі 26-28 мартқа келген. Ол күндері жапалақтап қар жауып, іле еріп, не жаңбыр сіркіреген. Бұл қарды ел құс қанаты деп атаған. Наурызда (осы күнгіше 14 мартта) жаз жұлдызы туған.

Отамалының ызғырық қара суығы өте жәйсіз. Осы ай-дың

4-5 шамасында күн кенет бұзылады. Кейде әжептәуір боран да болады. Сол себепті «Сәуір болмай-тәуір болмас» деген. Сәуірдің тууы 14 апрельге келеді. Алғаш рет күн күр-кірейді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Онан соң бір-екі күнгі жылылық күн 17-19 апрель күндері Қыдыр қамшысы аталған жаңбырмен, не суықпен ауысады. Отамалының 25-27 күндері тобылғы жарғанның қара суығы өтеді.Тобылғы бүршіктейді.

Мамыр-көкек айының 8-9 шамасында күн сәл суытады. Мұны ел «Қызыл жұмыртқа» деп атаған. Бұл күнді адал құс жұмыртқасын жарып, балапан шығарған. Көкек айныың 17-25 шамасында өтетін Құралайды да ырым еткен. Құралай-дың жаңбырлы болуы егін-шөптің молдығының көрінісі деп те есептеген.

Құралайдың жаңбырынан бір апта кейін, Үркер жерге кіріп, 40 күн шілде басталады. Бұл шілде айы. Шілденің ап-тап ыстығынан кейін Сарша айның 15-17 шамасында туатын Үркер бір-екі күндік желпіп өткен жаңбырмен тынысты бір кеңітіп тастап отырған. Мұны ел «Үркер толғағы» деп атай-ды.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек «Сүмбіленің суы жүріп пе екен» деп сұрған қазақ. Сүмбіле жаңбырлы бо-лып өткен жердің көдесінен түбі көк, малға от болады деп жылқыны қыста сол жерге тебіндеткен. Сол айдың 17-19 аралығында болатын салқын да есепке алынып отырған.

Сүмбіле туа су суыса,Таразы туып таң суыған. Қыркүйек айының 20-21 шамасында салқын да белгілі болған.

Қазанның 3-5 шамасындағы суық бозқырау, не боқырау, не қыс амалы деп аталған. Бұл суықта алғаш рет көкті үсік шалып, су бетіне мұз қаймақ тұрады. Осы айдың 20-нан 25-і шамасындағы қардың көрінуін Ұшқын деп атаған.

Қыс ұзаққа созылатын жылдары қарашаның қары 4-5 -інде түсіп, жатып қалады. Осы айдың 17-19 шамасында қай жылы болмасын жылымық болып, кейде жаңбыр жауатынын есепшілер күні бұрын ел құлағына салып отырған.

«Ақпан ақырып келеді» дейді ел. Осы айдың 5-7 ша-масында аяз көтеріліп, 30 градусқа дейін жетеді. Мұны Арқа елі Қызыл, Қырбас өлген Қызыл деп те атайды. Айдың 15-20 шамасында атақты Теке бұрқыл бораны соғып өтеді. Теке

бұрқылдан соң айдан асаға созылған Сары аяз - Қыс шілдесі өтеді.

Қаңтар айының 3-5 шамасы кейде қатты аязды, не жапалақтап жауған қарлы, жұт жылдары жаңбырлы боп келеді. (Күн таласы) 1978 жылы 2-3 январь күні қатты жаңбыр болды. Қыстың ең қиын айы. «Күн көзі қыраулы, қыс күніне мәлім жоқ» деген қазақ. Осы айдың 29-30 шамасында Үркер тас төбеге шығады. Бұл сары аяздың бітуінің белгісі Сол күндері күн де сәл жылып, белгі береді. Үт айының 3-5 шамасында күн бұзылып, бұрқасын болады. Мұны ел «Үркердің ауысуы» - деп атаған. Бұл Саршадағы «Үркердің тууынан» тура 6 айдан кейінгі құбылыс. Онан кейін аяз өрлей алмайды.

Біздің уақытымызда ұлы даланың табиғи тепе-теңдігі Аралдың тартылуына байланысты күрт өзгерді, жаз бойы бойына жылу жинап, қыс бойы соның шапағатын иен далаға беріп,аязын жұмсартқан Арал жоқ. Сол себепті қазіргі аяздан март айында да 30 градус төмен болмай жүр. Үт айының 15-17 шамасында жылымық боп, кейде жаңбыр жауып кетеді. Осының ақыры 21-23 шамасында болып өтетін Бөрі сырғақ атты борасынға ұласады. Бұл Боранда ит-құс жұпталып, қаншығы жерік болады.

Наурыз айының 5-8 Үркер жамбасқа түсіп, осы ша-мадағы жылымық бір-екі күндік қармен ауысып, мүйіз-кигіз болып тұрып, осы айдың орта тұсындағы борасынға ұласады. Жыл он екі айдың амалдарын мал шаруашы-лығымен, тұрмысымен байланыстырған ел келер күннің жауын-шашынын,бұрқасын боранын көңілге түйіп есептеп, жұлдызға қарап шамалап отырған.

Сырлы аспанның сырына қаныға білген ата-бабаң.

# ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ АМАЛДАРЫ

16-22 наурыз - Бес қонақ. Бес күн бұлың, кейде боран болады.

27-28 наурыз - Құс қанаты. Қалықтап қар жауады. Халық бұл ырымды «Қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» деседі. Осы қармен бірге жыл құсы ілесе келеді. Кей жылдары жаңбырға да ұласады.

4-5 сәуір - От амалы. Қыстың бір күндік соңғы бораны. Мұнан кейін қыс малға отты біржолата береді.

18-19 сәуір - Қызыр қамшысы. Аспанда алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауады. (Кей жылдары бір күндік суық та түседі) Отау-отау боп көкте жүзген жаздың бұлты шығады.

28-29 сәуір - Бүршік жарған. Бір күндік суық. Тобылғы, қараған бүршігін жарады.

9 мамыр - Қызыл жұмыртқа. Бір күндік салқын. Осы күні адал құстар қаз-үйрек жұмыртқасын жарып, қызыл-шақа балапанын шығарады.

17-24 мамыр - Құралай. Осы жаңбырмен қоса киік лағын өргізеді.

29-31 мамыр - Үркердің батуы. Үркер шалшыққа батса, яғни,осы күндері жаңбыр болса, жаз жаңбырлы болады деген ырым бар. Осыдан бір аптадан кейін шілденің ыстығы басталады. Ол 40 күнге созылмақ.

15-17 сарша - Үркердің толғағы. Арқаның табиғаты бұзылмай тұрғанда бұл шамада аптаға созылған жаңбыр болған. Шілденің аптабынан кейінгі осы жауынды халық асыға күткен.

14-15 тамыз - Таразының тууы. Халық арасында «Таразы туа таң суыр» деген мәтел бар. Күз нышаны алғашқы суық білінеді. Бұлт қоюлана түседі.

21-22 қыркүйек - Сүмбіле жұлдызының тууы. Ел ара-сында «Сүмбіле туа су суыр» деген мәтел бар. Қабағын түйген күз жаңбырлатып өтеді.

4-5 қазан - Боқырау деп аталады. Алғашқы суық бой көрсетіп, боққа қырау турады.

14-19 қазан - Ақыраптың алты күні деп аталады. Бұл күндері қазақ жұлдызшылары тезектің өте майда күлін сағат сайын ұшырып отырып, желдің бағытын, күшін, бұлттың жоғары-төмендігін, алғашқы ұшқын қардың жобасын байқап, қыстың алты айындағы ауа райын болжаған.

18-19 қараша - Қараша қаздың қайтуы. Жаңбыр соңы көктайғаққа ұласады.

4-5 ақпан (М.Әуезов желтоқсанды ақпан айы дейді) - Қырбастың қызылы. Алғашқы аяз, Кей жылдары аяз күрт көтеріліп, 30-35 жетеді.

17-22-XII ай - Теке бұрқыл. Арқаның атақты бораны. Осы шамада арқар мен киік жұптасады.

1-2 қаңтар - Күн таласы. Күн бойы көтереді дейді ел. Жапалақтап қар жауады (Кейде жаңбыр да сіркірейді).

17-27 қаңтар - Сары аяз. Қыс шілдесі деп те аталады. Аяздың шарықтау шегі.

3-5 Үт - Үркер ауған. Тас төбеге шарықтап шыққан үркер жұлдызы төбеден сәл батысқа қарай сырғиды. Осыдан кейін Арқада 30 градустан асар аяз болмайды. Бұл күндер бірер күндік борасын жүріп өтеді.

5-7 наурыз - Толқыма. Алғашқы жылымық, Үркер жамбасқа түсер.

17-19 наурыз - Май боран. Бес қонақтың бір күні. Босаға жұлдызының тууына орай Босаға басы деп те аталады.

# НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫМЫЗҒА ТӘН БОЛСА

Бастауын Айса пайғамбардың туған күні дегеннен алатын Европаша жаңа жыл мерекесін тойлаудың қалып-тасқан үлгісі бар. Ол безендірілген шыршаның, аяз ата-ның, қар қызының болуы дегендей. Күнбатыстың бұл рәсімі жастардың санасына батыстың салтын ұялатып, дүниетанымымыздағы ұлттық кейіптен алыстатып, ұлттық тәлімге аса үлес қоса қоймайтыны анық. Осыған байланысты шығыс еліне тән, әсіресе өзіміз жеке меншіктегідей наурызды қарсы алудың көңілге қонар рәсімін ойластырған жөн. Ол европаша жаңа жылды қарсы алу рәсімінен кем болмауға тиіс. Біз ойластырған наурызды қарсы алу рәсімі қандай көрініс беретініне тоқталайық.

Биіктігі бір метрге жуық, жалпақтығы үстелдің бетіндей тұғырға түйенің бейнесі шөгерілген. Бұл қазақ ұғымында қасиетті жануар. Ол ғасырлар бойы қазақ көшін сүйреп келген ұлы түліктің символы. Макет мүмкіндігінше ірі, өркештерінде, балағында, басында желбіреген шудасы болғаны дұрыс. Түйе әбзелдері ақық тастармен безендіріліп, көз тартып тұрса құба құп.

Қос өркештің арасынан өткізіліп, бір ұшы жер тіреген бақан да безендірілген. Шөгерілген түйенің тұғырдан өркеш ұшына дейінгі биіктігі бір метрден кем болмаса ғана көрікті болады. Сол өркеш аралығынан өткізілген бақанның аша басына кішірек шаңырақ кигізілген. Ша-ңырақ күлдіреуіштеріне дейін боялған. Шаңырақтан жо-ғары мәңгіліктің көрінісіндей темірқазық, жетіқарақшы орналасқан.

Шаңырақтан он екі түрлі-түсті бау (уық) түсірілген. Ол баулар түйе шөккен тұғырды айналған шеңберге айнала бекітілген. Міне, осы бауларға мүшел жылдардағы жыл он екі хайуанаттың қуыршақ бейнелері бекітілген.

Тұғырдың төменгі жағына кішірек дөңгелек орнатып, бақанның жерге қараған ұшын соның ұңғысынан өткізіп

қоюға болады. Сол дөңгелекшені еппен айналдырып шаңырақты бүкіл он екі хайуанаттарымен шырқ айналдырып тұрса он екі мүшелдік цикл әлемді айналып тұрғандай көрініс береді.

Наурыздың туу мезгілі «Құс қанаты» атты жапалақтап жауған қармен тұспа тұс келеді. Сол себепті залда жауған қар, сіркіреген жаңбыр көріністері де жасалғаны дұрыс. Мереке басталар тұста Қызыр атамен қатар тартылған сым арқылы әлденеше құс макеті ұшырылып, жылмен бірге келген қаздың қаңқылдаған үні есгіледі.

Бұл күні ұлттық тағамның, ұлт киімдерінің, ат әбзелдерінің де көрмесін ұйымдастырып, той ән мерекесімен жалғасуға тиіс.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, еліміздің іргесін берік еткіміз келсе жыл он екі айдың қай мезгілінде де өтетін мереке мейрамдарға ұлттық рең беруді мықтап қолға алған жөн дер едім. Тіпті бұл жөнінде Президент жанында арнаулы комиссия жұмыс істесе артықшылығы болмас еді.

# ҚЫС ШІЛДЕСІ - САРЫ АЯЗ

«Қазақ әдебиеті» газетінің № 6 санында қазақы дүниетанымға көз жүгіртіп жүрген азаматқа ой салар «Ақпанның ақ түтегі» ме... деген материал шыққан екен. Иә, қазақы танымнан ада қалған, өздерін «журналист»пін дейтін талайлар «Үркерді» - «Бикеш» деп атағаны сияқты қазақтың Сары Аязын «крешенские морозы» деп, ілдебайлап жүр. Зәулім-зәулім ағаштардың арасынан ас-пан әлемінің алақандай тұсын ғана сығалап көріп ғұмыр сүрген орыс Алтын Ордаға бас игеннен кейін ғана ұлы даланы көріп, Алтын Орда жұртының жұлдызды аспан, жыл-он екі ай туралы ұғымына таң қалып, енді өзінше тырбанған. Түсініктерінің тарлықтарынан жылдың әр мез-гіліне өздерінше Иван купала, Ильин день, роджество деп ат таққан. Әлемді әлемнің құбылыстарына байланысты таныған қазақ елі табиғаттың әр құбылысы аязы, бораны, жауын-шашыны, аптап ыстығына табиғаттың өзіне тән атау берген. (Бір материалға мұның бәрі сыймас, оқырманнан тілек болып, газеттегілер қажет деп санаса Қазақтың жыл он екі айы, Жұлдызды аспан атаулары,он екі айда болар амалдар туралы жеке-жеке материал беруге болады. Осыны сонау 22-23 жасымызда санамызға сіңірген саяси лагерьде 33 жыл бойы отырған Құнанбай Бейсенұлына мәңгі қарыздармын.) „

Автор Орынбай Ошанов бүгінгі ай атауларының дұрыс еместігін атап көрсеткен екен. Бұған тәнтіміз. Бұл туралы өткен ғасырдың сексенінші жылдары жазғанымызды «академиядағы мүйізі қарағайдай шалдар тулайды» деп газеттер баспай қойғаны бар. 1957 жылғы алғашқы «Қаз ССР тарихында» жарық көрген күнтізбенің осы күнгі нұсқасы ғылыми талқылаудан өтпегенін жазды О.Ошанов. Қазаққа қазақтың сөзін айтқызбай қойған заман еді, енді неге түземеске деген сөз көкейге тіреледі.

Ұлы дала жұртының аспан әлемі туралы түсінігін жазған Әл-фарабидің, Ж.Баласұғынның, Н.А.Куфтиннің, Ш.Уәлиханов, Радловтың, М.Исқақовтың еңбектерін де зерделедік. 1954 жылы жарық көрген орысша-қазақша сөздікте профессор Н. Сауранбаев декабрь айын «ақпан», январь айын «қаңтар»

деп атаған. Бұл халық ұғымына дәл келеді. Ұлы жазушы М. Әуезов те декабрь айын ақпан деп атап жазған. М. Исқақов та ақпан «жылдың ең соңғы айы» дегенін оқыдық.

Автор «ақпан ай аты емес- амал» деп сәл қателікке кеткен екен. Енді, амал жоқ, сол айдағы амалға тоқталайық. Қазақ халқы жыл он екі айда болатын амалдардың көп-шілігін Үркер шоқ жұлдызымен байланыстырған. Үркер толғағы, Үркер шырқауы, Үркер ауыы, Үркердің жамбасқа түсуі, Үркердің батуы деген күндердің бәрі құбылысқа толы. Үркердің сол жамбасқа келуі ақпан (декабрь)-ның 4-5 күндері болатын алғашқы аяз қырбастың қызылына дәл келсе, Үркердің дәл төбеге қарай біртіндеп шырқай көтерілуі Қыс шілдесі деп аталатын Сары Аязға дәл. Үркердің тас төбеге шығуы Қаңтар (январь) айының 10 мен 25-нің арасы. Бұл күнді орыстар ғылыми еш дәлелі болмаса да Исаның туғаны «роджество» деп атап жүр. Қазақтың нағыз Сары Аязы осы.

«Ақпан ақырып келеді» дегені Қырбастың қызылы болса, «Ақпанның ақтүтегі» деген осы ақпан (декабрь) айының он жетісі мен жиырма үшінің арасында бір апта бойы көз аштырмай соғатын «Теке бұрқыл» атты даланың атақты бораны. Осы боранды күндері Арқарлар жұптасып, Сәуір айының аяғына қарай төлдеп бітеді. Қазақ есепшілері Теке бұрқылдың қай күнінде боранның аса қатты болатынын да «Ақыраптың алты» күніндегі есеппен дәл шығарып отырған. Есейдің есепшісінің ақпанның пәленінші күні ат құлағы көрінбесе ақ түтек болады дегеніне сенбегендердің малы жолда қырылғанын жұрт күні бүгінге дейін айтады.

«Екі ағайынды», «Ақпан-тоқпан», «Қазыбек наурызы» деген ай атаулар ұлы даланы мекен еткен халықтың даланың әр тұсында болатын жағдайларға байланысты қойған жергілікті атаулар. Жыл он екі айдың әр мезгілінде күндіз-түні мал бағып, жұлдызды аспан мен табиғаттың бірде дүлей, бірде тамылжыған құбылысын қалт етпей баққан қазақ ай атауларын сол табиғатпен тілдестіре атап, оған жеке адамдардың есімін кірістіре қоймаған.

Автор «Қытайдың жууы» дегенді де амал есебінде кіргізіпті. Табиғаты бізден алыс жатқан қытай жерінің ауа-райының құбылысы Алтай мен Еділдің арасында жатқан қазақ даласына тіпті де келмейді. Осы қытайға еліктемей қай «жууынан»

болса да алыс жүргеніміз дұрыс болар. Қырғыздың «мүйіз аяз», «киіз аяз» дегені атауы ұқсас болғаны мен дені бөлек. Қазақ Үркер оң жамбасқа түсіп (бұл осы күнгі наурыздың 8-9 арасы) толқыма өткеннен кейінгі шақта «Түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» деп атайды. Қырғыздың «кемпір аяз» дегені қазақ атауларында кездеспейді.

Осы мақалада тағы бір кеткен қателік «тоғысу» туралы. Автор тоғысу Ай мен Қамбар жұлдызының қиылысып өтуінен деген екен. Негізі тоғыс есебі Үркер мен Айдың бір күні көктің бір тұсына дәл орналасу есебінен жүргізілген. Бір тоғыс Мамыр айының 17 күніне шамалас. Онан әрі «үш тоғыс», «бес тоғыс», «жеті тоғыс», «тоғыз тоғыс» болып әрмен қарай кете береді.

Мақалада «Үт амалы жиырмасында кіріп 25-інде шығады» деген бар екен. Бірақ қалам иесі бұл Үттің не екеніне бажайлап тоқтамапты. Бірақ онан арғы бір тұста «Үт - саудагер» - дегенді келтіріпті. Дұрысында Үт - айдың аты. Оны кейбіреулер парсынын «худ» деген сөзінен шыққан десіп жүр. Бұл да қазақы танымнан адасып қалғанымыздың бір көрінісі. Үт - қаңтардан кейінгі ай. Айдың атауы да қазақы дүниетанымда жатыр. Осы айда терезеден түскен сәуледе, үй іші қаншама таза болса да, қолға ұстатпайтын, тек көзге ғана көрінетін өте ұсақ ақ ұшқын қалықтап жүреді. Ақты сүт дейтін халық осы ақ ұшқынды «үт» деп атаған. Қолдағы кей малдың төлдей бастайтын тұсы да осы ай. Европа халқы «балықтар» деп атайтын, Көнек жұлдызынан кейінгі шашыранды жұлдызды да қазақ «үт» деп атаған. Европаға еліктеп зодиактағы сол жұлдыз шоғын да «балықтар» деп жүрміз, дұрысы «Үт».

О.Ошанов жазғандай «өлкесі бөлек, ділімізге, дінімізге жат Ресейдің» орысының қалың орманның арасынан аспанның алақандай тұсын ғана сығалап көріп, адасып жүріп, ауа-райынан әр құбылысына әулие-сымақтарының атын қойғаны бізге жат. Шоқындыру мақсатында бір аязды «крещенские» десе біз оған неге еліктеуге тиіспіз. Қазақ мұсылман, шоқыну элементін сыналап кіргізуге жол беруге болмайды. Табиғаттың тылысым күшінің атауын қазақ сол табиғатпен тілдестіре атаған. Қазіргі Қаңтардың орта тұсында болатын аяздың атауы - «Сары Аяз».

# СУДЫҢ ДА ҚҰЛАҒЫ БАР

Қайрақты өзенінің бас жағындағы жайын суды жағалап, су бетіне қаймақ жағалатып жүрген тоғыз, он жастағы баламыз. Орысы жоқ ауылда орыстын «но»-дан басталатын боқтық сөзі шаңқ етті. Жамандықтың жұққышы-ай, кімнің есіне түсе кетті десейші. Етікші Есімғали ақсақал «әй, не сандалып тұрсың, судың да құлағы бар ғой»деп жекіп тастады. «Судың да құлағы бар». Естімеген жаңалық. Бірімізге біріміз қарадық. Қате естіген жоқпыз ба? Көлшікке бетін жуып, намазға дайындалған Ақмағанбет ақсақалға қарап сұраулы жүзбен «судың да құлағы...» деп қалғанбыз.

Иә, балалар, судың да құлағы бар, ол естейді деп үйретеді мұсылман діні, - деді Ақаң жайбарақат.

Сонда мұның құлағы қайда? - десіп көл жағалай үңілістік. Таппадық. Үрейіміз де басылды. Бірақ сол сөз есте мәңгі қалғантын. Құдайсызданған қоғам судың құлағы түгілі адамның құлағы да құлағы барын ұмыттырып жіберген жоқ па.

Қарыштап дамыған ғылым бұрынғы түсінікті түбегейлі өзгертті. Американың ғалым Грегшг Брейден адам санасы мен сезімінің ғаламды өзгерте алатын қуатты күш екеніне адам ұлының көзін жеткізді. Жапон ғалымы Масару Эллото судың көре де, ести де алатынын, тіпті көрген есгігенін жадына тоқи алатынын дәлелдеп, жаман сөз бен жақсы сөзді ажырата алатынын, жаман адам (ниеті бұзық, маскүнем, ұры-қары) келгенде судың кристалы өзгеріп, қошқылданып тұратынын, жақсы адам келгенде су кристалының жарқырап тұратынын жазды. Су адам снасы мен жан дүниесіндегі эмоцияны табан асты сезе қояды екен.

- Мұсылман дінінен қуат алған қазақ баласына «су қолыңды сүрт, бірақ сілкіме» деп үйреткен. Сол ақсақалдар (бүгіннің ішкіші емес) судың қасиетін тани білген де, оны құрметтеуді ұрпағына үйреткен. «Суға түкірме», «суға кіш етпе», ол ананың бетіне түкіргенмен бірдей, атаның са-қалын былғағандай деп тәрбиелеген еді.

Жалаң материализм қоршаған ортаны өлі табиғат деп

түсіндіріп келеді. Соған жұрт жетпіс жыл бойы сеніп өсті. Тіпті, сонау XX ғасырдың 60-жылдары дамыған батыс елдерінің ғалымдары өсіп тұрған гүлдің өзін баптап күтіп - жүрген иесін танитын, ол келгенде қуанышты дыбыстар шығаратынын, ал сол гүлдің әр жапырағын жұлған кісі келгенде үрейлі жыбыс шығаратынын зерттеп жазды. Сол жылдары «Вокруг света» журналының бір нөмірінде жарық көрген бұл материал ісі қазақтың назарынан тыс та қалған шығар. Әлем бірлікте. Су да, тас та , топырақ та, тірі дене. Иіс те, жады да бар, әр қилы дыбыс та шығарады. Табиғатқа жақын өмір сүрген ата-бабаларымыздың он сезе де білген, байланыса да алған. Табиғатқа жаудай қарап жүрген, ішке-ніне мәз қазіргі адам ол байланыс - бірліктен айырылып қалды. Кәзір ішкен - мас, жеген тоқ, біраз үлкеннің бала-шағасының санасының қандай боларына да шаруасы жоқ. Кешегі қарттар «лас адам (мас адам) келе жатқанда шөп те дірілдеп, жаратушыдан өзін мына ластың баспауын сұрайды» деуші еді. Солай екеніне сенеміз.

Жапон елінде өздері қасиет тұтатын Бива көлі туралы «Бива таза болса Жапонияның бар суы таза» деген мәтел бар екен. Мына сұрапыл дамыған технологияның дәуір Бива көлінің де балдырланып, ластанып иістене бастауына әкелген. Өздері «Киелі құрсақ» атаған бұл көлдің ластануы Жапон халқының да жүрегіне тікендей қадалса керек, иісі жапон көлді құтқаруға бел байлаған. Иістенген көлді техниа пайдаланбай тазартуды ойластырған. Адам санасының, пәк рухтың судың физикалық құрамын өзгерте алатын қасиет-қуатын пайдаланған. Сөз рухын аса қадірлейтін тоқсаннан асқан қарт Нобуо Сиояның бастауыменг жиналған мыңдаған таза пейілді, рухы биік адам жиналып, ұлы жаратушы бір құдайға жалбарынып, Биваның тазалығын сұрап дұға оқыған. Мыңдаған адам дауыстап, әндете айтқан мұңлы дұға көл бетін кезіп кеткен еді. Бір ай өткеннен кейін газеттер көлдің суы тазалана бастағанын жазған.

Қазақта «Көп тілесе көл болады» деген мақал тегін айтылмаса керек. Құрғақшылық жылдары Алладан жаңбыр тілеп, тасаттық беру дәстүрі еріккеннің ермегі емес. Бұл ата-бабамыздың ұлы рухпен сөз арқылы байланысуға сенудің шынайы көрінісі. Тасаттықтың ақыры көл-көсір жаңбырға

ұласқан мысалы толып жатыр. Бабаларымыз тасаттық беретін жерге рухы биік, тәні таза, пәк адамдардың ғана баруын қатты қадағалаған. Өткен жылдардың бірінде 40 жылдық совхозының жерінде тасаттық берсе де жаңбыр жаумағанына налыған біреу «қайдан жаусын ел тонаған милиса, кінәсізді соттатқан прокурор, кеше ішіп, бүгін мүләйімсіген шалдар бар жерде құдайдың рухы түсе ме» деген екен. Дәл айтқан. Сөз қуат-құдіреті рухтың тазалығында.

Қазақ судың да, сөздің де қасиетін тани білген халық. Ел ішінде «Кеседегідей суға кетіп өлейін» деген сөз бар. Осыған амал жоқ сенесің. Белуардан келетін суға кетіп өл-генді көз көрді. Апталдай екі жігіттің бірі кеудеден ғана келетін суға тұншығып бара жатқанын көріп екіншісі соны құтқармақ болып тұра ұмтылған. Ақыры екеуі де кісі бойынан аспас суға кетіп, қазаға ұшырады. Мұны не деп білерсің? Су екеуін бірдей неге тартты, неге жазалады деген сұрақ көңілден кетпейді. Мүмкін сол жерде бір астамшылық, не бір қатыгездік жасалды ма? Адам ұрпағының қайсысы кінәлі еді? Оны танып біле алмастай кезеңде өмір сүріп жатырмыз.

Әбітай ақсақал жігіт шағында Қояншы Қуанышекең деген ақсақалдың шай қайнату үшін келінін бұлаққа жұм-сағанын, алғашқы шелегін төктіріп, қайта жұмсап, екінші шелекті де төктіріп, «балам, ренжімесең суды қайта әкелші» дегенін, мұны жадына ұстаған келіні «Атам неге бүйтті, Алла күнәға жаза көрме,бисмиллаһ» деп еңкейіп алып, әкелген суын атасының құп көргенін айтқан еді. Сол «бисмиллада» үлкен тәуба жатыр, пәк сезім жатыр. Ақсақалдың үйде оты-рып, соны сезінуі де айрықша қасиет.

Жас келін түскен үйдің абыр-сабыры басылғаннан кейін ауылдың ақсақалдары сол келінге шай құйғызып ішу рәсімі болған. Келіннің отырысы, тұрысынан, шай құйған кесені ұсынып, қайтып алуынан, ақсақалдар әңгімесіне құлақ түруіне қарап, жас келіннің тәрбиелігі жөнінде байлам жасаған. Келінді неге қазақтың үлкен асы - табаққа толы ет асқысып сынамады екен дейсің. Кеседегі су-шай арқылы үлкендер бір байланысқа шыққан шығар деп тағы ойлайсың.

Кешегі жалаң материализм не дегізбейді. XIX ғасыр соңында әлемнің негізі бөлінбейтін бөлшек атом деген ілім-

нің жеңуі, құдай жоқ, оны күйреттік деген ұран шығарды. Дүниені дүмбілез идеология билей жөнеліп, адамзат азуға бет түзеді. Есті жұрт күйзелді, есуас әндетті. Қырып-жойған екі әлемдік соғыс өтті. Әркімнің-ақ құдайдай болғысы келді. XX ғасырдың екенші жартысында атомның да шексіз бөлінетіні, оның жоқтан бар болып, жатқаны ашылды. Дүниенің негізі леп - энергия, қуат екен. Сол леп - энергия-ның ұйымдастырылған бейнесі жер басып жүрген адам да, жануарлар да, таста та, өскен орман, жайқалған шалғын да екен. Бар тіршілік тамырлас. Сонау ағашпен біздің та-мырымыз бірге. Баптаған иесін гүл таниды, балта ұстап келгеннен ағаш қалтырайды. Қатыгез біреудің қолына тап болып, көнін зорға сүйреткен аттың бұрынғы иесін көріп оқыранып, қанша сабаса да аяғын баспай жылағанын жазған еді бір жігіт. Оқып отырып ішім еңіреді.

Дүмбілез теория не дегізбеді дегеннен шығады, сол дертті бойына жұқтырған адам баласы сонан әлі айыға алмай жатыр. Күйе оңайшылықпен кетпейді. Адамшылықты ақшамен өлшеп, байлықпен баптап, біреуді күң мен құл еткізгісі келеді. шынайы бауырмалдықты араққа ұйымдасып, ішуден оза алмаған шалдар да бар Адамнан туса да өзін құдайдай санағандар мен соның жетегіндегілер шалқыған теңіз Аралды құртты. Бұл бүкіл адамзат ұрпағының алдындағы жауапсыздық. Ұлы жаратушы бір алланың жауаптылығын сезінбеген бейшара ғалымсымақтың, мемлекет басшысының, шенеуніктің, басшысымақтардың адамзат алдында жауапкершілігі болады деу әбестік. Олар үшін су да у, у да су. Мынауым теріс-ау дейтін түсінік жоқ, ұлттық тәрбие, қазақы ұғым да оларға жат. Тазалық күні өтеді, ақсақалдар бой көрсетсе дегенді. Оншақтыдан асасы келіпті. Бір кезде жәшігімен жетті жынды зәр. Оны әкелген ауыл әкімі. «Сыра сұрап жанымды қоймайды» деген ақталып. Жетпіс-сексенге келгені сіміріп тұр. Еміздікпен ішіп үйренген бұзау адыра қалсын. Ақыры құлап түскен біреуін көтеріп әкетіпті. Тойып алғанның алды біреудің әке-шешесіне беріп жатқан асына барды. «Ұят, өзі иманның бір мүшесі» дейді Абай (36-шы сөз). «Ұят адамның өз ит-тігінді.... мойнына алып, сөгіп қылған қысымың» дейді-ау Абай. Мынау өзен

тазалағандарда ұят туралы сөз жоқ. Олар ұрпақты отқа күйдіріп тұр ғой. Мұны көрген ұрпақ оңа ма? Өзен әйтеуір бір тазаланар. Мынаны көріп, бүлінбесе екен қазақтың жасы дейсің. Қазақтың шаңырағын бүлінбеген ендігінің жасы ғана биік ұстар.

Өткен жазда әлдебіреудің Нұраның жағасына не қилы дәріні шашып кеткенін, оны аузына салған бір баланың апта бойы ессіз жатқанын жаздық. Ау, сонда СЭС деген мекеме қайда? Нұраға машинаны жалдатып қойып жуып жатады. Төмендеу тұста бала біткен шомылып жүр. Машина иесіне "әй" дейтін пагонды не пагонсызды таппайсың. Міне, біздің суды қасиет тұтқан түріміз.

Осы көңілге жұққан күйеден арыла алмай жүргендіктен шығар, аудан орталығындағы ауыз судың жыл өткен сайын ащы боп бара жатқанын айтып, төбе басындағы резервуардан екі жүз қадам жердегі тау етегінде зерттелген тұщы көл барын сөз етіп, соны қосу керектігін екі-үш жыл бойы ел ескертіп келеді. Әзірше, «дұрыс екенді» естімедік. Ал, сол тұщы көлдің үстіне-қайтыс болғандарды жерлеу тоқталар емес. К.Медиев әкім болып тұрғанда бір шешіммен тыйым салынған еді, бүгін ол да ұмыт. Ал, әлемде ауыз су үлкен проблемаға айналып барады. Өткен жұмада ауыз су жетіспегендіктен сонау Африканың да, іргелес Қытайдың да сан миллиондаған халқы ауыр хал кешті. Ілгеріні болүшін емес, қатерлі қырғын ауыз су үшін болады» деп жазып жатыр. Біз әлі селқос, ұйқылы-ояумыз.

Шәһәрдің іші толған әжетхана, үйлердің көпшілігінде септиктер. Олардағы ластанған сулар да тас-тастың жігімен топыраққа сіңіп жатыр. Елдің бұрыннан пайдаланып келе жатқан құдықтарындағы суды енді таза деп айтуға дәтің бармайды. Жалғыз бұлақтың қақ желкесіне де моншалар тұр түтіндетіп.Сол бұлақтың суы енді таза ма, әлде... Соны аырып жатқан тағы ешкімді көрмейсің. Бір әйел айтыпты қайнысына: «сен іше бер, саған бәрі адал,сасыған арақты да ішіп жүрсің ғой» деп.

Иә, судың да құлағы барын кешегі ақсақалдар ескертіп кеткен еді. Тылсым сыры мол қасиетті судың құпиясы ендігінің құлағына жетсе екен дейміз.

# КӨНЕ АРНАНЫҢ ІЗІ ҚАЙДА?

"Ауылыңдағы қария жазулы тұрған хатпен тең" деген ұстанымды исі қазақ баласы берік ұстаған. Көз жетпес көне заманның бар жақсылығын да, халықтың арман-мұңында ертегідей етіп жеткізетін, ұрпақтың бетін ізгілікке қарай бұратын да, күнделікті өмірдің ауыр салмағын да көтеріп, қиындықты шешіп отыратын да сол жүзін қырау шалған қариялар болушы еді. Бала кезімізде ауылда өстік. Соғыс пен жоқшылық қабаттасып жатқан шақ. Ішетін ас та, киетін киім де жоққа тән. Сол қысылтаяң шақта біздің колхоздың қыс айында қазан көтеруге шамасы жетпейтіндері «Қызыл» бұзауға тайынша-торпақ алып жейтін. Бала-шағаның аштыққа ұшырамауын ойлап, қамын жеп әлі тумаған, ендігі туар «қызыл» бұзауға қазан көтеруді ұйымдастыратын ел ақсақалы Көпжан қария еді. Ол кісі басқарма да емес, бірақ қай басшы келсе де сөзін өткізе алатын ел ақсақалы болатын. «Сөйтіп жатыр» деген ауылдан арыз да түспейтін Есейе келе сол кісінің бойынан сабырлы парасаттықты, мәселені бір ауыз сөзбен тындырар шешендікті, ғасырлар бойы дала рухын бойына сіңірген қазақтан келе жатқан далалық даналық пен көсемдікті көрдік. Ол кісінің алдына үлкен де, кіші де қаймыға баратын да айтқан әңгімесін даналықтың дариясынан аққан кәусардай тамсана тыңдап, шыға бере басқаға таңдай қаға жеткізетін. Өмірдің сан бұралаң соқпағынан өткен, не қиыншылықты басынан кеш-кен Көпжекең өмірінің соңына дейін сол кісілік қасиетін, абыз ақсақалдығын жоғалтпай дүниеден озды. Көрші колхоздардағы Тәйім, Тұңғышбек, Қатпаршақ ақсақалдарды да бүгінгі жұрт тап осылай еске алады.

Біз көзбен көрген Сырымбеттің Қасымы, Қази ақын, Нақыпұлы Алтыбай, ғажайып шежіреші Төкеңнің Жұмабайы, Исатай Омарұлы, Аманбек молла, Зекен Бәкірұлы т.б. тәлімін ұстап қалған кім бар деп бүгінде жан-жағыңа жалтақтайсың. Бүгінде көзі тірі тоқсанның тоғызына келіп отырған өзімізге дәріс берген ұстаздар Жұматай мен Шәукей ақсақалдардың айтарын естіп, санаға түйіп қалайық дейтін бүгінгі алпыс-

жетпістен асқандардың ниеті жоқтығынан түңілгендейсің: Бұлар маған соңғы «сыр сандықтай» көрінеді. Сол сыр-сандықтың ішін қотарып, бүгінде шашына ақ кіргендер ойнаған картасы мен күнде ішер сапты аяқтағы іркіт «шайтан суды» тастап, дүниенің қай бағытына бұрарын білмей желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпаққа дәстүр, имани жол, кісілік қасиет, ұлы даланың ұлылығы туралы әңгіме қозғаса қандай ғанибет болар еді. Бұл, әзірше, арман сияқты.

Керісінше, бастық көрсе соның ығына жығылып, бәйек болып, Абай айтқандай «бас изесіп», Шортанбай айтқандай «майырды (бастықты)пір санағаннан» аспай жатқан жағдай бар. Сұрайтындары өз жағдайы, баласына үй, атасына көше, директор болған едім енді орден бергізден аспайтын парықсыздық. Өсектен де аулақ еместік. Бір пақыр бастықтың бір құрылыстан үлкен қаржыны жоқ еткеніне таңдана сөз еттік. Арамыздағы директор болған пенде сол сағатында аудан әкіміне жеткізгеніне айтар нең бар. Бір ауылда мешіт салынған еді, соның ашу рәсіміне облысы бар, ауданы бар бар имам жиналады. Әкім жоқ, сол қатынасу керек деп үш сағат күттіріп қойғанына не жорық. Әкім өзін құдайдан да мықты санағаны да. «Күтелік» деп бас шұлғыған тағы өздерін үлкен санағандар. Бір мешіттің ашылу салтанатында қалталы біреудің мешітке сыйлаған машинасының кілтіне «бұл да. болса олжа» деп құрметтеп жүрген сексеннен асқан шал қалтасына салғанында көзбен көрдік. Осыдан кейін мұндай пенделіктен аспаған «шалдарды» көпшіліктің ісіне күйінер, келер ұрпақтың қамын жер, сол үшін кезі келсе өмірін садаға етер деп кім айта алады.

Бізді көргеніміз бен естіген жақсылықтарымыз тәр-биелеп, өсірді. Кешегі патша заманында ғұмыр кешкен Дүйсенбай би туралы естуіміз мол еді. Заманның сол тұсында қазақ арасында сауда-саттық молынан еніп, қазақтың қалыпты мамыржай өмірі бұзылып, нарық кірген. Кірген де ел арасында ұрлық өскен. Дүйсекең ауылының бір азаматы бөтен жақтан бес-алты мал әкелсе керек. Іле ізбен қуғыншы да жеткен. Жоқ малдың осы ауылда екені анықталып отыр. Бүкіл жұртын ұры атандырмас үшін, ел намысы үшін Дүйсекең етік тігер бізді алып, жең ұшынан жерге шаншып отырып, «біз алсақ бізді құдай атсын» деп іштей құдайға жылап отырып ант беріпті.

Қуғыншы кеткен соң ауыл ұрысына дүре соқтырып, сабап, сол түнде келген жылқыны бөтен елге айдатып тастаған екен. Дүйсекең тіпті Қояншытағай елінің болыс сайлауының өзін ру-рудың бәсеке жарысына жібермей, кезек-кезегімен болыс еткені де ел аузындағы өшпес әңгіме.

Нарық халыққа оңай тимеді. Кешегі «көсемдер» шылқып шыға келді де, аңқау халық ендігі бет алыстың мәнін де түсінбей барынан айырылып, «пролетариаттың» жаңа нұсқасы бола қалды. Байтал түгілі бас қайғы дегендей кешегі әр үйдің бала-шағасына дейін оқитын «Жұлдыз», «Зерде», «Мәдениет және тұрмыс» түгілі күнделікті күн көрістің қиындығына ұшыраған жұрт газеттің бетін көруден қалды. Опырылып құлап жатқан ауылдармен қатар енді ғана есін жиып келе жатқан ұлттық сана, ұлттық таным да ойсырап, шет-қақпайға шығып қалды. Ұлттық идеологияның жоқтығынан ойсыраған ұлттық сананын орнын немен толтырарын білмеген жағдай. Иә, коммунистік идеология да өзіндік социалистік тобырды қалыптастырған еді. Дінсіз, ділсіз, ұлтсыз тобыр еді. Бірақ бұл тобыр сай-сүйегіне коммунизм идеясы сіңген, сол үшін айқаса кетуге дайын тобыр еді. Қазіргі тобыр ше? Ұлттық дүниетанымы қалыптаспаған, ұлттық санадан ада мына тобырдың ұлт үшін күресе қоюы неғайбыл-ау.

Қаншама қиыншылыққа ұшыраса да, «мың өліп, мың тірілмей», ажал қаптырмай ұлт рухын сақтаған арын сатпаған қариялар еді. Нарықтың зарынан тозуға ұшыраған ұлт рухына жан беруші қалам ұстаған зиялылардан бұрын ел-елдегі қариялар дер едім. Бірақ, жабыны тұлпар, жапалақты сұңқар деп таныған тұста оған да сенім шамалы. Әркімнің парқы әртүрлі, қабілет-қарымы да *соған сай. Оны* кім, қалай пайдаланып жүр. «Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей пайымды ой мен сөздің орнына арыз жазғанын мәртебе санап, ел арасына, тіпті кешегі өзі істеген, не істеп жүрген жұмыс орны арасында жік тұрғызып, өзінен кішіні аяқтан шалып, өз қадірін кетіріп жүрген қарттарға айтар сөз өтерме. Аурухананы біраз жыл басқарған Хауан қарындасымыздың «осы үлкендер жөн біліп қартайса ғой» деп налуы да осының айғағы. Энциклопедияға өзінен басқа ешкім білмейтін әкесін «ол неге кірмейді» деп арыз жазған

пақырға да сөз өтпес.

Осындай пайымсыз шалдар қайдан шыққан деп таң қалатындар да аз емес. Ол кешегі бір тұста ұлттық рухты жаппай өшіруге ат салысқан партком-сарткомдардың «іргелі ісінің» жемісі. Партияның ұлтсыздандыру идеологиясын жер-жерде жан-тәнімен жүзеге асырған да солар. Пайымды қарттардың «осы бір неме неге көки береді тыңдамандар оны» деп ауыздарын жапқанда солар. Бір орысы жоқ ауылға барғанмызда сол ауылдың балабақшасының аты «Чебурашка» екен. «Не дейсіз, Шұбарешкі ме» дедік әдейі. Оу, қай қазақ тілін бұралақтатып Чебураш деп жатады, қазақша айтылымы Шұбарешкі ғой дегенімізге бейшара партком аттай тулады. Балтабай інімізді жиналысқа басына тұмақ, аяғына саптама етік киіп келгені үшін де қуып шыққан сондай парткомдар. «Мысық оба» деген қыстаққа әлде облыс, әлде ауданнан білдей басшы орыс келерде тағы бір партком қарадай қабағы теріс кетіп, бұл не сұмдық? «Мысық оба - кошачий могила». Кері кеткендік. Енді бұлай айтылмасын. Ендігі атауы «Новая Заря» деп бұйырған да... ниеті қазақтан алыс жатқан партком. Ұлттық сананы өшіргішпен өшіргендей еңбек еткен солардың жан-дүниесінде келер ұрпақ қандай болады деген іштей арпалыс бар деп кім айта алар.

Қазақтың өз шаңырағын өзі көтерген мына заманда талай жастың мына ұсақталып кеткен қарттарға қарап, шіркінай кешегі бабалардың ізін қуған абыз ақсақал, ділмар шешен болмаса да қуып жүрген картасын тастаған, қалтасына тыққан бөтелкесін лақтырған, желбуаз әйелдердей өсекті қойған ауызында батасы бар, жүрегіне иман қонған ең болмаса сондай ақсақал болар ма еді дегендерін естіп, өзің кінәлі болғандай боласың. Шал-сымақтардың «Ойбөй, қайтыс болған пәленшенің дәлеліне барайық, келіңдер бір «жүзді» тастап алайық» дегендерін естіп жастардың жерге түкіріп, теріс айналғанын да естідік. Еңбекшіл ауылында қайтыс болған кісінің асында қызара-бөрткен шалдар көкірек салыстырып, ауыздарына келгенін айтып, берілген астын берекесін кетіріп, ақыры сыртқа шығып төбелескендерінен жұрт түңілген.Арақ пен сыраның қайсы артық, қайсы кем деп дауласып, көшенің қақ ортасында жағадан ұстасқандарды көргендер сырт айнала қашқаны қайбір жетіскен жағдай

дерсің. Ішімдіктен құр емес, көкірек деген жетерлік жасы жетпістен асқан пақыр елдің мазасын алып, «ендігі ардагер мен! Маған сәлем беріңдер» дей берген. Өзінің көршіқолаңның тоқты-торымын жымқырып кететінін жұрт білетін. Сол пақырдың мына қылығына ыза болған Сәкең ақсақал «әй,бері келші, құлағыңды тосшы»деп, өзін мадақтар деп тұрған пақырдың құлағына «сен ардагер емессің, вор в законе» деп айғай салғаны да бар. Мұны естіген жиырмадан асқан жігіт аузынан арақ-сыра кетпеген бір шалды көрсетіп «анау пьяншік в законе» деп мазақ еткені кімге әбүйір дейсің.

Иә, ұлтты аздыру үшін кешегі ақтың да, қызылдың да империясы арақты қасақана үйретті. Тіпті, оны ішпеген адам сенімсіздердің қатарында болды. Ұзаққа созылған бұл вирусты-дерт ұлттық психологияны ауруға ұшыратты, ұлт психологиясы өзгеріп шыға келді. Бүгін қаншама тырыссақ та, санамызды өзгерте алмай жүргеніміз соның салдары. Бір тойда арақтан аулақ үлкендер жеке үстелге отырған еді. Жасының үлкендігіне міндетсінген сексеннен асқан шал төрге озды. «Ішпеуші едік» дескендерге бой бермей, «әкел, әкел! Мен ішемін» деп, ақыры басқаға да құйғызып, оған тәмпіштеу біреу қосылып,берекені кетірді. Мұның ақыры қатын өсекке кетіп, арты үлкен ренішке айналып барып, зорға басылғаны соларға сабақ болмағанын көріп жүрміз. Жастары алпыс түгілі жетпістен асып, жол аяғына келіп қалғанына қарамастан баяғыда бір қозған іштегі ыстығына ыстық қосып, қызара бөртіп, жас демей, жасөспірім демей қалжыңдасып, ыржыңдасып жүргенді кім дерсің. Өз қатарымен әзілдеудің өзі басқаның назарынан тысқары, орынды болса деуші еді бұрынғылар. Бұларға шектеу жоқ, ұят деген арақтан семіп қалған мидың бір түкпірінде өлген.

Дінде айтылатын нәпсі адамның болмысында бар.

Харам нәпсіге шалдар шектеу қоя алмай келеді. Харам нәпсі-карта да, арақ та, бұзылғандықтың неше атасы да бірден рахатқа бөлейді. Харамға ерген пенде мұның ләззатынан шыға алмайды, «мен ғана батыр, өзім ғана бай, тек өзі данышпан, өзі ғана билеп-төстеуші, өзім-өзім» деген сайтани сезімнің құрбанына айналады. Шынайы рахат, ләззат, қуаныш адами қасиет, ол оңайлықпен келмейді. Суретші жылдар бойы жазған картинасына көрмеге қойғанда ғана

қуана алады, ғылым сарылып жазған еңбегінің нәтижесін көргенде ләззат алса, қарапайым еңбеккер өз еңбегімен басқаны қуанта алғанына, күрделі істің шешімін тапқанына риза болады. Адами қасиет адамзат ұстанымының негізі.

Ұзаққа созылған вирус-дерттің салдарынан кәзіргі отбасының талайының өзі ұлттық санаға, діни тәрбиеге мұқтаж екенін айтпасқа болмайды. Ғасырлар бойы халқымыздың бойына сіңген ислам діні аса көркем мінез биязылық екенін санаға енгізіп, үлкен мен кішінің ара қатынасын, еркек пен әйелдің, әке мен баланың, көрші мен көршінің құрметпен сыйласа білуін қалыптастырды. Әрине, қазір біраз отбасы бұл ұстанымнан айрылып қалды. Кей үйде дөрекі мінез, орыстан сіңген былапыт боқтауды естіп қаласың. Мұны көріп өскен ұл мен қыздың ертеңі тағы неғайбыл. Әр үйдің дастарқаны сол отбасы мүшелерінің бір арнаға ұю тетігі. Тап осы жерде әке бас, әйел ана боп болашағына ұлттық тәрбие беруге тиіс. Ол тек қана үлкенді сыйла дегенмен шектелмейді. Ол дәстүр туралы, дін, мәдениет туралы шексіз әңгіме. Кей уйге бара қалсаң дастархан басындағылар азан-қазан етіп қосып қойған теледидарға бар еңсесі ауып отырады. Сонда сол отбасының ағасы бала-шаға тәрбиелейтін соңғы мүмкіндіктен айырылып отыр. Біздіңше, тап сол сәтте теледидар әлемнің патшасы үйленіпті, не қызын ұзатып жатыр дегендей әлдебір сұмдық не кереметті көрсетіп жатса да, теледидар сөндірулі болуы керек. Бар қызығың бала-шағаң, соның тәрбиелі кісі болуы, соны ойламасақ болашаққа не кепіл.

Жөні түзу ақсақал болу да арман. Өткен жазда Жұ-мыскер ауылында сексен жылдық мерей той болып өтті. Бір қартты ел ақсақалы деп атауға бел буған бастамашы топ соған лайық адам таппады. Жетпістен асқандар жетіп жатыр. Біреуін ауызға алсаң - бұрынғы ұры. Бірінен сайтан судың иісі мүңкиді, не картожник, не бірді-бірге ұрған ғайбатшыл, не боқтампаз. Сонда әркімнің кемшілігін тап басып айтатын сықақшыл Сухибек ақсақал еске түскен. Осыдан он-онбес жыл бұрын осы елдегі молла болып жүрген бес-алты адамға бірер кемістігіне орай паравоз молла, сүйретпе молла, сыбызғы молла, тамшы молла, сүрепет молла, салпаңқұлақ молла деп атақ таққан екен. Енді қарап отырсақ солар жөн

сөз айтқан, дінді уағыздаған әрқайсысы ауыл ақсақалы деген атаққа ие болатындай қарттар екен. Міне, осыған өкінгенбіз.

Құранның «Ғимран» сүресінде істеген жамандығын айтып мәз болатын, тырнақтай жақсылығы болса мақтанудан құлақ сарсытатын пенде адам емес, пасық деген сөз бар.

Біз кімбіз деп ойланайық, қариялар.

Осы жолдардың басынан бастап жасы үлкендерді «шал» деп арнайы атап келеміз. Бауыржан Момышұлы «ақсақал» деген құрметті атаққа кімдердің ие болатынын атап айтып кеткен. Өзінен басқаны ойламайтын, ісімен күлкіге ұшырап жүргендерді, үлгі боларлық жағдайы жоқтарды Баукең шал деген. Баукеңнің осы ұстамынан біз де оза алмаймыз.

Абайдың әкесі Құнанбайды аға сұлтан сайларда өзара сүзісіп,таласушы топқа қарап ақын Күдері қожа «Құнанбай... Көне арнаның ізі емес пе» деген екен.

Ел болам деген жұртттың іздегені сол көне арнаның ізі. Иллаһим, соған жетейік.

Түркістан-20

# ТҰЛҒА

XX ғасырдың басында орыс патшаларының тағы теңселіп, пролетариат бас көтерген алаң-пелең заманда қазақтың жоғын жоқтап, «мен Алаштың ұлымын» деп кеу-десін оққа төсеп шыққан ардақтыларды да, онан бұрынғы тұста басқыншылармен қан төгісіп ұрыс салып, жанын шүберекке түйген батырларды да, отаршылардың қан-құйлы саясатын семсердің тілімен тіліп түсіп әшкерелеген ақын-жазушыларды да күні бүгін ардақтай алып жүрміз бе деген сауал өкініш болып өзекке тіреледі.

Олар кешегі Ә. Бөкейханұлы, Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермекұлы, онан арғы Хан Кененің бас қолбасшысы Ағыбай батыр, патша тұсында жандармерия үстінен қағаз жинаса, кеңес үкіметі заманында есімін ататпай тастаған Шортанбай жырау.

Ағыбай батырдың ескерткіші батырдың Ақбозы ойнақ салған Сары Арқаның төрі Қарағанды қаласының қақ ортасында дұшпанға сес беріп қасқайып тұруы керек еді. Оны жасқаншақ көңілден аса алмай Балқашқа қойдық.

Шортанбай жырауға Қарағандының төрінен бір көшенің не Бульвар Мираның, не Ленин көшесіне есімін берейік деп халық болып қол қойған өтінішіміз тасқа тигендей. Не Әлиханға, не Жақыпқа, не Ағыбайға бір көше бұйырмайды. Ешкім білмейтін Лобода, Кривогуз, ешкімге қажеті жоқ Чкалов, Язов дегендерге көше бар. Қазақтың ардақтыларына келгенде «сол көшенің сары орысы мен қазақ мәдениетінен жұрдай қара орысынан қол жинап әкел» деген пәле бар. Тәуелсіздіктің таңы баяғыда атса да қазақтың ардақтылары көлеңкеде, сәуле түспей қойды.

Осылардың ішінде бүгін ерекше бөліп айтпағым Алаштың азаматы Әлімхан Ермекұлы. 1891 жылы Темірші болысында дүниеге келген ол 1905 ж. Қарқаралыдағы училищені бітіріп, Семейдегі гимназияға түскен екен. Сол жасөспірім шағында-ақ губернатор Тройцкий оны саяси сенімсіздер қатарына тіркеп, стипендиясынан айырған.Бозбаланың бар кінәсі дін сабағын жүргізіп тұрған попты «әулие әке» демегені екен.

Иә, оның дегісі келмейді. Оның қазақи тәрбиесі де, көңіліне қонған исламның нұры да маскүнем попты «әке» дегізбеді.

1912 жылы гимназияны алтын медальмен бітірген Ә.Ермекұлы Томдағы технологиялық институтқа түсіп, бесінші курсқа жеткенде төңкерістің дабылы жетіп, талай-талай комитетке мүше, Алаш орданың да белгілі тұлғасы болып, өмір толқынында өз ұстанымы бар азамат қазақтың жоғын жоқтап шықты.

1919 жылы Колчактың Сібір үкіметі құлағаннан кейін Семейде де төңкеріс болып, Ә. Ермекұлы губерниялық-революциялық комитетке мүшелікке сайланса, 1920 жылы талантты жас Қазақстан әскери-революциялық комитеттің құрамына енеді.Осыәскери-революциялық комитеттің атынан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде қазақстанның уәкілі міндетін де атқарады. 1920 жылы 18 майда 2043 мандатпен болашақ қазақ автономиялық республикасының шекарасын белгілеу туралы баяндамашы ретінде Москваға барады. Бұл туралы Орталық Комитеттің Саяси бюросы құрған комиссияны В.И. Лениннің өзі басқарған.

¥лы төңкерістің алдында қазақ халқы бар шұрайлы жерінен айырылып болды. Қазаққа шөп шықпайтын Бет-бақтың шөлі, егістікке жыртылмайтын сортаң, таудың тастақтары ғана бұйырған ауыр хал онан әрі ауырлап, қатерлі шақты басынан кешіріп жатты. Ішкі Ресейден қазақ жеріне жаппай мұжықтарды тықпалау өрістей түсті. Ресей Думасының шовинист депутаттары «қазақтар Шыңғыс ханның ұрпақтары, оларды қыру керек» деп ашық айқайлады. Ел басына күн туған осы шақта ел зиялылары ашынды, өз үнін білдірді.

Еділді алды, елді алды,
Енді алмаған нең қалды.
Қораны санап малды алды,
Қазаққа қамқор ханды алды.
Кетейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар.

(Шортанбай жырау)

Бала-шағасын емін-еркін өсіруге тоқымдай жер қалмай тентіруге айналған осы тұстағы қазақтың халін ақын тағы

ашына суреттеген.

Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сиынғаның,
Кәпірді көрдің піріңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасыңда,
Қазылған қара көріңдей.

(Шортанбай жырау)

«Кетейін десе» барар жері жоқ, «кетпейін десе» мұжықтың зорлық-зомбылығына шыдар халі жоқ кезең. Міне осы тұста Алаш азаматтары бас көтерген. Бүкіл ғаламның иесі Алла жер үшін күрестің ендігі байрағын көтеруді Әлімхан Ермекұлының пешенесіне жазыпты.

1920 жылы августе Ә. Ермекұлы Ленин басқарған үкімет мәжілісінде болашақ республиканың шекара межесі туралы баяндады. Оның алдында Түркістан республикасында, Жетісу өлкесінде жер реформасын жүргізу туралы белгілі коммунист Г.И. Сафаров баяндама жасаған. Отаршылдықты қатты сынға алған Сафаровтың баяндамасы аса өткір. Столыпинның озбырлық жер саясатының сал-дарынан қазақтар шұрайлы өлке, жайылымдарынан да айырылып, жұт пен аштыққа ұшырады. Жетісу өлкесіндегі қазақтардың 35% 4-5 жыл ішінде аштан қырылып, малының 70% жұтаған деген ол, мұндағы орыс кулактарды тегіс көшіріп жіберу керек деп түйіндеген. 1916 жылы әскерге алынудан қашқан қазақтарды да, соны сылтау етіп бейбіт жатқан ауылдарды да қынадай қырған. Содан зәресі ұшқан қазақтар патша құласа да «патшаны жақтаймыз» дескен. Сол үшін әкімдер жұртты кигізге орап, үстеріне керосин құйып өртеп, кейбірін тірідей жерге көмген. Кулактар мен полицайлар бөктерге мал жайған қазақтарды аңша қуып, оқ жаудырғанын да Сафаров мұжықтарды көшіру керек деген сөзін дәлелдеу үшін көлденен тартыпты.

Ә. Ермекұлының қадап айтқан ұсынысының бірі Каспий теңізінің теріскей жағындағы Нарын құмына созылып жатқан

шаруашылыққа аса тиімді шығанақ-бұғазды орыс помещик-алпауыттары басып қалғанын, оны қазақ жұртына қайтару керектігі болды.

Бұл мәселеге келгенде партияның көрнекті басшылары Ш.Әлиава, Н.Брюханов, Н.Крестинский т.б. қазір Ресейде аштық, Атыраудың балығы, Москва, Петербург үшін қажетті азық-түлік, бұл атырапты беруге болмайды деп қарсы шыққан. Бұған жауап ретінде Ә.Ермекұлы қазақтардың бұл шаруашылық саласын бұрыннан игергенін, бұл аймақ Қазақ елінің қолына тисе құлшынған қазақтар балықты мұнан да көп аулап, Ресейге жөнелтетінін айтқан. Ал, Н.Кристинский «Ермеков Каспий жағасынан Данциг көпірін жасағысы келеді»деп қарсыласқан. Оны Лениннің «Данциг көпірін Қазақ жеріне мына сіздер жасағалы отырсыздар»дегені тоқтатса да дау үдей түскен. Ақыры Ленин осы өңірдегі қазақтың, әлде орыс жұртының арасалмағын сұраған екен, қалай бұлтарса да тығырыққа тірелген губерниялық атқару комитетінің төрағасы қазақтардың саны көп екенін мойындауына тура келіп, Ә.Ермековтың табандылығы арқасында қазақтың ата-мекен жері өзіне қайтарылды.

Иә, Ә.Ермекұлы сол тұста, сол күнге дейін қалыптасқан ұлттық сананы, ұлт тәуелсіздігі үшін ақындар мен жыраулардың жеріне жеткізе айтқан жырларын бойына әбден сіңірген тұлға. Өзі туған Қарқаралы өңірінің тумасы, жерлесі,Шортанбай жыраудың қасіретке толы өлеңдері сол кездегі бар қазақтың жүрегіне ұялаған идеология еді. Ал, Алаш азаматтары Абайды ұлт ұстазы деп таныған.

Шортанбай жыраудың:

Ұзын аққан Сарысуды,
Өзің жайлап жағала,
Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің мініп бағала.
Балаң менен малыңды
Аузына бір алған соң
Алмайды деген немене.
Айдалмай тұрып солдатқа

Зар болмай тұрып жалды атқа
Қатын бала қамы үшін
Жаңалаш мініп жауға шап,
Ажалдан бұрын өле ме, -

дегені Ә.Ермекұлының

Ертістің бойын қазақ баласына қайтару туралы көкейтесті мәселеде ұстанымы болғандай.Столыпин «Қазақ жерін игеру» деген сылтаумен Ертіс өзенінің әр жағалауынан ені 10 км-ден жерді бүкіл өзеннің бойымен кесіп алып, мұжықтың қолына ұстатқан еді. Қазақ шұрайлы жерге де, малы ішетін суға да зар болып қалды. Мұжықтар бұл 10 км-лік кесінді жерге қазақтың өзі түгілі итінің де мұрнынын кіргізбейтін. Ә. Ермекұлы отаршылардың қазақтарды тіпті ата-баба зиратына жолатпайтынын, өлген кісі жерлеу үшін қарыстай жерді 20-30 сомға сататынында жеткізді.Бұл жерді қазына қорына айналдырып, коммуна құрайық деген пікір де айтылды. Алаштың Әлімханының табандылығының арқасында бұл жерге де қазақтың табаны қайта тиген еді, озбыр отаршылардың шамына тисе де өткір дәлелімен еріксіз мойындатқан Ә.Ермекұлының дипломатиялық шеберлігіне таң қалмасқа лаж жоқ.

Иә, Мәскеу үкіметі Қазақ автономиясын құруды бұл кезде тездетіп қолға алып жатты. Қазақтың бетке ұстар, оқыған, саясаттан мол хабары бар зиялы азаматтары бұл кезде иісі түркіні біріктірер Түркістан республикасын құру үшін жан таласып жатқан. Батыстағы аю мен шығыстағы айдаһардан қорғану үшін осындай іргесі мықты мемлекеттің қажеттілігін олар түсіне білді. Бірақ ол Мәскеу үшін қажет емес еді. Мәскеуге бөлшектеу қажет. Қазақ автономиясын құру орысқа осы үшін қажет еді. Оның ар жағында саны басым, өте өршіл қазақ жұртын тоздырып жіберу де жатқан.Мен өзім 32-нің ұлы ашаршылығы сол пиғылдың жемісі деп түсінемін.

Ә. Ермекұлы 1920 жылдың Қазақстан Орталық Атқару комитетіне мүше болып сайланса, 1925 жылы осы комитетке екінші рет тағы мүшелікке өткен. Осы кезеңде ол республикалық жоспарлау комиссиясына да жетекшілік етеді. Тағдыр оның басына ауыр-ауыр кезеңдерді де өткізуді жазыпты. Өкінішті үзілістердің арасында ол Қарқаралы,

Қызылорда, Ташкент, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Қуйбышев, Қарағанды қалаларында ұзақ жылдар бойы математика пәнінен жоғарғы оқу орындарында ұстаздық еткен. Сол жылдары жоғарғы математика (Высш. математика) туралы оқулықтар да жазған, кафедра басқарып, декан да болған.

Бірақ, Ә.Ермекұлы ғылыммен біржола шұғылданып кете алмады. Тіпті бала кезінде «саяси сенімсіз» деп танылған ол, отызыншы жылдардың басында А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, М. Әуезұлымен тұтқынға түсіп, азап шекті. 1932 жылы М.Әуезұлы екеуі қатесін «мойындағансып» Ашық хат жазып, түрмеден шыққандай еді. Аңду соңынан қалмаған.

Бостандықта уақытша жүргенін Әлекеңнің түйсінгені анық. Әуелі қазақ педагогикалық институтында біраз дәріс оқыды. Онан соң Алматының кен-металлургия институтында математикадан ұстаздық етті. Сөйтіп жүргенде «халық жауларын» күні-түні әшкерелеген кесапаты 1937 жыл да жетті. Институттың бастығы Әшірбек Бүркітбаев кабинетіне жеке шақырып «Бұдан әрі сізді қорғауға шамам келетін емес. Бір жаққа кетіп қалыңыз, аспан асты кең ғой» деген. Бұл Ә.Ермекұлының басын сақтау үшін жасаған жақсылығы еді. Ә. Ермекұлы Қазақстаннан пана болмасын сезіп, Ресейдің Куйбышев қаласына келіп, сондағы институттың математика кафедрасына меңгеруші болып орналасқан. Дүние есігін ашқаннан «саяси сенімсіздікке» ілінген Әлекеңе Куйбышевте пана болмады, оны 1939 жылы тұтқындап, Қазақстанға әкелген. Жаппаған жала жоқ, қорлық-қысастықта да шек жоқ. «Айлап ұйқы бермеді, тізе бүктірмей, тік тұрғызып қойды... шалқамнан жатқызып, екі аяғымды керіп қойып тепкіледі» деп еске алған сол қиянатты Ә. Ермкеұлы.

Саяси лагердің сан өткелінен өткен Ә.Ермекұлы соғыс біткеннен кейін де біраз жыл отырып, 1947 жылы ғана бостандыққа шығады. Бірақ қуанышы ұзақ болмады. Салпанқұлақ тыңшылардың жапқан пәлесімен тағы да жер ауып кете барды. Өмірін еліне арнаған Әлекең тек 1957 жылы ғана ақтала алды.

«Әлдекімдер бұзақылық жасаса да, ... бір ауылда колхоз малы ұрланса да, тіпті біреу әмеңгерлік жолмен қос қатын алса да, газетте бір ауыз оғаштау сөз жазылса да, осының бәрін бізден көретін», - деп сол кездегі қиянатты өмірді еске

алады Ә.Ермекұлы.

(Мұндай қиянатты біз де бастан кештік. Талды совхозындағы мектептегі бір қыз бала жүкті болып қалғаны пәле болып жабысқан. Райкомның үгіт-насихат бөлімінің басшысы ұсыныс жасап, оны аудан бастығы Абақанов қолдап, бізді жұбайларымызбен қоса жұмыстан қуып, тентіретіп жіберуге нұсқау берілген еді. Айтар уәжі: оқу бөлімін Алашордашылар басып алды. Бұл кешегі 1985 жыл. Әйтеуір Қонаевтың атын атап, соған барамыз деп зорға «тірі» қалдық. К.Ж.)

Ә.Ермекұлы бүкіл өмірін қазақ халқының болашағына арнаған, өсіп келе жатқан ұрпақтың терең білімді болуын аңсаған. Ол сонау ертерек тұста қазақ халқының болашақ геолог ғалымы жас Қ.Сәтбаевтың осы Том университетіне түсуіне қол ұшын берген. Дарынды ақын С.Торайғыровты қасында ұстап, оқып, білімін толықтыруына жағдай жасаған. Саяси лагерден босай сала Қарағандының тау-кен институтына жұмысқа кіріп, өмірінің ақырына дейін қазақ жастарының ғылымның шыңына шығуына өз үлесін қосқан еліне, ұлтына адал аңыздай тұлға.

Бір кездескенде Д.Қонаевтың өзі «Әлеке, ескі интелегенция өкілдеріне әділетсіздігіміз, қиянатымыз болды», - деп өкінгендей лебіз білдірген.

Ұлының есімін қалай ардақтаймыз деген сауал көңілде жүреді. Әлекең еңбек еткен, еңбегі әбден сіңген ҚарМТУ-ға есімін беру туралы мәселе көтеріліп жүр. Талай академик, талай профессор, еңбегі сіңген бар шығар. Солардың бәрін таразының бір басына салса, таразының екінші басындағы Ә.Ермекұлына тең келер ме. Ол Алаштың ұлы ғой. Ол Алаштың бар қиянатын басынан кешіп, бізге жеткен жалғыз тұлғасы ғой. Бүгінгі Қазақ елінің қай институты, қай жоғарғы оқу орны болса да Қазақ үшін жанын шүберекке түйген Алаш азаматының атына бермей басқаға ұсыну әпенділік болар еді.

# ОЙРАНДЫ «ОТЫЗ БІР» ЖӘНЕ ЖАЛҒАСЫ

«На протяжений последнего десятилетия Шетский район был пристанищем и убежищем политического бандитизма» деп жазады осы ауданның қаншелек мекемесі ГПУ-дің бастығы болған Н.Сычев 15.12.1931 ж. мәлімдемесінде.

Осы Шетке ГПУ-дің бастығы болып 1931 ж. 18 наурызында келген Сычев (қазақтар Шишов деп кеткен)қа онан жоғарғы бастығы Бак деген Шет ауданы халқына діншілдердің, ақын-жыраулардың ықпалы зор сол себепті оларды аямау керек деп нұсқау берген екен.

Сөйтіп, қазақи сана көңіліне мықтап орнаған бейбіт елді быт-шыт қылу, қырып-жою деген мәселе шешімін табады. Ол үшін Қазақ елінің сорына келген Голощекиннің ауыл-ауылда социалистік революцияны қайта жасау туралы идеясы таптырмас олжа еді. Бұл «идеяның» негізінде елді жаппай малдан айырып, қаңғыртып жіберу жатқан.

1928 жылы кәмпеске жүргізіліп, сан мыңдаған мал тартып алынып, бай аталған иелері «Тескен Тау» асырылып жіберілді де, жүздеген мың мал бір жазда зым-зия жоқ болды. 1929 жылы онан кейінгі сәл әлділердің малының көзі жойылды. 1930 жылы орташа шаруа дегендер «құлақ» атанып, малы да, жаны да қуғынға ұшырап кете берді.

1931 жыл да келген. Жоғарғы үкіметтің тоймайтын аждаһадай көмейі «ет-ет» деп онан да жаман ашылды. Енді елдегі мал да саусақпен санарлықтай еді. Сонда да сормаңдай осы Шет ауданы еліне 107000 қой, 12 мың сиыр, әуелі 180 түйе, артынан «Гигант» үшін деп тағы 500 түйе тапсыруға міндеттелген. Жылқының дәл саны жоқ бұл архивте. Сірә, қолға түскенін тартып ала беруге болатын сияқты.

Бұл уақытта әр ауылдан көтіне көпшік қойып, «бұл маңда сенен ақылды, сенен артық ешкім жоқ» деп мадақтап, «белсенді» деген атақ беріп, сол атақ үшін үкіметке жағымпаздыққа мойын ұсынған әпербақан, әумесерлерді де үкімет жағы бір «слой» етіп шығарып болған еді. Күні осы күнге дейін ұласып келе жатқан «жоқты» «бар» дейтін үрдіс сол уақытта

басталғантын. Мәліметке қараңыз: № 16 ауыл орталығында 2 қой бар екен, оны 9000 деп көрсеткен, № 11 ауылдағы 12 қойды 3000 қой бар деп мәлімет беруден сескенбейді.

Енді әлгі керемет ет салығын малдай орындау керек. №4 ауылдың 6 адамнан тұратын Смағұлов Мақанның отбасы 1 (жалғыз) биемен қалса, сол ауылдағы Смағұлов Әбеудің 6 жандық отбасы 1 (бір) сиырмен қалып, басқасын белсенділер ет салығын орындау үшін қуып алып кеткен. Не сепкен егіні жоқ, не алдағы күз бен қыста сауып ішері де жоқ бұл отбасы енді қалай күн көрмек? Онымен «ақылды белсенділердің» ешбір ісі жоқ. Кәзір де кейде әнебір жебір, көкейін ақша тескен кейбіреуге қарап, көбік ауыз ішкіштерге зер салып, «сондай белсенділер» жоқ па деп шошынатынымыз бар.

Көтеріліс жасады деп Қосдоңғал-Күйгенсайда атылған 27 адамның басшысы болып есептелген Бәкінің Тәсібегінде сол 1931 жылы 4 сиыр, 2 түйе, 3 жылқы, отыздай қозылы-қой бар екен. Ол ет салығы ретінде 8 сиыр, 70 қой тапсыруға міндетті болыпты. Бұлар баласы Ажарбекпен екеуі екі үйлі жан екен. Салықты орындап, бала-шағанды аштан неге қырмайсын деп, Тәсібекті түрмеледі, ақыры бүкіл отбасын тегіс (бір жасар немересін де) оққа байлады.

Отызбірдің өзінде-ақ аштыққа ұрына бастаған халық тірі қалуға тырбанды. Жаппай мінетін ат түгілі өгізде қалмаған шақ. Халық қолға түскенін қамап тығып қалуға тырысты. Сол кезде Шет ауданында қызмет істеген З.Айдаров өзінің жауабында ГПУ Сычевтің өзін, М. Ордабаевты, милиционер Торшолақты № 5 ауылға жібергенін, ондағы Сарым руының Иманов, Шойбасовтар басқарған жұрттың 450 пұт «тұқым қоры» (48 қанар бидай) бөліп алғанын, соны қайтаруға барғанда Ордабаевта наган, Торшолақта құсмылтық қана болғанын жазады. Халық бидайды «жерде жатып шіріп жатқан соң алдық» десіп, қайтарып берген. Сонда да ГПУ 19 адамды тұтқындаған.

Қыру басталды. ГПУ Шишов көтерілісшілер саны 900 адамнан асады деп жоғары жаққа жазып, жазалаушыларды шақырды. Қоңырат ауданы (кәзіргі Ақтоғай ауданы) жағындағы Жабаев, Садуақасовтар бастаған наразы топ Шет

ауданына өтіп кетпесін деп шекара тұсқа тосқауыл отрядын қойды.

Ақтоғай-Шет ауданына аралығына тосқауыл отряды басқарып, әуелі Шишовтың орынбасары И.Жәмілов жі-берілсе де, оған сенім артпаған ГПУ енді Қарқаралыдан арнайы жіберілген мұздай қаруланған Рудиковтың отрядын аттандырады. Ол жақта зорлық-зомбылықтың талайын көрсеткен бұл жаналғыштар ГПУ-дың сілтеуімен енді Қызылеспе-Қосдоңғалға бағытталады. Бұл жақтағы наразы болған халық барлы-жоғы сельпоның дүкеніндегі кәкір-шүкірді бөлісіп, талайды ұрып-соғып, бетінің ажары бар қатын біткенді зорлап, әбден елді ығыр еткен Бабжанның Исасын бір күні киіз үйге қамап қойған еді. (Ең болмаса өзінікін өзіне көрсетіп, төмпештеп те алмапты).

Ет салығын төлей алмаған, енді мынадай оқиғаға жол берген бұл ауыл, бұл ел нағыз контрреволюционерлер болып шыға келді. Ылғи баскесерлерден тұратын Рудиковтың отряды Бүркітті тауының маңында 8 адамға оқ жаудырып, жаралыларды, тұра қашқандарды қылышпен қидалап тастағанын жаңылмайтын архив есіне ұстап қалыпты. М.Райымқұлов деген шабылғандардың мүрдесі апта бойы көмілмей жатты деп жазады.

Белсенді Бабжанов Иса тек өзінің «жау» деп есептеп 85 ер адам мен 12 әйелді ұстатқанын мақтан етеді. Жалпы қапасқа іліккен әйелдердің саны 20 адамнан асқан. Соның талайы атылса, талайы итжеккенге айдалып кеткен.

Кісі ату деген білгіш-белсенділер үшін ермекке айналған. Тәсібекұлы Ажарбекті №12 ауыл кеңесінің төраға міндетін атқарушы өз бетімен ата салса, Шілікбаев Әкішті «Шұбар обада», Бименов Жаңгелді мен Шегенов Жақыпты №17 ауыл мен №11 ауыл арасында өздері тыныш ұйықтау үшін оққа байлаған.

Қосдоңғал-Күйгенсайдағы топтап кісі ату шектен шығып кетті. Қан сасыған бұл маңнан жұрт қашып та кете алмайтын еді, бәрі қоршаулы, аңдулы. Аудандық комсомол ұйымын басқарған М.Әмрин әрбір кісі ату уақиғасын көрсету үшін 60-

70 адамды қуып апарып, көрсететіндерін жазады.

Осы оқиғалардың бел ішінде жүрген Жұмағұлов Қоңыр, Тоқбалин Көдебек белсендінің «сендерге үкіметтің оғын шығын қылмаймын» деп онбір адамды тізіп қойып, винтовканың жалғыз оғымен атқанын, оқтың бес адамнан өтіп, алтыншы Нұрмағанбетов Қасеннен өтпей қалғанын жазады. Осы жолдардың авторы К.Ж 1989 Мыржықбайда тұратын Көдебекті әдейі іздеп барған еді. Жанама сұрақ-тардың бәріне Көдебек құтындап жалтарып ұстатпай отыр-ды. Ақыры онан 1931 жылғы аудан басындағы кісі атуға қатынасқаны жөнінде тікелей сұрауға тура келді. Көдебектің түсі бұзылып кетсе де, «жоқ жоқтан» басқаны айтпай, етегін қағып тұрып кеткен еді. Енді, міне, ұмытпайтын архив мой-ындатып отыр. Осы жерде, кешегі КГБ-ның агенті болғандар бәрібір бәрі ашылатынын еске алып азды-көпті кінәларын айтып, жазып кешірім сұрағандары жөн ғой дер едім. Ол сол адамдардың ұрпақтары ұялмай-қысылмай өмір сүрулері үшін де қажетті екенін білген жөн.

Ал, атақты 37 жылдары мен мұнан Кеңес үкіметі құлап қалғанша КГБ тыңшылыққа зиялы деген азаматтардың әйелдерін пайдаланған жағдайлар бар. Бұл күнә мен кінәні кім қалай ақтар. Солардың ермегі болғандар уақыт пен ұрпақ алдында (ертең көрінде тыныш жату үшін де) тірінің алдында кінәсін төккені қажет-ау.

Қанды қырғынды жасаған Рудиковтың отряды мен шала есті белсенділер. Ал, Рудиковтың отрядына енгендердің шетінен бұзатар қылмыскерлер болғанын ГПУ Шишов жазып кеткен.

Қолға түсіп, қапасқа қамалған әйелдердің көрген қорлығын архивтен оқысаң төбе шашың тік тұрады. Архив №15 ауылдық Қасқырбаев Октемір дегеннің әйелдерді зорлауға шығарып беріп тұрғанын жеткізеді. Ел қанға бөгіп, ері ұсталып, еңіреп жатқанда әумесерлердің тәтегі тұрып, оқыранып жүргенін бізден басқа қай ел бастан кешіпті. Қазақтың иманды әйелі бұл сорақылыққа көнбеген. Көнбегеннің бірі Ғаббасова Тиішкен. Атақты Тоқсанбайдың Ғаббасының жап-жас келіншегі. Атасының атын атамау үшін күйеуінің есімін фами-

лиясы еткен. Ай бойы ұстап, күнде зорлауға алып шықса да, көнбеген. Күйеуі Ғаббас 1929 жылы ұсталып, Қарқаралыда атылып, денесі Үлкен көлге тасталған. Жаз шыға Тиішкен көл жағасына шығып қалған өліктердің арасынан күйеуі Ғаббасты балтырындағы қалынан танып, өз қолымен жерлеген. Енді, міне, маған ти дейді бірі, менің зорлығыма көн дейді басқасы. Көнбеген соң ұрып-соғып, күнде шұңқырға тастап, бетін керегемен жабады. Ақыры Әубәкір деген белсенді атуға алып шығады. «Маған жат. Көнсең атпаймын». Көнбеген Тиішкенді шешінуге бұйырады. Жалғыз іш көйлегінде «шеш» деп ақырады. «Жалғыз көйлегім сенің оғыңнан қорғамайды ғой. Ата бер. Тек тірімде денеме қол тигізбендерші» деп зарлағаны архивте жазылып қалған. Тиішкен біреулер үстеріне келіп қалып, бұл жолы атылмай қалды. Ақыры өздерінің басын арашалауға мәжбүр болған ГПУ оны босатқан. Әулиедей Тиішкеннің онан арғы тағдыры белгісіз. Мәңгілік орны анықталса бар қазақ әйелі тәуеп етер орын болар еді.

Ал, Тәсібек келіні Сақыптың тағдыры жан түршігерлік. Сол уақиғаны көзі көргендер оның бір жасар баласының да оққа ұшқанын, өзінің төсі тілініп, азаппен өлгенін айтқан еді. Сараң архив С.Исабаев деген белсендінің ауыл кеңес И.Бабжанов, сельпо сатушысы, №15 ауыл белсендісі төртеуіміз келісіп, қартаң әйел Еркешті, Сақыпты, қайнысы Нұрланды алып шығып аттық дегенін сақтаған. Сол төртеудің ұрпақтары да кейінгі КГБ-ның агенттері болғаны даусыз. Сақыппен оның бір жасар баласын атқан оқиғаны үлкен полотноға салдырып аудандық музейге ілдіріп едік, кейін алдырып тастапты. Біреулерге ұнамапты. Ұнатпаған кімдер деген сұрақ тұрады, әлде сол «атқыштардың» ұрпақтары болар. «Аморальный» депті. Неткен ұялшақ десейші. Онан сұмдықтарды ел күнде теледидардан көріп отырғаны есте жоқ.

ГПУ Шишовтың анықтауындай «саяси қылмыскерлердің отаны» болған Шет ауданында 1931 жылдың жазында үкіметке жақпай қалып, айыпты деп ұсталғандардың саны 480 адамға жеткен. Шишов тек 130 адамды тұтқындағанын жазады. Осыншама адамды бір жерде ұстау мүмкін бе? Қарт ұстаз Ж. Құтжанов олардың бір бөлігі сол кезде иесіз қалған Аюлы тауының сыртындағы Қозадағы қыстақта да болған

десе, ауданнан сегіз шақырым Сарыадырда қолайлы орын болғанын үлкендер айтып кеткен. Ал, Шишовтың өзі ГПУ мекемесі мен қапасы ауданнан бес шақырымдық ауыл да (осы күнгі Ақсу ауылы) екенін жазады. Ұсталғандарды «бараньем загоне» (қой қорада) қамап отырмын дейді.

Осы тұста «қазақ байлары социализмге біртіндеп өздері сіңіседі» деген бейбіт бағыт ұстаған Шәріп Нұрмағанбетов ауыстырылып, аудан басшылығына мақсатсыз М.Байбоқышев тағайындалған. Соның шешімімен прокуратура, сот, аудан мекемелері ГПУ Шишовтың қарамағына беріліп, прокурор Жүсіпжанов та, сот Б.Нағызбаев та Шишовтың рұқсатынсыз райкомның есігін ашпайтын болған. Тәртіпті бұзып бір сағатқа барған сот Б.Нағызбаев бір сөтке қамауда отырып шыққан.

Келе жатқан аштықтын апатын халық сезіне түсті. Жеке-жеке бас сауғалап қашу емес, елдің есті азаматтары қарсылық шараларын да ұйымдастырды. Халықты жаппай үдере көшуге үгіттеп, ұйымдастырған Дүйсенов Еркебек, ет салығы болып келген малды тартып алу ісіне қарсылық жасап жүрген Орманның Шәрібінің аты белгілі еді. ГПУ Шишов Орманов Шәріп басты «бандит» деп есептеген. Орманов Шәріп бес адамымен қапылыста қолға түскен. Шәріпті жүздеп саналған басқа тұтқындарға қосуға Шишовтың батылы бармады. Ол Шәріп барлығын көтеріліске бастап кетеді деген қорқынышын жасырмайды.

Июнь айының 4-нен 5-не қараған түні Шишов облыс өкілі Каршин, жер бөлімі Гришин, ГПУ орынбасары И.Жәмілевпен Орманов Шәріп бастаған топтын тағдырын шешуге кірісken. Шишовтың атамыз деген пікіріне И.Жәмілев қосыла қоймаған. Себебі 5-сәуірде Қодоңғал-Күйгенсайда жаппай кісі ату мәселесін Алматыда Алаш азаматтары көтеріп, іс қозғап жатқан еді. И.Жәмілев сонан тартынды. Қазақтың панасы - Алаш әлі тірі еді, бар еді.

Қанішер Шишов айтқанынан қайтпады. Көдебек Тоқбалинге кісі ататынын айтып, дайын болуын тапсырды. Ертемен бәрін аяғынан тік тұрғызған. Фельдегердің бірі А. Пучков атылатындарды апаратын аттарды атшы Қалилаға алдырғанын, жеке қамаудан Ш.Орманов бастаған 6 адамды алып шығуға милиция Мұқыжан мен Сүмсекей Айқынбеков

көмек еткенін жазады.

Сот Б.Нағызбаевты Шишов кісі жіберіп алдырған. ГПУ қызметкері И.Жәмілев кісі атуға Шишовтан қорыққаннан барғанын жазған. Атылатындарды сендерді Қарқаралыға жөнелтеміз деп үш-үштен екі арбаға отырғызып алып жүрген. ГПУ «герой» атап жүрген Көдебек айдаушылар ішінде, қолында винтовка. Көдебек қапастан 7-8 км жүрген соң бұрылып, төбе астық десе, А.Пучков Спаскеге баратын қоңырат жолымен 8-9 км жүрдік, сонан соң бізді тосып тұрған Б.Нағызбаев сол жаққа бұрып, сүрлеумен бірәз жүріп төбеден астық. Сол жерде Шишов бастаған атушылар түр екен дейді.

Шишов «я облюбовал место для растрела» деп жазған. «Выбрал» емес «облюбовал», яғни кісі атуға сүйсінетін орын. Нұра өзенінің жағасында екі қыстақ та алыс емес екен. Шуаш Нақыш ауылын Уақас Әбілдин, Тишбай, Жолдасбай, Төсбай, Қайкин Әбдрахмандар қыстаса, Көкеш ауылында Сақып Рақымбеков, Тоқсанбайдың Әубәкірі, Дуанның Дүйсенбайы, Құтжан т.б тоғыз үй отырған.

Шишов ешкімнен сескенбеген. Алты арысты шешіндіріп, теріс қаратып тұрғызып қойып, бес қадам жерден оқ жаудырған. Тұра қашқандарды екінші оқпен жапырып, жаралыларды біртіндеп атқан. И.Жәмілев «мен атпадым, тіпті наганымды қабынан суырған жоқпын» десе, ГПУ «герой» деп жариялаған Көдебек «үш рет аттым» деп мақтанады. Сол кезде алаш азаматтары Шишовқа іс қозғап жібереді, әйтпесе ГПУ Көдебекке Союздан «герой» атағын бекітіп берер ме еді.

Архив атылғандардың біреуінің штаны жаңа екенін, соны шешіп алғанда ышқырынан 100 теңге шығып, оны Шишов қалтасына басқанын да жеткізіп отыр.

5-сәуір күні атылғандар мына абзал жандар еді

1. Орманов Шәріп-Шет ауданы № 10 ауыл азаматы;

2. Орманбетов Нұрмағанбет - Шет ауданы;

3. Жабаев Садық (Сыздық) - Свердарин (Сырдария болар) округі.

Мерке ауданы № 8 ауылдан;

4. Тұрлыбаев Иса - Сырдария округі. Мерке ауданы, №2 ауылдан;

5. Ормантаев Байтұрсын - Қостанай. Қараби ауданы;

6. Адыгешов (Едігеев) Күреңтай (Құрман) - Мекен-жайы

белгісіз.

Оққа ұшқан Мерке ауданының, Қостанайлық азаматтардың бабамыз, туысқанымыз қай жерде қалды екен деп іздейтін ұрпақтары болса атылған жерін көрсетуге болатынын да айта кетпекпіз.

Шишовтың «облюбовал» жеріне жақын өзеннің жарына тіреп қойып, сол «31» жылдың июль айының соңында тағы 32 адам атылған еді.

Иә, ол кезде қазақтың панасы бар еді. Ол қуғынның неше атасын көріп жүрсе де елінің зарын біліп, ол үшін жанын пида етуге даяр Алаш азаматтары қатары сөгілсе де әлі тірі еді. Бұл уақиғалар олардың назарынан тыс кетпеді. ГПУ Шишовпен оның баскесерлеріне іс қозғалды. Оларды аяусыз жазаламаса да түрменің есігінен аттатты.

Мұнан кейін ше? Мұнан кейін ел панасыз қалды. Отызыншы жылдары исі Алашты жер бетінен аластады. Панасыз қалған елдің көрген күні қараң. Аштықты, ату-асуды көрген, үкіметтен әбден түңілген талай қазақ соғысқа барғысы келмей, қашты. Қашқандарды ұстаған жерінде ұрып-соғу, итке талату, өлтіре салу ойыншық боп қалды.

Соның бір мысалы осы аудан азаматы Шәкір Әкімұлының - тағдыры. Бар жазығы не үшін соғысамын деп, әскерден қашуы. Шәкірбек кезінде Алматыда оқып, елге агроном болып оралған азамат. Қатпар колхозын басқарған, ауданның жер бөлімінде басшы болған. Қырылып жатқан көп қазақтың бірі болып оққа ұшқысы келмеді. Бар жазығы осы. Оны Тағылының бір сайындағы Жылы Көн-дегі әйелі Сусардың үйіне келгенін біліп салпаңқұлақ-тыңшы милицияға хабарлаған. Шәкірбектің мінген атын атып құлатқан милиция тал арасына жасырынған оған кісі жейтін иттерін қосқан. Кісі жейтін екі ит алып соғып, тірідей жұлмалап жатқанда жан даусы шыққан Шәкірбек милицияға «бір елдің адамы едік қой итіңді тартсайшы» деп жалынған. Адамды иттің талағанына рахаттанған милиция итті айтақтай түскен. Ақыры Шәкірбекті иттер талап өлтірген. Өлген азаматтың мүрдесін Шет совхозының орталығына арбаға салып әкеліп көрсеткенін 1973 жылы мектеп мұғалімі Базарқұл Кемпірбаев айтқан еді. Палатканы ашты. Шәкірбектің бір жақ қабырғасы мен қол сүйектері ырсиып жатыр. Ит жеп қойыпты. «Әскерден

қашқанның көретіні осы болады» депті сұп-сұр милиция.

Бұл бір ғана мысал. Талайдың көргені бұдан да сорақы іс. Осыны істеген милиция да, НКВД-сы да еш жауапқа тартылмады. Тіпті шені өсті. Құрметті делініп пенсияға өтті. Соларды әлі де мақтап жүрміз.

Иә, бұл жантүршігерлік уақиғаны мектеп кезінде құлағым шалып қалған еді. Кейіннен Базарқұл мұғалімнен, онан кейін Аманбек молладан естідім. Жұрт ұмытуға тырысқан бұл жағдайды тоқсанға келіп қалған Өмірзақ Қонқасұлы есте тағы жаңғыртты.

Әнебір жылы үкімет қаулысын бұзып аудан орталығын шошақтын шөлінен осы Аюлының баурайына әкеліп орналастырып қазығын біржола қаққан, ойранды отызыншы жылдың басында «қазақ байлары социализмге біртіндеп сіңіседі» деп жазып оларды қорғаған, кейін өзі де репрессия құрбаны боп кеткен Шәріп Нұрмағанбетұлының атына көше беру туралы ұсыныс түскен еді. Соған әкімнің жетегінде жүретін бір-екі шал қарсы шықты. Қайтсын-ай, әкімнен орден алып беруді сұрап жүрген кездері еді.

Келер ұрпақтың елін қорғай алатын, рухы биік азамат болып қалыптасуына тарихтын қатерлі беттерін ашып, абзал азаматы мен көк мылжын, әпербақан-есерсоғын айырып, өткеннін қатесін санасына сіңіріп, халықтың ендігі өрісін танып, соған ұмтылып өсуі қажетті өмір талабы. Біз неден сабақ алдық деп көз жүгірткенді өткен іс пен бүгінгі жай ойлантады.

15.04.2013 ж.

# ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ТАҒДЫРЫ НЕШІК?

Ұлттық музыканың бүгінгі халі, оны қорғау керектігі жөнінде бугінде аз айтылып жүрген жоқ. Осы жөнінде тер төгіп жүргендер жетерлік, әсіресе соның бірі Е.Төлеутайтегінің пікірі ұлттық музыканың сүйер жанашыр қауымның көңілінен шыққаны даусыз. Әлемнің қай елі, қай ұлты болмасын жаһандану деген аждаһадан құтылу үшін жанталасып жатқандай. Бейғам біз. Тіпті жұта бер деп отырғандаймыз. Ешкім ештеңе оқымайтын заманда (ауылда болсын, қалада болсын талай-талай үйлерден ырымға газет, не журнал таппайсың), жұрттың бәрі сайқымазақ әндер мен жалаңаш қатындарды көрсететін тележәшікке телмірген заманда ұрпақтың жүрегіне ұлттық сезімді үрлейтін, жүрегің билеп, санасына «мен қазақпын» дейтін сезімді, намысты орнататын жалғыз-ақ тетік қалды. Ол қазақтың ғасырлардың сынынан өткен ән-күйі ғана. Біржан салдың, Ақанның, Үкілі Ыбырайдың, Мұхиттың, Абайдың әндері бойына сіңіп өспеген ұрпақ қазақ мемлекетінің көсегесін көгертеді деу әбестік,әпенділік.

Қазақтың музыка өнері жығылып тұрудан жазбай келеді. Сонау «Целина, тың» деген тұста қазақты тарс-керең етіп, аудан-ауыл деген жерде қазақша ән айтуға тыйым түсіп, даланы орыстың «частушкалары» билеп кетіп еді. Бес-алты жыл өткізіп, сілкініп жастар тұрдық. Дайындалуға клубының сахнасын бермесе де, коридорда бас қосып, сахнаға еріксіз шыққан күндер болған. Жұрт сілкінеді, даланы қайта қазақ әуені басқан шақ туған.

Енді тағы да жығылып жатырмыз. Ерлан айтқандай, «кертартпа күштер» қазақтың ел болғанын қаламайтындар қазақ музыкасын «тобырлық музыка» алдында тізе бүктірді. Қазір біз өлген жоқпыз, астында жатып шайнасып жатырмыз. Бізді буындырушы «Қос жұлдыз», «Азия дауысы» сияқты қазақ өнеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, фонограммамен айтпаса әннің мәтінін білмейтін жанын да, рухын да ақшаға жалдаған әншісымақтар. Бізді әлі де сақтап тұрған қазақтың төл мәдениеті, өзіндік қалпының рухының

лебі.

Қазір «жынды дауыс» деген шығыпты, дұрысы шынайы дауыс қой. Сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының орта шенінде Қарағандыға келген Жүсіпбек Елебеков «жазғы театрда» концерт қойғаны есте. Ол кісі «адам-ның дауысын бұзады» деп микрофонның өзін алдырып тастағанын көрдік. Ғажайып кең үн театрдың ішіне сыймай кернеп тұрды. Әнді Рабиға Есімжановадан әнді қазақтың өз мәнерімен айтатын әншілер қайда? Жаңыл Қартабаева домбыраны шерте отырып (қәзіргіше даңғырлатып емес) жиырма бесті айтқанда үлкендердің көзіне жас алып отырғанын көрдік. Сол үндер қандай қиын заман болса да жұртты серпілтті, ұрпақтың төл мәдениетімізге деген көкірегінің көзін ашты. Еркегі қиқаңдап, ұрғашысы селтең-деп адам ұқпайтын бірдеме айтып тұрған «жұлдыздардан» елдің күтері шамалы. Құлаққа кірмейтін, жаныңды тебірентпейтін осы әндерді тыңдаған жұрт әуелде «мына бейшаралардың ісін-ай» деп күлетін еді. Жұрт әуелде мұны кездейсоқ уақиғаға балады, көрініп қалғысы келетіндердің әуресі деп бағалады. Күлудің соңы домбыраны түсінде көріп, жоқтап жылауға айналды. Әлі де ұлттық музыканың сарыны көкірегінен үзілмеген орта буын мен үлкендердің қабырғасы қайысты. Қайда барсаң Қорқыттың көрі дегендей ұзату, келін түсіру тағы-тағы тойлардың бәрі адам түсінбейтін, мәтіні сорақы әнге, есті тандыратын дүңкіл-дүңкіл «музыкаға» толды. Мұндай сорақы тойды тастап кетуге қазақ қасиетті санайтын дастарханды аттап кете алмай, жазықсыз той иесін қиып кете алмай делсал болған елдің көрген күні осы.

Халықтың көкірегінен шыққан дәстүрлі әндеріміздің жоғалып бара жатқанына ойын-тойға жалдамалы әншілерді шақыру да өз үлесін қосуда. Қай тойда болмасын халық бұрын жүздеген адам қосылып ән шырқап, іштегісін де төгіп, арман-қиялдың жетегіне де еріп мәз болушы еді. Халық әнді үйренетін, ән айту, ән тыңдау мәдениеті өсетін. Қәзір оның бірі жоқ. Жалдамалы әнші аты белгісіз біреудің өзі ғана түсінетін бірдемесін айтқан болады. Көңілсіз тыңдалған ән, көңілсіз жуат. Әйтеуір селкілдеген би бар. Оның да сөзі жат, әуені бөлек. Мүмкін балағаттап жатқан шығар, онда тағы ешкімнің жұмысы жоқ. Оу, қайда келдік біз сонда? Қытай та-

рихшысы Сома Цянь жазғандай «апырақтаған, ардын- гүрдін, әлем-жәлем ән» бойынды еліктіріп әкетсе, онда халықтың азғындыққа салынып, аласапыран күй кешкені» дегендей хал басқа келмесе игі.

Ел іші қаптап кеткен әншілердің «творчестволық», не мерейтойларына толы. Сол әншінінің домбыраны бір көрсетіп, көз тиетін баладай тығып тастап, әр жағы фонограммаға сүйенген балдыр-батпақ әнімен бітеді. Ақын да өзі болуы мүмкін. Атақты Қалтай Мұхаметжанұлының «жасымда өлең жаздым,соны бір көреген адам тыйды, қазақ әдебиетін «мен керемет ақынмын» деген өркөкірек біреуден құдай сақтады» дегенін естіген едік. Ең болмаса осыны да ескермейтін заманға дәл келдік.

Award Тележәшіктің көрсететіні қазақтың төл мәдениетін қыршынынан қиятын, жат дүниелер. Домбырамен ән айту деген атымен жоқ десе болады. Бұл, әрине, теледидардан беруге қажетті материалдың жоқтығынан емес, ізденуге ынтаның аздығынан, немесе Ерлан айтқандай керітартпа күштердің ықпалынан. Өткен жылы атақты Қақпан ақынның 80 жыл біреудің қолында тұрған домбырасын тауып алдық. Газетке жаздық, ал, теледидар үнсіз. Сонау Ақсораңның биігінен көне заманда мыс қорытқан пеш табылды, тағы да үнсіздік. Жаппай атылып кеткен Қыздарбек күйшінің шәкірттерінің күйлері, шығу тарихы қолда, ол туралы бірде бір жөні түзу хабар жүргізілген емес. Аспан әлемі, ондағы жұлдыздар орысшадан аударған атауымен қазақтың Үркері Бикеш (орысша Дева) атанып жүр. Осы Аспан әлемі туралы ең болмаса жарты сағаттық хабар ұйымдастырайық деген сөзіміз өтпей қойды.

Мектептердегі ән-күй сабағының берілуі де көңілді көншітпейді. Мектеп бітірген жастардың талайын ұлттық музыкадан, ұлттық мәдениеттің негізінен, ұлы далаға деген, сол ұлы даланы мекен еткен ата-бабасына деген сүйіспеншіліктен, бүгінгіше айтқанда патриотизмнен қалыс қалып жатыр десек те артық айтқандық емес. Қол көтеріп, машинамызға мінген үш жігіт тоғызыншы сыныпты бітіріп, техучилищеге түскеніне екі жыл болыпты. Сөз реті қазақ әндеріне ауысқанда білгеніміз Мәдидің атын естімепті, оның «Қаракесек» әнін есіне түсіре алмады. Біржан салдың

болғанын да білмейді. Сонда, мектепте ән сабағында тоғыз жыл бойы не бітірген деген сауал көңілге тіреледі. Ән-күйдің оқытушысы «ми-фа-соль»-ді үйреткеніне риза шығар. Бірақ ұлтқа керегі «ми-фа-соль» ғана емес, ұлтын сүю, мәдениетін ардақтау емес пе. Осы жерде, еріксізден, мектептегі ән сабағының ұстаздарын аттестациядан өткізу керек деген мәселе шығады. Анау Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Үкілі Ыбырайды біле ме екен сол пенде. Білмесе оны сабағына кіргізе алмаса, мектепті айналып жүргенін немен ақтауға болады.

Аудандарда мәдениет бөлімдері, ауылдардың көбінде мәдениет үйлері бар. Олар ондай-мұндай шаралар өткізуден кенде емес. Концерттерде баршылық. Әттегенайы, сол концерттерде халық әндерінің орындалуы жоқ десе де болады. Кейбір домбырамен ән орындаушылар бастықтарының халық әндерін айтуға қарсы екенін білдірген. Ұлы Абайдың мерей тойында сол мәдениет сарайында толып жүрген, айқай-ұйқай, діңгіл-діңгілмен жүрген әнші сымақтардың ішінен Абай әндерін орындайтын бір адам табылмағанын көзіміз көрген. Кәзір де табан асты бара қалып, сонда жүрген «әншінің» біріне Біржанның бір әнін орындап бер деп қолқа салсаң оның домбырасының шегі үзілетініне күмән жоқ. Қазақтың кешегі өткен әншілерін көзге елестетіңішші. Қайсы бүйтіп жалтарар еді. Мәдениет саласында ән айтқан боп, күн көру үшін жүргендерден де құтылу қажеттігі кезек күттірмес мәселе болып туындап тұр. Мәселені қабырғасынан қойып, тікелей сараптама жүргізбесе бұл батпаққа ұлтты батырып тындыру халіне келдік.

Мына көрші Қытай көңіл көтеретін (развлекательный) хабарлары үш есеге қысқартып, оның орнына ұлт мәдениетін насихаттайтын хабар жүргізуі керектігін айтып, шешім шығарды. Бір жарым миллиард халқы бар қытай өзін өстіп қорғап жатыр. Ал, дәстүрлі өнеріміздің керген қағажауының шеті көрінбейді.

Осындай немқұрайдылығымыз төл мәдениетіміздің жерінуге әкелгенінің куәсіміз. Қалаға жүретін таксист жігіт аты қазақ иесі орыс, неміс шата әндерді қосып берсін. Құлақ сарсыды. Шырақ, қазақтың төл әндерін қоссайшы дегенімізге, «ол сіздің заман, ендігі біздің заманға таласпаңыз» деп дүңк

етті. Сүйегімізден өткен бұл қорлықты басқа таксистерге айтып едік, олар ол бейшараны мүйіздеп, ақыры араларынан қуып тыңды. Одан не шықты, не ұттық? Талайлар жүр жөргегінен шошынып.

Енді бір жолы таксистің қойып отырған әнінің мәтінін естіп жанымыз шырқырады. «Әншіміз» бір «ақынның» сөзіне жазылған мәтінде әйеліне «ұрыссаң алдындамын, ұрсаң жаныңдамын» деп көйтіп тұр. Естігін келгені осы шығар, ал ендеше есті. Қай қазақтың қатыны байын сабапты? Отбасының беріктігін сақтаудың жолы осы болғаны ма?

Домбыраны өңгеріп біраз жүрген, не оншақты жыл ән айтып көрініп қалған біреулер шатып-бұтып ән шығарғансып жүр. Пәленше-екеуінің мерейтойына, пәлен қаланың пәлен жылдығына деген әндерден аяқ сүрінеді. Жүректі билеген сырлы сезімнен тумаған бұл ән қазақ музыкасының шаңырағына уық боп қадала қояр ма екен. Сонау жиырма екі жасымызда саяси айыппен Сібір айдалып, елді сағынып шығарған бірер ән де болушы еді, соны жұртқа ұсынуға бетіміз шыдамайды. Ал, қойыртпаққа толы мәтінінде мән жоқ, сазында сезім жоқ әнсымақтар қазақ музыкасын тұншықтырып барады. Осындайдан еріксіз ән мәтіндеріне цензура қою керек дейсің. Ән мәтіні Жазушылар Одағының талқысынан өтуі қажет дейді ел. Цензура ұлт өнерін таптатпаудың кепілі болсын дейсің. Осы пікірдің де қателігі жоқ-ау, сірә.

Ерлан кей әншіні «Қызтеке» депті-ау. «Өгіз мүйізді_сиырда сүт болмайды, сиыр мүйізді өгізде күш болмайды» дейді қазақ. Қазақтың ащы әнімен әуен жарған, қоңыр үнімен жаныңды тербеген өміршең әндеріне не жетсін. Тек осыны қорғау керек. Ол үшін ұлттық музыканы қорғау туралы заң керек. Ол заңның пәрменді орындалуын қадағалайтын механизмін де мықтап ойластырған дұрыс.

Бұл мәселе түбегейлі шешімін таппаса, ұлттық музыканың тағдыры құрдымға кетпек.

**МАЗМҰНЫ**

## Хикаят

Темірастау........................................................................... 4

## Әңгімелер

Сәкеннің ақбозы................................................................. 74
Сүмелек................................................................................ 85
Төрт құдық пеш.................................................................. 95

## Ой-толғаныстар

Адам қайда барасың?.........................................................101
Абайизм.............................................................................. 108
Абылайдың алты ағашы..................................................... 117
Зұлмат..................................................................................120
Асыл ағаның ізі бар.............................................................138
Наркескеннің тағдыры........................................................ 142
Ештен кеш жақсы.............................................................. 145
Кенесары жұртында........................................................... 149
Кестелі тас........................................................................ 156
Дойбы тас...........................................................................159
Көнеден жеткен.................................................................. 160
Домбауыл басында............................................................. 164
Ұлы Едіге - Ұлытауда!........................................................167
“Ұлы би” - Ер Едіге туралы................................................ 175
Қалмақ қырған................................................................... 183
Құлагердің ажалы.............................................................. 187
Қақпан ақын домбырасы.................................................... 190
Тіл туралы бірер пікір.........................................................193
Тағдыр және тіл.................................................................. 197
Көшің қайда барады?.......................................................... 202
Аспан әлемі туралы.............................................................208
Қазақтың тоғыс айы............................................................211
Алты айды болжаған алты күн........................................... 215
Водолей-көнек болса, үш арқар- шаян емес.......................218
Жыл он екі айдың қауышуы...............................................222

Жұлдызды әлемнің қазақы ұғымы........................................ 226
Жұлдыздар қазақы танымнан неге алыс жатыр?..................230
Арғы да, бергі ұлы жұрт!..................................................... 233
Қазақтың жыл он екі айы...................................................... 240
Жыл он екі ай амалдары........................................................245
Наурыз мерекесі ұлттық танымымызға тән болса................247
Қыс шілдесі - сары аяз...........................................................249
Судың да құлағы бар..............................................................252
Көне арнаның ізі қайда?........................................................ 257
Тұлға........................................................................................264
Ойранды «отыз бір» және жалғасы....................................... 271
Ұлттық музыканың тағдыры нешік?.....................................280

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

# ТЕМІР - АСТАУ

Редакторы **Әлсейіт Оспан**
Қате түзеуші **Қазына Нұрмаханова**
Көркемдеуші редакторы **Айкерім Жексенбиева**
Техникалық сарапшы **Нүркен Сүйеубекұлы**

ISBN 978-601-03-0240-2

**ИБ №4**

Басуға 28.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84х108 1/32. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі "Times New Roman". Көлем 15,0 шартты баспа табақ.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 4/9326.

ҚАЗақпарат" баспа корпорациясының баспаханасы